Л.С. Выготский «Жақын арада даму аймағы» жұмыс істесе ғана, оқушылардың когнитивті дамуының жақсаратындығын айтқан болатын. Ал, ол үшін оқушы өзі жасай алмайтын тапсырмалар көлемін анықтап, тақырыпты үйренуде мұғалімнің көмегіне жүгінеді. Л.С. Выготскийдің жорамалы бойынша диалог құру барысында оқушы білім алады және олардың білім деңгейлерін арттыру, оларға әлеуметтік қолдау көрсетуде мұғалімнің алатын орнының ерекшелігінде. Әр мұғалім тиімді оқу мен оқыту тәсілдерімен таныса отырып, өзінің педагогикалық қызметіне белсенді оқу қағидаттарын енгізеді. Біз әр түрлі жүйелі жұмыс арқылы жаңа мазмұндағы оқу бағдарламасымен, оқу жоспарымен, критериалды бағалау негізімен, ресурстарды пайдалану шеберлігімен қаруланудамыз. Өз жұмысымызда сыни тұрғыдан ойлау қағидасын басшылыққа алып отырамын.

Сыни тұрғыдан ойлау – білім берудегі негізгі талаптарға іспен жауап беру үшін оқушылардың даму мүмкіндіктеріне жол ашады. Бала өзінің тұлғасын өзі жасауы керек, яғни ол шығармашылық жағынан өзін дамыта отырып, өзінің мүмкіндіктерін ашуы, өз-өзіне маңыздылық танытуы керек. Оқушыларымыздың білім деңгейін тереңдету, ғылыми тұрғыдан дамыту, өз бетімен жұмыс істеуге дағдыландыру, ойлау қабілеттерін ілгерілету мақсатында осы әдістерді енді жаңа мазмұнды оқу бағдарламасында қолданатын боламын. Жаңартылған бағдарламалар бойынша бастауыш білім беру деңгейіндегі пәндерді оқытудың теориясын үйренудемін. Осы бағытта тәжірибем болмаса да жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыру үшін қажетті біліктер мен дағдыларды жан-жақты түсініп игергім келеді. Мұғалім оқушыға қарапайымнан күрделіге қарай тапсырмаларды сабақта беріп отыруы қажеттігін, соған байланысты орындалатын тапсырмаларды ойластыруда да әр түрлі әдіс тәсілдерді пайдалануға бағытталудамын. Жалпы сабақтарымызда оқу үшін оқыту ортасын құруға тырысамын. Егер неғұрлым оқуға қолайлы орта болса, онда соғұрлым нәтиже жоғары болатынына күмәнім жоқ. Яғни, белгілі бір тақырыпты өту барысында сыныпты топтарға бөлу, алдарына қажет ресурстардың барлығын әзірлеп, құрылған тапсырмалардың қолжетімді болуын, нәтижесінде оқушылар ештеңеге алаңдамай жұмыстануларын ұйымдастырғым келеді. Бір сөзбен айтқанда сыныпта жұмыс ортасын қалыптастырамын. Бағалау технологиясы білім беру жүйесіндегі басым бағыт – білім берудің тұжырымдамасы мен стратегиясына негізделеді. Оқушы білімін жазбаша немесе ауызша баға қою жолымен бағалап жатамыз. Біз қолданатын кез-келген нысанның артында объективті немесе жеткілікті дәрежеде объективті емес нормалар стандарттар ғана емес, сондай-ақ баланың дамуы, оқуы және ынтасы туралы түсінік, сонымен қатар өзін-өзі бағалау, қабілеттілік және күш-жігер сияқты ұғымдарға қатысты құндылықтар жатады. Мені әрқашан да бағалау толғандыратын. Бағалауға көп көңіл бөлуіме бірнеше себептер болды.

- Бағалау әрқашанда қиындық туғызады.
- Оқушылардың ішінен баға үшін оқитындар кездеседі.
- Ата-аналар тарапынан кедергілер туындайды.
- Бағалау түрлеріне көңіл бөлінбейді [4. 55].



Кей кездерде мені бағаны көтеріңкі қойып жіберген жоқпын ба, әлде керісінше төмен бағалап отырған жоқпын ба деген сұрақ мазалайтын. Бұрын мұғалім оқыту үрдісінде жалғыз өзі бағалаушы болып оқушының сабақ туралы пікірі сұралмайтын. Ал сындарлы оқыту технологиясында осыған аса зор мән берілген. Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау арқылы оқушыларды әділ бағалауға үйретуге атсалыстым. Сындарлы оқытуға бағытталған сабақтарымда оқушы өз ойын айтып кері байланыс орнатты немесе түсінбеген сұрақтарын сұраудан жасқанбады, сабақтағы әдістер туралы өз ойларын айтулары өте пайдалы болып отырды. Бағалау нәтижесінде оқушылар бірін-бірі бағалау арқылы оқуға ынталанды. Критерий арқылы бағаланған кезде білімнің маңыздылығын түсінді. Оқушылар өзін-өзі бағалап, қателіктерін мойындайтын кездері болды. Ата-аналардың әділ бағаға көздері жетті.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша бағалау тиімді болып жетілдірілуде. Қазақстан үшін ұсынылып отырған жаңа критериалды бағалау жүйесі баланың дамуын, қызығушылығын және оқуға деген ынтасын арттыруға бағытталып отыр.

- Критериалды бағалауда оқыту мен бағалау өзара байланыста болады.

- Бағалау дәл және сенімді ақпаратты ұсынады.

- Қолданылатын критерийлердің, құралдардың оқу мақсаттарына жетуге, күтілетін нәтижелерді бағалайтынына сенімділігі болады.

- Бағалау түсінікті, айқын ақпараттарды ұсынады. Оқушылардың қызығушылығын, жауапкершілігін арттырады.

- Бағалау балалардың оқу жетістігінің ілгерілеуін дер кезінде және жүйелі қадағалап отыруға мүмкіндік беретін үздіксіз үдеріс болып табылады.

- Барлығымызды дамуға бағыттайды [5. 25].

Критериалды бағалаудың осы қағидаттары болашақтағы жұмысымызға жаңа бағыт, балаларға сенімділік береді. Басты мақсат та осы емес пе?

Критериалды бағалау мен оқытуды жоспарлауда барлық оқушылардың қатысуын қамтамасыз ететін жағымды оқу ахуалын қалыптастыруым керек. Сенімді, жауапты, ойшыл, жаңаға ұмтылатын балаларды тәрбиелеуді мақсат етемін.

Оқушылардың дағдыларын жақсарту мақсатында тиісті шара қабылдап, лайықты тапсырмаларды қолдану қажет. Сабақты тиімді өткізуге қажет ресурстарды әзірлеу міндетті.

Балаларды мадақтап, оқуға еліктіре, қызықтыра отырып, ұғымдарды түсіндіруде, мағынасын ашуда, нұсқаулық беруде түсінікті, қарапайым тілде жеткізуді ескеру. Оқушыларды бақылап, оларға кері байланыс ұсынуға тиістімін.

Жаңа мазмұнды оқу бағдарлама бойынша да оқушылардың ынтымақтастықпен бірігіп жұмыс жасауына, ойын еркін жеткізуіне және шығармашылық қабілеттерін дамытуына септігін тигізетініне көзім жетті.

Мен де алған білімімді болашақта педагогикалық тәжірибемде толық қолданамын. Үйренген белсенді әдіс-тәсілдердің тиімділігі көп болмақ. Педагогикалық шеберлігімді ұштайтын мазмұнды әдістерді үйренудемін. Менің оқу үдерісіне жаңаша көзқарасым қалыптасты.

Балаларды бүгінгі сенімдерін, білімдері мен өзіндік ойларын аша түсуге баулып, оқушы мен оқу материалын қосатын «көпірді» тепе-теңдікте ұстай отырып, алға жетелеуіміз керек.

Тың бастаманы одан әрі жетілдіре отырып, теория мен тәжірибені ұштастырамыз, барлық оң өзгерістерді нәтижеге бағытталған жұмысымда іске асырамын деп айта аламын.

Бастауыш мектеп шәкірттерінің жасы балалардың өсіп-жетілуіндегі елеулі өзгерістермен сипатталады. Бастауыш мектепті бітірген баланың 1 сыныпқа тек жаңа ғана келіп түскені етене байқалып тұрады. Балалар бақшасында тәрбиеленген балалардың ерекшеліктері үйден келген балалардан аса өзгеше болады. Біріншілерінде коллективте жұмыс істеу дағдысы көп, балалар бақшасында балалармен бағдарлы мақсат көздей жүргізілген тәрбие жұмыстарының барысында, сондай-ақ ата-аналарынан, төңірегін қоршаған дүниемен тұңғыш кездесуден алған тіршілік дүниесі туралы аздап болса да, түсініктері мен ұғымдары болады.

Олар мектепте оқу үшін қажетті - өзінің жұмыс орнын ұйымдастыра білу, ұйымдасқан түрде сұрақ беру, тыңдау, көре білу сапаларына тәрбиеленген.



Бала дамуының деңгейі көбіне- көп баланың тәрбиесіне және оның таным қабілетінің дамуына отбасының, ата-ананың көзқарасымен анықталады. Кейбір отбасыларда балаларға көп кітап оқып береді, ертегілер мен әңгімелер айтады, олардың өсіп- жетілуімен шұғылданады. Сондықтан да әр баланың білімді қабылдау – қабылдамау деңгейі әр түрлі болады. Ал оны іскерліктер арқылы көрсетуі мүлдем басқа деңгейде болуы мүмкін. Бір оқушы теориядан жақсы болғанымен іскерлігін көрсете алмауы мүмкін. Кейбір оқушыларда керісінше. Енді бірі білімде де іскерлікті көрсетуде де жақсы нәтиже көрсетуі мүмкін. Сондықтан, баланың қабілетіне, өскен ортасына, білімді қабылдау деңгейіне аса мән берген жөн.

Мысалы: 2 сыныптағы «көркем еңбек» сабағында «Домбыраны оюлармен безендіреміз» деген тақырыпта сабақ өткізген болатынмын. Жоғарыда аталған қасиеттері бар оқушылар байқалды. Бірі ою – өрнек дегеннің теориясын ашып көрсете алғанымен, оны жасау барысында көптеген қателіктер жіберді. Әдемілеп ою – өрнекті сызып, бояп, қиып дайын түрде әкелген оқушы оның бастапқы мәнін білмеді. Теориясын жетік білгендіктен, іскерлікте де соған сүйене отырып жасаған оқушылар да баршылық.

2 сынып оқушылары мектеп ережелерімен танысқан, өз орындарын білетін, сыныпқа да мектепке де үйреніп қалған балалар болғандықтан, олармен жұмыс жасау әлдеқайда тиімді әрі оңайырақ. Бірақ, бұл оңай, қиын емес деген де сөз емес. Әр бала әр түрлі. Түрлі ой, пікір, мінез, қабылдау ерекшелігі, темпераменттері де.

Тәрбие мен оқу – егіз ұғым. Балаларға білім беру үшін оларды бір бағытқа бағыттау керек. Сонда ғана екеуі қалыптасады. Білім, іскерлік, дағдыларын бастауыш сыныпта қалыптастыру өте маңызды.

Қазір білімді бұрынғы замандағыдай мұғалім бермейді, тек білім алуына бағыт беріп, көмектеседі. Білімді бала өзі алып, өзі үшін керек екенін сезінуі керек. Баға үшін оқу емес, оқу үшін бағалау керек. Осы жерде «Жаңартылған білім беру бағдарламасы» туралы айта кетсем. Жиынтық бағалау алынатын кезде бала ол білім өзінен басқа ешкімге керек емес екенін сезінеді, дайындалады.

Егер де, жиынтықтан нашар балл алып жатса, онда келесі жиынтыққа дейін барлық сабақтардан, барлық тақырыптарға мұқият дайындалып, бар зейіндерін аудара отырып кірісті. Ал, күнделікті қалыптастырушы бағалаудың өзі балалардың ынтасын, бір - біріне деген сенімін арттыра отырып, достық қарым – қатынас тудыруға негіз болды. Және оның өзі де жиынтық бағалауға деген құлшыныстарын оятты. Күнделікті бағалаудан қарағанда осы бағалау түрлері өте әділ, тиімді, қызықты, жаңаша, өзгеше. Балалармен әр сабақ барысында түрлі жаңа әдістер мен тәсілдерді қолдана отырып, сабақтың тақырыбын проблемалы әдіспен ашып, жобалау әдісі арқылы, топпен жұмыс жасау, жұптық тапсырмаларды орындау арқырлы сапалы әрі қызықты білім алдық.

Қазіргі кезде білім берудегі мақсат жан-жақты білімді, өмір сүруге бейім өзіндік ой-талғамы бар, адамгершілігі жоғары, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру. Бұрын оқытуда оқушылар тек қана тыңдаушы, орындаушы болып келсе, ал қазіргі оқушы өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне ерекше мән беруіміз керек. Бүгінгі білім беруде оқушыны білімділік, іскерлік, шығармашылық әдістерге баулудың жолдарын іздестіре отырып, мұғалім-шәкірт арасында рухани және сезім бірлестігін айқындайды. Бағалау жүйесінің негізгі мақсаты – білім сапасын арттыру болып табылады. Ал қазіргі заманғы білім сапасы дегеніміз - ол білім алушының келешектегі өзінің әртүрлі жеке мәселелерін шешуге керекті, қажетті құзіреттіліктерін қалыптастыратын білім беру нәтижесі.

Критериалдық бағалау жүйесін қолдану арқылы біз:

1. Оқушының тұлғалық бағытын белсенді позицияға бағыттау;
2. Тұлғаны өзіндік жауапкершілікке, тұғырлы нәтижеге, бағытқа жеткізу;
3. Білім алушылардың дайындық деңгейі мен өсу динамикасын кез келген кезеңде анықтау;
4. Әртүрлі жұмыстардан алған бағаларды дифференциалдауға болады (өздік жұмысы, күнделікті баға, үй жұмысы т.б.);



5. Құрылымдық бағалау мен нақтылы бағалаулар арқылы оқушының еңбегін анықтау;
6. Оқушының бағалау жүйесіне толық қанағаттануын аламыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасы тәрбие тұжырымдамасы. – Астана, 2015.
2. Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін енгізудің әдіснамалық және оқу-әдістемелік негіздері. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 58 б. 24-31 б.
3. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытудың Ұлттық жоспары. – Астана, 2015.
4. М.Қ. Асембаева. Квалиметрия. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. 103-214 б.
5. Педагогика – психологиялық сөздік. – Алматы: Арыс, 2011 «21, 23-21-36 б., 172-179 б.

ТҮЛҒА БОЙЫНДА ЭСТЕТИКАЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

АКЖИГИТОВА Назира Мыратбаевна

Ш. Есенов атындағы каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау, Қазақстан
nazira-akjigit@mail.ru

Бүгінгі таңда жастардың рухани мәдениетін дамытуда және эстетикалық тәрбиенің ұтымдылығын арттыруда ұлттық өнерді рухани-мәдени құндылық ретінде зерттеудің, оның тәлім-тәрбиесі мен мол тәжірибесі негізінде оқушыларды тәрбиелеудің теориялық-практикалық негіздерін зерттеудің қажеттілігі туындап отыр.

Оқушылардың білім сапасын арттыру барысындағы эстетикалық тәрбие беруге әсер ететін факторларға - олардың жеке шығармашылық танымы, өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі танып, өзін-өзі жетілдіруге және өз бетімен білім алуға қажеттілігін, қызығушылық, белсенділік, ой дербестігін жатқызуға болады. Яғни оқушының іс-әрекетін шығармашылық деңгейге көтеріп, оны оқу үрдісінің басты субъектісіне айналдыру.

Өткен уақыттың тәжірибесін оқушылар бойына дарыту, ұлттық озық рухани дәстүр мен өлшеусіз мәдени мұраларды келешекке жалғастыру ұрпақтар арасындағы сабақтастықты танытады. Тәуелсіз еліміздің қазіргі таңдағы ұлттық құндылықтарын, көркем мәдениет үлгілерін заман талаптарына сай қайта жаңғыртып, білім беру орындарының оқу-тәрбие жүйесіне енгізу қоғамның өркениетті озық елдер қатарында болуына жағдай жасайды. Осы мақсатты жүзеге асыру ұлттық құндылықтар негізінде оқушыларға эстетикалық тәрбие беру мәселесінің көкейкестілігін айқындайды. Жалпы эстетикалық болмыс пен таным, көркемдік талғам туралы, көшпелілер мәдениетіндегі ұлттық құндылық туралы ой толғамдар Әл-Фараби, М.Қашқари, Ж.Баласағұн, Қ.А.Иассауи, А.Үйгінеки, Асан қайғы т.б. Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, Ш.Құдайбердиев т.б. еңбектерінде көрініс тапқан. Мәселенің жалпы бағытының маңыздылығы философтардың Дж.Локк, Д.Дидро, Д.Юм, А.Гелвеций, Ж.Ж.Руссо, А.Баумгартен, И.Викельмен, Г.Лессинг, Ә.Нысанбаев, М.С.Орынбеков және т.б., әдебиеттанушылардың Н.Г.Чернышевский, В.Г.Белинский, М.Әуезов, М.Қаратаев, Б.Ерзакович, Ә.Қоңыратбаев, Ө.Жәнібеков, Х.Арғынбаев, М.С. Мұқанов т.б. және т.б., өнертанушылардың Б. Қазыханова, С. И. Еламанова және т.б., мәдениеттанушылардың Т.Х.Ғабитов, Б.Г.Нұржанова, Г.Шалабаева және т.б. мәдени құндылықтар тұрғысында теориялық талдаулар беріледі.

Н.К. Крупскаяның, А.В. Луначарскийдің, П.П. Блонскийдің, В.Н. Шацкийдің, А.С. Макаренконың еңбектерінде тәрбие теориясы негізінде талданады.



А.О. Қамақов, Б.А. Әлмұхамбетов, Қ. Әмірғазин, Е.С. Асылханов, Т.Қ.Басенов, О. Сатқанов, Т.К. Самұратова, Н.М. Адамқұлов т.б. еңбектерінде ұлттық колөнер арқылы жастарды оқытып, тәрбиелеу жолдары қарастырылған.

А.Э. Кушаев, В.И. Петрушин, Т.А. Қышқашбаев, Р.Қ. Дүйсембінова және т.б. еңбектерінде музыкалық-эстетикалық тәрбие беру мәселелері қарастырылады.

Оқушылардың эстетикалық тәрбиесі – бірнеше құрлымдық бөліктерді біріктіретін, өзіндік құрылымы бар қоршаған орта мен таңдауына қарай өзара әрекеттесетін біртұтас жүйелі туынды. Оларда саналы түрде өздерін жетілдіру, өзін тәрбиелеу, жеке тұлғасын қалыптастыру үшін мақсат қою мүмкіндіктері бар. Дәл осы кезең, оқушы тұлғасының ұлттық мәдени құндылықтар негізінде мінез-құлық нормалары, ұстаным бағдары қалыптасатын, дамитын уақыты.

Мәселен: П.И.Пидкасистый, М.Л.Портнованың пайымдауынша оқу материалын құрастыруда төмендегідей мақсаттар көзделуі керек:

- оқушылардың қабылдауы мен ұзақ уақыт есте сақтауы тұрғысынан неғұрлым тиімді де үнемді оқу материалының құрылымын жасау;

- оқу материалының құрылымын жасауда оны ықшамдауға және кеңей-туге ыңғайлы тәсілдерді тауып қолданып, сол арқылы оқушыларды өте көлемді оқу материалын есте сақтау қажеттілігінен арылту керек;

- оқушылардың оқу-танымдық әрекеттері аппаратының қажетті компоненті ретінде оқу материалын енгізу мақсатында оны топтастыру және реттеу (жіктеу), оларды жеткілікті түрде меңгерген жағдайда оқушылардың эстетикалық мәдениеті, шығармашылық іс-әрекеттері, қабілеттері мен мүмкіндіктері дамиды.

Философияда құрылым «...объектінің бірлігін қамтамасыз ететін тұрақты байланыстар жиынтығы» ретінде анықталады. Ғалымдардың анықтамасы бойынша «оқу материалының құрылымы оның элементтерінің үйлесу тәсілдері, оның ішкі байланыстарының, маңызды әрі жеткілікті жүйесі».

Ұлттық мәдени құндылықтар арқылы, эстетикалық тәрбие жүйесінде әр түрлі (шығармашылықтың салалары бойынша құрылған) пәндердің мазмұнын, оқу материалын оқушылардың өз бетінше игере алатын деңгейін жоғарылататын, танымдық әрекеттерді шығармашылықпен атқара алуға мүмкіндік туғызатын, оқытудың мазмұны мен бағытын түбегейлі өзгертетін мамандарды қажет етеді.

Олардың қоршаған орта әсерін өз бетінше талдауға көмектесетін тұлғалық қасиеттері, қажеттіліктері, қызығушылықтары белсенді өмірлік бағыттары біртіндеп қалыптасады.

Біз өз зерттеуімізде жоғарыда келтірілген анықтамаларға сүйене отырып: *«Ұлттық мәдени құндылықтар негізінде оқушыларға эстетикалық тәрбие беру дегеніміз - халықтың көркемдік образдар арқылы өмір құбылыстарын бейнелейтін әлеуметтік – мәдени мұрасындағы сұлулықты түсініп, қабылдауы, баға беру және шығармашылықпен меңгеру қабілеті, яғни эстетикалық көзқарасы мен көркемдік талғамын қалыптастыру»* анықтама береміз.

Екінші өлшем эстетикалық тәрбиені қалыптастыруда өзін-өзі жетілдіру үшін мүмкіндік жасау туралы білімін сипаттайды.

Үшінші өлшем ұлттық мәдени құндылықтар арқылы өз бетінше белсенді шығармашылық іс-әрекеттер жасауға жұмылдыру қатынасын қалыптастыруды қамтиды.

Оқушылардың ұлттық мәдени құндылықтар негізінде эстетикалық тәрбиесін қалыптастырудың өлшемдері мен көрсеткіштерін негіздеу нәтижесі бізге:

1. Оқушының атқаратын танымдық іс-әрекетінің тиімділігін ашып көрсетеді;
2. Оқушының эстетикалық тәрбиесін ұлттық мәдени құндылықтар негізінде қалыптастыру мүмкіндіктерін айқындай түседі;
3. Оқушының зерттеліп отырған тұлғалық қасиетін шығармашылық іс-әрекеттің нәтижесі мен оның даму үрдісінде бағалауға болатынын айқындайды деген қорытынды пікірге әкеледі.

Осыған орай, біз зерттеу барысында эстетикалық тәрбие арқылы оқушылардың эстетикалық қызығушылығын арттырып қана қоймай, оқу-тәрбие үрдісінде өзіндік



шығармашылық іс-әрекетіне септігін тигізетінін айқын аңғардық. Әсіресе, ұлттық мәдени құндылықтарды игеруде материалды қолдану үлкен жауапкершілік шығармашылықты талап ететін күрделі әрекет екенін оқушыларға ұғындыруды жүйелі жүзеге асырдық.

Адамның іс-әрекеті барысында жүзеге асатын білімдер, біліктер мен дағдылар, адамгершілік, эстетикалық қалыптасу деңгейі, ортақ әдістері мен формалары – бәрі қосылып тұлғаның «эстетикалық тәрбиені» құрайды. Эстетикалық тәрбие аталған ұлттық мәдени құндылықтарды қалыптастыру мен дамытудың бірден – бір құралы болып саналады. Осыған орай, зерттеуімізге байланысты оқушылардың эстетикалық тәрбиесінің құрылымы мен мазмұнына жаңа көзқарастың қажеттілігі туындады. Яғни ұлттық мәдени құндылықтар туралы берілетін эстетикалық білімді меңгерудің әдіс – тәсілдері бірнеше ерекшеліктерден тұрады.

Оқушыларының ұлттық мәдени құндылықтар негізінде эстетикалық тәрбиенің жүйелі ерекшеліктері:

- ұлттық мәдени құндылықтарды игерудегі эстетикалық шығармашылықтың іс-әрекеттердің тиімді жолдарын қарастыру;
- ұлттық мәдени құндылықтарды игеруде шығармашылықтың көркемдік мазмұнын терең меңгеру;
- оқушылардың эстетикалық шығармашылық іс-әрекет белсенділігін туғызу, ұлттық мәдени құндылықтарға қызықтыру;
- оқушылардың ұлттық мәдени құндылықтарды игеру қабілеттерін қалыптастыру, көркемдік логикасын дамытуға ықпал ету.

Оқушыларда ұлттық мәдени құндылықтар негізінде қалыптасатын эстетикалық тәрбиенің деңгейі алдымен ұлттық мәдени құндылықтардың бейнелеу өнері пәні бойынша білімнің мазмұнында көрніс табуы мен оның құрылымына, ұстанымдарына және оқыту әдіс тәсілдеріне тікелей тәуелді. Эстетикалық білім берудің мазмұны мен құрылымы кез-келген пән бойынша сол ғылымның (біздің жағдайда эстетика ғылымының) әдіснамалық негізіне, оқушылардың қызығушылықтары мен қоғамдық әлеуметтік сұраныстарына байланысты анықталады.

«Білім мазмұны деп – оқу орындарының белгілі бір типінде оқыту үшін таңдалып алынған білімдердің, іскерліктер мен дағдылардың айқын жүйесі» түсіндіреді. Бұл жүйе қоршаған дүние, қазіргі таңдағы өндіріс, мәдениет және өнер жөніндегі білімдер жиынтығын; оқушыларға білімді және оны қолдану тәсілдерін игертудегі байытылған интеллектуалдық және практикалық іскерліктерді; интеллектуалдық, әлеуметтік және рухани дамуын белгілі бір дәрежесін қамтамасыз ететін танымдық әрекеттерді, теориялық және практикалық мәселелерді шығармашылықпен шешудегі дағдыларды біріктіреді. Білім мазмұнының категориясы – әлеуметтік тәжірибені бейнелейді.

Әлеуметтік тәжірибені бейнелейтін және жалпы орта білім беру бағдарла-масымен анықталатын білім мазмұнының құрама бөліктерін И.П.Подласый төмендегідей жүйелейді:

- көзқарас негізделетін табиғат, қоғам, адам, іс-әрекет тәсілдері жөніндегі білімдер жүйесі;
- практикалық іс-әрекеттердің тәжірибесі, интеллектуалдық және практикалық іскерліктер мен дағдылардың жүйесі;
- шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі – белгілі білімдерді, іскерліктерді, іс-әрекет тәсілдерін өз бетінше жаңа жағдайға ауыстыру іскерлігінің негізін;
- адамның қоршаған әлемді бағалауға (эмоционалдық құндылық) қарым-қатынасының тәжірибесін құрайды.

Оқушының эстетикалық тәрбиесі оның өздігінен дамуына мүмкіндік беретін, олардың саналы және орнықты негізде меңгерген білім мазмұнының бір бөлігін құрайды деген түсінік береді.

Бұл мақсатты іске асыруда ҚР Білім және ғылым министрлігі тарапынан: қабылданған «ҚР гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы» құжатында «... ғылыми мағлұматтарды қолдана отырып, қазақ ұлтының төл мәдениеті мен қолөнері негізінде, жас жеткіншектердің ұлттық сана-сезімін, имандылық қадір-қасиетін қалыптастыру: жан-жақты эстетикалық



тәрбие беру, адамзат қоғамында құнды игіліктерді бағалай білуге тәрбиелеу» деген айқын міндеттер қойылған.

Сонымен бірге «қазақтың дәстүрлі мәдениетіндегі өнер шығармаларын түсіну мен бағалауға» - үйретуде «танымдық, тәрбиелік әсері мол дәстүрлі қолөнер пәндерінің мүмкіндіктерін тиімді пайдалану» қажеттілігі жалпы білім беретін және кәсіби мектептер реформасының негізгі бағыттарында да атап көрсетілген.

Осындай бағыттар тұрғысынан эстетикалық білім берудегі оқытудың сапасын арттыру міндеттері туындайды. Бұл міндет жеке пәндерді оқытудың теориясы мен практикасы бойынша бейнелеу өнері пәнінің мазмұнын, оқыту әдістері мен құралдарын қайта қарап, жаңарту арқылы ғана оңтайлы шешіледі деп есептейміз.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазыханова Б.Р. Эстетическая культура казахского народа. – Алматы: Жалын, 1973. – 265 б.
2. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. 1 том, Алматы: Рауан, 1994- 320б.
3. Қожахметова К.Ж. Мектептің ұлттық тәрбие жүйесі: теория және практика. Алматы, 1998. – 210 б.
4. Оразбекова К.А. Жеке тұлға ұлттық тәрбиесінің ғылыми-педагогикалық негіздері. Алматы: Комплекс, 2000.

ПРАКТИКА ВНЕДРЕНИЯ КРИТЕРИАЛЬНОГО ОЦЕНИВАНИЯ НА УРОКАХ ФИЗИКИ.

АКПАРОВА Елена Владимировна

«КГУ СОШ№62»

Караганда, Казахстан

helen_akparova@mail.ru

Өзектілігі.

Егер оқушы оқу мен білімге немқұрайлы қараса, қызықпаса, оқудың қажеттілігін түсінбесе, оқушыны табысты оқытуға болмайтыны жалпыға мәлім. Соңғы жылдары оқушылардың оқуға деген қызығушылығының төмендегені байқалады. Мектеп оқушысының оқу үрдісін бағалау- білім алушылардың оқуға деген қызығушылығын қалыптастырудағы ең қажетті фактор болып табылады. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесіндегі өзгерістер-қазақстандық білім мазмұнын жаңғыртудағы бағыттардың бірі. Критериалды бағалау - критериялар бойынша бағалау, яғни оқушылардың оқу-танымдық құзыреттілігін дамытудағы әртүрлі бағыттары бойынша жеткен жетістіктерін көрсететін құрамдастардан (критерийлерден) құралады.

Аннотация.

Общеизвестно, что ученика нельзя успешно учить, если он относится к учению и знанию равнодушно, без интереса, не осознавая потребности в них. В последние годы работы наблюдается снижение интереса, равнодушие среди значительной части учащихся к учебной деятельности. Оценка учебной деятельности школьника является важным фактором формирования положительной мотивации обучающихся. Изменения в системе оценивания учебных достижений учащихся – одно из направлений модернизации казахстанского образования. Актуальным становится критериальное оценивание - оценивание по критериям, т. е. оценка складывается из составляющих (критериев), которые отражают достижения учащихся по разным направлениям развития их учебно-познавательной компетентности.

Критериальное оценивание – это процесс, основанный на сравнении учебных достижений, учащихся с критериями, соответствующими целям и содержанию образования



Система критериального оценивания позволяет оценивать деятельность под разными углами зрения- критериями. Критерии оценки - это инструмент оценивания, который содержит шкалу для измерения значимых разделов работы. Позволяют учителям и учащимся оценить проделанную работу. Задают ориентиры, в направлении которых учащиеся и учителя должны двигаться.

Основными критериями выступают ожидаемые результаты, соответствующие учебным целям. Оцениваться с помощью отметки могут только результаты конкретной деятельности, которые соответствуют требованиям к уровню подготовки по предмету, прописанные в учебной программе. Принципы, которые необходимо соблюдать при введении критериального оценивания:

1.Критерии оценивания и алгоритм выставления отметки должны быть заранее известны и педагогам и учащимся. Желательно критерии вырабатывать совместно.

2.Система оценивания выстраивается таким образом, чтобы учащиеся включались в оценивание, приобретая навыки и привычку к самооцениванию.

В практике работы на уроках физики в 7 классах мы используем: тематический оценочный лист, оценочный лист на урок по определенной теме, оценочный лист выполнения лабораторной работы. Программа включает определенное количество часов по каждой теме и прежде необходимо составить среднесрочное планирование, в котором четко определить цели, содержание, формы работы и контроля по каждому разделу. Далее разрабатывается тематический оценочный лист. Например, по разделу «Давление» расписываются все 10 уроков.

Оценочный лист на урок делает процесс обучения более результативным, обеспечивается обратная связь. Рассмотрим оценочный лист урока по теме

«Выталкивающая сила. Закон Архимеда»

Дата	ФИ ученика	Класс	оценка	
			моя	учитель
Вид деятельности (задание)	Что оценивается	баллы		
Тестовый опрос по теме (5 вопросов)	Знание теории по теме «Манометры. Насосы».	За каждый правильный ответ 1 балл		
Итого баллов		5 баллов		
Самостоятельная работа. Выполнение заданий по вариантам.				
Решение задач	Правильная запись Дано	1балл		
	Перевод в систему СИ	1балл		
	Правильно определена формула	1балл		
	Правильно выведена неизвестная величина	1балл		
	Произведены вычисления	1балл		
	Аккуратность	1балл		
Итого баллов		6 баллов		
Новая тема	Фронтальный опрос	1балл		
	Определение темы и задач урока	1балл		
	Выполнение эксперимента	1балл		
	Вывод	1балл		



	Ответы на вопросы по Блуму	1балл		
	Аккуратность	1балл		
Итого баллов		6баллов		
Общая сумма баллов				
Рефлексия	Затруднения по теме урока, непонятные моменты.			

Таблица перевода баллов в оценку за самостоятельную работу.

баллы	оценка
11-12	отлично
8-10	хорошо
7-9	удовлетворительно
6 и ниже	неудовлетворительно

Критерии должны быть подробно детализированы, понятны учащимся. Оценка за урок может складываться по результатам различных видов деятельности, что позволяет всем учащимся максимально раскрыть свои возможности и способности.

По итогам урока заполняется Рейтинговая карта класса.

№	ФИО	Дата	Лаб. раб.	Д/З	С/Р	Оценочный лист урока	Другие формы работы	Итого
1	Огай Ольга	04.04-20.04 раздел	5	5	5	12		27
2	Ахметова Аккерке		4	4	4	9		21
3	Субботин Натаниэль		3	3	3	5		14

СОР, как правило, завершают изучение темы. СОЧ являются итоговым результатом.

Баллы по итогам, изученного раздела	Баллы к СОР, СОЧ
24-27	5б
19-24	4б
14-18	3б

Результаты практики внедрения критериального оценивания показывают положительную динамику результатов обучения. Меняется соотношение между коллективными и индивидуальными формами обучения в сторону увеличения индивидуальных форм. Контрольно-оценочная деятельность учителя по отношению к классу, к конкретному ученику носит экспертный анализ и направлена на коррекцию и совершенствование действий учащихся. Оценочные листы по темам разделов программы помогают индивидуализировать образовательный процесс.

Необходимо сделать процесс оценивания прозрачным и доступным. Эффективность внедрения подтверждается результатами обучения, ростом мотивации и способности к саморазвитию и самообразованию.

Данные мониторинга показывают низкий уровень учебных достижений учащихся 7 классов в целом по всем предметам. Система критериального оценивания необходима для роста учебной активности и повышения качества знаний.

Положительное в критериальном оценивании: Прозрачность, Объективность, Снижение тревожности, Сравнение собственных достижений с эталоном, Возможность самооценки, самоанализа, самоконтроля, Единство требований Недостатки критериального оценивания: Трудоемкость.

Литература:

1. Руководство по критериальному оцениванию для учителей основной и общей средней школ: Учебно-метод. Пособие. / Под ред. О.И.Можаевой, А.С.Шилибековой, Д.Б.Зиеденовой. – Астана: АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2016. - 56 с.



2. Критериальное оценивание на уроках физики как средство мотивации к учебной деятельности и индивидуального подхода к ученику, <https://ru.bilimainasy.kz> › 2019/01 › 10-физика-оценка-критСТАТЬИ

3. Задания из сборника задач по физике 10-11 класс Степанова Г.Н., https://nsportal.ru/sites/default/files/2017/11/30/kontrolnaya_rabota_no_2.docx

ФИТНЕС БОКС. БЕЙМДЕЛГЕН БОКС

Әли Жаксылық ұлы ҚАМБАРОВ

Fit (ағылш.) – «дайын», «бейімдеу», «сауықтыру» деген мағынаны білдіреді.

Фитнес бокс - кәсіби бокстың нарық сұранысынан туған саласы. Сынақтан өткен, адам ағзасына оң әсер беретін жаттығулардан тұрады. Сауықтыратын әдістерге сүйеніп, жүрек пен қан айналу жүйесіне, бұлшық еттерге түскен күшті мөлшерлеп беріп, біртіндеп арттыруға негізделген.

Медицинадағы «Гален* «бағыты», яғни жарақатты «қимыл-жаттығумен емдеу», **Фитнес бокс** әдісінің негізін қалайды. Әрине, қолданатын әдістер мен нұсқаулар зерттеулер мен бақылаудың нәтижесінде берілген. Бұл дипломдық жұмысым болып, 2004 жылы қорғалды. Әдіс «өнім» ретінде Алматы қаласында жұмыс істеп келеді. Пысықталып, толықтырылып, ұсынылып отыр. Сауықтыру әдісі адам ағзасына пайдалы екені дәлелденді. Ден өзгерістері, тән өзгерістеріне, яғни әдет, мінез-құлық, көзқарас, қарым - қатынасқа ықпалын тигізетіні белгілі болды. Оны қатысқан адамдар ерекше атап өтті.

** Гален - ежелгі Римдегі гладиаторлар емшісі, тарихи тұлға.*

Әдістің нәтижесі сауықтырумен бірге тәрбие беруде жемісті болатыны хақ.

«Айналмалы дайындық» - Фитнес бокс әдістемесінің негізі.

Кезектескен «айналмалы дайындық» - бокстағы күш, жігер-төзімділік, ептілік пен шапшаңдықты арттыратын негізгі дайындық әдісі. Бұл әдістің негізінде бокс жаттығулары мен қимыл-әрекет жаттығулары орындалады. Жаттығудың ептілігі мен шапшаңдығы, кір тастарының салмағы, кезекті әдіске көшу және тынығу уақыты дайындық талаптарына байланысты. Жаттығулар жабдықталған бекетте бірінен соң бірі орындалып, қайталана береді. Оларды бапкер көздеген мақсатқа байланысты таңдайды.

Күш пен төзімділікті арттыратын «айналмалы дайындықтың» ұзақтығы бастапқы мүмкіндікке байланысты жоспарланады. Сауықтыру дайындығы мүмкіндікті үнемі өсіруге күш салады. Жаттығулардың алмасуы, мүмкіндігінше, үзіліссіз жалғаса береді. Жұмыс істеу уақыты төзімділік пен ырғаққа қойылған талаптарға, жеке мүмкіншілікке байланысты болады. Дайындықтың баптау жетістігі жаттығулардың орындау сапасына тікелей байланысты болады.

Бастапқы дайындау кезіндегі пайдаланатын жаттығулардың қысқаша жобасы. Үш бөліктен тұрады.

Жалпы дайындық. Жүру, жүгіру, буын-бұлшық етті қыздырып, созу үшін арналған жаттығулар. Жіптен секіру, степ бокс, жеңіл шоқпар айналдыру.

Бокс Әліппесі. Бокс қимылдары. Еңсе ұстау, жүру, соққылар, қорғаныс түрлері, қарапайым «тіркес құрақ», «шартты жекпе-жек», «сынақ жекпе-жек».

Арнайы жаттығулар. Жүріп, жүгіріп келе жатып, соққы беру, «пуш-пуш»- «қолмен итеру. Бастан, іштен, оңға, солға», «елеспен соғысу», «аяқ бастырмау», «қол тигізбеу» арнайы жұптағы жаттығулар, соққыларды құрылғы мен аспапта үйрену.

Бастапқы үйрену кезіндегі бокс қимылдары қолғапсыз үйретеді.

Негізгі қимыл жұпта тұрып, әбден жатталғасын, қолға қолғап киіп, орындалады. Оны шамамен, 6-7 жаттығудан кейін бастайды. Бапкер әр жұпқа жақындап, қателерін түзетіп, нұсқауларын береді. Жұптағы жұмыс 15-20 мин. Осы кезден бастап «шартты» жекпе-жектер, үйренген қимыл-әрекеттерді жекпе-жекте қолдану, тәжірибесі басталады. Себебі, «шартты»



жекпе-жектер «еркін» жекпе-жекке дайындық болып табылады. Одан кейін басқа жаттығулар орындалады.

Шамамен 3 айдың ішінде жеке соққылар мен қорғаныс түрлерімен танысқан оқушылар «тіркес» қимыл- әрекетті үйрене бастайды.

Жалпы жаңа тақырыпқа көшу бапкердің қолында. Осы кезден бастап «тіркес» шабуыл мен қорғаныс «шартты» жекпе-жекке енгізіле бастайды. Біртіндеп, үйренген қимыл әрекеттің бәрін «шартты», «жеңіл» жекпе-жектен «сынақ» жекпе-жегіне қолдана білу шарты қойылады. Бапкер «сынақ» жекпе-жегін мұқият бақылап, арасында тоқтатып, нұсқау беріп, қателерді түзетіп отырады. Шектеулер ережемен ғана шектеледі. Бірақ, бастысы үйретілген қимыл-әрекетті емін-еркін, дұрыс қолдану болып табылады. Көп күш алып, шаршататын «ырғақты» жаттығулар және «еркін» жекпе-жек жаттығулары болып табылады. «Еркін» жекпе-жек жаттығуларының ұзақтығы, үш раунд, 1- 2 минуттан тағайындайды. Раундтың арасы бір минут үзіліс.

«Еркін» жекпе-жек жаттығуларынан кейін арнайы жаттығуларды орындауға көшеді. Құрылғы аспаптарды бірінің соңынан бірін орындап, «айналмалы» әдіспен барлық аспаптапранда жаттығып шығады. Жаттығулардың арасында үзіліс бір минуттан аспау керек.

Денсаулық – бірінші байлық!

Салауатты өмір салтын Қазақ елінде қалыптастырудың мемлекеттік бағдарламасы бар. Ол осы бастан сонау 2050 жылдың ар жағын қамтиды. Ұзақ мерзімді, мемлекеттік деңгейдегі жоба. Салауатты, қазақша айтқанда, таза, иманды өмірді насихаттау шаралары өтіп жатыр. Алысқа бармай-ақ әсем Алматыда жаяу алыс-жақын, жүріс-жүгіріс жарыстары, белсебет жарыстары өтіп жатыр, шүкір.

Салауатты өмірдің Қазақи үлгісі қандай болмақ! Сөз тіркесіне көңіл бөліп көрдіңіз бе: Салауатты өмір деген сана - сезім мен бой-тәнді уландырмай, сау-саламат, яғни таза өмір шегу. Ал Қазақи ше: Қазақ халқының салт-дәстүріне сай. Енді қалыптастыру деген сөз тәрбиелеу емес пе! Сонда Салауатты өмір салтын Қазақ елінде қалыптастыру – Қазақ халқының салт-дәстүріне сай тәрбие беру деген сөз. Айналып келгенде «Бесікті түзет» деген дана сөзге оралып келдік. Таза ой жақсы мен жаманды, ақ-қараны ажыратып дұрыс шешім мен іс-әрекетке апаратын жәйт. Денің сау болса, ойдағыны жүзеге асыруға болады. Денсаулық-бірінші байлық деп бекер айтпаған!

Денсаулықты сақтап қалу амалының бірі дене шынықтыру, спорт түрлері. Соның ішінде-бокс. Қазақ халқының мақтанарлық жекпе-жегі, «дәстүлі» десе де болады; Қазақтың жігіттері мен қыздары дүние жүзінде алдыңғы қатарда келеді. Олимпиада, дүние жүзінің чемпиондары. Бұл Қазақтың Боксы! Спорттың қай түрін алсаң да жетістіктерге еңбектеніп, тер төгіп қана жетуге болады. Жасыратыны жоқ, «үлкен спорт денсаулыққа пайдалы», - деп айтқан дұрыс емес шығар. Себебі үлкен спортта жоғарғы жетістікке жету үшін бар күшін, жан-тәнін аямай салады. Жарақат алып кеміс болғандар да аз емес. Спортпен жаттығудың өзіндік шарттар бар. Жоғары дәрежеге жету үшін мүлтіксіз денсаулық, ерекше дарын мен еңбекқорлық, дер кезінде байқап қалған бақытты бапкер, демеу көрсеткен қайырымды адамдар және батыр бабалар аруақтарының қолдауы, бағының жануы қажет! Бұл көпшіліктің қолынан келмейтін іс. Онда сұрақ – Салауатты өмірге бокстың қандай қатысы бар! Спорттағы қазақтың жұлдыздары бізге шабыт, өмірлік қайрат, сенім, үміт, намыс, ұлттық мақтаныш сезімін жаңғыртады. Еліктеушілік, туғызады. Соларға ұқсағымыз, жақын болғымыз келеді. Әсіресе, бауырым Қанат Исламды ерекше атап өткім келеді. Қазақ Елінің Қанаты, мақтанышы. Кішіге – аға, үлкенге іні. Болмысы қазақ, жас буынға үлгі болатындай, нағыз батыр! Осындай азаматтар бокспен шұғылдануға үлкен әсерін тигізеді. Әсіресе жас өспірімдерге. Тап кәзіргі жағдайда бокспен жаттығамын деген адам саны еселеп өсіп кетті.

Осы арада айтып кеткен абзал, бокспен сауықтыру немесе фитнес бокстың қоғамдағы салауатты өмір көзқарасын қалыптастыруда атқаратын орны зор. Спортқа еліктеушілік әдетке айналатын болса, салауатты өмір салты қалыптасты деген сөз. Ол дегеніміз, рухани құндылықты толықтырып, өмірлік белсенділікті арттыратын қасиеттердің жиынтығын дамыту деген сөз. Қазақтың бәрі чемпион болуы шарт емес, ал дені сау қоғамның, елінің белсенді мүшесі болуына, фитнес бокс, үлесін міндетті түрде қосады.



Намысты қазақ ұрпағын тәрбиелеу - қазақ мемлекетінің, қазақ халқының, әр жанұяның – ата-ананың, ең басты мақсаты деп білемін. Бокс саласында, қолдан келгенше, ат салысып жатқан жағдай да бар, оған да шүкір! «Ұлтшыл болу» деген өз халқыңды, қазақты жақсы көру. «Туысыңды жаралама, халқыңды алалама» деген қазақпыз. Баланы дүниеге әкеліп, өнегелі ұрпақ тәрбиелеу - алланың адамзатқа берген аманаты. Ал аманатқа қиянат жоқ!

Енді осы жерден бастап бокспен сауықтыру жолы қалай басталып кеткенін қысқаша баяндайын. Өздерін қатты қинамай, көңілдерін көтеріп, дос-құрдастармен ойнап-күлгенге не жетсін! Тоқсаныншы жылдың аяғында «денсаулық тобына» қызығушылық танытқан адамдар, айналамда жиналып қалды. Шыны керек, көбісі өмірі жаттықпаған, денсаулықтары сыр берген адамдар болды. «Дайындықты мүмкіндікке бейімдеу» осы себептерден басталды. Жекпе-жек бәріне бірдей жақпайтынын білгендіктен, жаппай ауыр сынақ қолданбадым. Ниет білдіргендерді ғана қосымша үйреттім. Жеке жаттығуды жөн көрдім. Өте жоғары жетістік көрсететін дайындық. Бұл бокс дайындықтарының түрі. Оның басты мақсаты бағытталған жаттығулардың арқасында адам бойындағы жеке қабілеттерді немесе шеберлікті арттыру. Әдістің басты мақсаты - адамның денсаулығы мен жансаулығын сауықтыру болды. Олардың, бізге белгілі, көрсеткіштерін өсіру. Мақсат анықталғасын оған жету жолдарын қарастыра бастадым. Адамның мүмкіндігіне орай дайындықты жекешелендірдім. Жаттығулардың ырғағын бейімдеп, жүрек соғысын қадағаладым. Әсіресе, салмақ тастау мен бойдағы күш көбейтудің әдістері көпшіліктің көңілінен шықты. Толық сауығып, спортқа оралғандар болды.

Алматының Спорт Академиясында оқып жүріп, ғылыми-теориялық «Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі» журналының 2004 жылдың №2 санында «Фитнес бокс сабақтарының шұғылданушылардың физиологиялық көрсеткіштеріне әсері» атты мақала жаздым.

Бокспен сауықтыруды жүйелі түрде зерттеп, дайындықтың басында әр адам арнайы тәжірибе сынақтардан өткізілді. Көрсеткіштері жазылып алынды. Тоғыз айдың ішінде денсаулыққа нақты пайдалы әсерін анықтадым. Атап айтқанда,

1. Жүректің соғуы баяулап, жүректің қан толымы артты. Ол жүректің бұлшық еті мен қан жүйесінің жұмыс қабілетінің артқаны. (Жүректің соғуы дайындықтың басынан бастап, ай сайын өлшеніп тұрды. 3 айда айтарлық өзгеріс байқалды.)

2. Бойдағы бұлшық еттің қуаты артты. (Жаттығулардың орындалу саны, ұзақтығы. 1 айда оң өзгерістер болды.)

3. Өзге сауықтыру жүйелерінен түбегейлі айырмашылығы, орталық нерв жүйесіне, жалпақ сөзбен айтқанда, жүйкеге, оң әсері анықталды. («Ырғақты сынау» сынағы. Төртке бөлінген парақ қағаздың бетіне 15 секунд сайын қаламмен әр бөлікке тез түртіліп, көп нүкте қалдыруға тырысады. Қойылған нүктелердің 1-ші мен 4-ші бөліктеріндегі сан айырмасы жүйкенің «назар жұмылдыру» мен «әрекет ырғағының» уақытқа қатысты қабілетін сынап, анықтайды. Соңғы сынақта бастапқы мен соңғы ырғақтың айырмашылығы азайып, дайындықтың ықпалы жүйкенің «тұрақты» жұмыс атқару қабілетінің артқанын көрсетті. Көрсеткіштің артуы 3 ай тұрақты жаттығудан кейін анық байқалады.)

Басқа сөзбен айтқанда, адам өмірдің кедір-бұдырына жығылмай, ауыры мен жеңілін бірге көтеріп, ақыл тоқтатып, дұрыс шешім қабылдай алатын қабілетке ие болады! Бокс – батырлық пен табандылықты, шыдамдылық пен сабырлықты тәрбиелейді!

**«Бос уақыт», - деп адамға қажет түрлі шаруа-тіршілік, оқу-жазуы жоқ бос уақытты айтады, ұйқы мен тамақ ішу бос уақытқа кірмейді.*

** «Дем келтіру», - жаттығудың екпінін біртіндеп азайтып 5 -7 мин. жүргесін жүрек қағуы қалпына келеді. Темппинг тест – тестпен нерв жүйесінің жылдамдығын бағалау.*

**Ку- шаршау коэффициенті. (бірінші және төртінші шаршыда қаламмен түртіп қойылған нүктелердің айырмасы).*

Ойламаған жерден бокстың тағы бір қырын өзім үшін ашып алдым, дұрыс пайдаланса, бокс жаттығулары денге ғана емес, тәнге де ем екен!

III. Анализ және қорытынды.



Экспериментке дейін. Орта көрсеткіш

ЖСЫ соғ/мин	Демді ұстап қалу сек.	Етпетімен жатып, қолды бүгіп-созып денені жерден көтеру, рет	Темппинг тест (К,у),%
91	10	9	18
Стандартты ауытқу			
4,41	2,52	3,15	4,41
Дисперсия			
1,944	0,635	0,99	1,94
Экперименттен кейін Орта көрсеткіш			
79	16	16	10
Стандартты ауытқу			
3,47	2,52	2	2,52
дисперсия			
1,204	0,635	0,4	0,635

t-критерий Стьюдент

6,74	4,8	6,44	6,5
P аз 0.001	P 0.001	P 0.001	P 0.001

Қорытынды, жүргізілген зерттеулер бокспен сауықтыру, фитнес бокс – ағзаның сауығуына әсер ететін тиімді де нәтижелі тәсілдердің бірі екені дәлелденді. Қолданылған тәсілдер және ұсынылған әдістер ағзаның физиологиялық қызметіне жағымды әсерін көрсетті деген тұжырым шығарылды.

Литература.

1. Хоули Эдвард Т., Френкс Б. Дон. Оздоровительный фитнес.- Киев: Олимпийская литература, 2000.
2. Гартнер М. Фитнес клуб. - М.: 2001.
3. Ким Н. Аэробика и фитнес. - М.: 2001.
4. Каджаспиров Ю.Г. Музыка в подготовке спортсменов. - М.: 1987.
5. Аэро-бокс: удар, еще удар под музыку - /Аэробика для инструкторов по аэробике. - М.: 2000.
6. Хоустов С.И., Танеков Р.И. Оптимизация учебно-тренировочного процесса боксеров средствами бокс-аэробики /Теория и методика физической культуры 2003. - X~1.
7. Рыжкин Ю.Е. Физическая рекреация в сфере досуга человека /теория и практика физической культуры 2002. -x~ 5.
8. Чебураев В.С., Легостаев Г.Н., Изаак С.И., Чибисова Т.В. Изучение изменения отдельных физиологических показателей девушек под влиянием занятия аэробикой // Теория и практика физической культуры 2002. - N!! 8.
9. Дуркин П.К., Лебедева Т.Н. К решению проблемы формирования здорового образа жизни населения России // Теория и практика физической культуры 2002. - X~ 8.
10. Лисицкая Т.С. Принципы оздоровительной тренировки // Теория и практика физической культуры 2002. - X!! 8 с. 5-15.
11. Лисицкая Т.С. Аэробика на все виды. - М.: 1994.
12. Якимович В.С., Кондратов А.А. Цель физкультурного воспитания человек культуры // Теория и практика физической культуры 1997. - X!!8, с. 6-9.
13. Борилкевич В.Е. Организационные и методические принципы системы «аэрофитнес» // Теория и практика физической культуры. 1997. - X~ 8, с. 24.
14. Нечаева Н.В., Башкирова М.М., Павлова Г.Ф. Аэробика - что это такое? // Теория и практика физической культуры. 1984. -x~ 8, с. 59-60.



15. Мякинченко Е.Б., Ивлев М.П. и др. Методология управления тренировочной нагрузкой на занятиях по базовой танцевальной аэробике /Теория и практика физической культуры. 1997. - X/15, с. 39 - 43.
16. Сухорев В.И. и др. Физиотерапия, массаж, ЛФК. - М.: Медицина, 1970.
17. Польско ~ Советский сборник по боксу.- М.: ФиС, 1972.
18. Градополов К.В. Бокс. - М.: ФиС, 1960.
19. Романенко М.И. Бокс. - Киев.: 1985.
20. Джероян Г.О. Совершенствование боксера. - М.: 1980.
21. Бараев Х.А., Габдулов Э.Х. Тренировочная нагрузка в боксе. - А.: 2003.
22. Бараев Х.А., Атяев К.С. Физическая подготовка боксеров. - А.: 2003.
23. Бараев Х.А. Абдрахманов Б.У. Восстановительные средства в боксе. А.: 2003.
24. Кудашова Л.Р. Управление функциональной подготовленностью спортсменов. - А.: 1998.
25. Иванов С.М. Врачебный контроль и ЛФК. - М.: Медицина, 1970.
28. Физиология человека. - М.: ФиС, 1973.
29. Физиология тестирования спортсменов / Под ред. Мак Дугалла Дж. Дукана. - Киев: Олимпийская литература, 1998г. - 430 с.
30. Орехов Л.И., Досмухамбетов Т.М., Кульназаров А.К., Сорокин В.А., Коваленко В.А. Программа комплексного оздоровления населения РК. А.: Типография Парламента РК, 1997.
31. Яковлев Н.К. Биохимия / Учебник для институтов физкультуры. - М.: ФиС, 1986г.
32. Камбаров А.Ж. Қазақ бокс әліппесі., Алматы, 2018ж.
33. Камбаров А.Ж. Влияние занятий Фитнес боксом на физиологические показатели занимающихся// Теория и практика физической культуры. 2004. №2, с.179-183.

СЛІЛ ӘДІСІ БОЙЫНША ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІНДЕ АКТ-НЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

АЛИАСКАРОВА Гульнур Бакбергеновна

С.Лапин атындағы №261 орта мектебі

Қызылорда, Қазақстан

gulnur85_07@mail.ru

Атақты ғұлама Әбу Насыр Әл-Фарабиден бір әмірші өз елінің болашағы туралы сұрағанда «Сен алдымен жастарыңды көрсет, сонда мемлекетіңнің болашағын барлау қиынға соқпайды» деген екен бабамыз. Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды. Жас өскінге саналы тәрбие мен сапалы білім беру-біздің мақсатымыз. Көптілді тұлғаны қалыптастыру-көпұлтты еліміздің бірлігінің нышаны, өркениет көшінде бәсекеге қабілетті маман болу, ел болашағы үшін елімізбен бірге қарыштап дамуымыз қажет.

«Үш тілде білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған жол картасы» бағдарламалардың бірі орта білім берудің мазмұнын жаңарту болып табылады. Бұл оқытудың құзыреттілікке бағдарланған оқыту моделіне біртіндеп өтуге жағдай жасайтын білім беру жүйесін дамыту бағдарламасын әзірлеуді, жүзеге асыруды және оқытуды ұйымдастырудың дәстүрлі емес әдістері мен түрлерін, сондай-ақ түрлі пәндерді кіріктіріп оқыту сабақтарын қолдануды талап етеді.

Жалпы білім беретін жаратылыстану-математика бағытындағы мектеп мұғалімдері үшін, орта білім беру мазмұнын жаңарту негіздерінің бірі, үштілді білім беруде заманауи СЛІЛ әдісін белсенді қолдану өте тиімді. Ағылшын тілін жаратылыстану бағытындағы пәндермен кіріктіріп оқыту арқылы оқушыларды білім алуға қызығушылықтарын арттыруға, оларды ғылыми тіл дағдыларын дамытуға, химиялық элемент терминдерін ана тілінде ғана емес, ағылшын тіліндегі баламасын қолдануға және олардың ағылшын тілінде сауатты түрде «Үштілділік» ұлттық жоба аясында білімін дамуға болады.



Сонымен бұл әдіс оқушылардың тілдік қарым-қатынас қажеттілігі мен мүмкіндіктерін ана тілінде ойлануларына жағдай жасайды және бір мезгілде екі пәнді бірдей оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді, алайда негізгі назар тілге де, тілдік емес пәнге де аударылуы мүмкін. Сондай-ақ ағылшын тілін жаратылыстану бағыты пәндерімен кіріктіріп оқыту барысында қолданылатын әдіс-тәсілдерін атап көрсетер болсақ.

Олар:

1. Оқушылар арысында диктанттар жүргізу;
2. Диалогтік немесе монологтік түрде оқушыларды бір-бірімен тілдесуін дамыту бойынша жаттығулар орындау.
3. Жаңа мәтіндер арқылы оқушылармен жұмыстар жасау.
4. Сөздер мен сөйлемдерді жаздыру арқылы бір-бірімен өзара тексерулер жүргізу.
5. Қолданылған мәліметтің көлемін арттырып отыру.
6. Оқушыларды әр түрлі терминдерді жатқа айтуға дағдыландыру.

Ағылшын тілі арқылы жаратылыстану-математика бағытындағы атап айтқанда, физика, информатика, биология, химия пәндерін кіріктіріп оқытудың ұстанымдары мен тәсілдерін қазіргі білім жүйесінде кеңінен ауқымды түрде қарастырып жатқаны мәлім.

Осыған орай жаратылыстану пәндерінің ішінде химия пәнін ағылшын тілінде оқытудың маңыздылығын айта кетер болсақ, ең алдымен оқушылардың химиялық терминдерге байланысты сөздік қорын кеңейте отырып, өз бетімен ізденуге, шығармашылық қабілеттерін шындауға, өмірде болып жатқан әрбір химиялық құбылыстарды ағылшын тілінде жеткізе білуге дағдылануға үлкен мүмкіндік туғызады.

Сапалы білім беру педагогтардың шеберлігі мен іскерлігіне байланысты. Ал педагогикалық шеберлік пен іскерлікті дамытуда жаңа технологияны қолданудың маңыздылығы зор.

Оқытудың жаңа технологиясы — оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін қолдануды, оқытудың әр түрлі әдістері мен формаларын біріктіруді, оқу материалын тиімді пайдалануды, оқудың сапасына білім мен біліктілікті жүйелеуді жүзеге асырады.

Кіріктірілген білім беру бағдарламасын табысты жүзеге асыру үшін *белсенді оқыту, командалық оқыту, пәндік-тілдік кіріктірілген оқыту (CLIL)*, т.б. озық педагогикалық әдістерді қолдану талап етіледі.

Оқу үрдісінде пәндерді кіріктіре оқыту: -ерекше дарынды оқушыларға мәнді де саналы оқуға;


- сабақ құрылымында проблемалық жағдайлар үлесін ұлғайтуға;

- жеке тұлғаның зерттеушілік типін қалыптастыратын оқушының ойлау әрекетін белсендіруге;


-оқушыға бір мезгілде әрекетті орындауда барлық мақсат қоюдан нәтижеге дейінгі барлық процесіне бақылау жасауға;

Химия пәні мен ағылшын тілі пәнін байланыстыра оқыту барысында АКТ арқылы тапсырмалар жүйесін қолдануға болады.


«Tarsia» бағдарламасы арқылы жасалған тапсырмаларды «домино» ойынымен ойнатуға болады

					pH – шкала
					Acid
Methylorange	Индикатор	Indicator	Сілті	Alkali	Қышқыл
Метилоранж					
Litmus					
Лакмус	Phenol – phthalein	Фенол – фталейн	Universal indicator	Әмбебап индикатор	pH – scale




«Youtube» желісінен ағылшын тілінде видеоларды оқушылардың зейінін ашып, мультфильм түрінде қызықтырып көрсетуге болады



«Bilimland» сайтынан тақырыптарды ағылшын тілінде таныстырып, тапсымаларды орындап, жана сөздіктерді көрсетіп, үйлерінде қайталауға көп мүмкіндік тудыруға болады.



Let's play a game «Kahoot», «Quizizz» деп оқушылардың қызығушылықтарын оятып, ойындар ойнатқан өте тиімді.



Қорыта айтқанда, CLIL әдісі бойынша жаратылыстану пәндерінде АКТ-ны қолданудың тиімділігі өте зор. Кіріктірілген білім бағдарламасы АКТ арқылы заман талабына сай шәкірт білімін дәл айқындауға мүмкіндік беретін бақылау жүйесі.

Үштілділік – бәсекеге қабілетті елдер қатарына апарар жол десек, үш тұғырлы тіл-бәсекеге қабілетті ұлт болудың игі бастамасы. Үштілді меңгерген жас ұрпақтың болашағы жарқын, алар асуы мен бағындырар белесі мол болары хақ.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. [https:// Formulator-Tarsia.html](https://Formulator-Tarsia.html)
2. <https://quizizz.com/>
3. <https://quizizz.com/>
4. <https://bilimland.kz/kk>

ТЕХНОЛОГИЯ ДИФФЕРЕНЦИРОВАННОГО ОБУЧЕНИЯ

АЛКЕНОВА Бакытгуль Жаксылыковна

КГУ «ОСШ№11»

Қарағанда, Қазақстан

btj-71@mail.ru

Аннотация

В статье раскрывается наиболее востребованная технология дифференцированного обучения, потому что ориентирована на личность ученика. Раскрываются виды и особенности дифференцированного обучения, учитывающие индивидуальные особенности, возможности и способности детей.

Особенности дифференцированного обучения

Дифференцированное обучение предполагает разделение обучающихся на группы по одному из критериев:

- по уровню интеллектуального развития;
- по типу мышления;
- по темпераменту;
- по интересам и склонностям.

Күні бүгінге дейін отандық педагогикалық әдебиетте оқыту және тәрбиелеудің «әдістемесі» термині кеңінен қолданылады. Оның зерттейтін негізгі мәселелері – ұйымдастыру субъектілері, түрлері, құрылымы, мазмұны мен формалары және іс-әрекетті ұйымдастыру тәсілдері. «Әдістеме» сөзі тар мәнде – білім беру үрдісінің мақсаттары және міндеттеріне ұйымдастыру мен қол жеткізуге орай әдістер, тәсілдердің жиынтығы. Бұл ғылыми-әдістемелік пән педагогтің практикалық жұмысы тікелей байланысты, оның ережелері болашақ маманның нәтижелі жұмысы үшін нұсқау және міндетті ретінде танылады. В.Ф. Шаталов өз пайымдауын ұсынады: «Әдістемелік тәсіл – белгілі бір тәрбиелік-бейімдік міндеттің шешімін табуды қамтамасыз ететін, мақсатқа бағытталған педагогикалық әрекет. Жоспарланған нәтижеге сөзсіз қол жеткізуге мүмкіндік беретін әдістемелік тәсілінің жиындығы әдіс ретінде айқындала алады. Әдістердің біріктірілуі әдістеме құрайды».

Кейде білім беру мен тәрбиеленудің теориясы және әдістемесі кейінге қалдырылғандай, барлығын технология ауыстырып, қамтығандай әсер туындайды. Бұл саланың жетекші мамандарының бірі Н. Е. Щуркова мұны теріске шығарады: «... педагогикалық технология ғылыми екі маңызды пәндер – тәрбиелеу теориясы мен тәрбие үрдісін ұйымдастыру әдістемесін ауыстырмайды. Ол аталған пәндер де қарастыратын сұрақтар жиынтығының шешімін табады, алайда бұл мәселелерді өзге деңгейде қарастырады».

Сондықтан, оның тұжырымдауына педагогикалық технологияны зерттеу «оқыту мен тәрбиелеудің теориясы мен әдістемесімен алдын-ала танысуды ұйғарады», өйткені бұл бағыттың кейбір проблемалары «келешек болашақ мұғалімнің теориялық әдістемелік дайындықсыздығы себебінен түсініксіз көрінеді».

Технология педагогикалық жүйенің іс-әрекеттік қызметін бейнелейтінін түсіну қажет. Ол көбіне нақты психологиялық-педагогикалық, философиялық тұжырымдамаға сүйенеді. Бірақ бірінші педагогикалық әдіс-тәсілдер, мақсат, міндеттер, ұстанымдар, іске асырушы тәсілдер ретінде болады және әдістер жүйесін көрсетеді.

Оқыту әдісінен бөлек, алгоритмизация мен нақты жазбаға бағыну технология бола алады. Оларға жүйелілік тән (ойлаудың жүйелілік тәсілі мен қызметті ұйымдастыру) өндіруші (бұл басқа педагогтардың өндіруімен іске асуы мүмкін).

Нәтижелілік (қойылған мақсат педагогикалық үрдіс нәтижелілігінің бір қалыптылығы, нәтижелер диагностикасының тәсілдеріне сәйкес келеді және диагностикалық мақсаттарды құруды талап етеді). Сонымен қатар кез келген педагогикалық технология жағдайға сәйкес икемделе алуы тиіс. Қазіргі заманғы технологияларды өндіру нәтижелерінің талдауы көрсеткендей, педагогикалық үрдісті жүйелеу негізі арқылы басқару тиімді болады, ал оларды игеру оқытушылардың деңгейін көтеріп кәсіби тұлғалық құзыреттілік және педагогикалық шеберлігін көтереді.

Қазіргі заманғы білім беру технологияларының көп тараған түрі мақсатты бағыттары арқылы екі үлкен топқа бөлінеді:



1) пәнге бағдарланған технологиялар, пәндер бойынша дағдылар мен біліктіліктерді яғни бірінші кезекте болашақ мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін қалыптастыруда белгілі пәндер мазмұнын меңгеруі.

2) тұлғаға бағдарланған технологиялар, гуманистикалық мақсаттарды және тұлғаға бағдарланған оқыту ұстанымдарын іске асырушы.

Тұлғаға бағдарланған оқытудың мақсаты болашақ мұғалімнің жеке тұлғалық құрылымы мен сипаттамаларын, дамытушы мәдени және рухани байланысын қамтамасыз етуші болып табылады.

Е.В.Бондаревская берілген пікірінде технологиялардың негізгі көрсеткіштік сипаттамалары: диалогтік, іс-әрекеттік, шығармашылық мазмұнды таңдау, оқыту тәсілдері мен іс-әрекеті.

Оқыту технологияларының құрылымы, оның тұлғалық бағыты, олардың арасындағы субъектілердің ара-қатынас сипаттамасының өзгеруін талап етеді. Болашақ мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін қалыптастыруда бір жағынан тұлғаға бағдарланған оқыту технологиялардың негізгі критерилеріне «тұлғалық жағдайды бекіту» құру мүмкіндігі жатады. Инновациялық іс-әрекет арқылы болашақ мұғалімді субъект позициясына ауыстыру, ол үшін берілген іс-әрекет арқылы жеке мән ашылып, өзін-өзі дамытуға деген қажеттіліктер пайда болады.

Тұлғаға бағдарланған технологияларды үш топқа бөліп қарастыруға болады:

1) Толық бағдарланған-бағытталған, инновациялық білім беру кеңістігінде болашақ мұғалімнің санасын дамытуға бағытталған, оның толықтай өзіндік анықтамасы (тұлғалық, өмірлік, адамгершілік, кәсіби және т.б.).

2) Бейімделген технологиялар, бұлардың мақсаты - «бейімделу» жеке мүмкіндіктерге қатысты оқыту, оқыту іс-әрекетіндегі өзіндік тұжырымдар мен өзін-өзі іске асыруды қамтамасыз ететін психологиялық ыңғайлы жағдайларды құру: оқыту технологияларын саралау және жеке даралау (оқытудың үш өлшемдік әдістемелік жүйесі, модульдік оқыту технологиялары т.б.);

3) Тұлғаны шығармашылық дамыту технологиясы - оқушылардың тұлғалық әлеуетін дамытуға бағдарланған, сонымен қатар шығармашылық ойын дамытуға бағытталған: оқытуды жобалау технологиясы, білім алушылардың зерттеу дағдысын дамыту ретінде, шығармашылық шеберханалар технологиясы және т.б.

Бұрын белгілі болғандай, технологияларды бұндай топтарға бөлу шартты болуы мүмкін, өйткені бұлардың әрбіреуі тұлғаға бағдарланған оқытудың мақсатын іске асырады. Олай болса, жаңартылған білім мазмұнына бағдарланған әр мұғалім білім технологияларын өз тәжірибесінде нәтижелі қолдануға ұмтылуы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. А.Байтұрсынов А.Қай әдіс жақсы? Жаңа мектеп. 1928, №4
2. Захарова И.Г. Информационные технологии в образовании: Учебн пособие М.: Академия, 2003.
3. Ж.А. Караев. Трехмерная методическая система обучения - основа формирования функциональной грамотности учащихся. Международный журнал экспериментального образования - №11,- 2013г. – 19-25 стр.
4. Жайтапова А.А және т.б. 21-ші ғасыр педагогикасы мектеп табалдырығында (ақпараттық-әдістемелік дайджест) Алматы, 2009.
5. Таубаева Ш.Т., Лактионова С.Н. Педагогическая инноватика как теория и практика нововведений в системе образования. – Алматы. Ғылым. 2001.



**МЕКТЕП МУЗЕЙІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МЕН ДАМУ ҰЛТТЫҚ
МӘДЕНИЕТІМІЗДІҢ МӘЙЕГІ
БАЙНАЗАРОВ Қуат Кенгесович
№3 жалпы білім беру орта мектебі
Мұнайлы ауданы, Маңғыстау облысы, Қазақстан
kuat.baynazarov@mail.ru**

Мектеп музейі - белгілі тақырыпқа біріктірілген, жинақталып жүйеге келтірілген, қазіргі кездегі ережеге сәйкес сақтап, өткен дәуірдің мәдени, тарихи және табиғи ескерткіштерді жинақтаушы орын.

Мектеп музейі қорында сақталатын тарихи, мәдени, табиғи ескерткіштер мемлекет меншігі болып есептеледі де, Қазақстан Республикасының Ұлттық музей қорына кіреді және "Қазақстан Республикасындағы Ұлттық музей қорының ережесі" негізінде есептеуге, сақталуға жатады.

Білім мекемелеріндегі музейдің негізгі міндеттері төмендегілерден тұрады:

- туған өлке тарихын үйрену арқылы Отанға, тәуелсіз Қазақстанда тұратын халықтардың салт-дәстүрі мен мәдениетін, тарихи ескерткіштерге, мәдениет пен табиғатқа деген сүйіспеншілікті тәрбиелеуде музей заттарын жинап, сақтау;
- облыстың музей қорын жасауға, оны жемісті пайдалануға қатысып, сақталуын қамтамасыз ету;
- мектептегі оқу-тәрбие жұмысын жетілдіруге қатысу;
- тарихи-мәдени, табиғи ескерткіштерді насихаттау;
- оқушылар мен халық арасында мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізу.

Барлық жинақталған материалдар музей қорын құрайды. Олар білім мекемесі куәландырған заттар тізімі кітабында есептеледі (тарих, мәдениет, табиғат ескерткіштерінің түпнұсқасы және қосымша қорлар).

Музей қорын сақтау, ұйымдастыру жауапкершілігі мектеп директоры мен жауапты маманға жүктеледі.

Ерекше ғылыми-тарихи және көркемдік мәні бар тарихи, мәдени ескерткіштер (оның ішінде ордендер мен медальдар) және мектеп музейі сақтай алмайтын бұйымдар музей қорына кіргізілмейді.

Мектеп музейі өз қызметін тоқтатқан жағдайда, білім беру және мәдениет орындарының бұйрығы бойынша мемлекеттік және қоғамдық музейлерге қорды тапсыру жүргізіледі.

Міне, сіздерге осы ақпараттарды қызметтеріңізде пайдалануға ұсына отырып, мектебіндегі музейде атқырылып жатырған жұмыстарға тоқтала кетейін.


№3 жалпы білім беру орта мектебінде «Өлкетану» бағытында ашылған Серікболтану клубының негізінде «Қазақтың рәміздер жағырапиясы» атты музей жұмыс жасауда. Өскелең ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеуде музей жұмысының берері көп.

«Қазақтың рәміздер жағырапиясы» деп аталатын музей мектебіміздегі «Серікболтану» клубының негізінде ұйымдастырылып, 2018 жылы 28-қарашада ашылды.

Музейіміздің дәл осылай аталуының өзіндік мәні бар. С.Қондыбайдың еш жерде жарияланбаған осы аттас мақаласы клуб негізінде музейдің ашылуына себеп болды.

Мектеп музейінде материалдарды іздеу және зерттеу, жинақтау, сақтау, көрсету мен насихаттау жұмыстарын дамыту, мониторинг жүргізу мақсатында құрылған музей кеңесі бар. Кеңестің құрамына мектеп директоры, осы сала бойынша қызығушылығы бар пән мұғалімдері мен жоғары сыныптан оқушылар кірген. Мектеп оқушыларын музейге көптеп тарту, музей жұмысына байланысты қызықты ойындар мен сайыстар өткізу мақсатында мектебіміздің белсенді оқушыларынан құралған арнайы топ ұйымдастырылды.


Музейде сандық технологияны қолданудың негізінде экспонаттардың жанына QR-код орнатылған. Кез келген адам телефонына осы программаны орнатып, сол экспонат жайлы тереңдетілген мәліметтерді алуына мүмкіндіктер жасалған.



Мектеп музейінің көрінісі

Музейдің жұмыстарын жүргізу зерттеу жұмыстары, қызықты кездесулер, тарихи деректермен танысу өлке тарихын тереңінен танып, оның экономикасы мен мәдениетінің дамуында ата-бабаларының қосқан зор үлестерін түсінуге мүмкіндік береді. Сол арқылы естелік, мұраларға құрметпен карауға тәрбиелейді. Зерттеу жұмыстарына, өлкетану жорықтарына, экспедицияларға шығу арқылы оқушылар физикалық шынығумен қатар, практика жүзінде тарихи құжаттарды сипаттау мен жіктеуге үйренеді. Мектеп музейінің қызметі құжаттарды сұрыптау мен жинақтауда, өлкеміздің тарихын зерттеуде оқушылар мен ұстаздардың бірігіп еңбектенуіне байланысты. Балаларды қорды жинақтауға, экспозиция құруға, санақ жүргізуге, сипаттауға, жиналған құжаттар мен заттарды жаңғыртуға, яғни музей жұмысының негіздерін игеруге үйрету керек. Өлкетану саяхаты барысында түрлі мамандықтың қыр-сырын, халықтық кәсіптерді үйрену оқушыларға кәсіби бағыт-бағдар беріп, педагогика, музей, архив, кітапхана ісі саласында мамандық таңдауға көмегін тигізеді. Жалпы алғанда, мектеп музейі қатаң шеңбердегі өзгеріссіз құрылым болмай, үнемі қозғалыста және оқу процесіне өзіндік қырымен енетін жаңа мәліметтермен толықтырылып баруы керек.

Мектебіміздің музейінде жасалатын жұмыстарды төмендегі тірек-сызба арқылы көруімізге болады.





Музей жұмыстарына оқушылардың неғұрлым көп қатысқаны үлкен маңызға ие. Оларға үлкен кісілермен, ардагерлермен кездесіп, естеліктерін жазып алу, салт-дәстүрлерді зерттеу сияқты тапсырмаларды орындау қызықты. Мұғалімнің міндеті - жиналған мәліметтерді жүйелеуге көмек беру, бөлімдерге бөлу, иллюстрация жасау т.б.

Зерттеу жұмыстарына, өлкетану жорықтарына, экспедицияларға шығу арқылы оқушылар физикалық шынығумен қатар, практика жүзінде тарихи құжаттарды сипаттау мен жіктеуге үйренеді. Балаларды қорды жинақтауға, экспозиция құруға, санақ жүргізуге, сипаттауға, жиналған құжаттар мен заттарды жаңғыртуға, яғни музей жұмысының негіздерін игеруге үйрету керек. Өлкетану саяхаты барысында түрлі мамандықтың қыр-сырын, халықтық кәсіптерді үйрену оқушыларға кәсіби бағыт-бағдар беріп, педагогика, музей, архив, кітапхана ісі саласында мамандық таңдауға көмегін тигізеді. Жалпы алғанда, мектеп музейі қатаң шеңбердегі өзгеріссіз құрылым болмай, үнемі қозғалыста және оқу процесіне өзіндік қырымен енетін жаңа мәліметтермен толықтырылып баруы керек.



Маңғыстау ауданының орталығы Шетпедө орналасқан облыстық мемориалдық музейіне саяхат

Зерттеу жұмыстарында біз өлкеміздің табиғатын үйрену арқылы С.Қондыбайдың «Маңғыстаудың жер-су атаулары» кітабының негізінде жұмысты жолға қойдық. Жер-су атауларын ерекшеліктеріне қарай жіктеуді негізгі мақсат етіп алдық. Осы зерттеу жұмысымыздың аяғында ғылыми жаңалығымыз болған «Маңғыстау топонимдерінің классификациясы» атты карта жасадық.

Осы жұмыстардың нәтижесінде өткен оқу жылында музей жетекшісі ретінде өзім және оқушыларым бірқатар жетістіктерге жетті. Яғни, мұғалімдер арасында жалпы білім беру ұйымдарының музей жетекшілерінің арасында «Үздік мектеп музейі» облыстық байқауының «Ұлы даланың ұлы тұлғалары» номинациясы бойынша I орынды жеңіп алдық. 2019-2020 оқу жылында 9-сыныптың оқушылары Тулегенова Гулнур мен Таштиева Жасмин жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми жобалар сайысының аудандық кезеңінде I орын, облыстық кезеңінде II орынды иеленді.

Жалпы алғанда, музейіміздің қазіргі күнгі жасап жатқан жұмыстарын қорытындылап талдау жасасақ, әліде көптеген нақты жасалатын жұмыстардың болуы бізге үлкен міндет жүктейді. Алдағы уақытта музейімізді өлкемізге белгілі тарихи-мәдени орталыққа айналдыру, оқушыларды, жастарды музей жұмыстарына жұмылдыру басты мақсатымыз болады.



БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ КӘСІБИ ДАЙЫНДАУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР БОТАБАЕВА Ә.Е., МЫХАНОВА Ж.Б., ИГИЛИКОВА Г.И.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті

Нұр-Сұлтан, Тараз, Қазақстан

Ademi_e76@mail.ru

Білімнің мемлекеттік саясаты - стратегиялық мақсатқа бағытталған: болашақ ұрпаққа инновациялық және шығармашылық тұрғыдан ойлауға қабілетті етіп тәрбиелеу, оның жеке тұлға болып қалыптасуында барынша жағдай жасау, оқу-тәрбие процесіне барынша жаңа педагогикалық және ақпараттық технологияларды ендіру. Бұл туралы Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан - 2050» Стратегиясында айқын айтылды, атап айтсақ «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Бүкіл ел бойынша ғылыми-зерттеушілік және қолданбалы білім берудің өңірлік мамандықтарды ескеретін мамандандырылған оқу орындары жүйесін құру. Жоғары оқу орындарындағы екінші курсынан бастап кәсіпорындардағы міндетті өндірістік тәжірибені заңнамалық тұрғыда бекіту. Бізге оқыту әдістемелерін жаңғырту және өңірлік мектеп орталықтарын құра отырып, білім берудің онлайн-жүйелерін белсене дамыту керек болады. Отандық инновациялық әдістерді, шешімдерді және құралдарды қарқынды енгізуге тиіспіз» [1, 30 б.] – деп баса айтылды.

Аталған міндеттерді шешу Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылдарға арналған білімді жетілдірудің мемлекеттік бағдарламасында айқын көрініс тапқан. Бұл мемлекеттік бағдарламада білім берудің мақсат-міндеттері оқытуда баланың денсаулығын сақтауды көздейтін жаңа педагогикалық, ақпарат технологиясын енгізу, оқытуды ұйымдастыруда, яғни таным үдерісінде оқушының ролін белсенді субъект ретінде өзгерту, оқыту үдерісінде білім мен білікке өздіктерінен үйрену және оны өмірде қолдана алу құзыреттілігін қалыптастыру бағыттарында тұжырымдалған [2, 6 б.].

Жалпы жастардың білімін жетілдіруде педагогикалық және ақпараттық технологиялардың алатын үлесі мол. Ол жайлы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті - оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» - деп баса атап көрсетілген. Қазіргі кезеңде әрбір педагогтың алдына қойып отырған басты міндеттерінің бірі - оқытудың әдіс-тәсілдерін жетілдіріп, педагогикалық және ақпараттық технологияларды меңгеру [3, 5 б.].

Қазіргі таңда, ЖОО сапалы сабақ өту барысында жаңа педагогикалық және ақпараттық технологияларды бір-бірінен бөле алмаймыз, яғни бұл технологиялар ажырамайды. Демек, қоғамымыздың қазіргі даму кезеңіндегі басты мәселелерінің бірі – жоғары оқу орындарының білім беру жүйесіндегі оқыту процесін технологияландыру. «Технология» ұғымы грек тілінен енген екі сөзден тұрады: «техне»-өнер, шеберлік және «логос»-білім, оқу, ғылым деген мағыналарды береді.

Педагогикалық технология – бұл педагогикалық мақсатқа қол жеткізу жолындағы қолданылатын барлық қисынды ілім амалдары мен әдіснамалық құралдардың жүйелі жиынтығы және жұмыс істеу реті.

Ал ақпараттық технология – есептеуші құралдарды пайдаланып ақпаратты алу, жинақтау, сақтау, өңдеу, талдау қызметтерін жүзеге арттыратын әрекеттердің реті.

Осы берілген анықтамаларды қорытындылай келе, «педагогикалық және ақпараттық технологияларды сабақта қолданудың мақсаты: оқу-тәрбие процесінде аз уақыт жұмсап, көп нәтижеге жету» деп анықтама берсек болады.

Білім беру қазіргі ғылымның, мәдениеттің, ғылыми-техникалық прогрестің даму деңгейіне сай болу керек. Қоғамның жаңа саяси, рухани және әлеуметтік-экономикалық дамуы жеткіншектердің оқу мен тәрбие сапасын түбегейлі жақсартуды талап етеді. Жалпы




білімнің мазмұны ғылымдардың өзара байланысы, өндіріспен қоғамдық дамудың жаңару үдерісіне тікелей ықпал жасайды.

Қазіргі таңда егеменді Қазақстанның дүниежүзілік білім беру кеңістігіне ену үдерісінде оқу-тәрбие үрдісін ізгілендіру бағытына байланысты педагогтардың кәсіби дайындығына деген талап арта түсуде. Ғылыми салада білімді технологияландыру жөніндегі зерттеулер пайда болып, кәсіби дайындықтың мазмұндық және жеке аспектілермен қатар оның технологиялық аспектілеріне де қызығушылық даму үстінде. Соның ішінде оқытудың қазіргі педагогикалық және ақпараттық технологиялардың алатын орны ерекше.

Педагогикалық технология туралы жазылған бірнеше педагог-ғалымдардың еңбектерін зерделей келе, жоғары оқу орындарында қолданылатын педагогикалық технологиялардың келесідей түрлері болатынын анықтадық, олар: Деңгейлеп оқыту технологиясы, Білім беруді ізгілендіру технологиясы, Іскерлік ойын арқылы оқыту технологиясы, Проблемалық оқыту технологиясы, Құзыретілікке бағдарланған оқыту, Дәсүрлі оқыту технологиясы, Сын тұрғысынан ойлау технологиясы, Кейс-стади технологиясы, Модулдік оқыту технологиясы, Дамыта оқыту технологиясы, Smart оқыту технологиясы, Қашықтан оқыту технологиясы, Электронды оқыту технологиясы, Интерактивты оқыту технологиясы, Оқытудың компьютерлік технологиясы, Жобалап оқыту технологиясы, Саралап оқыту технологиясы, Тірек сигналдары арқылы оқыту, т.б. (Сурет 1).

Көрсетілген жоғары оқу орындарында қолданылатын педагогикалық технологиялардың ішінен интерактивты оқыту технологиясына тоқталайық. *Интерактивты оқыту технологиясы* – бұл ұжымдық, өзін-өзі толықтыратын, барлық қатысушылардың өзара әрекетіне негізделген, оқу процесіне студенттердің қатыспай қалуы мүмкін болмайтын оқыту процесін ұйымдастыру. Интерактивты оқыту технологиясы аса көп мөлшері белгілі.



Сурет 1. Жоғары оқу орындарында қолданылатын педагогикалық технологиялардың түрлері

Әр педагог өз бетінше топпен жұмыстың жаңа формаларын ойлап таба алады. Студенттер бір-біріне сұрақ қойып және оған жауап беруді үйрететін, жұптасып жұмыс істеу әдісін сабақтарда жиі қолданады.

Интерактивты оқыту технологиясына келесі әдістер кіреді:

1. Проблемалық шығарма әдістері
2. Презентациялар
3. Пікірталастар
4. Кейс-стадийлер
5. Топпен жұмыс
6. Миға шабуыл әдісі
7. Сын тұрғысынан ойлау әдісі
8. Викториналар
9. Мини зерттеулер



10. Іскерлік ойындар
11. Рөлдік ойындар
12. Инсерт әдісі
13. Блиц-сұрақтар әдісі
14. Анкета алу әдісі
15. Тренинг
16. Жұптасқан дәріс
17. Жоба әдісі
18. 6 қалпақ әдісі, т.б.

Ақпаратты беру педагог пен студенттердің қарым-қатынастық ұстанымдарына негізделген. Жоғарыда көрсетілген әдістер студенттердің белсенділігін арттырып, алынған мәліметтерді зерттеушілік процесіне жетекшілік етеді.

Жоғарыда айтылған әдістерге тоқталып өтейік. Оқыту процесін жоғары деңгейге көтерудің негізгі әдісі болып проблемалық шығармашылық әдіс болып саналады. Бұл әдісті қолдану барысында өтілген әрбір сабақ сұхбат болып өтіп, сабақ беру барысында зерттеушілік процесі жетекшілік етеді. Бұл әдістің ерекшелігі студенттерді оқыту процесіне қызықтырады. Сабақтың белгілі бір тақырыбын бастау барысында студенттерге проблемалық сұрақ немесе проблемалық тапсырма беріледі. Проблеманы шешу барысында студенттің біліміне қойылатын талаптар мен оны түсінуі арасындағы қарама-қайшылықты оқытушы болдыртпауға тырысады. Оның үстіне негізгі проблемалар студенттердің өздерімен көтеріліп, сол проблемаларды шешу өздеріне жүктеледі. Әрине, проблемалық оқыту әдістерін ұйымдастыру өте күрделі болып табылады, себебі оқытушының өте терең, өте жан-жақты дайындалуын талап етеді. Бірақ, бастапқы кезеңде бұл әдісті бұрын өтіліп кеткен сабақтардың құрылымына қосымша ретінде пайдалануға болады [5, 91-92 б.].

«*Миға шабуыл*» әдісі – студенттердің ғылыми және практикалық проблемаларды шешудегі дәстүрлі емес жолдарын іздестіретін ақыл-ой іс-әрекетін ұйымдастыруға бағытталған оқыту тәсілі. Ол бірнеше кезеңдерден тұрады:

1. Проблеманы анықтай алу немесе проблемалық жағдаят туғызу.
2. Талдаусыз және дәлелсіз әр түрлі ойларды алға шығару.
3. Ойларды, ұсыныстарды теориялық, эмпирикалық жағынан тексеру, талдау.
4. Үздік ойларды таңдау және бағалау.

Әдістің құрылымы екі бөліктен тұрады: біріншісі – ойларды шығару, екіншісі – ойларды дамыту және қорғау. Бұл әдісті көбінесе семинар сабақтарында кейде дидактикалық мақсатты ескере отырып дәріс сабақтарында да қолдануға болады.

«*Миға шабуыл*» әдісін қолдануға даярлық келесі кезеңдерден тұрады:

I кезең – Сабақтың мақсаты мен міндеттерін анықтау.

II кезең – Сабақтың жалпы өту барысын жоспарлау, сабақтың әр кезеңінің уақыт көлемін анықтау.

III кезең – Жаттығу үшін 3-4 сұрақ құрастыру, психологиялық қысымды азайту мақсатында қызықты жағдаяттарды таңдап алу.

IV кезең – Ортаға түскен ойларды бағалау үшін бағалау нормаларын әзірлеу (өзектілігі, теориялық негіздеме, практикалық мәні және т.б.) [6, 145-146 б.].

«*Кейс-стадий*» әдісінің ең негізі болып «жағдай» ұғымы анықталады, яғни жағдайларды таңдау барысында ең соңғы нәтижеге әсер ететіндігі. Бұл әдісті қолдану барысында бір ғана дұрыс шешімнің болуы міндетті емес. Оқытудың бұл әдісінің негізінде студент өздігінен шешім қабылдап, сол шешімін дәлелдеп беруі тиіс. Кейс-стадий әдісінің авторларының айтуынша, студенттер мен оқытушылар әрбір іскерлік жағдайлар мен мәселелерді талдауға қатысады. Мұндай кейс-стадий жазбаша түрде құрылып, шынайы деректермен негізделіп студенттердің оқуға және сол мәселе бойынша сұхбаттасуына арналған.

Кейс-стадийлердің ерекшелігі:

1. Белгісіз бір жағдайларда ең дұрыс шешім қабылдау.
2. Шешім қабылдаудың жолдарын іздестіру, оларды жоспарлау.



3. Белгілі бір жағдайларды зерттеу дағдыларын калыптастыру.
4. Жоспарларды құра білу,
5. Теориялық алған білімдерді тәжірибеде қолдана білу.
6. Басқа да мамандардың көзқарастарын елеу.

Бұл әдістің ең басты жетістігі белгілі бір жағдайларға талдау жасай білу, баламаны бағалай білу, тәжірибелік мәселелерді шешуге дағдыландырады. «Оқытудағы нақты жағдайлар» әдісін пайдаланудың жалпы технологиясы:

- а) оқытушы кейсті таңдайды;
- б) негізгі және қосымша материалдарды нақтылайды;
- в) сценарий жазады.

Студенттердің міндеті - кейсті, қосымша әдебиеттер тізімін алып сабаққа дайындалу.

Сабақ барысында оқытушы:

- а) кейсті алдын-ала пікірталасқа салуды ұйымдастырады;
- б) топтарды шағын топтарға бөледі;
- в) кейсті талдау барысында сұхбаттасуға жетекшілік етеді.

Студенттер:

- а) сұрақтар қояды;
- б) шешім қабылдаудың жолдарын ұсынады;
- в) шешім қабылдайды;
- г) осы жұмыс туралы жазбаша есеп құрастырады.

«Кейс-стади» әдісін іске асыру мынадай кезеңдерді қамтиды:

- жағдаят жазылған мәтінді оқи отырып, студент өз бетінше проблеманың мәнін түсінуге, жағдаятты бағалау үшін өз ұстанымын анықтауға, сұрақтарға жауап ойластыруға және проблеманы шешудің нақты жолдарын табуға тырысу керек;

- шағын топта жұмыс істеу. Студенттер шағын топтарда кейстің негізін құрайтын проблемалар шеңберінде пікір алмасады, диалогтық қарым-қатынас әдістері арқылы проблеманы бірлесіп шешеді. Бұл кезеңде «брейнсторминг» (ми шабуылы), диалог және полилог, дискуссия, сөз таластыру болуы мүмкін. Топтық талқылаудан кейін проблеманы шешудің жолдарын баяндауға қабілетті санаткер көшбасшылар айқындалады;

- жалпы топтық талқылау педагогтың басшылығымен өткізіледі. Ереже бойынша, әрбір топ жағдаятта баяндалған проблемалар шеңбері бойынша өз көзқарастарын айтады. Педагог талқылауға студентті неғұрлым көбірек тарта отырып, жағдаятты талдау үдерісін басқарады. Талқылаудың ерекшелігі – мұғалім жауаптарға сапалы баға бермейді, әрбір айтылған пікір өзінше қабылданады. Жағдаятты талдау процесі педагогтан кең ой-өрісті, тіл табыса білу қабілетін, бірнеше ұқсас пәндерден білім кешенін, пікірталасты жүргізу техникасын меңгеруді талап етеді.

«Кейс-стади» технологиясын кез келген пәнді оқыту барысында қолдануға болады. Нақты жағдаят нақты дұрыс немесе дұрыс емес жауапқа ие бола алмайды, ол тек оқу материалы қызметін атқарады, сол арқылы студенттер талдауға, сөз сөйлеуге, пікірталастыруға, өз ойларын негіздеуге үйренеді.

«Кейс-стади» технологиясының түрлері:

1. Тапсырма мәтіндік материал түрінде беріледі.
2. Тапсырма көрнекілік материал (видео ролик т.б.) түрінде беріледі.
3. Тапсырма аяқталмаған оқиға түрінде беріледі.

Іскерлік және рөлдік ойын тәсілдері: Сабақ барысында әрбір студенттердің сабақтың әр кезеңіне белсене қатысуы. Мұның негізгі жетістігі әр студенттің теориялық білімін практикалық процесте пайдалана білу. Осы әдістерге келесілер жатады:

- а) әр түрлі қосымша материалдарды пайдалана білуі;
- б) рөлдік ойындар, басты мақсаты студенттерді бірнеше топқа бөліп, әр топқа өзінің қызметтерін нақтылау;
- в) студенттердің ойлау іс-әрекетін дамытуға арналған пікірталастарды ұйымдастыру.

Интерактивті оқыту технологияның бірі - пікірталас. Пікірталастың студенттердің ғылыми ойлау стильдерінің қалыптасуына, қарым-қатынас жасау біліктерін дамытуға, тілдік



қорын байытуға, ой-өрісін кеңейтуге әсері мол. Пікірталас - әрбір тұлғаның пікірлерін еркін айтуға және танымдық белсенділіктерін арттыруға септігін тигізеді.

Тренинг (жаттығу) дені сау тұлғаның сапалық қасиеттерін, әлеуметтік жағдайын, кәсіби білімділігін, тұлғалық қасиеттерін жақсарту мақсатында жүргізіледі. «Өзгеріс» тренингте ең басты орталық категория болады.

Жыл сайын тренингтердің жаңа ғылыми бағыттары, жаңа техникалар, модельдер мен жаңа жаттығулар пайда болуда. Тренинг проблемасын зерттейтін көптеген ғалымдар тренингтің әдістерін ойлап табуда. Тренингтегі зерттеулерде тренингтік әдістерінің әсері емес, оның тұлғаға әсері ететін нәтижелері маңызды. Тренингтің әсерлі болуы оның құралдарына байланысты емес, тренингті жүргізетін адамға байланысты.

Персоналға байланысты өткізілетін тренингтер іскер ойындардан, топтық дискуссиядан, рольдік ойындардан тұрады. Бірақ, кейде қызметкерлер арасындағы кикілжіңді жөндеу үшін және персоналдың біліктілігін көтеру үшін дәстүрлі тренингтер қолданылады.

Тренинг сонымен қатар «жаттықтырушы» ретінде де көрініс береді. Топтық жұмыс ұйымның жұмыс істеу белсенділігін көтереді және максималды өзгерістерге әкеледі. Тренингтің бұл ерекшелігін коммуникативті біліктілік деп қарастырады.

Коммуникативті біліктілікті көтеруге байланысты іс-әрекетте маңызды сәт ол адамның өз ойын ойша бақылай алуы болып табылады. Топтағы кез-келген іс-әрекет топтағы адамдарға үлгі болуы мүмкін.

Тренингтің негізгі талаптары:

- топта кез келген басқа серіктестермен өзара әрекетте болуы;
- берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарап, белсенді жұмыс істеу;
- серіктестерімен сыйлы қатынаста болу;
- өз жетістіктеріне қарап, барлық серіктестерінің, топтың жетістіктеріне жауапкершілік сезіну;
- топта бірлесіп жұмыс істеу – бұл күрделі және өте жауапкершілікті еңбек екенін толығымен саналы мойындау.

Тренинг әдісін қолдануда оның ерекшеліктерін білу қажет:

- топ мүшелері бір-біріне өзара тәуелділігі;
- әрбір топ мүшесінің өз жетістіктері және жолдастарының жетістіктері үшін жеке жауапкершілігінің болуы;
- бірлескен оқу танымдық, шығармашылық және топтағы басқада жұмыс түрлерінің болуы;
- топтағы оқушылар іс-әрекетін әлеуметтендіру;
- топ жұмысын жалпы бағалау.

Осы ерекшеліктеріне байланысты тренинг әдісі үш негізгі принципке сүйенеді:

- барлығына ортақ марапат, яғни топ бірлесіп әрекет ету арқылы барлығына ортақ бір ғана бағаға ие бола алады;
- әрбір топ мүшесінің жеке жауапкершілігі, яғни топтың жетістіктерге ие болуы немесе болмауы оның әрбір мүшесіне байланысты;
- жетістікке жетуде әрбір топ мүшесінің бірдей мүмкіндіктері, яғни әрбір топ мүшесінің өз тобына ұпай әперу мүмкіндіктері бар.

«Жұптасқан дәріс» әдісі – бұл өн бойына оқу материалын репродуктивтік, проблемалық, интеграциялық және диалогтік баяндау элементтерін жинақтаған оқыту тәсілі [5, 92-95 б.].

Ақпараттық технологиялар келесі бағдарламалар көмегімен жүзеге асады, олар:

1. Freemake Video Converter слайдқа видолар мен субдиторларды енгізуге болады.
2. Free Quiz Maker мобильді сұрақтар беріледі
3. Kahoot мобильді сұрақтар беріледі
4. Ispring
5. Learning Apps – интерактивті тапсырмалар беріледі
6. Google сервистері аударма жұмыстары, жаңалықтар, суреттер іздеу т.б.
7. Бұлт сервистері [7] т.б.



Қорытындылай келе, болашақ мамандарды кәсіби дайындауда қолданылатын педагогикалық және ақпараттық технологиялар өте қажет. Сондай ақ студенттер білім алу барысында педагогикалық және ақпараттық технологияларды практика жүзінде қолдана алу дағдысын игерулері керек. Ол үшін педагог лекцияда сабақ тақырыбына сай келетін педагогикалық және ақпараттық технологияларды жүйелі түрде қолданса, ал студенттердің осы технологияларды тиімді қолдана алуын семинар сабақтарында қадағаласа, сонда ғана болашақ маман ЖОО білім алу барысында педагогикалық және ақпараттық технологияларды жақсы меңгере алады. Ұсыныс ретінде айтарымыз, ЖОО оқытушыларын бәсекеге қабілетті маман болуына жағдай жасау мақсатында, «Жаңа педагогикалық және ақпараттық технологиялар игеру» атты тақырыпта біліктілікті жетілдіру курстарына жылына бір рет жіберілсе.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Лекция курсы. – Тараз, 2012. – 34 б.
- 2 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. Астана, 2010.
- 3 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. - Астана, 2016.
- 4 Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технология: Педагогика: Оқу құралы. – Алматы, 2004. – 208 б.
- 5 Ә.Е.Ботабаева, Н.Е.Ботабаев. Педагогика: Оқу құралы. – Тараз, 2015. – 182 бет.
- 6 Шалғынбаева Қ.Қ., Албытова Н.П., Сламбекова Т.С. Педагогика: Оқу құралы. - Астана, 2014. – 268 бет.
7. «Өрлеу»біліктілікті арттыру Ұлттық орталығы» Акционерлік қоғамының материалдары. – Алматы, 2018.

БІЛІМ, ҒЫЛЫМ, МӘДЕНИЕТ ҰЛЫЛЫҚТЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ БАЛҒОЖИЕВ Фархат Мусаұлы

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Атырау, Қазақстан
balgozhiev60@bk.ru

Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады» деп текке айтылмаса керек. Бүгінгі таңдағы алға қойып отырған басты мақсатымыз білімді, саналы ұрпақ тәрбиелеп шығаруға күш салу. Негізінен теориялар мен зерттеу нәтижелері білім саласын алға жылжытқанымен, олардың негізгі мақсаты-білім беру процесіне үлес қосу. Бір қызығы тарихқа көз жүгіртсек, оқыту мен білім беру арасында сәйкестік мүлдем жоқ деуге болады (Shuell, 1988; Sztajn, Confrey, Wilson & Edgington, 2012). Оның бір себебі аталған салаларда түрлі көзқарастарды ұстанушылардың көптеп қызмет етуі болса керек. Оқыту теоретиктері мен зерттеушілерінің көбі психологтар болды. Бұрынғы зерттеулердің барлығы жан-жануарлар мен жәндіктерге жасалды. Ондай зерттеудің өз артықшылығы болғанымен, білім саласы жөнінде нақты ақпарат бере алмайды. Керісінше, оқыту әдістерін мектепке немесе басқа да оқу орнына енгізуге зерттеушілерден гөрі мұғалімдер көп қызығушылық танытты. Алайда осылайша қолданбалы әдістерге сүйену оқыту процесінің білім беру тәсіліне қаншалықты тәуелді екенін көрсете алмайды.

Екінші себеп-білім беру психология сияқты ғылыммен ғана емес, сонымен бірге өнер деген ұғыммен де тығыз байланысты. Хайет (1950) ол туралы: «Бұл кітаптың **Білім беру өнері** деп аталу себебі-мен білім берудің ғылым емес, өнер екеніне сенемін. Ғылымның мақсаттары мен тәсілдерін жеке адамға қолдану аса қорқынышты көрінеді. Алайда білім беруді оқытудан бөліп алуға болмайды, -деген еді.» (р. vii). Гейдж (1978) «өнер» ұғымын білім беруге қатысты



қолдануды метафора деп қабылдайды. Шындығында, сызу, көркем-өнер, музыкалық композиция сияқты өнер түрлеріндей, оқыту өнеріне де ғылыми зерттеулер жасауға болады.

Үшінші себеп «түрлі теориялық қағидалар екі саланы басқарады» деген пікірмен тығыз байланысты. Стернберг (1986) «таным (оқыту) мен білім беру үшін түрлі теориялар қажет» деп есептейді. Бұл өз бетінше білім алуға қатысты болуы мүмкін. Бірақ Шуелл (1988) бұл хақында: «Оқыту мен білім берудің айырмашылығы әдетте оларды бір-бірінен бөліп қарастырумен байланысты», - дейді (р. 282). Қазіргі кезде зерттеушілер оқыту мен білім беруді білім алушылар мен контекст (мұғалім, материалдар, орта) арасындағы байланыс ретінде қарастырады. Мысалы, оқыту материалдарының бірізділігі білім алушылардың танымы мен есте сақтау қабілетіне ықпал етсе, ал бұл құрылымдардың әрі қарай қалай дамуы, өз кезегінде, мұғалімдердің кейінгі іс-әрекетіне әсер етеді. Өздерінің үйрету әдістері оқушыларға түсінікті емес екенін сезген мұғалімдер басқа әдіс таңдап алады. Ал егер оқушы өзіне берген материалды жақсы түсінсе, мұғалім сол әдісті қолдануды әрі қарай жалғастыра береді. Айтып өткеніміздей, оқыту теорияларын белгілі бір білім беру контексіне сай бейімдеп отыру керек.

Төртіншіден, дәстүрлі зерттеу әдістері білім беру мен оқытуды қатар зерттеу үшін жеткіліксіз болуы мүмкін. Көптеген зерттеулерде эксперименттік әдістер қолданылады. Бұл әдіс кезінде зерттеу шарттары түрлендіріліп, нәтижедегі өзгерістер анықталды. Білім берудің динамикалық сипатын жоққа шығаратын факторлар өзгерген кезде де оқыту әдістері өзгеріссіз қала береді. 1970-1980 жылдары білім саласында орын алған *процес пен нәтижеге* қатысты зерттеулер оқыту процесіндегі өзгерістерді (мысалы қойылған сұрақтың саны мен түрі, сұраққа қатысты оқушылардың ынтасы) оқушылардың нәтижелерімен (мысалы, жетістіктер, көзқарастар) байланыстырады (Pianta & Hamre, 2009). Бұл зерттеу әдісі бірқатар нәтижелерге қол жеткізгенімен, мұғалім мен оқушы ойының маңызды рөлін назардан тыс қалдырды. Сондықтан біз оқушының жоғары нәтиже көрсетуіне қандай сұрақ әсер ететінін білгенімізбен, оның неге солай болғанын, яғни сұрақтар оқушылардың ойлауын қалай өзгертетінін біле алмаймыз. Сондай-ақ процесс пен нәтижеге негізделген зерттеулер, негізінен, оқушылардың жетістігіне басымдық беру арқылы оқытуға қатысты басқа нәтижелерді (күткен нәтижелер, құндылықтар) назардан тыс қалдырды. Қысқасы, процесс-нәтиже үлгісі оқушылардың қалай білім алатынын дұрыс бағалай алмайды.

Сәтін салғанда жағдай өзгерді. Зерттеушілер білім беруді оқушылардың дағдысы мен танымдық қабілеттерін дамытуға қажетті танымдық іс-әрекеттерді орындауға көмектесетін оқыту ортасы ретінде қабылдай бастады. (Floden, 2001). Түрлі зерттеу тәсілдеріне сүйенетін зерттеушілер білім алу мен оқыту бір-бірімен тығыз байланысты, сондықтан оларды бірге қарастыру қажет деп ойлайды. Студенттердің оқу траекториясын, яғни олардың бастапқы деңгейі мен қол жеткізгісі келетін нәтиже аралығын анықтаудың пайдасы ұшан-теңіз (Sztajn et al., 2012). Кейін студенттер аталған траекториялар бойынша өз білімдерін контекстік факторлармен байланыстыру арқылы білім алу туралы шешім шығара алады. Білім беруге қатысты теориялардың оқыту теориялары үшін маңызы зор болумен қатар, олар оқушылардың білім алуына ықпал ете алады. (Glaser, 1990; Pianta & Hamre, 2009).

Бұл оқулықтың мақсаты-оқыту теориясы мен білім беру тәжірибесінің бірін-бірі қалай толықтырып отырғанын түсіндіру. Оқыту теориясы тәжірибені алмастыра алмайды. Тәжірибесіз теория қате түсінікке алып келуі мүмкін, өйткені ол жағдаяттық факторлардың әсерін назардан тыс қалдырады. Дұрыс қолданған жағдайда теория білімге қатысты шешім шығарудың таптырмас тәсілі бола алады.

Өзіндік ғылыми тәжірибесі бар мамандар жас мамандардан білім қоры мен оны ұйымдастыра алу деңгейіне қарай ерекшеленеді. Тәжірибелі мамандардың салалық білімі жоғары және олар оны иерархиялық тұрғыдан ұйымдастыра алады, ал жас мамандар ғылыми концептілерді жақсы түсіне бермейді. Декларативтік және процедуралық білім фактілерді, процедураларды білуден тұрады. Қандай да бір тапсырманы орындау үшін декларативтік және процедуралық білімді міндетті түрде білу оқушылардың жақсы нәтижеге қол жеткізетініне кепілдік бере алмайды. Әлеуметтану жөнінде оқып отырған оқушылар не істеу керектігін (тарауды оқу), сөздердің мағынасын (декларативтік білім) және тақырыпты түсіну үшін не істеуді (процедуралық білім) болуы мүмкін. Алайда олар тарауға көз жүгіртіп қана



өтетіндіктен, оны жақсы түсіне алмайды. Мұндай жағдайлар көптеп кездеседі. Бұл мысалда шартты білім деп тақырыпты қай кезде шолу керектігін білуді айтамыз. Біз жалпы мәлімет алу үшін газетті немесе интернет желілерін шолып шыққанымызбен, мәтін мазмұнын түсінуде оның пайдасы жоқ.

Шартты білім оқушылардың мақсатына сай келерлік декларативтік және процедуралық білімді таңдап қолдануға көмектеседі. Тарауды ден қойып оқып шығу үшін, оқушылар осылай оқудың тапсырманы орындауға көмектесетініне сенуі керек. Басқаша айтсақ, бұл стратегияның функционалдық құндылыққа ие екенін көрсетеді, себебі ол оқушылардың материалды түсінуге көмектеседі. 1.[37-38,278 б.б.]

Ал, енді мәдениет жағына тоқталып өтер болсақ,мәдениеттану жеке пән ретінде ХІХ ғасырдың соңғы ширегінде қалыптаса бастады, сондықтан да оны әлі де болса буыны бекімеген жас ғалымдар саласына жатқызамыз. Мәдениеттану-мәдениет туралы ғылым, сонымен қатар философиялық ілім, өйткені ол философияның басты саласы-мәдениет философиясын қамтиды.Мәдениеттану қоғамда болып жатқан түрлі процестерді (материалдық, әлеуметтік, саяси, адамгершілік, көркемдік т.б.) барынша қамтып, мәдениет дамуының жалпы заңдылықтарын, оның өмір сүруінің принциптерін және бір-біріне этно-әлеуметтік, саяси-моральдық, ғылыми-көркемдік және тарихи сипаттамаларымен, жағдайларымен еркшеленетін алуан мәдениет түрлерінің өзара байланыстары мен тәуелсіздіктерін зерттейді. Мәдениеттануды тек қана гуманитарлық ғылымдар саласына ғана емес, жалпы теориялық пәндер қатарына да жатқызуға болады, өйткені бұл пән адамзат баласының мәдени өмірдегі толып жатқан құбылыстарын жүйелі түрде қарастырады. 2.[22-23 б.б.]

Мәдениеттану қоғамдық ғылымдар сияқты, қоғамдық ғылымдардың әртүрлі әдістерін пайдаланады. Диалектикалық әдіс мәдениет дамуын ішкі қарама-қайшылықтары мен дамуға итермелеуші күші бар жан-жақты, күрделі құбылыс ретінде зерттейді. Нақтылық принципі мәдени үдерістердің әрқилы көріністеріне нақты жол табуды, олардың өзгешелігін ашуды талап етеді. Жүйелілік әдісі мәдениетті күрделі құрылым, құрылымы мен қызметі бар элементтерден тұратын жүйе ретінде қарастырады. Мәдениет ұғымы көбінесе білімділік, білім тарату ұғымымен салыстырылады. Мәдениеттің екі: материалдық және рухани жағы бар. Мәдениеттің бұл екі көрінісі өзара байланысты. Материалдық мәдениет-бұл өндіріс саласы, жолдар, тұрғын үйлер, киім, кітап, т.б. заттар. Рухани мәдениет-білім, наным, мораль, өнер, ережелер, норма, діндер, т.б. Мәдениет адамның қоғамға, қоршаған дүниеге бейімделуін қамтамасыз етеді. Мәдениетті адам жақсылыққа жамандықпен жауап бермейді, алғашқы жабайы адамдар сияқты шыны әшекейлерге алданбайды. Жақсылық пен жамандықты айыра білу-мәдениеттің жоғары құндылығы болып табылатын даналықтың белгісі. 3.[8-13 б.б.]

Сондықтан мәдениетілік бүгінгі саналы ұрпақ тәрбиелеудегі тәлім мен тәрбиенің басты қайнар көзі. Тәрбие бар жерде мәдениеттілік бар. Шындығына келер болсақ білім мен мәдениет бір-бірімен өзара тығыз байланыста. Ал бүгінгі таңдағы мәдени ортаның қалыптасуына да мектептен берген білімнің де өзіндік алар орны ерекше екенін әрдайым естен шығармаған жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Шунк Дейл Х. Оқыту теориясы: Білім беру көкжиегі Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019жыл.-608бет.
2. Ғабитов Т., Мүтәліпов Ж., Құлсариева А. Мәдениеттану негіздері: Оқулық.-Алматы: Дәнекер, 2000.-180 б.
- 3.Ж.Н. Сәрсенова Мәдениеттану: /Оқу құралы/. Алматы. «Бастау», 2010.-272 б.



КӨРНЕКІ ҚҰРАЛДАРДЫ БИОЛОГИЯ САБАҚТАРЫНДА ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

БИМАГАМБЕТОВА Гульнара Адилгиреевна, ҚАДЫРОВА Айкөркем Мерекеқызы
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті.

Орал, Қазақстан
b.g.a72@mail.ru

Тәуелсіз елді өркениетті әлемге танытатын, дамыған елдер қатарында терезесін тең ететін күш – білім және білімді ұрпақ. Білімді ұрпақ-егеменді елдің берік тірегі [1]. Елбасының Қазақстан халқына жолдауында айқындалған негізгі басым бағыттар мен міндеттерді жүзеге асыру үшін білім маз-мұнын жаңартумен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдерін қолданудың тиімділігін арттыру қажеттігін баса айтқан болатын. Бұл орайда оқушылардың танымдық белсенділігін дамытуда көрнекі құралдардың маңызына ерекше көңіл бөлген жөн [2].

Көрнекілік- оқытуда заттар мен құбылыстардың өзіне тән жаратылыс бітімін, сырт-сипаттарын сезім мүшелері арқылы көзбен көріп, қолмен ұстап, құлақпен естіп қабылдауға баулитын дидактикалық үрдіс.

"Көрнекі құрал" ұғымының мазмұны психологиялық және педагогикалық әдебиеттерде түрліше сипатталуда. "Көрнекілік" терминінің түбірі "көру" деген мағынада шықса да, қазіргі уақытта ол түрліше сезім мүшелері арқылы санаға әсер ету керектігін білдіреді.

Ұлы Абай өзінің шығармаларында ақыл - ойды дамытып, шын ғылыми білім алудың қажеттілігін, ол үшін ойлау, зейін, ес, мінез-құлық, ерік-жігер, қиял сияқты психикалық процестерді дамыту керек екендігін ашық көрсетеді.

Мәселен "Адам баласы... көзбен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрнымен иіскеп, тыстағы дүниеден хабар алады" - деген дана ойы көрнекі құралдардың маңыздылығын нақты айқын көрсетеді.

Оқушылардың ойлау қабілеті жан-жақты толысып, пісіп жетілуіне, алдағы өміріне қажетті білімнің, біліктің, дағдылардың берік негізін дамыту-да көрнекі құралдың алатын орны ерекше .

Болашақ білікті де, білгір мамандар даярлау үшін сабақта көрнекті құралдарды орынды пайдаланудың маңызы зор. Әр сабақта сапалы, тиянақты білім беру үшін, әсіресе көрнекілік басты роль атқарады[3].

К.Д.Ушинский: «Көрнекілік оқытудың ең негізгі мақсаты - байқағыш-тыққа, логикалық түйінділікке және өзінің көргендерін сөзбен дұрыс жеткізуге, бұлардан логикалық қорытынды шығаруға жаттықтыру¹» - деп айтты.

Көрнекіліктің ғылыми негізі И.П.Павловтың жоғары дәрежелі нерв қызметі туралы ілімі негізінде психология ғылымында түбегейлі зерттелді.

Оқыту жүйесінде Я.А.Коменский көрнекілікті оқу материалын меңгерту құралы ретінде қарастырып, дидактиканың алтын ережесі деп атаған.

Мысалы, көру органдары миға есту органдарымен салыстырғанда 5 есе, сипалау органдарымен салыстырғанда 13 есе көп ақпарат өткізеді екен. Көз арқылы алған мәліметтерді оқушылар тез, әрі есте көп сақтайды.

Көрнекіліктер оқушының құбылыстарды байқауға, қабылдауға деген ынтасын оятып, ізденіс дағдыларын қалыптастырады. Көрнекілік бақылауға, білуге, салыстыру, қатар қоя білуге, абстракты ұғымдарды дамытып, жетіл-діруге жол ашады [4,5]. «Көрнекілікпен оқытудағы басты мақсат – оқушыны байқағыштыққа, оймен топшылауға жаттықтыру. Өзінің байқағандарын сөзбен айтып бере білуге, одан логикалық қорытынды шығаруға үйрету». Көрнекілікті оқу үрдісінің барлық кезеңінде пайдалануға болады, көрнекі-лікті белгілі тақырып мақсатында пайдаланғанда ғана тиімді болмақ.

Сабаққа қажетті дидактикалық көрнекі құралдардың түрлері: заттық; образдық; графикалық;синтетикалық, синхроникалық кестелер; буклеттер; альбомдар; техникалық оқу құралдары; тірек сигналдары; кеспе; үлестірмелі қағаздар т.б.



Заттық, образдық, графикалық көрнекіліктер көркемсөз шеберлерінің өмір жолын, шығармашылығын оқыту үстінде қолданылатын заттар, бейнелі суреттер (портреттер) шығармашылығы, өмір жолының сандық тізбектері.

Синтетикалық, синхроникалық кестелер. Олар арнайы ақын – жазушылардың шығармаларына тақырыптық бейнеде, образды бейнеде берілетін кестелер.

Буклеттер, альбомдар: ғалымдардың өмір жолына арналып жасалатын бейнелі суреттер.

Тірек сигналдары: тірек плакаты, тірек конспекті. Тірек плакаты – ғалымдардың даталы, тарихи оқиғалары мен еңбектерінің аты қай жылы жазылған анықтамасының көрсеткіші.

Кеспе, үлестірмелі қағаздар: жеке ғаламдардың жасаған еңбектері бойынша жасалады.

Көрнекілік – оқу материалын оқушы көңіліне оңай да әсерлі жолмен жеткізуші көмекші құрал. Көрнекіліктің негізгі түрлері:

1. нақты көрнекілік – яғни заттар мен құбылыстарды тікелей көрсету;
2. бейнелеу көрнекілік – бұл сурет, схема, кесте, плакат, диаграмма, муляждар;
3. дыбыстық – үнтаспа, диафильм;
4. көркем сөз арқылы бейнелеу – тәрбиеші балаларға заттар мен құбылыстарды түсінікті де жеңіл баяндау.

Ал оқытудың техникалық құралдары жағынан көрнекіліктер: Диапозитивтер; Кодоскоптар; Диафильмдер; Кинофильмдер; Видефильмдер; Мини дискілер; Слайдтар; Электрондық оқулықтар тобы; Интерактивті тақталар т.б [6].

Көрнекі құралдарға қойылатын талаптар:

1. Көрнекі құралдағы суреттер, жазулар сынып оқушыларына толық көрінетін болуы керек.
2. Әрбір көрнекі құрал өтілетін тақырыпқа арналған, соның мазмұнын ашатын болуы тиіс.
3. Көрнекі құрал тартымды безендірілген, бояулары айқын болғаны жөн.
4. Көрнекі құралға оқушы назарын ерекше аудартуға арналған мәтін, сурет ерекше бояумен берілуі керек.
5. Бір сабақта 1 не 2 ғана көрнекі құрал қолданылуы тиіс.
6. Көрнекі құралда бір мәселенің қайталануынан сақ болуы керек.
7. Көрнекі құралда жүйеліліктің, хронологиялық реттің сақталуын қатты қадағалау.
8. Көрнекі құралда берілетін әрбір мысал тексерілген, дау тудырмайтын, түсінікті, өтіліп отырылған материалды дәлелдеуге көмектесетін болуы керек.
9. Мүмкіндігінше көрнекі құрал өтілейін деп отырған материалды толық қамтитындай болғаны жөн.
10. Көрнекі құралды класта пайдаланғанда уақыт көп кетпейтігіндей етіп жасау (іліп қою, алу, қайта пайдалану).

Көрнекілікті даярлау, пайдалану кезінде басшылыққа алатын негізгі *ұстанымдар:*

- ✓ Өтілейін деп отырылған материалды оқушылардың жеңіл меңгерілуіне ықпал, көмек ететін болуы керек.
- ✓ Оқушылардың ынтасын, қызығуын, белсенділігін арттыратын болуы тиіс.
- ✓ Оқушының материалды есінде, жадында дұрыс сақтауына мүмкіндік жасайтын болуы керек.
- ✓ Оқушының байқау, бақылау, көру сезімін жетілдіруге жәрдем ететін болуы тиіс.
- ✓ Оқушының ойлау қабілетін танымын дамытатын болуы керек.
- ✓ Оқушылардың әрбір өткен материалды талдай, саралай білуіне, тақырып ішіндегі қосалқы материалды, негізгі ойды ажырата алуына көмектесуі керек.
- ✓ Оқушының өздігінен дербес жұмыс істей білу әрекетіне қозғау салып, жол көрсетуі.
- ✓ Көрнекі құрал оқушыны шығармашылықпен ойлануға жетелейтін болуы тиіс.

Көрнекілік оқу материалын оқушылардың көзімен көріп, нақтылы түсінулеріне мүмкіндік береді. Бұған демонстрация, иллюстрация және бақылау тәсілдері жатады [4,5].



Қазіргі уақытта көрнекі құралдың жаңа түрі – жеке тұлғалар қолданатын компьютерлерге, интербелсенді тақталарға, электрондық оқулықтарға ерекше көңіл бөлініп, оқу процесіне белгілі бір жағдаяттарды және процестерді үлгі-леуге мүмкіндік беретін компьютерлер енгізілді.

Оқу процесінде қолданылатын *көрнекілік түрлері*:

- Табиғи көрнекілік: оқушыларды нақты объектілермен (өсімдіктермен, жануарлармен, минералдармен) таныстырады.
- Эксперименттік көрнекілік арқылы оқушылар химиядан, физикадан тәжірибелер жасайды.
- Суретті көрнекілік: нақты дүниенің бейнесін көрсету (бейнесурет, картина, диафильм, мылқау кинофильмдер).
- Жасанды көрнекілік: макет, үлгі, муляж, геометриялық фигуралар, плакаттар, портреттер, панорама.
- Дыбыстық көрнекіліктер: күйтабақтар, ұнтаспаға жазылған материалдар т.б.
- Символдық және графикалық көрнекілік: карта, жоспар, сызба, диаграмма. (абстракты ой дамуына көмектеседі, себебі болмысты шартты белгілермен белгілейді).
- Техникалық көрнекіліктер: киноаппараттар, диафильмдер, диопроэкторлар, эпидиаскоптар, телевизор, радио т.б.

Қазіргі оқу жүйесінде мұғалімдердің кеңінен қолданып жүрген мынадай *көрнекіліктерінің түрлері бар*:

1. Табиғи (табиғат, өсімдік, жан –жануар, жәндік т.б.)
2. Көлемділік (әралуан заттардың модельдері).
3. Бейнелік (фото сурет, картина.б.).
4. Графикалық (схема, чертеж, таблица).
5. Дыбыстық (үн таспа, пластинка, магнитофон, диофильм т.б.).
6. Символикалық (табиғат, географиялық карталары).

Көрнекілік өтіп жатқан тақырыпқа сай, көзге тартымды, эстетикалық жағынан талапқа сай, көлемі ірі, екі немесе үш түстен болуы қажет.

Мысалы, «кез келген биологиядан тақырыптарды өткенде қажетті заттардың суретін көрсету арқылы немесе сыныпқа суреттерді көрсету арқылы жүзеге асыруға және әр түрлі тірек кестелер, тірек сөздер, сызбалар арқылы сөздерді, сөз тіркестерін пайдаланып ойларын жеткізе білуге үйретуге болады [6].

Көрнекі құрал мұғалімнің сабақта өткен материалдарды қайталау, жаңа материалдарды түсіндіру, бекіту мақсаттарында қолданылуы мүмкін.

Мысалы, «Ағзаның ішкі ортасы» тақырыбын өткенде мынадай үлестірмелі кеспе таратып, оқушылардың жаңа сабақты қалай меңгергенін байқауға болады.

1. Ағзаның ішкі ортасы деп _____ айтады.
2. Қан – ағзадағы _____ ұлпаның бір түрі.
3. Қанның құрамы _____ және оның ішінде қалқып жүретін _____ тұрады.
4. Ол қантамырларының тұйық жүйесін бойлай ағып, _____ қызметін атқарады.
5. _____ қан құрамының 52-58%-іне, қан клеткалары 42-48%- не тең [7].

Бұл тапсырмада оқушы қалып қойған сөздердің мағынасын өздері тауып дәптерлеріне жауабын жазады. Сонымен бірге көп қолданысқа ие көрнекіліктің бірі сызбалы көрнекілік. Ол шартты түрде *үшке бөлінеді*.

- ✓ Схема
- ✓ Таблица
- ✓ Карта деп бөліп қарастырылады.

Схемада тек биологиядан суреттер тізбегі беріледі де, олардың өзара байланысы, қатысы көрсетіледі.




Ал *таблица* ғалымдардың өмір жолын, соған байланысты еңбектерін олардың биологиямен байланысын, жеке таблицияларға түсіріп ерекше-ліктерін көрсетуді мақсат тұтады.

Карта ғалым жүріп өткен жолды, еңбектері жазылған аймақты көрсетуге арналады. Сабақта схема, таблица, карта қолдану арқылы мәтіннің жүйесін, ғаламның өмірін, шығармашылығын тарихи кезеңдермен бірлігін, оның өмір сүрген ортасын көрсете аламыз. Мысалы: (Сурет1,2).





Сурет 1. Иммунитет құрылысы



Сурет 2. Қан плазмасының құрамы

Оқушының биологиядан білімін арттырудың бір жолы сабақта көрнекті құралдарды көптеп пайдалану. Бұл сызба көрнекіліктер арқылы өткен сабақтың теориясын практика жүзінде көрсетіп, есте сақтауға мүмкіндік беруге болады. Биология сабақтарында көрнекілікті дұрыс пайдалану айқын кеңістік және санды түсініктердің, мазмұнды ұғымдардың қалыптасуына көмектеседі, оқушылардың логикалық ойлау және сөйлеу қабілетін дамытады, нақтылы құбылыстарды қалыптастыру және талдау негізінде, кейін практикада қолданылатын, тұжырымдарға келулеріне көмектеседі (Сурет 3) [8,9].



Сурет 3. Қанайналым шеңберлері және жүректің құрылысы

Көрнекілік құралдарын мектепте оқыту мен тәрбие беру барысында:

- ✓ оқушының жеке сезім - күйіне әсер етеді (яғни, таныммен, ғылым-мен, өнермен байланыс жасауы мен тұратандырушылық қызметі);
- ✓ ақпаратты меңгеруді жеңілдетеді (яғни, ақпараттық таныстыру-шылық қызметі);
- ✓ ақиқатты объекті жөніндегі ақпаратты белгілі шамаға дейін ұғынуға мүмкіндік береді (сананы қалыптастырудағы көрнекілік қызметі);
- ✓ іскерлік пен дағдының қалыптасуына үлес қосады (жаттықтыру қызметі);
- ✓ оқу - тәрбие жұмыстарының нәтижесін бақылауға үлес қосады (бақылау мен бағалау қызметі);

Көрнекілік құралдары төмендегі шарттарды ескеру барысында ғана өз міндеттерін толық орындай алады:

- оқу бөлмелерінің толық жабдықталуы;
- қажетті құралдың білім беру мен оқыту аясында өзіндік мүмкіндіктерінің жүзеге асырылуы;
- оқу - тәрбие жүйесінің барлық салаларының кіріктірушілік, үйлесім-ділік және кешендік мүмкіндіктерін ескеруі;
- оқытушы мен оқушының қазіргі кездегі оқыту әдістерін пайдалану барысында құрастырылған көрнекі құралдардың сапасын анықтайтын басты өлшемдері [10]. Сонымен қатар көрнекі құралдардың маңыздылығын қорытындылай келе, «Көрнекілікпен оқытудағы басты мақсат – оқушыны байқағыш-тыққа, оймен топшылауға жаттықтыру. Өзінің байқағандарын сөзбен айтып бере білуге, одан логикалық қорытынды шығаруға үйрету». Көрнекілік – оқу материалын оқушы көңіліне оңай да әсерлі жолмен жеткізуші көмекші құрал.

Көрнекілік шәкірт білімінің тұтастығын арттырып, сабақ үрдісінің тиімділігін жүзеге асырады. «Қазіргі заманда жастарға жаңа технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп, Елбасы атап көрсеткендей, жас ұрпаққа білім беру жолында көрнекі құралдарды оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор деген болатын.

Пайдаланған әдебиеттер

1. ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» /Егемен Қазақстан, 11 Қараша, 2014.
2. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы 14.12.2012.
3. Төлеуханова Д.Р. Көрнекі құралдардың дидактикалық негіздері //Білім. -2006.-№2.
4. Сағындықұлы Е. Педагогика. Алматы 1999 ж.



5. Әбиев Ж., Бабаев С.т.б. Педагогика /Алматы.-Дарын.-2004.
6. Шорманова Ж.Ш. Көрнекіліктердің тиімділігі //Қазақстан мектебі.-2008.-№10..
- 7.Биология. Дидактикалық материалдар / Сәтімбеков Р., Әлімқұлова Р., Шілдебаев Ж. – Алматы, 2007.
- 8.Биология. Әдістемелік нұсқау /Р.Сәтімбеков, Р.Әлімқұлова, Ж. Шілдебаев. – Алматы, 2007.
- 9.Биология. Оқулық А.Соловьева, Б.Ибраимова –Алматы, 2018.
10. Найзабаева Л.А. Мұғалімнің көрнекі құралдарды даярлау үлгісі // Қазақстан мектебі.-2009.-№10.

**«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ АЯСЫНДА
ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДАРЫНДА КӘСІБИ ДАЯРЛАУ ПРОЦЕСІНДЕ БОЛАШАҚ
МҰҒАЛІМДЕРДІҢ РУХАНИЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

БИСЕМБАЕВА Айзада Серикқызы

№ 9 жалпы білім беретін орта мектеп

Атырау, Қазақстан

aizadabisembaeva@mail.ru

Аңдатпа

Ұсынылып отырған мақалада еліміздің соңғы жылдар ішіндегі іске асырып жатырған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы сөз етілетін болады. Соның ішінде, қазіргі заман талабы – болашақ жас мұғалімдердің руханилығын қалыптастыру болашақ жас ұстаздан – ертеңгі кемел тұлға бейнесін қалай қалыптастырамыз, жалпы «руханилық» деген сөзімізді бүгінгі күнде қалай түсініп, қолданып жүргеніміз жайлы баяндалады.

Түйін сөздер: «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы, руханилық, болашақ жас ұстаз, өскелең ұрпақ.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері білім беру саласында елеулі өзгерістер орын алуда. Қазіргі заман үнемі дамуды талап ететін, ізденушілік пен өзіндік жаңалықты ашып, оны жүзеге асыру жолында орасан еңбекті көздейтін, жаңашыл кемеңгер тұлғаны қалыптастыратын заманның бірі. Әрине, бүгінде біз жас ұрпақтың бойына руханилық пен адамгершілік, бәсекеге қабілеттілік дағдыларын қалыптастырып, барлық саладан хабары бар жан-жақты тұлғаны қалыптастыруды өзіміздің міндетімізге жүктеп, білім беру үстіндеміз. Қазақ ұлты өзінің әдеби шығармаларымен, жүрек жарды өткір тілді айтысымен, сауаттылықты бүге-шүгесіне дейін зерттеп, оны дәріптеген ақын-жазушыларымыздың салып кеткен дара жолымен ерекшелінеді. Ал, болашақ жас ұрпақтың бойына көненің асыл қазынасын және бүгінгі әлемнің ашып отырған жаңа дүниесін отбасынан кейін бала әрине, педагог ұстаздан білім нәрмен сусындайды. Жалпы еліміздің тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасының жалпы мақсатыда ол өскелең ұрпақ үшін көненің мұрасын пайдалана отырып, жаңартылған түрде қолданыс аясына енгізу. Бұл жауапкершілікті де, үлкен еңбекті талап ететін стратегияның өзін бүгінгі ұрпақтың бойына қалыптастырмас бұрын, бүгінгі болашақ жас маман ұстазымыздың бойына сіңіруіміз қажет деген ой туады. Жалпы алғанда руханилығы дамыған, адамгершілігі мол ұстаз қандай болуы тиіс?

Руханилық жеке тұлғаның негізгі сапалық көрсеткіші. Руханилықтың негізінде адамның мінез-құлқы қалыптасады, ар-ұят, өзін-зі бағалау және адамгершілік сапалары дамиды. Мұның өзі мейірімділікке, ізгілікке шақырады. Адамгершіліктің негізі мінез-құлық нормалары мен ережелерінен тұрады. Олар адамдардың іс-қылықтарынан, мінез-құлықтарынан көрінеді, моральдық өзара қарым-қатынастарды басқарады. Адамгершілік тәрбиесі адамзат қоғамының даму тарихы арқылы қалыптасып, әрбір дәуірдің өзіндік қайшылықтарымен біте қайнасып, әлі де жетіліп келеді. Адамгершілік адамның рухани байлығы, болашақ ұрпақты ізгілік бесігіне бөлейтін руханият дәуіріне жаңа қадам болып табылады. Адамгершілік тәрбиенің нәтижесі



адамдық тәрбие болып табылады. Ол тұлғаның қоғамдық бағалы қасиеттерімен сапалары, қарым-қатынастарында қалыптасады. Адамгершілік қоғамдық сананың ең басты белгілерінің бірі болғандықтан, адамдардың мінез-құлқы, іс-әрекеті, қарым-қатынасы, көзқарасымен сипатталады. Жомарттық, батылдық, шыншылдық, сыпайылық, әділдік пен достық, ар мен намыс және тағы басқа да адамгершілік категориялары сонау көне дәуірден басталып, күні бүгінге дейін өз маңызын еш жоғалтпай келеді[1].

Сондықтан оқытушы-педагогтың кәсіби педагогикалық қызметінде және жеке өмірінде, әріптестері мен шәкірттерімен арадағы қарым-қатынасында адамгершілік құндылықтарды, моральдық нормаларды басшылыққа алуы ұрпақ тәрбиесінде ең бірінші кезекте қойылатын талап екендігі даусыз. Егер мұғалімнің өзінің адамгершілік және азаматтық ұстанымы жоғары болмаса, өз шәкірттері үшін үлгі тұтарлық тұлға дәрежесіне жетпесе, онда тәрбиелік бағдарламалардың да нәтижесі де шамалы болар деп топшылаймын. Ең жоғарғы кәсіби дайындықтың өзі егер де жоғары кәсіби этикаға, еңбексүйгіштік дәстүрлеріне, жауапкершілікке, ынталылыққа негізделген адамгершілік құндылықтарды тірек етпесе қажетті нәтижеге жетпейді[2].

Жоғарыда көрсетілген ой-пікірлерді түйіндей келе, бүгінгі ақпараттық технологияның дамыған заманында болашақ қоғам тұлғаларын жоғары оқу орындарында арнайы ұйымдастырылған қоғамдық шараларға қатыстыру арқылы, қоғаммен етене қарым-қатынас орнату арқылы, еріктілер клубын ұйымдастыру арқылы, рухани-адамгершілік мәдени шаралар бойынша болашақ жас педагогтың өзіндік жобалары «руханилық» мағынасын кеңінен түсіндіріп, үлгі-насихат көрсету арқылы болашақ маманға тұлғаның бойында білімнен бөлек, аса құнды әрі ештеңемен өлшеуге келмейтін «рухани» бай тұлғаны қалыптастырсақ, өскелең жас ұрпақта одан тәлім-тәрбие алары сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Рысбеков Т., Рысбекова С. Болашақ ұстаз тұлғасының кәсіби дамуы // Қазақ тарихы. – 2013. № 4(121). 6-7б.
2. Джанабаева Р.А, Касенова С.Ә. Студенттерді рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің теориялық негіздері // Педагогика және психология. – 2013. №3. 108-111б.
3. Таутенбаева.А. Жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие үдерісінде студенттердің ұлттық рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру. – автореферат. дисс. пед.ғ. к. – Алматы. 2009.

ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ ТЕЖЕЛГЕН БАЛАЛАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУДІҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ

БОТАБАЕВА Ә.Е., КЕНЖАЛИЕВА Ұ.М., УӘЛІ Т.Т.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ademi_e76@mail.ru

Қазіргі кезде, жалпы орта білім беретін мектепте үлгерімі төмен оқушылар арасынан психикалық дамуы тежелген балалар көптеп кездеседі. Психикалық дамудың тежелуі бұл баланың интеллектуалды қабілетінің жасына сәйкес келмеуі. Ал бұл жөнінде Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Бала тәрбиелеу – болашаққа ең үлкен инвестиция. Біз бұл мәселеге осылай қарап, балаларымызға жақсы білім беруге ұмтылуымыз керек», - деп баланы жан-жақты білімді, әрі тәрбиелі етіп өсіру жайында баса айтты [1].

Психикалық дамуының негізгі бұзылыстары интеллектуалды даму деңгейі, яғни, зейіні, есте сақтауы, ойлауы, кеңістікті бағдарлауы төмен тежелуі бар психикалық дамуы тежелген балалардың оқу үлгерімі төмен болады. Бұл балалардың оқуға үлгермеушілігі 7-8 жастан анық байқалады.



Оның негізгі белгілері: сабаққа белсенділігі байқалмайды, берілген Тапсырмаларды үлкендердің көмегінсіз дұрыс орындай алмайды, сыныптастарымен аз араласады, өз ойын ашық айта алмайды, оқу мен жазу, есептеулерде көп қателер жібереді, тез шаршағыш, зейіні тұрақсыз болады. Психикалық дамуы тежелген балалардың тіл байлығы әдеттегі балаларға қарағанда 20-30 % төмен деңгейде. Сондықтан зерттеу нәтижелері бойынша ойлау, сөйлеу тілінде және шығарманың мазмұнын айтуда қиындықтар кездесетіні, сонымен қатар есте сақтау қабілетінің артта қалғаны да анықталады. Осы себептерден баланың тапсырманы орындауында көп қиындықтар кездеседі.

Психологиялық дамуында тежелуі бар балаларды басында жан-жақты терең тексеру және балаларды зерттеу кезінде, арнайы эпидемиологиялық зерттеулер нәтижесіне жүгінсек, оқу кезіндегі қиындық көретін балалардың 50-ден жоғарғысы, зейіні бұзылғандары бірінші орынды құрайды. Бұл зерттеулерді жүргізуші белгілі дефектологтар Т.А.Власова, М.С.Певзнер, К.В.Демьянов, Л.Ф.Чупров және басқалары Т.А.Власова мен М.С. Певзнердің айтуынша психологиялық дамуының тежелуінің негізгі белгісі – ерік-жігер аймағының жетілмеуі. Бұл жетілмеушілік оқу тапсырмаларын орындауда тұрақтана алмауға әкеп соғады.

Сабақ кезінде психологиялық дамуының тежелуі бар балалар жиі қозғалғыш, отыра алмайды, берілген тапсырмаға өздерін 5-10 минут зейінін тұрақтандыра алмайды. Бұл жерде психологиялық дамуының тежелуі бар балалар сабақ кезінде жиі қозғалғыш, отыра алмайды, берілген тапсырмаға өздерін 5-10 минут зейінін тұрақтандыра алмайды. Бұл жерде психологиялық дамуының тежелуі бар зейіннің даму деңгейін біркелкі деп айтуға болмайды.

Кейбір оқушылардың зейіндері сабақтың басында тұрақты болады да, сабақтың ортасында зейін тұрақтануы төмендейді. Екіншілерінің зейіні сабақ кезіндегі бірнеше тапсырма орындағаннан кейін ғана тұрақтанады.

Ал, үшіншілерінікі кезеңмен сипатталады. Зейін шоғырлануының деңгейінің төмендеуін шаршаған, қажыған балалардан байқауға болады. Бұл балалар оң материалдарын қабылдауға қиналады, нәтижесінде оқу үлгерімінде кері әсерін тигізеді, үлгермеушіліктер болады. Зейіннің белсендіден белсенсіз жағдайына жиі ауысуы, жұмыс және демалу көңіл-күйі кезі баланың психикалық жағдайымен тығыз байланысады, еш себепсіз пайда болады. Сыртқы жағдайлар (қиын тапсырма, үлкен көлемді жұмыстар) баланы қобалжытады, зейіннің тұрақтылығын төмендетеді. Әсіресе, бұл жағдай қиын сабақтың соңында байқалады. Өзінің әлсіздігі, тапсырма орындауда шоғырлана алмауы баланы тітіркендіреді, кейбіреулері – жұмыс жасаудан түбегейлі қарсылық білдіреді, әсіресе жаңа оқу материалын меңгеруде. Ақыр соңында балаларда өз күшіне сенімсіздік, оқу әрекетіне қанағатсыздық пайда болады.

Психологиялық дамуының тежелуі бар балалардың көпшілігіне ауызша мәлімет алу зейіннің әлсіздігі тән. Тіпті қызықты, тартымды, сезімді әңгімелерді тыңдау кезінде бұндай балалар есінеп, көңілі басқа нәрсе ауысып, әңгіме жүйесін жоғалтады. Әсіресе айналасында басқа көңіл аударатын фактор болса, зейін деңгейі анық белгілі болады. Сыныпқа бөтен кісі кірсе, есік қағылса, кенеттен құлап қалған, зат осының барлығы баланың зейінін сондай аландатады. Мұғалім тапсырмасын есінен шығарып алады. Педагог бұл балалардың жұмыс белсенділігін арттыру үшін көп күш жұмсайды. З.Тржеслова, Г.И.Жарикова, Л.А.Перменова тағы басқалардың психологиялық педагогикалық зерттеулерінде психологиялық дамуының тежелуі бар балалардың зейін ерекшеліктерін ұсынады:

Зейін ауытқушылығы қиын тапсырмалар орындауда, өзін бақылауда ұстауда жүйке жүйесінің өз дәрежесінде дамымағаны туралы айтылады. Баланың өнімді жұмыс жасау қабілеті 5-15%; содан, біраз уақыттан кейін, ең болмаса 3-7% «тынығып» келесі жұмыс жасау кезеңге күш жинайды. Сол «тыныққан» кезде, басқа бір нәрселермен айналысып кетіп, жұмыс жасаудан ада болады. Күш жинаған соң, бала өнімді жұмыс жасай алады.

Шоғырлану төмендігі. Бұл белгі бағдарлама орындауда, іс-әрекет жасағанда, тез шаршап қалу болып табылады. Соматикалық және церебралды-органикалық факторы бар екенін білдіреді.

Зейін көлемінің төмендеуі толық көлемде мәлімет қабылдауы қиын. Зейін шашыраңқылығының төменділігі баланың жұмыс жасауына айналасындағы қосалқы тітіргендіргіш көптігі.



Зейіннің бөліну төмендігінен бала тапсырманы жаңадан меңгеріп жатса, бір мезетте бірнеше тапсырма орындай алмайды.

Зейіннің ауысуының қиындығы. Бұл тапсырманың бір түрінен екіншіге ауыса алмауы, жағдай өзгеруін тез арада қабылдамауынан айқын білінеді. Зейіні тұрақсыз балалардың іс-қимыл қозғалысында не істеу керектігі маңызды? Қалай жасауға болады. Жасалынатын іс-қимылдың жоспары, өзін-өзі басқарудың басты міндеті болып табылады. Бірінші кезеңде жоспарлау, 2-ші кезеңде іске асыру және жасалынатын жұмысқа деген өзін дайындау психологиялық дамуы үдерісінде тежелуі бар балаларда зейіннің тұрақсыздығы, ерікті түрде зейін аудармау себебінен даму үдерісінің ең маңыздысы ойлау іске аспайды. Баланың зейін тұрақсыздығы жеткілікті мөлшерде әртүрлі талдағыштардың жеткілікті жұмыс жасамауы болып табылады яғни сенсорлық функциялары іске қосылмайды. Көре отыра талдау және жинақтау жасай алмау себебінен де зейін тұрақтылығы қалыптаспайды, ойлау үдерісі іске аспайды.

Психологиялық дамуының тежелуі бар балалармен жүргізілетін психологиялық түзету дамыту жұмыстарының түрлері көп. Психологиялық түзету жұмыстарын жүргізудің принциптері төмендегідей:

- баланың жеке тұлғалық ерекшеліктерін анықтау;
- шаршамауын қадағалау;
- оқу әрекетін ойын түрінде ұйымдастыру, кеңістікті бағдарлауын дамыту;
- сыныптан тыс тәрбие сағаттарына қатыстыру;
- ойын дағдыларын оқу әрекетіне аудару;
- арнайы әдістемелермен оқытуды ұйымдастыру;
- жылдық диагностикалық даму деңгейін салыстыру.

Мамандардың оқыту-түзету үдерісінде әдістемелік нұсқауларды дұрыс және жоғары деңгейде ұйымдастыруына байланысты психикалық дамуы тежелген балаларды өз жасындағы балалардың даму деңгейіне жеткізуге болады.

Білім беру мекемесінде оқитын психикасының дамуы тежелген балалар әр уақытта нәтижеге жету үшін бақылаудан тыс қалмауы қажет. Баланы оқуға қызықтыру және дамыту мақсатында сабақ алдында, ашықтық, сенімділік деңгейін, эмоциялық еркіндікті, топта бірауыздылық орнатуға жағдай жасайтын психологиялық жаттығулар өткізу керек. Адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасы өте күрделі үдеріс [2].

Психикалық дамуы тежелген балалардың зейіні мен ойлауын төмендегідей тапсырмалар негізінде дамытуға болады.

1. «Анаграмманы шеш!» жаттығуы

Сөздегі әріптердің орны ауыстырылады. Жеңілінен бастауға болады. Арнайы ТДО сыныбы оқушыларына тапсырма жеңілдетіп беріледі. Мысалы, жемістер, көкөністер т.б. тақырыппен беріледі.

2. «Сөз ойла, тез ойла!» жаттығуы.

Бес дыбыстан құралатын, үшінші әрпі «Л» болатын, Не? Қандай? деген сұраққа жауап беретін сөздерді ойлауға тапсырма беріледі. Ортасындағы әріптерді өзгерте беруге болады. Мысалы, торкөздерді мынадай сөздермен толтырады: талап, құлан, шалап, жолақ, халат, далап, құлын, келін, жалын, тулақ, салақ, рулон, кулон, балақ, талақ, сылақ, салық, талма, жұлын, галош, салым, қалам, ғалам, ғалым, ғылым, қалқа, қалта, салат, долма, малта, шелек, сулық, белок, тұлып, желім, залым т.б. Балалар сөздерді ойламаған жағдайда жоғарыдағыдай сөздер құрауға болатыны айтылып, әр сөздің мағынасы түсіндіріледі.

3. «Сенемін-сенбеймін» ойыны

Мақсаты: зейіннің тұрақтылығын дамыту.

Балалар шеңбер құрып отырады. Психолог допты кез келген бір балаға лақтырып, былай деп айтады:

- Піл ұшу біледі;
- Құстар апанда ұйықтайды;
- Балықтар құрлықта өмір сүреді, т.с.с.



Балалар педагог тек шындықты айтқан кезде ғана допты қағып алулары керек. Егер бала жаңылысып, допты қағып алатын болса, онда оған ескерту карточкасы беріледі. Бір ескерту алмаған бала «ең зейінді бала» болып есептеледі.

4. «Ақылды үкі» ойыны

Мақсаты: баланың тіл байлығын дамыту.

Балаларға әртүрлі орман мекендеушілерінің суреттері бар карточкалар таратылады. Балалар ортаға шығып, шеңбер құрып тұрады. Санамақ арқылы бір бала таңдап алынып, үкі етіп тағайындалады. Ақылды үкі болған бала ортада тұрады. Енді шеңбер бойында тұрған балалардың біреуі өзінің қолындағы карточкадағы бейнеленген жануардың басына түскен бір жағдайды айтады және оны шешу үшін ақыл беуін сұрайды.

Мысалы: Орманда екі қоян бір үлкен жидек тауып алып, оған таласып қалды. Не істеуге болады?

Үкінің ақылы: жидек біреу болғандықтан қояндар оны анасына сыйласын.

Ал егер, үкі ақыл айта алмаса, онда ол кімге ақыл бере алмады сол бала оның орнына ақылды үкі болады.

5. «Айтқыштар» ойыны

Мақсаты: іс-әрекетін бақылай алуды дамыту.

- Балалар, мен сендерге сұрақ беремін. Сұраққа тек «айтыңыз» деген тапсырма берілген кезде ғана жауап беру керек.

- Сіздің сыныптың қабырғасының түсі қандай?

- Бүгін аптаның қай күні?

- 100+54 қосқанда неше болады?

6. «Әңгіме құрастыру» ойыны

Мақсаты: есту арқылы қабылдау қабілетін дамыту.

Нұсқау: әр ойыншы кезекпен кезек бір-бір сөзден айтып шығады, нәтижесінде ортақ әңгіме пайда болу керек. Өз сөзін айтпастан бұрын алдыңғы сөздерді қайталап шығу арқылы сөйлем құрауы қажет.

7. «Жалғастырушы жіп» ойыны

Мақсаты: адамдар арасындағы қарым-қатынасты бағалауға қалыптастыру.

Балалар отырады, айналдыра мұғалімнен бастап жіпті бере бастайды. Жіпті қолына алған әр адам не сезінеді, өзі үшін не керек екендігін, басқаларға не тілейтінін айтады. Жіп қайтып мұғалімге келген соң, көздерін жұмып барлығы үшін бір тілекті ішінен тілейді [3].

Сонымен бірге қатынас орнатуға арналған «Көңіл-күйімізді жаттықтыру», «Кім екенін тап», «Көпір», «Ауызша волейбол», т.б. тренингтерді өткізу ұсынылады.

Қорыта келгенде, жалпы білім беретін мектепте және арнайы сыныптарда оқитын психикалық дамуы тежелген баланы сыныптастарына теңестіру немесе қатарға қосу барысында жұмыс нәтижелі болу үшін, әр баланың рухани дамуына психология-педагогикалық жағдай жасай отырып, өз ортасында және өзге ұжымда өзін еркін сезіне алуға тәрбиелеу, өзіне өзі сенімді, жауапкершілік қасиетті сіңірген тұлға ретінде қалыптастыру қажет.

Қолданылған әдебиеттер

1 Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Лекция курсы. – Тараз, 2012. – 34 б.

2. Көшербева А.К. Психикалық дамуында тежелуі бар балалардың танымдық қабілетін дамыту жұмыстары <http://www.myword.ru>

3. Хухлаева О.В. Практические материалы для работы с детьми 3-9 лет. Психологические игры, упражнения, сказки М.: Генезис, 2007. — 2-е изд. - 176 с.



**БІЛІМ АЛУШЫЛАРДА БИОЛОГИЯ САБАҚТАРЫНДА СЫНИ ОЙЛАУДЫ
ДАМУ ТУ АӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІ**
**БОЗШАТАЕВА Гульшат Тугельбаевна, ОСПАНОВА Гульшахар Садвакасовна,
ТУРАБАЕВА Гүлзат Қалыкуловна**

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті
Шымкент, Қазақстан
bozhataeva69@mail.ru, ogsospan@mail.ru

Аннотация

Мақалада білім алушыларда сыни ойлауды дамытудың қазіргі заманғы өмірде және болашақ кәсіби қызметіндегі қажеттілігі негізделген. Сыни ойлауды оқу және жазу арқылы дамытудың халықаралық жобасы негізінде ұсынылған әдістеріне сипаттама беріледі. Биология мамандықтарына оқытылатын «Өсімдіктер физиологиясы» пәнінің мазмұны мысалында сыни ойлауды дамыту технологиясының бірқатар әдістерін қолдану әдістемелері ұсынылған.

Қазақстан Республикасында, Ұлттық білім беру жүйесінің модернизациясы жоғары білім беру дипломдарының Лиссабон конференциясының «Еуропалық аймақтағы жоғары білімге қатысты квалификацияларды тану туралы» принциптеріне сәйкес жүргізілуде. Халықаралық стандарттар бойынша Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесін реформалаудың бір формасы оқытудың кредиттік жүйесін енгізу болып табылады. Бұл халықаралық білім беру кеңістігіне еруге мүмкіндік берді.

Бүгінгі күні білім берудегі акценттер 4К моделіне қарай ығысуда: креативтілікті дамыту, критикалық (сыни) ойлау, коммуникабельділік, командада жұмыс істей білу (Елбасы Н.А.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауынан, 2018ж.).

Осы тұрғыдан алғанда әсіресе, Қазақстанда 1997 жылдан бастап дамып келе жатқан «Сыни ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту» («Reading and Writer for Critical Thinking») халықаралық жобасының ұстанған философиясы мен әдістемесі интербелсенді оқытудың мазмұнына толық сәйкес келеді деуге болады.

Ойлаудың сынилігі - адамның өзінің және басқа адамның ойын объективті бағалай білу, барлық ұсынылған ережелер мен қорытындыларды мұқият және жан-жақты талдауға қабілеті. Сыни ойлай алатын адам тек өз сөздері мен пайымдауларын ғана дұрыс деп ешқашан бағаламайды. Сыни ойлау, яғни шығармашылық, адамның жеке және кәсіби өміріндегі өзіндік басымдықтарын анықтауға көмектеседі. Осы технология аясында жұмыс барысында студенттер ақпаратты интеграциялаудың әртүрлі тәсілдерін меңгереді, әртүрлі тәжірибені, идеяларды және көріністерді ұғыну негізінде өз пікірін өндеуге, дәлелдемелердің ой-өрісін және логикалық тізбегін құруға, өз ойларын қоршаған ортаға қатысты анық, сенімді және дұрыс білдіруге үйренеді[1].

Технология нақты пәндік мазмұнына қарамастан оқу қызметінің түрлері бойынша оқу жұмысының тәсілдерін біріктіретін стратегиялар жүйесі болып табылады. Оқу және жазу арқылы сыни ойлауды дамыту технологиясы ХХ ғасырдың соңында АҚШ-та пайда болды. Халықаралық деңгейде технология 1997 жылдан бастап қолданылып келеді. Бұл технологияны жасаушылар еркін тәрбие (А. Ковальчукова) және тұлғаның шығармашылық өзін-өзі дамыту идеяларын (Ж. Ж. Руссо, Л. Н. Толстой, Дж. Дьюи, Ж. Пиаже, М. Монтессори), іс-әрекеттік тәсілді оқыту (А. Н. Леонтьев), сонымен қатар эвристикалық оқыту идеяларының (А. В. Хуторский) негізінде оларды технология деңгейіне дейін жеткізді. Сыни ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту технологиясы әмбебап, басқа педагогикалық тәсілдер мен технологиялармен диалогқа барлық кезде ашық технология болып табылады.

Сыни ойлау - бұл адамның зияткерлік қызметінің бір түрі, ол қабылдаудың, түсінудің жоғары деңгейімен, қоршаған ақпараттық ортаға деген көзқарастың объективтілігімен сипатталады.

Сыни ойлауды қалыптастыруда белсенді әдістерді қолдану тиімді. Белсенді оқыту әдістері «оқытушы = студент» қарым-қатынасы схемасы бойынша құрастырылады. Атынан



көрініп тұрғандай мұндай әдістер оқытушы мен білім алушының оқу процесіне тең қатынасын көрсетеді.

Белсенді оқыту әдістері педагогикада жаңалық емес. Бұл әдістердің негізін қалаушылар атақты педагогтар Я.Коменский, И.Песталоцци, А.Дистервег, Г. Гегель, Ж.Руссо, Д.Дьюи. Сонымен қатар өздігінен танып-білу туралы ойларды ежелгі философтардың еңбектеріненде көруге болады [2].

Белсенді оқыту әдістерінің белгілері:

- ойлаудың белсенділігі, білім алушы белсенді болуға мәжбүр болады;
- белсенділіктің ұзақ уақыттылығы - білім алушы белгілі - бір уақытта ғана емес, бүкіл оқу процесі барысында жұмыс жасайды;
- алдына қойған міндеттерді шешу жолында өз бетінше шешу жолдарын жасау мен іздеу;
- білім алуға мотивацияланғандығы.

Қазіргі білім беру процесінің мақсаты білім алушыны ойлай білуге үйрету болып табылады.

Сыни ойлау дегеніміз - сенім мен құндылықтарды таңдау, қандай да болмасын мәселе бойынша барлық сұрақтар қарастырылғанша «сыпайы» түрде күмәндану. Сыни ойлау технологиясының әдістерін қолдану негізінен үш кезеңде жүзеге асырылады: «Қызығушылықты ояту» кезеңінде (Evocation) білім алушылар білім процесіне ниеттеледі, айрықша көңіл аударады, жаңа материалды игеруге ынталанады; «Мағынаны ажырату» кезеңі (Realization of meaning) жаңа материалды игеруде туындаған сұрақтарға үйренушілердің өз тәжірибелері тұрғысынан жауап беруімен ерекшеленеді; «Ой-толғаныс» кезеңінде (Reflection) білім алушылар жаңа мәліметтерді өздерінің бұрынғы білімдерімен салыстыра отырып өзгертеді [3].

Сыни ойлауды дамыту технологиясының бірқатар әдістерін оқу процесінде, биология мамандығының студенттері үшін оқытылатын «Өсімдіктер физиологиясы» пәнін оқытуда қолдану тәжірибесі ұсынылып отыр.

T - кестесі әдісі - бір-біріне қарама-қарсы немесе салыстыруға болатын (мысалы, екі объект) ақпарат пен пікірлерді салыстыруға арналған жазу кестесі. Берілген мәтінді оқи отырып, студент онымен жұмыс жасайды.

Студенттер алдымен берілген тапсырма бойынша өз ойларын кестеге түсіріп жеке жұмыс жасайды, содан соң олар жұптасып немесе шағын топ ішінде (4-6 адам) кестелерін салыстырып, пікірлеседі, жазғандарын толықтырады. Осыдан кейін тақтада оқытушы бүкіл аудиторияға ортақ кесте құрастыруына болады. Әр жұп/топ бұл кестеге екі-үш пікірін ұсынады.

T-кестесі оқытушыға екі жақты тапсырмаларды шығармашылық тұрғысынан түрлендіруге жан-жақты мүмкіншілік береді. Кестеде мысал ретінде транспирацияның түрлерін салыстыру тапсырмасы берілген.

Кесте - Транспирацияның түрлерін салыстырыңыздар

Устьицалық транспирация	Кутикулалық транспирация
- Устьица саңылаулары арқылы жүреді	-Өсімдіктің бүкіл беті арқылы жүреді
- Тиімді жолы, себебі булану беті үлкен	-Булану беті өсімдік бетінің ауданына пропорционал
- Барлық өсімдіктер үшін маңызды	-Көлеңкеге төзімді өсімдіктер үшін маңызды
- Жасына байланыссыз	-Жас өсімдіктерге тән

Белгі қойып оқу немесе INSERT (Interactive Noting System for Effective Reading and Thinking әдісі - тиімді ойлау мен оқуға арналған белгілеудің интербелсенді жүйесі – жаңа мәліметті игерудің интербелсенді тәсілі болып табылады.

Білім алушылар дәрісті тыңдағанда немесе мәтінді оқығанда жекелей келесідей кестені толтырып отыруы керек:

-Бірінші («қанатша») бағанға студенттер лекцияда (мәтінде) кездестірген өздерінің бұрыннан білетін таныс мәліметтерді келтіреді.



- Екінші («плюс») бағанға студенттер осы лекцияда өздері үшін жаңа болып табылатын ақпаратты жазады.

- Үшінші («минус») бағанға осы лекцияда келтірілген қандай ақпараттың олардың бұрыннан білетініне қайшы келгенін жазады.

- Төртінші бағанда студенттер лекцияда келтірілген қандай мәліметпен келіспейтіндігін жазады, бұған қоса мұнда лекцияның түсініксіз жақтары да келтіріліп, тақырып бойынша студенттің тағы да не білгісі келетіндігі айқындалады.

Синквейн (фр. тілінен аударғанда *cinquains*, ағылшын тілінен аударғанда *cinquain*) — бұл шығармашылық жұмыс, ол қысқаша өлең түрінде, бес ұйқаспайтын сөйлемнен құралады.

Синквейн – бұл жай өлең емес, ол белгілі бір ережелерге сәйкес жазылады:

- 1 қатар – бір зат есім, ол синквейннің негізгі тақырыбын көрсетеді;
- 2 қатар – негізгі ойды білдіретін екі сын есім;
- 3 қатар – тақырып аясында қызметті сипаттайтын үш етістік;
- 4 қатар – белгілі бір мағынаны білдіретін сөйлем;
- 5 қатар – зат есім түріндегі қорытынды (бірінші сөзбен ассоциацияланады).

Синквейн де сын тұрғысынан ойлау технологиясының бір әдісі болып табылады. Ол білім алушылардың ақыл-ой қызметін оқу мен жазу арқылы белсендіреді.

Синквейнді жазу - бұл еркін шығармашылық, ол білім алушыдан қарастырылып отырған тақырып бойынша ең маңызды элементтерді табу мен бөліп көрсетуді, оларды талдап, өлең жазу ережелеріне сай қорытындыны қысқаша тұжырымдауды талап етеді. Синквейн әмбебап оқыту әдісі болып табылады. Оны кез-келген пәнде қолдануға болады.

«Фотосинтез» тақырыбына синквейн:

1. Фотосинтез.
2. Күрделі, көпсатылы.
3. Жүреді, түзеді, пайдаланады.
4. Жарық энергиясын пайдалана отырып, органикалық заттарды түзетін, өсімдіктерде жүретін күрделі көпсатылы процесс.
5. Энергия.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту әдістерінің бірі - Исикава диаграммасы немесе фишбоун әдісі. Фишбоунның негізі – балық қаңқасы пішіндегі схемалық диаграмма болып табылады. Дүние жүзінде берілген диаграмма жапон профессоры Ишикаваның (Исикава) атымен белгілі. Ол себеп-салдар байланыстарының құрылымдық талдауын жасау әдісін ойлап тапқан. Фишбоун схемасы белгілі бір нақты жағдай, мәселені талдау процесінде анықталған себептерін және соған сәйкес қорытындылар немесе нәтижелерді талдауды көрнекі түрде көрсететін графикалық кескін болып табылады. Әдістің артықшылықтары мен мүмкіндіктері: жұпта немесе топтағы жұмысты ұйымдастыру; сыни ойлауды дамыту; себептер мен олардың салдары арасындағы байланыстарды көрнекі түрде көрсету; факторларды олардың маңыздылығы бойынша іріктеуге мүмкіндік береді.

Фишбоун – схемасы 4-негізгі бөлімнен тұрады: басы, құйрығы, жоғарғы және төменгі сүйектер. Басы – талданатын мәселе немесе тақырып; жоғарғы қанат сүйектері – тақырыптың негізгі ұғымдары, мәселеге әкеліп соқтырған себептер; төменгі қанат сүйектері – тұжырымдалған себептердің бар екендігін дәлелдейтін фактылар немесе схемада көрсетілген ұғымдардың мәні; құйрығы – қойылған сұрақтың жауабы, қорытынды.

Фишбоун әдісі ұғымдарды сараптауды негізге алады, сондықтан да негізгі ұғымдар басына жақын орналасады. Бұл схеманы қарапайым түрде немесе күрделі байланыстарды тереңірек қарастыруға да болады.

Фишбоун әдісі себеп-салдарлық байланыстарды анықтауға және оларды мәселені шешудегі орнын анықтауға бағытталған.

Қазіргі ақпараттандыру кезеңінде білім беру жүйесінде оқытушының алдында тұрған негізгі мақсат интерактивті әдістерді пәннің ерекшеліктерін ескере отырып қолдану арқылы білім алушыларды білімді белсенді игеруге бағыттау болып табылады.



Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Прокина Л. П. Технология развития критического мышления через чтение и письмо (РКМЧП) при обучении студентов русскому языку с методикой преподавания // Молодой ученый. - 2016. - №15. - С. 500-506. - URL <https://moluch.ru/archive/119/33065/> (дата обращения: 15.02.2020).
2. Фостер К. Вводные вопросы для активизации критического мышления / К.Фостер// Перемена, Международный журнал о развитии мышления через чтение и письмо. - 2014. - том 5, №4. - С.35-39.
3. Әлімов, А. Интербелсенді әдістерді жоғарғы оқу орындарында қолдану /А.Әлімов – Алматы, 2009.-327 б.

ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ ТЕЖЕЛГЕН БАЛАЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ БОТАБАЕВА Ә.Е., КЕНЖАЛИЕВА Ұ.М., САНСЫЗБАЙ М.Ә.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ademi_e76@mail.ru

20 ғасырдың 50-60 жылдары психологтар, дәрігерлер, педагогтар жалпы білім беретін мектептердің бастауыш сыныптарында оқитын оқушылардың арасынын «үлгермейтін» оқушылар тобын бөліп көрсетті. Оларды ақыл-ойы кем балалар қатарына жатқызуға болмайды, өйткені олардың білімі олардың жеткілікті деңгейде қабілетті екенін, сонымен қатар «жақынаралық даму аймағы» кең екендігін білдіреді. Бұлар психикалық дамуы кешеуілдеген балалар деген ерекше қатарға жатқызылды. Мұндай психикалық дамуы тежелген балалардың ерекшеліктерін зертеген ғалымдар мен педагогтардың еңбектеріне тоқтап өтейік.

Г.Е.Сухарева этнопатогенетикалық принципке сүйене отырып, балалардағы аймақтық интеллектуалдық жетіспеушілікті төмендегідей түрлерге бөлді:

1. Мінез-құлық патологиясымен (психопат тәрізді, психопатикалық) немесе тәрбиенің қолайсыз жағдайларымен байланысты дамуы баяу қарқынды балалардағы интеллектуалды бұзылыстар.
2. Соматикалық аурулармен шартталған ұзақ астеникалық жағдайлар кезіндегі интеллектуалдық әрекеттердің бұзылысы.
3. Инфантилизмнің әртүрлі формалары кезіндегі интеллектуалдық әрекеттердің бұзылысы.
4. Есту, көру, сөйлеу және жазу кемістіктеріне байланысты екінші реттік интеллектуалдық кемістіктер.
5. Балалардағы резидуальды және инфекция кезеңі мен ОЖЖ жарақаттары кезіндегі функциональды-динамикалық интеллектуалдық бұзылыстар [1].

В.В. Ковалев патогенетикалық принцип негізі бойынша интеллектуалдық кемістіктердің барлық аймақтық формаларын патогенез бұзылыстарындағы бастауыш факторлары арқылы шартты түрде 4 топқа бөлді:

1. Дизонтогентикалық фома, бұл кезде кемшіліктер бала дамуының артта қалу немесе тежелу механизмдерімен шартталған.
2. Энцефалопатиялық форма, мұның негізінде онтогенездің ерте кезеңіндегі ми қабығы механизмдерінің зақымдалуы жатыр;
3. Сезім мүшелері (есту, көру) және анализатор кемістіктерімен байланысты интеллектуалдық жетіспеушілік, ол сенсорлық депривация механизмінің әрекетімен шартталған.
4. Ерте балалық шақтан дұрыс емес тәрбиенің, ақпараттың жетіспеушілігімен байланысты (педагогикалық бостық) интеллектуалдық кемшілік [2].



М.С. Певзнер синдромологиялық принцип негізіне сүйене отырып психикалық инфантилизмнің клиникалық нұсқаларының классификациясын ұсынды. Автор инфантилизмнің таза түрін және оның әртүрлі күрделі формаларын бөліп көрсетті:

1. Алғашқы интеллектісі сақталған болса да пайда болатын, күрделі емес психофизикалық және психикалық инфантилизм.

2. Танымдық әрекеті дамымаған инфантилизм.

3. Күрделі церебрастеникалық синдромы бар инфантилизм.

4. Сөйлеу қабілетінің дамымауына байланысты инфантилизм.

К.С. Лебединская этнопатогенетикалық принципке сүйене отырып, психикалық дамуы тежелген баланың клиникалық типтерін бөліп қарастырды:

1. Конституционалдық психикалық дамуы тежелген.

2. Соматогендік

3. Психогендік

4. Церебралді-органикалық [3].

Сонымен, психикалық дамуы тежелген балалар дегеніміз – оқу бағдарламасын меңгеруде қиындықтарға кездесетін үлгермеуші балалар. Мұндай балалар білімі мен дағдыларына, тұлғалық жетімділігіне мінез-құлқына байланысты мектепте оқуды бастауға дайын емес. Олар оқуда көп қиыншылықтар көреді: мектепте орнатылған тәртіп нормаларын сақтау оларға аса қиын. Оқудағы қиыншылықтар олардың жүйке жүйесінің әлсіреуінен терендей түседі – жүйкесі тозып, соның салдарынан олар тез шаршайды, жұмысқа қабілеті төмендейді, бастаған жұмысын аяқтамайды.

Бұл балалардың оқу үлгерімі ерекшеліктеріне келетін болсақ, бұл балалардың оқуға үлгермеушілігі 1-сыныптан бастап көріне бастайды. Бірақ анық белгілері 2-3 сыныпта белгілі болады. Оқу процесінде олардың оқу дағдыларындағы кездесетін кемшіліктер:

- сабақ процесіне жай қосылады;

- оқу материалын жай немесе тіптен қабылдамайды;

- берілген тапсырманы мұғалімнің көмегінсіз орындай алмайды;

- оқу мен жазуы жай;

- оқыған мәтінін түсінбейді және түсінгенін айтып бере алмайды;

- есептер шығарған кезде үлкен қателер жібереді;

- тез шаршағыш;

- сыныптастарымен аз араласады;

- өз ойын анық айта алмайды.

Мұндай балалардың жұмыс қабілетінің төмендеуі және зейін тұрақсыздығы әр балада түрлі көрініс табады. Осылайша кейбіреулерінде аса жоғарғы зейін қоюы және неғұрлым жұмысқа деген жоғарғы қабілеті тапсырманы бастағанда байқалады да, оны орындау барысында төмендей береді; енді бірінде – зейіннің артуы жұмыстың біраз уақыты өткен соң басталады; ал тағы басқаларында зейін қоюы және жұмыс қабілеті біркелкі болмай, мезгіл-мезгіл толқып тұрады [4, 5].

Психикалық дамуы тежелген балалар зейіннің ерекшеліктері оның тұрақсыздығынан, бір объектіге тұрақты көңіл бөле алмайтындығынан көрінеді. Басқа да сыртқы қоздырғыштардың болуы бұл оқушылардың жұмысын тежеп, қате жіберуін арттырады. Психикалық дамуы тежелген балаларда қабылдау қабілетінің дамуы да төмен, мұны балалардың қоршаған әлем туралы білімдерінің жеткіліксіздігінен, шектеулігінен, үзік-үзіктігінен, әдеттегі қалыптан басқаша тұрған заттарды, сызбалық бейнелерді тани алмайтындығынан (егер олар сызылып тасталған немесе бірінің үстіне бірі орналастырылған болса) байқауға болады. Есте сақтау процестерін зерттеу ырықты есте сақтау нәтижесінің жеткіліксіздігінен, есте сақтау көлемінің аздығын, есте қайта жаңғырту қиынға түсіп, оның нақты болмайтынын көрсетті. Мұндай балалардың танымдық қызметінің дамуында да айқын артта қалушылық пен өзгешеліктері бар. Олардың барша ойлау формаларының артта қалуы байқалады, мектептегі оқудың басталуына қарай мұндай балаларда, әдетте әлі негізгі ойлау операциялары талдау, топтау, салыстыру, қорыту қалыптаспаған. Танымдық белсенділігінің төмендігі айқындалған.



Психикалық дамуы тежелген балалардың тіл байлығы әдеттегі балаларға қарағанда 20-30% төмен деңгейде. Сөздік қорында бар сөздердің өзін қолданғанда, олар көбінесе қате жіберіп, сөз мағынасын толық түсінбейтінін көрсетеді. Психикалық дамуы тежелген оқушылардың грамматикалық қорыта білуі әлсіз, олардың сөйлеу тілінде грамматикалық конструкцияларды дұрыс қолданбауы жиі кездеседі. Психикалық дамуы тежелген балалардың мінез-құлқы да өзіндік ерекше. Мектепте олар өздерін әлі мектепке дейінгі жастағы кішкене балалар сияқты ұстайды. Оларда оқуға деген қызығушылығы жоқ немесе аса әлсіз, мектепке деген жағымды қатынасы да байқалмайды. Олардың жетекші қызметі – әлі де ойын болып қалады [6, 15 б.].

Қорыта келгенде, психикалық дамуы тежелген баланы оқытып, дамыту барысында жұмыс өте нәтижелі болуы үшін, әрбір баланың физиологиялық, психологиялық және жас ерекшеліктерін ескеріп, оларға түзету-дамыту жұмыстарын жүйелі, әрі тиімді ұйымдастыру қажет. Қазіргі кезде қоғам дарынды да, қабілетті адамдарды қажет етеді. Баланың рухани өсіп, жетілуіне психология-педагогикалық жағдай жасай отырып, өз ортасында және өзге ұжымда өзін еркін сезіне алуына тәрбиелеу, өзіне-өзі сенімді, жауапкершілік қасиеті бар тұлға қалыптастыру маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Сухарева Г. Е. Роль возрастного фактора в клинике детских психозов. Журнал невропатологии и психиатрии. – М., 1970.
2. Ковалев В.В. Психиатрии детского возраста. – М., 1995.
3. Певзнер М.С., [Лебединская К.С.](#) Учащиеся вспомогательной школы: клинико-психологическое изучение. - М.: [Педагогика](#), 1979.
4. Воронкова В.В. Воспитание и обучение детей во вспомогательной школе. - М., 1994.
5. Абеуова Р.Б. 27.10.2015 [Арнайы психология](#) интернеттен
6. Кальпебаева Г. Психикалық дамуы тежелген балаларды ақыл-есі төмен балалардан ажырату». //Дефектология. 2010. №4. 15 б.

ТЕСТ ЖҮЙЕСІН ҚҰРУҒА АРНАЛҒАН БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМА

ГАБДУЛОВА Айгул Ермековна

Химия - биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі

Атырау, Қазақстан

kabae@list.ru

Аннотация

INDIGO жүйесі жұмыс үстелі қосымшалары мен веб-технологиялар арасындағы артықшылықтарды тамаша үйлестіреді және әр тәсілдің кемшіліктерін жоятын орта болып табылады. Жүйе әкімшінің клиенті жұмыс үстелі қосымшасы түрінде жасалынған, ол веб-технологияларды қолдана отырып, толықтай іске асырылмайтын, әкімші үшін үлкен мүмкіндіктер мен ең қолайлы жұмыс жағдайларын қамтамасыз етеді.

Кілттік сөздер: Онлайн режимде тестілеу, сауланама, кәсіби құрал, web-технологии, әкімші, клиент.

Компьютерлік технологиялар мен ақпарат алмасу жүйелерінің қазіргі даму деңгейінде білім саласында бақылау және мониторинг құралы ретінде қолданылатын тестілеу оқытуға жиі қолданылуда. Мониторинг бақылау және диагностикалық жүйе ретінде мұғалімдерге оқушылардың міндетті оқу материалын игеру деңгейі туралы және басқарудың тиімділігі туралы объективті және жедел ақпарат береді. Компьютерлік тестілеу жүйесі білім беру процесінің барлық деңгейлерінде білім алушылардың дайындығын анықтайтын әмбебап құрал болып табылады.



Тесттерді жоғары әдістемелік деңгейде жасау мұғалімнен курстың нақты тұжырымдамалық және терминологиялық құрылымын жасауды талап етеді, яғни тесттерде тексерілген тұжырымдамалар мен тезистер кестесі, оқу бағдарламасының тақырыптары мен бөлімдері бойынша құрылымдалған болуы керек.

INDIGO тестілеу жүйесі - бұл көптеген міндеттерді шешуге арналған тестілеу процесі мен нәтижелерін өңдеудің автоматтандырылған кәсіби құралы:

- оқушылардың білімін тексеру және бақылау.
 - қызметкерлердің кәсіби деңгейін анықтау.
 - психологиялық тестілеу өткізу.
 - сауалнама жүргізу.
 - олимпиадалар мен байқаулар ұйымдастыру.



1 - сурет

INDIGO тестілеу жүйесінің мақсаты:

- жеке оқушыдан әр пән бойынша қалыптасқан тақырыпты және тоқсандық білім сапасын тексеру;

Мүмкіндіктері :

- тестілеу жүйесі орнату пакетін қолдана отырып, бір компьютер серверіне орнатылады;
- жүйе оқшауланған компьютерде де, жергілікті желіде де, Интернет арқылы да жұмыс істей алады;
- тестілеу орталығын компьютеріңізге немесе Интернет серверлеріміздегі бұлтқа орналастыруға болады;
- барлық деректер орталық деректер базасында сақталады;
- әкімшілер клиент бағдарламасы арқылы жұмыс істейді.

Әкімшілер міндеттері:

- тесттерді құру және редакциялау;
- тесттік деректер базасын басқару;
- пайдаланушы базасын басқару;
- пайдаланушыларға тест тағайындау;
- веб-серверді басқару;
- нәтижелер базасын басқару;
- есеп беру және статистикалық талдау.
- Сонымен қатар бірнеше әкімшілер әртүрлі компьютерлерден жұмыс істей алады.


• Пайдаланушылар веб-браузерлер (Google Chrome, Mozilla Firefox, Opera, Internet Explorer, Safari және басқалары) арқылы жұмыс істейді. Мобильді құрылғыларда браузерлерге колдау көрсетіледі.

Пайдаланушының функциялары:

- тіркеу және авторизациялау;
- тест таңдау;



- тестілеуден өту;
- нәтижелер мен қателерді қарау.
- Жүйеде көп тілді веб-интерфейс бар және барлық тілдердің (Unicode) таңбаларын толық қолдайды.




2- сурет

Тесттер

Тест саны шектеусіз.

- Ерікті құрылымның көп деңгейлі иерархиясында сынақтарды ұйымдастыру.
- Тесттерді көшіру.
- Парольді қорғауға арналған тестті өңдеу.
- Тесттердің экспорты / импорты (файл * .itest).
- Жауаптары бар тесттің қағаз нұсқасын шығару (Word форматында басып шығару немесе экспорттау мүмкіндігі бар).
- Компьютерлерсіз тестілеуге арналған формалар түрінде тестілерді шығару. Параметрлерді кездейсоқ тест жағдайларын және олардың жауаптарын жылдам тексеру үшін олардың кілттерін автоматты түрде құру үшін пайдалануға болады.
- Тесттер бойынша статистиканы қарау:
 - сұрақтар мен сұрақтар топтары үшін ұпайлар;
 - шкала бойынша;
 - бөлімдер бойынша;
 - жауаптары бойынша.
- Excel-ге статистиканы экспорттау.




3 - сурет

Қолдаланушылар

- Қолдаланушылар саны шектеусіз.



- Қолдаланушыларды еркін құрылымның көп деңгейлі иерархиясында ұйымдастыру.
- Қолдаланушы есептерін құру (Word форматында басып шығару немесе экспорттау мүмкіндігі бар).
- Қолдаланушыларды әкімші қосуы мүмкін немесе егер оған әкімші тыйым салмаса, өздерін веб-интерфейс арқылы тіркей алады.
 - Қолдаланушылардың логині, аты мен паролінде кез келген арнайы және ұлттық белгілер болуы мүмкін (Юникод). Кіру кез-келген тізілімде көрсетілуі мүмкін (мысалы, «Амиржан АА»).
 - Қосымша мәліметтер өрістерін құру мүмкіндігі (мысалы, E-mail, телефон, сыныбы, жынысы, жасы, және т.б.).
 - Қолдаланушыларға немесе пайдаланушылар топтарына E-mail хабарламаларын жіберу.
 - Қолдаланушыларды TXT / Excel файлдарынан иерархиялар мен автоматты түрде логиндер мен парольдерді құру қолдауымен импорттаңыз.



4 сурет

Тест редакторы

Тест түрлері:

- білімді бақылау;
- жаттығу;
- сауалнама.
- сұрақтар саны шектеусіз.
- ерікті құрылымның көп деңгейлі иерархиясында тест сұрақтарын ұйымдастыру.

Сұрақтар типтері:



- бір жауап нұсқасын таңдау;
- бірнеше жауап нұсқаларын таңдау;
- пернетақтадан енгізілген жауап;
- сәйкестік параметрі;
- қажетті тәртіпте орналастыру.
- «Пернетақтадан енгізу» сұрақтарының ішкі түрлері:
 - сандық енгізу - стандартпен салыстыру немесе санның берілген ауқымға жататынын анықтау;
 - мәтін енгізу - сілтемемен салыстыру немесе Perl-сәйкес келетін тұрақты өрнектің сәйкестігін тексеру;
 - эссе - әкімшінің кейінгі тексеруі мен бағалауы үшін толық жауап.

Навигацияны баптау:

- өткізіп жіберуге тыйым салу;
- өткен сұрақтарға қайта оралуға тыйым салу;
- барлық сұрақтарға жауап алынғанша тестілеуді аяқтауға тыйым салу;



- тестілеу уақытын шектеу.
- таңдаудың кездейсоқ және кездейсоқ параметрлері сұрақтардың әр тобы үшін орнатылады, бұл әр тест кезінде автоматты түрде жағдайларды жасауға мүмкіндік береді.



5 сурет

Тестілеу ережесі

- Ережелер белгілі бір пайдаланушыларға нақты тесттерді тағайындайды, сонымен қатар тестілеу кестесі және тестілеуден өту саны бойынша шектеулер белгілейді.
- ережелер саны шектеусіз болады.
 - ерікті құрылымның көп деңгейлі иерархиясында ережелерді ұйымдастыру.
 - әр ереже бойынша тестілеу кестесін орнатуға болады:

Нәтижелер

- нәтижелер саны шектеусіз.
 - нәтижелер кестесі;
 - жазбаларды сұрыптау;
 - жазбаларды деңгейлігі бойынша топтау (таңдалған бағандар бойынша);
 - күрделі шарттар бойынша жазбаларды сұрыптау;
 - бүкіл кестені немесе таңдалған жазбаларды файлға экспорттау (Excel, HTML, XML, TXT форматтары);
 - кестеде жазбаларды іздеу функциясы;
 - көрсетілген бағандарды орнату (тегі, аты, әкесінің аты, логин, топ, IP мекенжайы, шолушы, ескертпелер, тест атауы, тест түрі, құрастырушы, сынақ күні, сынақ уақыты, ұзақтығы, аяқталу уақыты, (тестілеу/ аяқталған/ жойылған) / Тексеру кезінде/қате), негізгі нәтиже шкаласындағы балл, МаксБалл, пайыз, нәтиже).
 - Сынақ хаттамасын қараңыз, оған мыналар кіреді:
 - жалпы ақпарат (пайдаланушы туралы, тестілеу және нәтижелер туралы);
 - барлық аралас және кездейсоқ таңдамаларды, сонымен қатар пайдаланушының әр сұраққа берген жауаптарын ескере отырып, пайдаланушы жіберген сынақ бейнесі түріндегі толық ақпарат.
 - Репортаж (Word форматында басып шығару немесе экспорттау мүмкіндігі бар):
 - нәтиже туралы есеп;
 - пайдаланушының есебі;
 - нәтижелерді таңдау туралы жалпы есеп.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. © Indigo Software Technologies, 2010-2018
2. Горбаченко И.М. Оценка качества программного обеспечения для создания систем тестирования// Фундаментальные исследования. – 2013. – № 6-4. – С. 823-827;



ОПЫТНО-ПОКАЗАТЕЛЬНЫЕ ШКОЛЫ КАЗАХСТАНА КАК ЦЕНТРЫ ЭСТЕТИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ В 20-Е Г. ХХВ

ДЖУНУСБАЕВА Айгуль Мутановна, ДЖУНУСБАЕВ Серик Мутанович

АО Финансовая академия, ЮКГУ им.Ауезова

Нур-Султан, Шымкент, Қазақстан

serik_1971_10@mail.ru, aigul68os@mail.ru

Андатпа

Мақалада ғылыми және эксперименталдық орталық ретіндегі тәжірибелік-көрсеткіштік мектептердің әрекеті, эстетикалық тәрбиеге қосқан үлесі қарастырылады.

Аннотация

В статье рассматривается деятельность опытно-показательных школ Казахстана как центров научной и экспериментальной работы, вклад в развитие эстетического воспитания школьников.

Abstract

The article deals with the activities of experimental schools of Kazakhstan as centers of scientific and experimental work, contribution to the development of aesthetic education of schoolchildren.

Түйін сөздер: тәжірибелік-көрсеткіштік мектептер, эстетикалық тәрбие, көркемдік тәрбиелеу, үйірмелер, жаңа әдістері, реформалар

Ключевые слова: опытно-показательные школы, эстетическое воспитание, художественное воспитание, кружки, новые методы, реформы.

Key words: pilot school, aesthetic education, art education, mugs, new methods, reform.

20-е годы ХХ в. характеризовались кардинальными преобразованиями в системе образования. Развитие системы школьного образования происходило в двух направлениях. С одной стороны, идеологизация и политизация процесса обучения и воспитания подрастающего поколения, с другой стороны, внедрение концепции свободного воспитания, утверждавшей, что воспитание должно быть основано на общечеловеческих ценностях, а не догматах какой-либо партии.

Реформирование школьной системы в исследуемый период осуществлялось двумя путями: реформирования массовой старой школы в новую; организация опытных учреждений, которые могли бы стать показательными образцами для остальной массы школ и других учреждений народного просвещения.

Провозглашенный первым декретом Наркомпроса совершенно новый тип единой трудовой школы не имел еще образцов. На этапе коренных преобразований необходим был новый тип школы. Приблизительно через год после первых попыток организации опытно-педагогических учреждений в Наркомпросе возникла идея создания особого подотдела в отделе единой трудовой школы и выработке для них общего положения.

Положение было утверждено отделом единой трудовой школы 11 октября 1919 г., где говорилось о том, «усилиями лучших культурных работников способствовать делу изыскания путей и средств действительному осуществлению в жизни идей трудовой школы и в особенности ее II ступени, применительно к местным условиям производства, и выявлению новых типов школьной работы, а также к наглядному ознакомлению деятелей просвещения и трудовых масс населения со способами этого достижения» [1].

На I-м Всероссийском съезде работников опытно – показательных школ (1920 г.) представители школ обсуждали доклады, в которых были представлены методы работы типа школ, цель учительства «сочетать наиболее совершенные из этих методов таким образом, чтобы в своей работе дать максимум знаний и умений учащимся, соединение должно быть с преобладанием трудового и социально-научно-исследовательского метода, ... для поставленной цели была необходима самая широкая постановка экспериментально - практического дела, нужны были показательные школы» [1].



Деятельностью опытно-показательных учреждений стал ведать Наркомпрос. Опытные-показательные учреждения подразделялись на дошкольные, школьные, внешкольные и опытные станции. Работой их руководил отдел опытно-показательных учреждений, созданный в 1922.

В 1926 г. была закончена раньше работа по систематизации и оформлению опытно – педагогических заданий, определяющих цель и направление работы опытно – показательных учреждений. К этому времени были определены направления работы опытно-показательных школ:

- опытно – исследовательская работа;
- систематический учет поставленным опытом;
- решение опытным путем проблем, выдвигаемых современной педагогической практикой;
- плановая работа с массовым учительством.

Как свидетельствуют материалы с мест и доклады инспекторов Наркомпроса систематическая работа по эстетическому воспитанию проводилась во основном в опытно-показательных школах, но и здесь не всегда использовались разнообразные формы этой работы и не обеспечивалась единая линия в определении ее объема и содержания.

Опытно-показательные учреждения республики являлись не только центрами научной и экспериментальной работы, но и крупными педагогическими и социокультурными очагами в городе и в селе. В этих учреждениях осуществлялась взаимосвязь теории и практики, научные разработки проверялись в опыте и обогащенные им давали новый импульс для развития теоретической мысли. Это были лаборатории, где проходили экспериментальную проверку идеи новой трудовой школы, в том числе и проблемы эстетического воспитания. Они аккумулировали передовой опыт, теоретически обосновывали его, создавая условия для использования последнего в массовой практике.

Важной задачей для опытно-показательных школ была проработка новых программ применительно к местным условиям и производственному окружению и опыт построения учебно-воспитательной работы в связи с обслуживанием этой среды общественно – полезным трудом учащихся. Рядом с этим они должны были стремиться к тому, чтобы держать общий уровень своей работы на такой высоте, которая должна быть не ниже достижения лучших московских школ. Сводка материалов по опытно-педагогической работе всех центральных и местных учреждений показала огромное разнообразие опытных заданий, над которыми они работали.

Одним из известных опытно-показательных учреждений в республике являлась Краевая опытно-показательная школа-коммуна при Наркомпросе, открывшаяся в 1920г. в г.Оренбурге. Целью создания этого учреждения являлась разработка новых методов воспитания и образования применительно к национальным особенностям республики и в то же время служить показательным учреждением для массовой школы.

В Киргизской опытно-показательной школе-коммуне большое внимание уделялось эстетическому воспитанию, особенно во внеклассной работе. Задача школы-коммуны в области клубной работы заключалась в выявлении индивидуальных склонностей ребенка путем добровольного вхождения его в тот или иной кружок. Развития самостоятельности учащихся, одновременно с совершенствованием практических умений и навыков к труду.

В отчете о деятельности школы-коммуны за 1924-1925 учебный год отмечалось: «Художественное воспитание в достойной мере интересует школу и привлекает ее внимание. У детей развивается эстетическое искусство и графическая грамотность путем рисования, лепки, аппликаций, попутно развивается их творческая инициатива на различного рода композициях, иллюстративном рисовании и других видах искусства. Работа с младшими группами в этом направлении проходит обычным классным порядком, работа в старших классах, должно быть в виду все той же перегруженности их учебным материалом, ведется кружковым путем». [2]

В школе-коммуне учащиеся по своим способностям делились на группы художников, драматургов, гимнастов- любителей, музыки и природы. Каждый кружок стремился проявить



себя и показать свое искусство в общественной жизни школы. Отчет Киргизской Краевой школы-коммуны всего за июнь месяц 1920г. показал следующие картины кружковой работы: «Так, например, кружком художников в течении истекшего месяца была сделана выставка художественных работ, кружком гимнастов атлетически исполняется пройденная часть соколиной гимнастики, драматургами за отсутствие литературы, собственными мозгами создаются образы, типы и облакаются в ту или иную жизненную обстановку.

С не меньшей энергией работает и кружок любителей наблюдений за природой, им ежедневно заполняются общие страницы тетради разнохарактерными заметками и устанавливается тот или другой процесс жизни природы».

С целью дальнейшего развития и углубления кружковой работы руководством школы предполагалось приобрести необходимую литературу для кружка драматургов и любителей природы, изыскать средства для создания сценических костюмов, париков, спортивной формы воспитанников, различных школьных принадлежностей. [2]

Ценной формой эстетического воспитания были музыкальные вечера, утренники, айтысы, концерты и выступления, вечера народной музыки. В Киргизской опытно-показательной школе-коммуне важное место в музыкальном воспитании отводилось изучению музыкальной среды детей. С одной стороны, это позволяло исключить репертуар, не соответствующий педагогическим и эстетическим требованиям и противопоставлять ему высокохудожественные и интересные для детей песни, а с другой стороны – давало возможность понимать и осмысливать народную песню и музыку.

Во внеклассной работе русской опытно-показательной школе-коммуне при

Наркомпросе республики (г.Оренбург) значительное место занимала организация и проведение праздников. Так, в январе 1924г. в школе по инициативе родителей и на их средства проводился «Праздник зимы». Ему предшествовала тщательная подготовка: дети разучили стихи, песни, своими руками изготавливали декорации, костюмы. Программа праздника заключалась в следующем: «Снегурочка»- стихотворение в лицах, «Снежные человечки» сценка, вальс снежинок, «снежинки» - живая картина.

Затем школьники исполняли песни и танцы на тему зимы. В заключении отмечалось, что дети получили подарки и угощения от родителей. У них остались радостные впечатления от праздника, на память они составили альбом рисунков «Наш праздник зимы».

Таким образом, опытно-показательные учреждения являлись центрами эстетического воспитания учащихся и активными пропагандистами новых идей в области образования и воспитания. Учителя-энтузиасты опытно-показательных школ внедряли новые методы обучения и осуществляли на практике эстетико-воспитательные задачи школы. Опытные-показательные школы внесли свой особый специфический по формам и методам вклад в развитие теории и практики эстетического воспитания подрастающего поколения.

Список литературы

1. Педагогическая энциклопедия: в 3 т. - Т. 2 / Под ред. А.Г. Калашникова. - М.,1928. – С.399.
2. ЦГА РК, оп.3, д.52, л.12
3. Кунантаева К.К. Развитие народного образования в Казахстане (1917-1990гг.): учебное пособие – Алматы, Рик, 1997.-183с

СМАРТ ЖӘНЕ МОБИЛЬДІ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ДОСЖАНОВ Баянәлі Амантайұлы, АЛЬМЕНАЕВА Райхан Умирзаковна, СЕРІКБАЕВ
Мақсат Ерланұлы

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Қызылорда, Қазақстан

bayanali@mail.ru, a_raihan@mail.ru, maksat_serikbaev00@mail.ru



Аңдатпа

Мақалада смарт және мобильді технологиялардың білім берудегі рөлі және оларды қолдану ерекшеліктері қарастырылған. Сондай-ақ, мобильді құрылғылардың оқыту үдерісінде қолданудың тиімділігі және смарт технологиялардың мүмкіндіктері баяндалған.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі ретінде «оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану» қажеттілігі атап көрсетілген [1].

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы №827 қаулысымен бекітілген «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында қоғам мен өндірісті қазіргі заманғы технологиялық әлемнен тысқары қалмайтындай жаңарту, АКТ саласындағы жаңа технологиялардың, инновациялық әдістер мен құралдардың тұрақты түрде пайда болуын ескере отырып, жаңа бастамаларды іске асыру міндеті айқындалған [2].

Жоғарыда атап көрсетілген мақсат-міндеттерді жүзеге асыру аясында қазіргі таңда елімізде оқытудың әлем бойынша ең жаңа деген әдістері мен технологиялары зерттеліп, білім саласында үздіксіз жаңарту жұмыстары жүргізіліп келеді. Солардың қатарында смарт және мобильді технологияларды атап көрсетуге болады. Осы технологиялардың оқыту үдерісіндегі ерекшеліктерін қарастырайық.

Бүгінгі күні «смарт технологиясы», яғни «оқытудың ақылды технологиясы» ұғымымен қатар «смарт қала», «смарт құрылғы», «смарт орта» деген ұғымдарды да жиі естиміз. Электрондық оқытудың (E-learning) орнына ақылды оқытудың (SMART-learning) келуі, ақпараттық қоғамның орнына смарт қоғамның қалыптасуы – уақыттың талабы. Қазір біздің елімізде де смарт мектептер қалыптасып келеді.

Смарт оқыту – бұл білім берудің жаңа парадигмасы. Смарт – қоғам дамуының көрсеткіші, ол жаңа ақпараттық жүйелер арқылы адамның интеллектуалдық, жоғары технологиялық, қолайлы ортасын құруға бағытталған.

Смарт технологияны пайдалану арқылы оқыту әдістерін жаңарту өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Оларды қолдануда әрбір жеке тұлға өзіне қажетті ақпаратты оңай алатындай ұйымдастырылуы керек. Смарт білім беру дегеніміз үлкен көлемдегі әр түрлі білім ресурстарының (аудио, бейне, графика) тыңдаушыға қажетінше әрі жылдам, әрі ыңғайлы түрде берілуі болып табылады. Сонымен қатар, ол оңай басқарылатын және әрдайым сыртқы білім ресурстарымен толығып отыратын болуы тиіс [3].

Бұл ұғымның түбіріне келетін болсақ, «smart» сөзі ағылшын тілінен аударғанда «зерек», «ақылды» деген мағынаны білдіреді. «Смарт» сөзінің сын есім ретінде - парасатты, тапқыр, ақылды, ал зат есім ретінде – ақыл, алғырлық, зеректілік деген мағынасы бар.

Смарт технологиясы «ақылды мақсаттарға» жетелейтін критерийлерден тұрады. Оларға талдау жасайтын болсақ, мақсатқа мынадай талаптар қойылады:

S (Specific) – дәл, нақты, айқын болуы керек.

M (Measurable) – сандық және сапалық критерийлер арқылы қол жеткендігін анықтауға болатындай **өлшенетін** болуы керек.

A (Achievable) – сыртқы мүмкіндіктердің көмегінсіз, қолдағы бар қорлар арқылы жүзеге асыруға болатындай **қолжетімді** болуы керек.

R (Relevant) – өзгерістер қажеттіліктерге сай келетіндей **шынайы** болуы керек.

T (Time-limited) – шектеулі мерзімде қол жеткізуге болатындай, яғни, **уақытпен шектеулі болуы** керек [4].

Осы критерийлерді толыққанды талдайтын болсақ:

1. **Specific.** Алға қойылған мақсат екіұшты емес, айқын болу керек дегенді білдіреді. Ал, ол айқын болу үшін егер жоспарды мерзімінен бұрын орындаймыз десек жоспарды мерзімінен қанша уақыт (сағат, тәулік, ай, жыл немесе т.б) бұрын орындайтынымыз нақтылануы керек.



2. Measurable. Мақсат өлшенетін болу керек. Мысалы, «жақсы адам болам» деген мақсатты өлшеу өте қиын, ал «жоғары оқу орнына түсемін» деген мақсатты өлшеуге болады.

3. Achievable. Мақсат қолжетімді болу керек. Мақсатты жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасалған ба? Мысалы, 11 сыныпты бітіруші оқушының «мен биыл жоғары оқу орнына түсемін» деген мақсаты – қолдан келерлік, ал 9 сыныпты бітіруші оқушының осындай мақсаты – негізінен қолжетімсіз.

4. Relevant. Мақсат шынайы болу керек. Алға қойған мақсатты іске асыра алатындай мүмкіндіктер болғаны жөн. Мысалы, егде тартқан адамның, «мен ұшқыш боламын» деген мақсаты – бұл шынайы емес. Ал оқушының «мен математиканы жақсы меңгерсем ғана таңдаған мамандығымның иесі бола аламын» деген мақсаты – шынайы.

5. Time-limited. Мақсаттың мерзімі анықталған болу керек. Оқушының «осы оқу жылында математика пәнінен аудандық деңгейдегі жарыстарға қатысып, жеңімпаз боламын» дегені мерзімі анықталған мақсат. Ал, «математикадан әйтеуір бір жеңімпаз боламын» деген орындалу мерзімі белгісіз мақсат.

Мақсатты дұрыс қою – адам өміріндегі маңызды үдеріс, сол үшін оған күш те, уақыт та жұмсалуды керек. Егер де қойылған мақсатқа жеңіл түрде қолжетімділік болса, онда оның маңыздылығы басымдыққа жатпайды.

Смарт технологияларды пайдалану білім беру жүйесі үшін жаңа мүмкіндіктер жасайды. Атап айтқанда:

- халықаралық білім беру кеңістігінде білім беру мекемелерінің интеграциялануы;
- қосымша білім алушылар санаттарының көбеюі;
- жаңа құралдар мен инновациялық білім беру технологияларының тиімді пайдаланылуы;
- оқытушылардың оқыту және бағалау жұмыстары үшін жаңа нұсқаулықтар беруі;
- ғылыми-зерттеу жұмыстарын нығайтуы;
- әкімшілік және басқарудың тиімді модельдерін енгізуі, т.б.

Смарт оқыту аясында білім беру ресурстарына келесі талаптар қолданылады:

- ашықтығы. Ашық білім беру ресурстары туралы түсінік 1998 жылы ЮНЕСКО-да бастау алды да, 2000 жылы ЕуроОдақта үздіксіз білім беру жөніндегі меморандумда және 2001 жылы «Ашық білім беру - болашақ білім беру» жөніндегі Кейптаун декларациясында дамыту мақсатында жалғасын тапты;

- құрылымдық білім беру ресурстарымен қамтамасыз ететін модульдердің болуы. Модульдің кез келген ретпен автономды пайдалану және жаңашалану мүмкіндігі білім алушының жеке оқу траекториясын, жеке сұранысын қалыптастыруда маңызды болып табылады.

Смарт оқытудың негізгі идеясы неде екенін білу үшін, мысалы, жоғары білім беруді дамыту үдерісін қарастырайық. Шартты түрде оны үш кезеңге бөлуге және келесі сипатта қарастыруымызға болады.

I кезең: Бұл кезеңде студенттің білім алатын көзі оқытушы болды. Басқа жерден білім ала алмады. Тек қана дәрісханада немесе оқытушы берген кітаптарды оқыды. Оқу орындарының мақсаты индустриалды өндіріске маман даярлау болды.

II кезең: Студенттің білім алатын жалғыз көзі оқытушы ғана емес, студенттер бір-бірімен ақпарат алмасып, жаңа білім деңгейін қалыптастыруға ықпалын тигізді. Білім беруде қолданылған педагогикалық технологиялар ұстаз шеберлігін жетілдіруге ықпал жасап, шәкірттің ойлау қабілетінің дамуына әсер етті. Ол сонымен бірге, студенттің әлеуметтік-рухани жан дүниесінің маңыздылығын ескеруге, ізгілікті жағын дамытуға бағыттап, өзінің психологиялық даралық сипатын анықтауға мүмкіндік берді.

III кезең: Бүгінгі күні студенттің білім алатын көзі Интернет, инновациялық технологиялар. Олар жаңаша білім беруге бағытталады. Оқыту үдерісі әртүрлі бағыттарда білім нысанының қозғалысын реттеу арқылы жүзеге асырылады. Яғни студенттен оқытушыға және кері қатынаста, студенттен студентке және т.б. Оқу орнының түлегі өз мамандық иесі ғана емес, ол әлеуметтік ортада өз жауапкершілігін сезіне алатын, өздігінен әрекет етуге



кабілетті және қайшылықтарды ашуға мейлінше жетілген, шығармашыл, барлық істі сауатты шеше білетін тұлға ретінде қалыптаса алады.

Смарт оқыту ортасын қалыптастыруда назар аударатын бірқатар ұғымдар бар. Олар: Smart learning – ақылды оқыту; кибер білім алу – онлайн тәртібінде білім алу; контент – ақпараттық ресурсты немесе веб-сайтты кез келген маңызды мәтін, мультимедиа, графика секілді мазмұнмен толықтыру; cloud computing – қолданушыларға интернет сервисі ретінде ұсынылатын мәліметтерді өңдеу технологиясы; смарт жұмыс – АКТ көмегімен уақытқа, кеңістікке шектелмей, ыңғайлы жұмыс істеу, т.б.

Жалпы смарт оқыту білім жүйесіндегі озық технология болғандықтан, оның мүмкіндіктері әлі де тереңдеп зерттеуді қажет етеді. Смарт құрылғыларды өздігінен басқарып үйрену өте жеңіл. Ең алдымен еш қорқынышсыз қандай да бір кедергілерге қарамастан, техникалық құрылғыларды пайдалана білу керек. Себебі қазіргі техникалық құрылғылар адамның тәжірибесінің болу-болмауына қарамастан керегіңізді ала білуіңізге мүмкіндік береді. Бұл құрылғыларды құрастырушылар адамның пайдалануын мейлінше жеңілдетуді қарастырған. Құрылғы пайдалануға ыңғайлы әрі жеңіл болған сайын оны пайдаланушылардың да саны арта түседі.

Соңғы жылдары смарт технологиясын қолданатын, кең функционалды мүмкіндіктерге ие теледидарлар да пайда болуда. Мұндай теледидарлар интернетпен тиімді байланыс орнатудың жаңа ортасын құрайды. Басқаша айтқанда Smart TV интернетке енудің кең мүмкіндігіне қол жеткізеді. Соның нәтижесінде теледидар арқылы да әр пайдаланушы өзіне қажетті материалды үлкен экраннан көре отырып, оны өзіне көшіріп, сақтай алады. Қазіргі таңда интернет желісіне еркін ену функциясы дамудың перспективалық бағыттарының бірі болып отыр. Үлкен экранды теледидар арқылы бейнемәліметті айқын көріп қана қоймай, интернет беттерін парақтауға арналған веб-браузерлерді, әлеуметтік желі қосымшаларын қарауға мүмкіндік беретін RuTube немесе YouTube сервистерін т.б пайдалануға болады. Smart TV арқылы интернетті әр қолданушы өз мақсатына тиімді пайдалануға және үлкен көлемді онлайн контентті пайдалану мүмкіндігіне ие бола алады.

Енді мобильді технологиялардың оқытудағы ерекшеліктеріне тоқталайық. Мобильді (Mobile) – ағылшынша, «қозғалмалы», «икемді», «ұтқыр» деген мағынаны береді. Мәселен, бұл сөз автомобиль, аэромобиль, мобильді телефон деген сөздерде жиі кездеседі. Сонымен, мобильді құрылғы – адам әрекетін жеделдететін, қандай да бір затқа шапшаң қол жеткізуге мүмкіндік беретін құрылғы. Ақпараттың мобильдік құрылғылар арқылы дамуы ақпараттық ортаның қарқынды дамуына, сол арқылы мобильдік құрылғыны пайдаланушылар санының бірнеше есе артуына алып келді. Соған байланысты интернет дамыды, сымсыз интернет пайда болды, осыған орай мобильдік құрылғының қосымшаларын үлкен қарқынмен дамытып отырған әлемдік нарық қалыптасты.

Мобильді оқыту деп мобильді құрылғылардың көмегімен кез келген уақытта, кез келген жерде білім алуды айтамыз.

Мобильді оқытуды білім саласына енгізу жобаларын жүзеге асыруда түрлі мобильді құрылғылардың: смартфондар, mp3 плеерлер, планшеттер, дауысты құралдардың дидактикалық мүмкіндіктері зерттеліп, білім алуға оңтайландыра бастады [5].

Мобильді технологияны оқу үдерісінде қолдану тиімділіктері:

- кез келген уақытта және кез келген жерде білім алу мүмкіндігі бар;
- мобильді құрылғыларда жүктелген электронды контенттермен жұмыс жасау оқулық пен компьютерге қарағанда жеңіл, әрі жылдам;
- сабақта бірнеше компьютерге қарағанда мобильді құрылғыларды пайдалану тиімді;
- білім алушылар мен оқытушылар арасында тез әрі сапалы жақсы қарым-қатынасты, кері байланыс орната алады;
- білімді өз бетінше игеруге мүмкіндік береді;
- мүмкіндігі шектеулі білім алушылар үшін үздіксіз білім алуды қамтамасыз етеді.



Сонымен қатар, мобильді құрылғыларды оқу үдерісінде қолданудың артықшылықтарымен бірге кемшіліктері де бар. Атап айтсақ,

- интернетке тәуелділігі;
- ақпараттық қауіпсіздік мәселелері;
- барлық білім алушылардың сәйкесті мобильді құрылғыларды алуға мүмкіндігі бола бермейді;
- желілік байланыс қызметі бағасының жоғарылығы;
- мобильді құрылғыны үздіксіз қолдану денсаулыққа кері әсерін тигізуі мүмкін.

Мобильді технологиялардың мүмкіндіктері күннен күнге дамып келеді. Сондықтан бұл құрылғылар арқылы білім беру сұранысын қанағаттандыруға мейлінше дайын болу керек.

Қай елдің болмасын қоғамдық-экономикалық қатынастарының барлық саласы өзгеріп, дамыған сайын білім беру жүйесі де өзгеше мән-мазмұнға ие болып, сол қатынастарға сәйкес дамитыны табиғи заңдылық. Смарт технологиялар мен мобильді технологиялар осы заңдылық аясында білім беру қызметін жаңаша белеске шығарады, жаңа мазмұндағы білім сапасын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда мобильді технологиялар мен смарт технологиялар адамның барлық іс-әрекет саласын қамтиды. Олардың әлемдік нарықта өсуі, оның қазіргі уақытта көкейтестілігін, маңыздылығын, ыңғайлылығын көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. №319, 27 шілде, 2007 жыл.
2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы №827 қаулысымен бекітілген «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы.
3. Дускалиев Н.К. E-learning жүйесінде контентті жасақтау. // «Білім беру қызметкерлерінің кәсіби өсуі білім берудің жаңа сапасын қамтамасыз етудің шарты» тақырыбындағы білім беру қызметкерлерінің Бірінші Республикалық педагогикалық оқуларының облыстық кезеңінің материалдары. –Орал, 2013.
4. Досжанов Б.А., Қожахат Ш.Қ. XXI ғасырдың жаңа парадигмасы ретінде танылған smart технологиясы. –Қызылорда: ҚМУ, «Хабаршы» ғылыми-әдістемелік журналы, №4(42), 2014, -Б.89-92.
5. Закарьянова А.Б. Мобильді технологиялар білім беру үдерісінде. //Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 25 жылдығы аясында «Біліктілікті арттыру жүйесіндегі Smart-технологиялар: халықаралық тәжірибе және отандық практика» тақырыбындағы республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. -Орал, 2016, -Б.232-238.

ФОРМИРОВАНИЕ, РАЗВИТИЕ И ВОСПИТАНИЕ НОВОГО ПАТРИОТИЧЕСКОГО СОЗНАНИЯ В СОВРЕМЕННОМ ДОШКОЛЬНОМ ДЕТСТВЕ.

Татьяна Валентиновна ЕРШОВА

КГКП ясли-сад «Толағай»

Караганда, Казахстан

tanya-ershova_1966@mail.ru

Аннотация

Островок детства - Дошкольное детство является самым важным в жизни подрастающего поколения – нашего будущего. В настоящее время актуальной становится задача оказания консультационной психолого-педагогической помощи родителям в осуществлении ими функций воспитания детей. Работа музыкального руководителя в консультативном пункте для родителей способствует созданию благоприятных условий для развития детей дошкольного возраста. На современном уровне в консультировании родителей проводимые одним или несколькими специалистами одновременно в различных



формах: групповых, подгрупповых, индивидуальных также с родителями следует проводить работу на тему «Традиции народной культуры в системе духовно – нравственного и патриотического воспитания»

Музыка является самым чудодейственным, самым тонким средством привлечения к добру, красоте, человечности.

В. А. Сухомлинский [1]

Островок детства - Дошкольное детство является самым важным в жизни подрастающего поколения – нашего будущего.

Первый Президент РК Н.А. Назарбаев в своем Послании к народу Казахстана сказал: «Подготовить ребёнка к знаниям и труду – это долг родителей. Лозунг «Всё лучшее - детям» должен стать принципом для всех родителей». [2]

В «Законе об образовании Республики Казахстан» определены задачи необходимых условий для получения образования, направленные на формирование развитие и профессиональное становление личности на основе национальных и общечеловеческих ценностей. Дошкольное воспитание детей с одного года до пяти лет осуществляется в семье и (или) дошкольных организациях. [3] В настоящее время актуальной становится задача оказания консультационной психолого-педагогической помощи родителям в осуществлении ими функций воспитания детей.

Ко Дню семьи в интересной форме проводим мероприятия для родителей с детьми в качестве консультаций. В совместной работе со специалистами требуется и компетентность работы музыкального руководителя в консультационном пункте для родителей, воспитывающихся в условиях семьи.

В целях создания благоприятных условий для развития детей дошкольного возраста, предупреждения и преодоления ошибок семейного воспитания и повышения педагогической культуры родителей повсеместно открываются консультационные пункты для родителей (далее - КПП) детей дошкольного возраста, не посещающих детский сад. Также в адаптационный период, вновь прибывших детей в ясли-сад.

КПП создаются как подразделение дошкольной организации образования (далее - ДОО). Организация деятельности КПП строится на основе интеграции деятельности директора, воспитателя, психолога, логопеда, медицинского работника, дефектолога (логопеда) и других специалистов в рамках Государственного общеобразовательного стандарта дошкольного воспитания и обучения РК.

В нашем детском саду в начале учебного года проводилась встреча ко Дню семьи с родителями, дедушками и бабушками, детьми младшего возраста. Консультирование родителей в консультативном пункте проводит и музыкальный руководитель одновременно с другими специалистами в различных формах: индивидуальных, подгрупповых или групповых. Все прибывшие в музыкальный зал на встречу в День семьи были в хорошем настроении. Разработка и проведение интеллектуальных игр, викторин, конкурсов, познавательно-обучающих тренингов; [4]

Основные формы работы взаимодействия родителей с музыкальным руководителем

Основные формы работы в организационном этапе			
№ п/п	Формы работы	Вид работы	Дата проведения
1.	Анкетирование	-общие сведения о ребёнке; -сотрудничество семьи со специалистом;	сентябрь
2.	Экскурсия в музыкальный зал	-экскурсия с одним из родителей или со всей семьёй, также с представителями семьи старшего поколения с дедушками и с бабушками;	адаптационный период



3.	Анкеты для родителей	-ответы родителей и предложения	сентябрь октябрь
4.	Лекционно-просветительская	-беседы; тематические консультации; -выступления на родительских собраниях;	ноябрь
5.	Наглядно-информационная работа	-информационный стенд; -выставка методической литературы; -список рекомендуемой литературы;	в течение учебного года

Темы бесед и консультаций		Сроки проведения
1.	«Музыкальный уголок ребёнка дома» 	адаптационный период; течение учебного года
2.	«Включение семьи в музыкальную жизнь ДООУ» 	в течение учебного года
3.	«Роль музыкального руководителя и воспитателя в организации музыкальной деятельности детей»	декабрь
4.	«Праздники в детском саду»	октябрь
5.	«Пальчиковые, речевые, музыкально – ритмические игры на музыкальных занятиях»	ноябрь
6.	«Фонотека»	адаптационный период
7.	«Консультирование по вопросам родителей» 	-адаптационный период, -в течение учебного года
8.	«Народная музыка»	январь, февраль
9.	«Развитие эмоциональной отзывчивости у детей дошкольного возраста на музыку» 	март
10.	«Фольклор малышам» «Совместные занятия детей и родителей»	апрель

Музыкальный руководитель разъясняет родителям о необходимости обучения всех детей музыке, независимо от их природных способностей, о **взаимодействии старшего поколения семьи с детьми дошкольного возраста.**

Процесс общения со старшим поколением семьи (бабушками и дедушками) эмоционально обогащало растущую личность, приобретает особую актуальность в современных условиях. Чтобы не исчезали семейные традиции, и не разрушалась преемственность поколений и эмоционально - родственных связей между поколениями, музыкальный руководитель включает обязательно этномузыкальный компонент для создания традиций, сохранения истории семьи и передача ее младшему поколению. При этом жизнь маленького ребенка от общения с бабушками и дедушками становится более надежной, защищенной, устойчивой.



Главная особенность организации процесса сотрудничества музыкального руководителя в Консультативном пункте для родителей на завершающем этапе являются встречи для обмена мнений. Родителям предлагается просмотреть видеоролики праздников, фотогалерею. Работа и совместное участие с родителями в подготовке и проведении развлечений, тематических занятий с родителями и старшими детьми из семьи, которые посещают детский сад, например: «Здравствуй, лето», «День Знаний», «Праздник семьи», «Урожай» или «Золотая осень», «Наурыз» и др..



Результатом работы музыкального руководителя в Консультативном пункте дошкольников является осознанное участие родителей в процессе обучения и воспитания детей. Таким образом, работа музыкального руководителя в консультативном пункте для родителей способствует созданию благоприятных условий для развития детей дошкольного возраста. Также способствует формированию всесторонне развитой личности, воспитанию эстетического отношения к окружающему. Участвуя в мероприятиях консультативном пункте, родители реализуют свой творческий потенциал, учатся взаимодействовать со своим ребёнком, уважая его личность, интересы и потребности, повышая свою педагогическую грамотность.

Музыка – могучий источник мысли. Без музыкального воспитания невозможно полноценное умственное развитие ребёнка. В. А. Сухомлинский[5] Педагог консультирует родителей или иных законных представителей воспитанников по вопросам воспитания и обучения, разъясняет им принципы солидарной ответственности за воспитание и обучение. [6]

Организация деятельности консультативного пункта для родителей строится на основе интеграции деятельности заведующего, воспитателя, социального педагога, психолога, логопеда, медицинского работника, дефектолога (логопеда) и других специалистов в рамках Государственного общеобразовательного стандарта дошкольного воспитания и обучения. [7] На современном уровне в консультировании родителей, проводимые одним или несколькими специалистами одновременно в различных формах: групповых, подгрупповых, индивидуальных также с родителями следует проводить работу на тему **«Традиции народной культуры в системе духовно – нравственного и патриотического воспитания»** рамках программы «Рухани жаңғыру». Основной целью программы Рухани жаңғыру является сохранение, развитие и популяризация историко – культурного наследия и лучших достижений современной культуры Казахстана.

Если мы хотим быть нацией со своим неповторимым местом на глобальной карте XXI века, нужно, чтобы мир узнал нас по культурным достижениям.

Н.А.Назарбаев.[8]

Наши маленькие дошкольники – особое поколение, будущие лидеры страны. Главной задачей, стоящей перед ДО в их взрослении в независимом Казахстане – воспитать культурную творческую личность. Поэтому уже сегодня необходимо заботиться о воспитании маленьких граждан, прививать уважение к своему народу и своей земле посредством народной педагогики, способствуя формированию нравственных качеств личности дошкольника, таких как доброжелательность, отзывчивость, гостеприимство и уважение к старшим, сочувствие и забота о младших. [9] Следует сказать, что любому казахстанцу, как и нации в целом, необходимо **обладать набором качеств, достойных XXI века.** И среди безусловных предпосылок этого выступают такие факторы, как **компьютерная грамотность, знание иностранных языков, культурная открытость.**

И программа **"Цифровой Казахстан"**, и программа **трехязычия**, и программа **культурного и конфессионального согласия** – это часть подготовки нации (всех



казахстанцев) к жизни в XXI веке. **Это часть нашей конкурентоспособности.**[8] .Наши национальные **традиции и обычаи, язык и музыка, литература и свадебные обряды**, – одним словом, **национальный дух**, должны вечно оставаться с нами. **Мудрость Абая, перо Ауэзова, проникновенные строки Джамбула, волшебные звуки Курмангазы – это только часть нашей духовной культуры.**

Значительно возросла и ответственность также и музыкального руководителя. Современный специалист Музыкальный руководитель измеряется и должен измеряться с достаточными навыками и мотивацией для эффективного преподавания, повышать роль профессионального развития, качество преподавания, развивать профессиональную компетентность музыкального руководителя в условиях обновления содержания дошкольного воспитания и обучения. Повышать и улучшать самообразование. Знать, что нужно специалисту, чтобы мыслить в инновационном ключе. Обучая детей – видим «Чего, что ждут и хотят родители...?» Кто они – наши дети дошкольники? «Почемучки?». Да «Почемучки» - человек будущего.

Для формирования дошкольников - навыки 21 века для наших дошкольников к образовательным результатам и создаются очень комфортные условия в дошкольном учреждении. Чтобы специалист мог с полной уверенностью в своей работе показать, отразить современное дошкольное детство: портрет ребёнка 21 века через традиции народной культуры в системе духовно – нравственного и патриотического воспитания.

В рамках **«Традиции народной культуры в системе духовно – нравственного и патриотического воспитания»** в я/с «Толагай» проводится **работа в одном из проектов: «Растим патриотов!»** В котором главной целью является формирование чувства патриотизма у детей дошкольного возраста, Воспитание у ребенка дошкольника патриотических чувств через систему знаний о Казахстане, родном городе. Выполняя первостепенные задачи: - воспитываем у детей любовь к большой, многонациональной Родине – Казахстану. Расширяем знания детей о своей Родине Республике Казахстан и её истории. Знакомим с достопримечательностями Казахстана, с людьми, прославившими свою страну. Формируется позитивное, уважительное отношение к родному краю, городу, его жителям и труду. Развиваем творческие способности детей в продуктивной и музыкальной деятельности с использованием национального колорита. Ориентируем родителей на патриотическое воспитание детей в условиях семьи через ознакомление с родной страной; «Сундучок» (Репертуар, картотека, фотогалерея, папки-передвижки). Демонстрируется отчётная форма («Презентация проекта «Растим патриотов!»). И в итоге в ожидаемом результате стараемся продолжать воспитывать у детей любовь к большой, многонациональной Родине – Казахстану, чтоб хорошо знать историю своего края. Мотивировать заинтересованность у детей, увлечённость, чтобы у дошкольников создавались яркие впечатления о своей малой родине, и появилось желание узнать о ней больше.

В нравственно-патриотическом воспитании Первый Президент Казахстана Н. Назарбаев обращает особое внимание на воспитание патриотов нашей страны. В подписанном им Указе о совершенствовании государственной политики в области патриотического воспитания говорится: «Мы должны строить своё будущее и будущее своих детей. И такой фундамент – это патриотизм. Это уважение к своей Родине и традициям, духовным ценностям наших народов..» Это ответственность за свою страну и её будущее. Что дети видят, слышат, что они читают, во многом зависит морально-нравственный климат в обществе в целом. Именно в дошкольном возрасте закладывается основа личности: развивается целостное восприятие окружающего мир, непосредственное эмоциональное отношение к окружающим людям, сочувствие к их нуждам и переживаниям. Здесь начинают развиваться такие черты характера, которые закладывают в основу нравственного и патриотического воспитания: трудолюбие, милосердие, гуманность. Занимаясь воспитанием детей, решая задачи нравственно-патриотического воспитания, каждый педагог должен строить свою работу в соответствии с местными условиями и особенностями детей. Знакомство с городом, с селом, с Родиной должно происходить постепенно, в соответствии с возрастом. Для этого в своей работе мы хорошо используем целевые прогулки, беседы о родном крае. Ведь в каждом крае



есть свои традиции, достопримечательности, памятники, которыми он славен. С детских лет необходимо формировать уважительное отношение к труду людей, с уважением относиться к ветеранам войны и труда, старшим людям.

Знания о различных профессиях, возможностях проявить свое мужество и героизм вдохновляют детей, воспитывают в них стремление, служить людям и Отечеству.

Богатый материал для воспитания патриотических чувств - устное народное творчество. Очень сложно строить будущее, не зная прошлого. Оно знакомит нас с вековой историей казахской земли, жизнью и бытом наших прадедов, народной культурой. К старшему дошкольному возрасту, дети уже имеют небольшой багаж знаний и важно, чтобы ребенок не только знал поговорки и прибаутки сказки, но чтобы он использовал их в подходящих случаях, в играх.

Казахские народные сказки, полные чудесного вымысла, драматических ситуаций, противостояния добра и зла, не только радуют детей, но и закладывают основы нравственности, учат различать, что такое хорошее и плохое, добро и злое.

В рамках патриотического воспитания проводим работу по сохранению и возрождению культурных традиций предков, чтобы будущие поколения чтили и любили памятные даты своего Отечества.

В «Концепции модернизации образования Казахстана» отмечена большая роль регионального компонента, позволяющего *«обеспечить историческую преемственность поколений, сохранение, распространение и развитие национальной культуры, воспитывать патриотов Казахстана, граждан, обладающих высокой толерантностью»*.

Региональность — опора на объект ближайшего окружения, учёт природных, экологических, социальных, культурных особенностей региона. Приоритетным направлением в работе дошкольного учреждения, в котором я работаю, является нравственно-патриотическое воспитание ребёнка. [10]

Одним из важных этапов работы с детьми по нравственно-патриотическому воспитанию ребенка является формирование накопления жизненного опыта о своём родном крае, усвоения принятых в нём норм поведения и приобщения к его культурным ценностям.

Патриотическое воспитание детей необходимо начинать в дошкольном детстве, являющемся важнейшим периодом становления человеческой личности. Именно в это время закладываются нравственные основы будущего гражданина. Патриотическое воспитание дошкольников через **азбуку воспитания юного патриота**. И основной целью является- воспитание у ребенка дошкольника патриотических чувств через систему знаний о Казахстане, родном городе.

Основные направления нравственно патриотического воспитания:

- Растим патриотов РК,
- Преемственность поколений,
- Ребёнок и его семья,
- Родной край.

В проекте по патриотическому воспитанию дошкольников основные формы работы в нашем саду «Толагай»: проведение патриотических праздников, посвященных «Дню Защитника Отечества», «День Победы», «День памяти 22 июня», экскурсии, «Великий Абай», тематические занятия с папами, участие в конкурсах, фестивалях, детские проекты, спортивные праздники, проводимые совместно с инструктором по физическому воспитанию и родителями, выставки работ, театрализованные представления.

Воспитание патриотизма – сегодня Казахстанский патриотизм – это проявление любви к Родине, чувство гордости за принадлежность к своей стране; это речь об отношении многонационального народа Казахстана к одной, общей для множества народов Родине, является одним из важнейших направлений в воспитании подрастающего поколения.. Патриотизм – это длительный процесс, в котором детский сад является очень важным звеном. Смысл этого процесса является в постепенном осознании и принятии ребёнком нравственных, моральных и поведенческих норм и правил, принятых в определённом социуме. Малая Родина



– это аул, село, деревня, город, в котором живёт человек и улица, на которой стоит его дом, деревья, трава и цветочки под его окном, пение птичек: всё это Родина.

Формирование уже старшего дошкольника невозможно без воспитания с детских лет уважения к духовным ценностям.

Основной целью программы «Рухани жаңғыру» является сохранение, развитие и популяризация историко – культурного наследия и лучших достижений современной культуры Казахстана. В рамках программы «Рухани жаңғыру» для возрождения интереса и уважения населения к традициям, истории и культуре своей земли проводится ряд мероприятий: например, приуроченные к программе «Рухани жаңғыру» совместная работа коллектива я/с, родители при оформлении на территории и участках «Музея», затем приуроченные к празднику «Наурыз», «Национальный день домбры», «Великий Абай». Даём понятие о традициях и культуре, народные игры, разрабатываем сценарии. Воспитываем в наших дошкольниках чувство уважения к традициям, чувство патриотизма, чтоб выражалось в любви, с чувством гордости и преданности к своей семье, любимому садику, району, в котором живут, к городу. Чтоб знали историю, культуру. Дети совместно с родителями участвуют в мероприятиях, выставках, в конкурсных *дистанционных конкурсах*: «Наурыз», «День семьи», «Национальный день домбры», «День столицы», «День Независимости», «День Знаний», «День шахтёра». Воспитание национального духа, толерантности в подрастающем поколении уважение к национальным традициям, обычаям, обрядам, к языкам, литературе, к музыкальной культуре....И наша задача- воспитать именно любовь к своему родному краю, к малой родине и в целом к своей стране. Согласно плану реализации программы «Рухани жаңғыру» проводятся тематические мероприятия... «Единство народа Казахстана», «День языков», «День Защитника Отечества», «День Победы», «Международный День защиты детей», «22 июня - День памяти», «Великий Абай». Выставки поделок и рисунков в различной технике выполнения совместно сделанных с родителями, а также со старшим поколением с дедушками и бабушками, со старшими сестрами и братьями. Разучиваем и исполняем песни, танцы, играем в народные подвижные и музыкальные игры, дидактические игры, театрализация. Готовим и проводим обряды «Укладывание в колыбель», «Разрезание пут», «Сажание на коня» и др. Разучивание пословиц и поговорок....Проекты, направлены для формирования воспитания нового патриотического сознания.

К необходимости изменения казахстанского общества, Первый Президент РК Н.А. Назарбаев подчеркивает, что надо учитывать наш менталитет, культуру и обычаи. Программа указывает практические действия для перехода на совершенно новый уровень развития общества. Делая акцент на культуре, Первый Глава государства Н. А. Назарбаев возлагает на работников образования и культуры самую главную миссию – быть идеологическим авангардом общества.

Литература:

1. В.А. Сухомлинский «О воспитании» *Издание второе М., 1975-* с. 171
2. Послание Президента Республики Казахстан – лидера нации Н.А. Назарбаева Народу Казахстана «Стратегия Казахстан - 2050»
3. «Закон об образовании». Гл. 3, ст. 11. Гл. 6, ст. 30, п. 1,2.
4. Типовые правила организации деятельности консультационных пунктов для родителей
5. В.А. Сухомлинский «О воспитании» *Издание второе М., 1975-* с. 173
6. Об организации воспитательно-образовательного процесса в дошкольных организациях Республики Казахстан в 2019-2020 учебном году. Инструктивно-методическое письмо
7. Государственного общеобразовательного стандарта дошкольного воспитания и обучения Республики Казахстан.
8. Статья Президента "Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания" 12 апреля 2017
9. Книга Нурсултана Назарбаева «Казахстанский путь»
10. Дошкольное образование: опыт, инновации (стр.11)



БІЛІМ МАЗМҰНЫН ЖАҒАРТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУДЫҢ МАҢЫЗЫ

ЕСЖАНОВА Ғалия Кеңесбекқызы, УТЕПБЕРГЕНОВА Гүлжан Серікбайқызы

Физика-математика бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебі

Тараз, Қазақстан

gutepbergenova@mail.ru

Аннотация

Мақала бүгінгі қоғамдағы білімнің маңызы мен өзектілігі, білім мазмұнын жаңарту жөніндегі бастамалар мен олардың мазмұны туралы мәселелерге арналған. Мақалада оқу үдерісіндегі ғылыми-зерттеу жұмыстарының маңызы және оқушыларда зерттеушілік дағдыларды қалыптастырып, дамыту жолдары туралы айтылады.

Төртінші өнеркәсіптік революция тұсында әлем терең экономикалық, технологиялық және әлеуметтік өзгерістерді басынан кешіруде. Жасанды интеллект ғасыры болып табылатын бүгінгі таңда білім мен ғылымның маңыздылығы бұрынғыдан да өсіп отыр. Себебі, қазіргі елдердің даму индексі білімді және денсаулығы мықты азаматтарымен өлшенуде. Қазіргі таңда білім өз мазмұны жөнінен экономикалық ресурстармен бәсекелесе алатын капиталға айналған.

XXI ғасырда технологияның, шикізаттың, энергия ресурстарының қымбаттау қарқынының жылдамдауы және экологиялық жағдайдың нашарлауы қоғамда терең ауқымды әлеуметтік проблемаларды туындатуда. Бұл мәселелердің шешімі – бір жағынан жаңа технологияларға, жаңа идеяларға, жаңа білімдерге деген сұранысты арттырса, екінші жағынан, алынған білімді үнемі жаңартып тұруды, ал ең бастысы әр адамнан жаңаша ойлауды талап етіп отыр. Сондықтан да, кез-келген өркениетті елдің білім беру саласының алдында тұрған міндет – XXI ғасырдың ағымына бейімделген, жаһандану үдерісін, жаңа технологияларды, әлеуметтік және демографиялық өзгерістерді бақылай алатын жастарды оқытып-тәрбиелеу.

Қоғамдағы білім мен ғылымның рөлінің өзгеруіне байланысты республикамыз тәуелсіздік алғаннан бастап, білім мазмұнын жаңартуды дамудың басым бағыттарының бірі ретінде ұстанып келеді. Білім саласын реформалау елімізде осы уақытқа дейін қабылданған стратегиялық бағдарламалардың ешқайсысынан тыс қалған емес. Бұл мәселе Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылғы халыққа Жолдауында әлеуметтік саланың маңызды бағыты ретінде қарастырылып, Президент «еліміздің бюджеті негізгі 2 мақсатқа - экономиканы дамытуға және әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталу керектігін және әлеуметтік салада бірінші білім беру сапасын жақсартуға басымдық беруді» қадап айтты [1].

Еліміздің алға қойған бәсекеге қабілетті елдердің қатарына қосылу сияқты асыл мұратына қол жеткізуі, дамыған елдер қатарына қосылуы – білім жүйесінің жоғары деңгейде дамуымен тығыз байланысты. Осы мақсатта білім сапасын арттыру мақсатында білім мазмұнына өзгерістер енгізіліп, жаңа талаптар қойылуда.

Күні кеше қабылданған Білім беруді дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасына сәйкес білім берудің алдындағы негізгі міндеттер ретінде Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру; жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту; ғылымның ел экономикасына қосар үлесін арттыру мәселелері қойылды [2].

Қазіргі білім беру жүйесінің алдында тұрған міндеттердің бірі – шығармашылық әлеуеті жоғары, креативті ойлай білетін мамандар даярлау. Білім сапасы оқушылардың алдағы өмірге дайын болуына, алдағы уақытта күрделі саяси мәселелерді шеше алуына, өздері тандаған салада көшбасшы бола алуына жауап бере алатындай болуы тиіс. Осы тұста жаңартылған білім мазмұны тек біліп, түсінуге ғана емес, сонымен қатар, қолдану, талдау, жинақтау және бағалаумен қатар жүруде.

Мұғалім қазіргі таңда оқушыға қажетті ақпаратты түгелдей беретін тұлға емес, ол оқушыға бағыт-бағдар беретін әріптес. Қазіргі мұғалімнің негізгі міндеті – оқушылардың



танымдық міндеттерін қалыптастыру, шығармашылық қабілеттері мен қызығушылығын арттыру және білімге деген құштарлығын ояту. Осыған орай, озық тәжірибе, жаңа технологияның тиімді әдістерін таңдап, оларды үйлесімді және тиімді пайдалана білу – бүгінгі ұстазға қойылып отырған басты талап. Бұл талаптарға тек білім мазмұнын жаңарту арқылы ғана қол жеткізу мүмкін болып отыр.

Жаңартылған білім беру жүйесі – құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді, әрі қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке және жұлппен, топта жұмыс жасай білу дағдыларын қалыптастыруында [3].

Жаңартылған білім мазмұнымен бірге кірген сыни ойлау, мәселелерді шығармашылық тұрғыда шешу, топтық жұмыс, коммуникация сияқты жаңа дағдылар жоғарғы маңызға ие бола түсуде. Қазіргі қоғамда білім беруде басты нысанға: ақпарат пен фактіні ала білу, материалға талдау жасай білу, ақпаратты өңдей білу және интерпретация жасай білу - білім берудің басты атрибуттары ретінде алынған. Қазіргі педагогика ғылымының алдында тұрған маңызды міндет - мұғалімнің ақпарат пен фактіні оқушыға жеткізіп қана қоюы емес, сондай-ақ, ол ақпаратпен дұрыс жұмыс жасай алуға, дәлел таба білу, зерттеп отырған салада дәл сол саланың сарапшысындай ойлай білу және құнды білімі мен идеяларын өз болашағының қажеттілігіне және қоғам игілігіне жарата білуге үйрету болып отыр.

Осыған байланысты оқушыларда ғылыми-ізденіс дағдыларын дамыту, мәселенің шешіміне шығармашылықпен және сыни талдау арқылы қарауға үйрету, оқушылардың жеке тұлғалық сапаларын дамыта білу, күрделі проблемаларды шешуде меңгерген дағдыларын қолдана білуге дағдыландыру бүгінгі жаңартылған білім мазмұнының өзегі десек те болады. Олай болса, оқу процесінде оқушылардың бойында ғылыми-ізденіс дағдыларын қалыптастыру және дамыту әрекетін жаңартылған білім жүйесінің бір тармағы ретінде қарастырғанымыз жөн. Ғылыми-ізденіс жұмыстары барысында оқушы проблемадағы қарама-қайшылықты табуға, бірнеше гипотезаларды ұсынуға, бақылау, тәжірибе және эксперимент жүргізуге, ақпаратқа талдау жасауға, түсініктерге анықтама беруге және т.б. дағдыланады. Мұғалім білім беру процесінде ғылыми зерттеуді қолдана отырып, жаңа ақпарат алуға және оқушылардың бұрынғы алған білімдері мен дағдыларын жалпыландыруға тырысады. Мұғалім зерттеу барысында оқушыларға түрлі қарама-қайшылықтарды көрсетіп, оларды бұрынғы алған ақпараттары мен білімдерінің көмегімен шешуді ұсынады. Оқу процесінде оқушыларда проблеманы шешу барысында ақпаратты жүйелеу, жалпыландыру және жіктеу қажеттігі туындайды. Кей жағдайларда қол жеткізген ақпарат оқушылардың бұрынғы алған білімдерімен қарама-қайшы келіп жатады, мұндай жағдайда олар туындаған мәселенің теориялық анықтамасына жүгінеді. Оқу процесінде мұндай әрекетті ұйымдастыру оқушылардың танымдық белсенділігін көтереді. Оқу процесінде ғылыми-зерттеудің жекелеген элементтері қолданылады: теориялық талдау жасаудың әдіс-тәсілдері, гипотеза ұсыну және тәжірибе жүргізу [4].

Оқу процесінде зерттеу тәсілдерін қолданудың басты мақсаты – оқушыларда ақпаратты шығармашылықпен меңгере білу және қоғамның түрлі саласында әрекеттің түрлі тәсілдерін қолдана білу дағдыларын қалыптастыру. Сонымен, оқу процесіндегі ізденіс әрекеті шығармашылық және зерттеу тапсырмаларын шешумен байланысты және ғылыми-зерттеу жұмысына тән негізгі этаптардан тұрады: проблеманың қойылуы, нақты мәселеге арналған теорияны меңгеру, зерттеу тәсілдерін таңдау және оларды қолдану, өз бетінше ақпарат жинау, оны талдау және ғылыми түсіндірмелер беру және соңында өз қорытындысын шығару.

Зерттеу дағдыларының негізі – ғылыми-ізденістік білімдер мен дағдылар жиынтығы болып табылады. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының әрбір кезеңі оқушыдан сәйкес нақты білімдер мен дағдыларды талап етеді. Оны қысқаша мына кестемен беруге болады:



Әрекет түрлері:	Зерттеушілік білімдері мен дағдыларының тізімі:
1. Зерттеліп отырған проблема бойынша әдебиеттерді жинақтау, меңгеру; Ғылыми ақпаратты меңгеру.	1. Ізденіс тақырыбы бойынша библиографиялық тізім жасау; 2. Тақырып бойынша әдебиеттерге шолу жасау; 3. Цитаталар жасауға, оқып меңгерілген әдебиеттер мен тарихи деректерге сілтеме жасау; 4. Ақпаратты өңдеу үшін компьютерді қолдану.
2. Зерттеуді жоспарлау және жүргізу	5. Зерттеудің мақсаты мен міндеттерін анықтау; 6. Зерттеу гипотезасын құрастыру; 7. Зерттеу құрылымының тиімді нұсқасын таңдау; 8. Зерттеудің практикалық тиімділігін бағалау; 9. Зерттеу нәтижелерін басқа зерттеу қорытындыларымен салыстыру; 10. Нәтижелерді тексеру, қателіктерді түзету.
3. Зерттеу жұмысының нәтижелерін рәсімдеу және жариялау, қорғау.	11. Нәтижелерді негіздеу; 12. Жасалған жұмыс жөнінде есеп жасау; 13. Жұмысты рәсімдеу кезінде символикаларды, графикалық құралдарды қолдану; 14. Баяндама дайындау, мақала, реферат жазу т.б. 15. Сынып алдында өз тұжырымдамаларын қорғау.

Зерттеу жұмысын жүргізбес бұрын, бірнеше тараудан тұратын жұмыстың «төлқұжатын» жасап алу қажет:

- қарама-қайшылықтарды іздеу, проблеманың қойылуы және гипотеза ұсыну;
- зерттеу жұмысының мақсаттары мен міндеттерін анықтау;
- зерттеу әдісін таңдау;
- зерттеу материалдарының тізімін құрастыру;
- алынған ақпараттарды өңдеу және нәтижелерді рәсімдеу;
- кері байланыс және түзету жұмыстарын жүргізу.

Ғылыми-зерттеу жұмыстары 3 бағытта ұйымдастырылады: - Сабақ үстінде орындалатын зерттеулер. Тарих сабағында жүргізілетін зерттеулер саралау сипатына ие. Мысалы, тарихи процестердің, ауқымды оқиғалардың дамуындағы кезеңдерге сипаттама беру; - Тақырып бойынша өз бетінше библиография құрастыру; - Зерттеудің ғылыми жаңалығын, тәжірибелік маңызын анықтау; - тарихи мәселелерге концептуалды тұрғыда талдау жасау; мини жобалар т.б.

Несомненно, что наибольшие возможности для пробуждения рассматриваемого противоречия содержатся в преобразовательной деятельности, поскольку в ней ценностные отношения личности непосредственно взаимодействуют с требованиями деятельности. Организация активной пробы сил в сфере деятельности, на которую мы ориентируем студента, - важнейшее условие повышения уровня его профессиональной направленности. Реализация данного условия предполагает такую организацию деятельности, при которой перед молодыми людьми ставятся задачи, раскрывающие специфику деятельности, ее творческие стороны. Следует учесть, что в основе изменения мотивационного отношения к деятельности лежит изменение соответствующих потребностей, интересов, склонностей [6].

При правильной организации преобразовательной деятельности студентов на каждом последовательном ее этапе требования деятельности предполагают более многогранную, активную потребность личности. В этом несоответствии кроется источник внутреннего противоречия. Вместе с тем в процессе успешной реализации целей деятельности это противоречие и разрешается. Показатель его разрешения - чувство удовлетворения, свидетельствующее о дальнейшем развитии и обогащении соответствующей потребности. Иногда мотив, первоначально заключенный в цели деятельности, как бы сдвигается на ее средства, в связи, с чем возникают новые по содержанию мотивы. В других случаях развитие



потребности обусловлено самим процессом усвоения новых форм поведения и деятельности, овладением готовыми предметами культуры.

Несомненно, существуют и другие механизмы развития потребностей. Происходящее в процессе деятельности зарождение новых потребностей также свидетельствует о развитии профессиональной направленности. Однако этот процесс прежде всего заключается в развитии ведущей потребности от элементарных ее форм ко все более сложным: от одностороннего, или слабо выраженного интереса к профессиональной деятельности до более глубокой, устойчивой, сложной потребности. Такое развитие потребности в основном содержании деятельности и обуславливает изменение ее личностного смысла и, в конечном счете, повышение уровня профессиональной направленности [7].

Таким образом, психологическими механизмами профессиональной направленности, самоопределения и самосовершенствования личности могут выступать сложная многоуровневая структура мотивов, ценностей, личностных смыслов и способностей, определяющих профессионально важные качества.

В связи с изложенным выше пониманием движущих сил профессионального самоопределения и направленности для развития последней необходима такая организация деятельности студентов, которая актуализировала бы противоречие между требованиями предпочитаемой деятельности и ее личностным смыслом для человека. Возможности различных видов деятельности в этом отношении неравноценны.

Литература

1 Сарсенбаева Б.И. Психология личностного и профессионального самосовершенствования будущих педагогов: Монография. – М., 2005. – 176 с.

2 Никитина Н.Н., Железнякова О.М., Петухов М.А. Основы профессионально-педагогической деятельности: Учеб.пособие для студ.учреждений сред.проф.образования. – М.: Мастерство, 2002. – 288 с.

3 Дашкевич О.В., Тихогляд Т.М. Психологические особенности индивидуального стиля педагогического общения. – М., 1995.

4 Кузьмина Н.В., Реан А.А. Профессионализм педагогической деятельности. – СПб.: Питер, 1993.

5 Жунисбекова Ж.А. Психологические аспекты формирования личности будущих педагогов // «Развитие сетевого педагогического сообщества «Школа-ВУЗ» как ключ к подготовке профессиональных педагогических кадров»: материалы Региональной научно-методической конференции. Шымкент: Назарбаев Зияткерлік мектептері, 2016. – Часть 2. – С. 127-134.

6 Киргизбаева Д., Жунисбекова Ж.А. Некоторые психологические условия формирования профессионального самоопределения будущих учителей // «Наука и образование – 2016»: Материалы XI Международной научной конференции студентов и молодых ученых. Астана: Евразийский Национальный университет им.Л.Н.Гумилева, 14.04.2016. – С. 4292-4295.

7 Кулмышева Г.К., Орманова З.К., Джексенбаева К.О. Мотивационная сфера педагога как фактор успеха педагогической деятельности // Международный журнал экспериментального образования. 2015. №12 (часть 2). С. 200-205.

КЎНГИЛ КЎЗИ ОЧИҚ БЎЛСИН ДЕСАНГИЗ...

ЖЎРАЕВА Маҳсума Хасановна

Андижон вилояти, Избоскан туманидаги 3-умумий ўрта таълим мактаб

Избоскан, Ўзбекистон

mat69@mail.ru



Ўзбек халқи ҳаётида буюк ва таниқли шоирлар кўп бўлган. Лекин мана шу кўп сонли буюклар ичида шижоати, ижодиёти, ибратли ҳаёт йўли бутун инсониятни лол қилган инсон борки, шубҳасиз, бу миллат қуёши деб тан олинган инсон Алишер Навоийдир. Бу инсон чин маънодаги сеҳрли қалам сохиби, она табиатнинг нодир тухфаси, саховат ва адолат рамзи сифатида ҳозир ҳам инсонларга яшаш йўлини кўрсатиб турган ўчмас маёқдир. Айтиш мумкин бўлса, мен Алишер Навоийни Оллоҳ яратган суюмликлар ичида енг суюмли инсон деб атаган бўлар едим. У туркий тилдаги адабиёт нуфузини баланд-баландга кўтарди, тафаккур оламини ҳеч сўнмас жавохирга тўлдирди. Бугунги кунда ҳам шоирнинг дилбар шеърляти кўнгил мулкисининг ноёб озиғи бўлиб яшаб келмоқда.

Мен шоирнинг бир инсон сифатида яшаб ўтган ҳаёт йўлига назар ташламоқчиман, чунки Алишер Навоийнинг умр варақларини очган, уни англай олган ҳар бир ўқувчи бу азиз инсоннинг ибратли ҳаётига тан бермай қолмайди. Чунки, ҳазрат асарлари улкан маънавий қомусга ўхшайди. Шоир асарларидан ҳар қандай муаммога ечим топамиз. Шоир ўз асарларида комил инсонни орзу қилади, орзу қилибгина қолмай, комилликка етакловчи йўл қандай бўлишини ўз ҳаёти орқали кўрсатиб ҳам беради. Инсон Оллоҳ яратган мўжизаларнинг энг мукаммали, негаки инсонгина Ҳақ моҳиятини, маърифатини билгувчидир. Шундай экан, инсон Ҳақни таниш сари доимо интилиши керак. Шоир айтишича, инсон ўзлигини англаши, ўз вужудини, рухий оламини обод қилиши даркор:

Ўз вужудинга тафаккур айлагил

Ҳар не истарсан- ўзингдан излагил

Инсон умри қисқа, шу умрини беҳудага сарф қилмаслиги учун илм ва ҳунар ўрганиши, ўзида энг яхши фазилатларни мужассам этиши керак. У сахийлик, меҳр- мурувват, футувват ва камтарликни комилликни биринчи белгиси деб ҳисоблайди. Ҳазрат Навоийнинг фикрича, ўзи емай бошқаларга едириш – мурувватлилик, одамларга хизмат қилиш ва буни миннат қилмаслик футувват белгисидир:

Мурувват – барча бермақдир, емак йўқ

Футувват – барча қилмақдир, демак йўқ

Эҳтимол, бундай бўлиши мумкин эмас, бу ишни ким қилади дегувчилар топилар. Бундай олийжанобликларни шоир ўзи ҳаётида амалга оширади. Тарихий манбаларда ёзилишича, Навоий ўз маблағининг 98 фоизини халқ фаровонлиги йўлида эҳсон қилган, атиги 2 фоизини ўз эҳтиёжларига сарфлаган. Шоир шахсиятида таъма деган ахлоқий касаллик бўлмаган, ана шу фазилатининг ўзи биз авлодлар учун ибрат маёғидир.

Тухми таъмаки хорлик ўлмиш унинг бари,

Сен бўйла хор тухмин экиб, қилма гул таъма,

Яъни, сен ҳеч қачон миннат уруғини эмаки, у сени хорликка қўмади, бу уруғни эккан инсон ўзгалардан иззат, шараф қутмайди.

Алишер Навоийнинг ҳаёти тахт учун қонли кураш кечаётган даврда ўтди, шафқатсиз ҳаёт уни 12 ёшида отасидан айирди. Шоирни мустақил ҳаётга қадам қўйишга мажбур қилди. Кўп ўтмай сеvimли тоғалари қатл етилди, ота мулки мусодара қилинди, лекин ҳаётнинг аччиқ зарбалари шоирни йиқита олмади, аксинча, уни яшашга, инсонийликка ўргатди. Алишер Навоий ҳаёти давомида халқ фаровонлиги, юрт ободлиги учун қайғурди. Ноёб қалб эгаси мазлумларнинг мушкулини енгиллаштириш, халқнинг иқтисодий аҳолини яхшилаш борасида ўнлаб маданий ва маиший бинолар қурдирди, сувсиз ерларга сув чиқарди, ариқлар қаздирди. Эски биноларни таъмир қилдирди, янгиларини қурдирди, ўз сармоясини ҳисобидан шох Хусайн Бойқарога ҳар йили мамлакат ободончилик ишлари учун маблағ бериб турди, донишмандлиги ва тадбиркорлиги билан кўп маротабалаб қон тўкилишининг олдини олди, урушларни ярашга айлантди. Бу ўткинчи дунёда ҳеч нарса инсон ҳаёти, унинг тўқислиги ва бахтидан азиз эмаслигини инсоният ахлига тушунтириб қўйди.

Ўз асарларида ҳам инсонни қадрлашга, ҳаётни севишга, дўстликни улуғлашга халқаро тотувликка, халқ фаровонлигига чақирди. Улуғ инсоннинг ғоят қисқа, бениҳоят мазмунли ҳаёт саҳифаси шижоат ва ибратга тўла шоир юқори мартаба ва амал эгаси бўлганда ҳам ўзлигини унутмади, диёнат ва инсоф, ҳалолликни буюк шоир қилиб яшади. Унинг вазирлик йиллари Ҳиротда ободонлик ишлари авж олган, маданият гуллаб яшнаган давр бўлди. Ҳозир фан –



маданият ривожланган, ҳаёт тўкин, халқ тинч ва фаровон яшамокда. Қўл телефонлари, компьютер, интернет тармоғи биз учун хизмат қилаётгани, ўсиб келаётган ёшларимизни китоблардан узоқлаштирмоқда. Бу биз катталарни ўйлантирмай қолмайди. Негаки, Алишер Навоий, унинг лирик мероси, “Хамса”си таркибидаги дostonларда кўтарилган ғоя ва мазмунларнинг жамиятимиз кишиларини маънавий камолотида катта ўрин тутишини жуда яхши биламиз.

Ҳар жиҳатдан камол топган ёш авлодни тарбиялаш бугунги кун талабидир. Бу борадаги вазифаларни амалга оширишда аждодларимиз меросининг, хусусан, Алишер Навоий асарларининг ўрни бекиёс. Бугун шоир асарларини чуқур ўргансак, мисралар қатидаги теран маъноларни англашга ҳаракат қилсак, шоирнинг инсон камолоти хусусидаги хулосаларининг маъзини чақа олсак, уларни қай даражада ёшларимиз онгига сингдира олсак, бу саъй – ҳаракатлар ёшларимиз характеридаги айрим камчиликларни барҳам топтиришга, маънавий юксак ёш авлодни камолга етказишга ёрдам беради, деган умиддамиз.

Фойдаланган адабиётлар:

1. Э. Р. Рустамов. Страницы из биографии Алишера Навои, Краткие сообщения ИНА, вып. 63, ИВЛ, 1963;

2. А. К. Боровков. Алишер Навои как основоположник узбекского литературного языка. В сб.: Алишер Навои. – М., Л.: 1946;

«РУХАНИ ЖАНҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ПЕДАГОГТИҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ АЛМЕТОВ Н.Ш., ЖҰМАБАЙ Малика Әшірханқызы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті Шымкент, Қазақстан

ТҮЙІН

Мақалада «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында мектеп оқушыларын тәрбиелеудегі педагогтың құзыреттілігі мәселесі қарастырылған. Жалпы білім беретін мектепте «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы тәрбие жұмысының мазмұны қарастырылған. Мектеп педагогтарының «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі бағыттары – бәсекелестік қабілеті, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанатын құру, Қазақстанның эволюциялық дамуы, сананың ашықтығы бағыттарындағы тәрбие жұмысын ұйымдастыруға даярлығын анықтайтын кәсіби құзыреттіктер нақтыланған.

Түйін сөздер: Рухани жаңғыру, мектеп педагогтары, кәсіби құзыреттілік, қоғамдық сананы қалыптастыру, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы, тәрбие жұмысының мазмұны, тәрбиелік құзыреттіліктер.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается проблема профессиональной компетентности педагога в аспекте воспитания школьников в контексте программы «Рухани жаңғыру». Раскрывается содержание воспитательной работы с учащимися в аспекте программы «Рухани жаңғыру». Конкретизированы и уточнены компетентности педагога по организации воспитательной работы со школьниками по основным направлениям программы «Рухани жаңғыру» - конкурентоспособность, прагматизм, культ знаний, эволюционное развитие Казахстана, открытость сознания.

Ключевые слова: духовная модернизация, педагоги школы, профессиональная компетентность, формирование общественного сознания, программа «Рухани жаңғыру», содержание воспитательной работы, воспитательные компетенции.

SUMMARY

The article deals with the problem of teacher's professional competence with regard to the education of schoolchildren in the context of the "Roukhani Zhangyru" programme. The content of



educational work with students in the aspect of the program "Roukhani zhangyru" is disclosed. The competences of teacher in organizing educational work with schoolchildren in the basic directions of the program "Roukhani Zhayru" - competitiveness, pragmatism, cult of knowledge, evolutionary development of Kazakhstan, openness of consciousness have been specified and clarified.

Key words: Spiritual modernization, teachers of schools, professional competence, formation of public consciousness, the program "Roukhani zhayru," the content of educational work, educational competences.

Еліміз жаңа тарихи кезеңге аяқ басты. Елбасы халыққа Жолдауында Қазақстанның үшінші жаңғыруы басталғанын жариялады. Осылайша, біз қайта түлеудің айрықша маңызды екі процесі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға алдық. Біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу[1].

Күллі жер жүзі біздің көз алдымызда өзгеруде. Әлемде бағыты әлі бұлыңғыр, жаңа тарихи кезең басталды. Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде сана-сезімімізбен дүниетанымымызға әбден сіңіп қалған таптаурын қағидалардан арылмасақ, көш басындағы елдермен тереземізді тенең, иық түйістіру мүмкін емес. Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек.

Тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бағыттары:

1. Бәсекелік қабілет.
2. Прагматизм.
3. Ұлттық бірегейлікті сақтау.
4. Білімнің салтанат құруы.
5. Қазақстанның революциялық емес эволюциялық дамуы.
6. Сананың ашықтығы [2].

1. Бәсекелік қабілет.

Бәсекелік қабілет дегеніміз – ұлттық аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін [2].

«Бәсекеге қабілеттілік» бағытындағы тәрбиелік жұмыстар:

- оқушыларды білім, спорт, өнер, қоғамдық пайдалы және өнімді еңбек салаларында жарысуға тарту;
- сапалы нәтижелер көрсетуге, артығырақ көрсеткіштерге қол жеткізуге жаттықтыру;
- оқушылар іс-әрекеті өнімдерінің бәсекелестігіне назар аудару;
- оқушыларда бәсекеге қабілеттілік дағдыларын қалыптастыру (тілдерді жете білу, пәндік білімдердің сапасы, сын тұрғысынан ойлау т.б.);
- бәсекеге қабілетті мектеп бітірушісін тәрбиелеу (білімдік қызмет мен еңбек нарығына дайындау).

Бәсекеге қабілеттілік бағытындағы тәрбиелік жұмысқа педагогтың құзыреттіліктері:

- бәсекеге қабілеттіліктің түпкі мағынасы, дамытушы мәнін оқушылар санасына жеткізуге қабілеттілік;
- оқушыларды сапалы білім алуға, артығырақ нәтижелер көрсетуге мотивациялау;
- оқу үдерісінде жарыс/бәсекелестік ортасын қалыптастыруға қабілеттілік;
- оқушы іс-әрекеті өнімдерінің бәсекелестігіне қол жеткізу;
- оқушыларды оқудан/сыныптан тыс тәрбиелік іс-әрекеттерінің бәсекелестікке бағдарлануын қамтамасыз ету;
- кәсіби бағдар жұмысының, оқушылардың қоғамдық пайдалы және өнімді еңбегінің сапалы нәтижелеріне бағыттау.

2. Прагматизм.



Нақты мақсатқа жетуге, білім алуға, салауатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетіліуге басымдық бере отырып, осы жолда әрнәрсені ұтымды пайдалану – мінез-құлықтың прагматизмі деген осы [2].

«Прагматизм» бағытындағы тәрбиелік жұмыстар:

- оқушыларды мақсат қою стратегияларына баулу;
- өзін-өзі ұйымдастыруға, уақытын ұтымды пайдалануға баулу;
- жоспарлауға және оны іске асыруға үйрету;
- қазақ философиясындағы прагматизмнің мәнін түсіндіру;
- салауатты өмір салтын қалыптастыру;
- қаржылық сауаттылық негіздеріне баулу;
- үнемшіл/іскер адамдардың өмірлік қызметімен таныстыру, сапаларын қалыптастыру;
- өз тұлғалық ресурстарын бағалауға және жоғары мақсаттар сыры сенімді қадам тастауға баулу.
- саналы кәсіп таңдауға және білімді жалғастыру бағытын дұрыс таңдауға баулу.

Педагогтың тәрбиелік құзыреттіліктері:

- прагматикалық ойлау тәсілдерін меңгергендік;
- оқушыларды өмірлік мақсаттар қоюға, жоспарлауға және өзін-өзі ұйымдастыруға баулуға қабілеттілік;
- үнемшіл адамды тәрбиелеу мазмұны мен әдістерін жобалауға және іске асыруға қабілеттілік;
- оқушыларды салауатты өмір салтын ұстануға баулу.

3. Ұлттық бірегейлікті сақтау

Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуы тиіс [1].

«Ұлттық бірегейлікті сақтау» бағытындағы тәрбие жұмысының бағыттары:

- ұлттық сана-сезімді және оқушы тұлғасының ұлттық мәдениетін тәрбиелеу;
- ұлттық мәдени құндылықтарды меңгеруге кірістіру бойынша тәрбиелік істер кешені;
- этникалық стереотиптер туралы түсініктері беру;
- оқушылардың отансүйгіштік тәрбиесі (қазақстандық патриотизм).

Педагогтың тәрбиелік құзыреттіліктері:

- қазақ халқының және Қазақстан этностарының ұлттық құндылықтары туралы жете түсініктердің болуы;
- этномәдени білім мен тәрбие беру мазмұны мен тәсілдерін меңгеру және оны тиімді пайдалануға қабілеттілік;
- оқушылардың ұлттық дүниетанымын қалыптастыру тәсілдерін білу;
- ұлттық мәдениет үлгілерін тәрбие жұмысында пайдалана білу;
- патриоттық тәрбие технологияларын меңгергендік.

4. Білімнің салтанат құруы.

- таяу онжылдық уақытта қазіргі кәсіптердің жартысы жойылып кетеді [1].
- бұл жағдайда кәсібін неғұрлым қиналмай, жеңіл өзгертуге қабілетті, аса білімдар адамдар ғана табысқа жетеді;
- біз білімге бөлінетін бюджет шығыстарының үлесі жөнінен әлемдегі ең алдыңғы қатарлы елдердің санатына қосылып отырмыз;
- Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім түсінуі керек;
- білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт.

«Білімнің салтанат құруы» бағытындағы тәрбие жұмысының бағыттары:

- оқушыларда білуге, білім алуға деген құмарлықты күшейту;
- білімге, білімді адамдарға құрмет сезімдерін тәрбиелеу;
- өзгермелі әлем сұраныстарына орай кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүргізу;
- икемді дағдыларды оқушылар бойына сіңіру;

Педагогтың тәрбиелік құзыреттіліктері:



- оқушылардың білуге, білімге құмарлығын арттыруға қабілеттілік;
- білімге, білімді адамдарға құрмет руында тәрбиелеу бағытындағы тәрбиелік жұмыстарды жоспарлау және ұйымдастыру;
- сыныптан тыс қызықты танымдық іс-әрекет түрлеріне тарта білу;
- оқушыларды білімдер салтанатын рухында тәрбиелеуге ықпал ететін факторларды (тұлғалар, кітаптар, ғылымы-зерттеу жұмыстары, танымдық туризм, өлкетану жұмыстары т.б.) тиімді пайдалану дағдылары.

5. Қазақстанның революциялық емес эволюциялық дамуы.

Біздің кешегі тарихымыз...эволюциялық даму ғана ұлттың өркендеуіне мүмкіндік беретініне көзімізді жеткізді. Ендеше, эволюциялық даму қағидасы әрбір қазақстандықтың жеке басының дербес бағдарына айналуға тиіс.

«Қазақстанның революциялық емес эволюциялық дамуы» бағытындағы тәрбие жұмысының бағыттары:

- экологиялық тәрбие.
- экономикалық тәрбие.
- саяси-құқықтық тәрбие құралдарымен эволюциялық даму түсініктерін қалыптастыру.
- оқушыларда тарихи сананы қалыптастыру.

Педагогтың тәрбиелік құзыреттіліктері:

- эволюциялық даму тиімділігін пайымдауға бағытталған экологиялық, экономикалық, саяси-құқықтық тәрбие жұмысын, тәрбиелік істерді жоспарлау және ұйымдастыруға қабілеттілік.
- тарихи-педагогикалық материалдарды, мұраларды оқушылардың эволюциялық даму түсініктерін қалыптастыруда пайдалануға икемділік.

6. Сананың ашықтығы.

- Біріншіден, ол дүйім дүниеде, жер шарының өзіне қатысты аумағында және өз елінің айналасында не болып жатқанын түсіну.
- Өзгерістердің бәріне дайын болу деген сөз;
- Өзгелердің тәжірибесін алып, ең озық жетістіктерін бойға сіңіру мүмкіндігі.

«Сананың ашықтығы» бағытындағы тәрбие жұмысының бағыттары:

- лингвистикалық сананы дамыту;
- үш тілді білім берудің тәрбиелік бағыттылығы;
- мультимәдени тәрбие;
- толеранттылыққа тәрбиелеу;
- ақпараттық-коммуникативтік құзыреттіліктерді дамыту;
- цифрлік қоғам ігіліктерін адамгершілік-позитивті пайдалануға баулу.

Педагогтың тәрбиелік құзыреттіліктері:

- үш тілді білім бағытында білім мен біліктіліктердің болуы;
- мультимәдени тәрбие технологияларын жобалау және пайдалануға қабілеттілік;
- медиатәрбие теориялары мен технологияларын қолдану қабілеттілігі.
- оқушыларды пайдалы қарым-қатынастарын ұйымдастыру және оған баулу.
- жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы.

Қорыта келе, Елбасының бағдарламалық мақаласында анықталған қоғамдық сананың жаңғыртудың негізгі бағыттары жоғары оқу орындарында студент-жастарды тәрбиелеудің жаңа кезеңін ашады. Студенттерді тәрбиелеудің дәстүрлі мазмұны мен бағыттары санасы ісінен озып жүретін, яғни одан бұрын жаңғырып отыратын болашақ маман тұлғасын қалыптастыруға қажетті тәрбиелік, ақпараттық, әлеуметтік-психологиялық орта жасайды. Руханы жаңғыру бағыттары бойынша қалыптасқан студенттің санасы оның заман талабына сай, кәсіби ойлауы дамыған маман ретінде қалыптасуына да емес, оның зиялы, жоғары білікті маман, ұжым басшысы, тәрбиеші, ұстаз ретінде басқа адамдардың да санасын жаңғыруға септігін тігізетіндігі анық.



Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қ.Р. Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. /Егеменді Қазақстан №29-30. 29.01.2011ж.
2. Нұрсұлтан Назарбаев, Қазақстан Республикасының Президенті. Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру // Оңтүстік Қазақстан, 2017, 12 сәуір.

ОТЫРАР ӨңІРІНІң ДӘСТҮРЛІ МӘДЕНИЕТІ

Ақлима Абдулақызы ЖҰМАШОВА

Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейі РМҚК

Отырар ауданы, Түркістан облысы, Қазақстан

Aklima.zhumashova@bk.ru

Түйіндеме

Мақалада қазақ халқының өткен тарихын насихаттайтын, тарихи-мәдени құндылықтарымыздың киелі мекені Отырар ауданындағы Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейінің қорындағы сақталған жәдігерлер, сонымен қатар этнографиялық экспедиция барысында табылған және халық қазынасына қамқор бола белген қолөнершілер туралы айтылады.

Резюме

В статье рассказывается об экспонатах пропагандирующий историю культурного наследия казахского народа найденные организованных этнографических экспедициях сохранившихся в фонде Оtrarского государственного археологического музея-заповедника. А также информирует о коллекциях собранных у местных ремесленников нашего региона.

Resume

The article tells about the exhibits propagandizing the history of the cultural heritage of the Kazakh people found during the organized ethnographic expeditions preserved in the fund of the Otrar State Archaeological reserve -museum. And also informs about the collections collected from local artisans of our region.

Қазақ халқының материалдық, рухани мәдениетін, сан ғасырлық тарихын, тұрмысын, дәстүрлі шаруашылығын зерттеу маңызды мәселе болып табылады. Зерттеу жұмысына XIX ғ. екінші жартысы XX ғ. бас кезіндегі Отырар өңірінің мәдениеті мен тұрмысын негізге алып отырмыз. Отырар өңірі Арыс және Сырдария өзендері бар жасыл желекті алқап болған. Сырдарияның оң саласы болып табылатын Арыс өзенінің аумағы Оңтүстік Қазақстанда ұз.378 км. Ақсу-Жабағылы қорығына жақын Шақпақ және Күмістау бұлағынан (Қаратау мен Талас Алатауының аралығында) бастау алып, Талапты ауыл маңында Сырдария өзеніне құяды.[1, 84] Археологиялық – топографиялық зерттулеріне қарағанда жерді қолдан суару әдісі Сырдария мен Арыс өзендерінің жағасында ерте Темір дәуірінен басталады. XV-XVI ғ.ғ. жоғары дәрежелі дін иесі Рубехан өзінің еңбегінде Сырдария өзенін әдемілеп суреттеген: Ешбір жер жүзінің бір елінде Сырдария сияқты пайда келтіретін өзен жоқ. Неше түрлі гүлге толған, жағалауында әр түрлі құстар, жабайы есектер, қарақұйрықтар және басқа да жануарлар мекендейді, сондай-ақ жел мен құйын өтпейтін арша өсетін тоғайлар бар. [2, 77]

Сырдария өзенінің бойындағы халықтар өзен өткелдерінде қайықты пайдаланған. Түркістан облысы, Отырар ауданында орналасқан Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейінде Отырар және онымен іргелес жатқан қалалар мен қалашықтардан табылған I-XVIII ғ.ғ. тән бұйымдар және XIX-XX ғ.ғ. тәне қолөнер бұйымдары сақтаулы тұр. Отырар қорық-музейінің ауласындағы қазақ қайығы музейге келген көпшілік көрерменді ерекше қызықтырады. Су көбейген кезде 30 фарсақ жерге дейін үлкен аймақты басып төбелердегі ауылдар мен елді мекендерге тек қайықпен баруға болатын. (К.Ақышев). Отырар өңіріндегі Үшқайық, Маяқұм, Шеңгелді, Ақжар өткелдерінде қазақ қайығын пайдаланған. Қазақ қайығы омыртқа, қарақұс, жақтау, беріктік секілді негізгі және шау, бұлқын сияқты қозғаушы,



бағыттаушы бөліктерден тұрады. Қайықтың жарығын таза мата қиындысымен тығындап, сыртын ешкінің майымен майлаған. Музей ауласындағы қайықты қоғам және мемлекет қайраткері Ө.Жәнібековтің тапсырмасы бойынша атақты ағаш ұстасы Сыздықұлы Надайымбек жасаған.

XIX-XX ғ.ғ. зерттеушілердің еңбектерінің ғылыми маңыздылығы зор болды. Зерттеушілердің еңбектеріне тоқталатын болсақ, Әбубәкір Ахметжанұлы Диваев 1856 жылы 19 желтоқсанында Орынбор қаласында Башқұрт шаруасының жанұясында дүниеге келді. Этнограф, аса көрнекті ғалым, фольклоршы, Ә. Диваевтың қазақ халық әдебиетінің асыл мұраларын жинап, жариялап зерттеу ісіне қосқан үлесі үшін ұшан теңіз. Ә.Диваевтың материалдарының мол бөлігі 1920 жылы ұйымдастырылған Жетісу, Сырдария экспедицияларының жинап әкелген мұралардан тұрады. Ертегі-аңыз, жұмбақ, мақал-мәтел, айтыс, өлеңдер жинаған. Өз жинағында қазақтың 13 мақал-мәтелін енгізген. Әбубәкір Сырдария, Түркістан, Шымкент, Әулиеата, Өзбекстан, Қарақалпақстан төңірегін қоныстанған халықтардың жұмбақтарын жинаған. Этнографиялық материалдар –«Түстің баяны», «Ырым», «Ауруларды емдеу тәсілдері», «Мал шаруашылығы саласы», «Қазақ балаларының ойындары», туралы жазды. Совет өкіметінің алғашқы жылдарында ұйымдастырылған Сырдария мен Жетісу экспедицияларының құрамында жүріп Ә.Диваев өте бағалы материалдар жинаған. Ә.Диваевтың материалдарының ішінде ертегілер үлкен орын алды. Ә.Диваев Сырдария, Түркістан, Әулиеата облысынан жұмбақтар да жинаған. Ақын Майлықожа Сұлтанқожаұлы ғалыммен бірнеше жыл байланыста болып оған ертегі жұмбақ, мақал-мәтелдер салып жіберіп отырғаны туралы зерттеуші Ф. Уразаеваның «А.Диваев – Фольклорист» деген еңбегінде жазылған.

Арғынбаев Халел 1924 жылы Павлодар облысы, Баянауыл ауданында туған. Тарих ғылымдарының докторы, профессор Х.Арғынбаев 1954 жылдан бері қазақ этнографиясының әр түрлі мәселелерін зерттеп, жүзден астам ғылыми еңбек жазып жариялады.

Қоғам, мемлекет қайраткері, этнограф, тарихшы Ө.Жәнібеков этнографиялық бірнеше еңбектер жазды. «Жолайрықта», «Уақыт керуені», «Ежелгі Отырар», «Эхо» атты еңбектерінде қазақтың тарихы мен мәдениетіне, дәстүрі мен өнеріне, жылжымалы, тұрақты мекен-жайына байланысты жазылған. Тірнектеп жинаған інжу маржан еңбектерінде этнографиялық тұрғыда сипатталып, тұрғын үйлердің ішкі жасауларына да мән бергендігі кітаптарда берілген суреттерден көрінеді. Егеменді еліміздің болашағы үшін аянбай тер төкті.

Қазақ халқында он саусағынан өнері тамған зергерлер, суретшілердің болғанын XIX ғ. өмір сүрген зерттеушілер жазған олар А.Евреинов, И.Ф.Русанов, И.Я.Словцов т.б. зерттеуші ғалымдар қазақ халқының күмістен жасалған зергерлік бұйымдарын жоғары бағалап бірнеше жылдар өтсе де өңін бермей, әсемдігімен ерекше көз тартатынын айтқан. Оңтүстік Қазақстан облысының жерінде жоғарыда аталған экспедициялардан басқа проф. Гаврилов басқарған этнографиялық экспедиция 1935 жылы зерттеу жұмысын жүргізді. Бұл экспедиция Алматы қаласының студенттерінен құралған.

Қазақ халқының қолөнер бұйымдарын этнографиялық тұрғыдан XIX ғасырдың аяғында XX ғасырдың басы мен ортасында Т.К.Басенов, Н.Б.Бурундуков, А.Клодт, Н.А.Оразбаева, С.М.Дудин, А.Масанов, Э.Молодов т.б. ал XX ғ.аяғынан қазіргі кезге дейін А.Марғұлан, Х.Арғынбаев, Ә.Тәжімұратов, Ө.Жәнібеков, С.Қасиманов, М.Тоқтабаева, М.Ш.Өмірбекова т.б. ғалымдар зерттеген.

Ата-бабаларымыздан бүгінгі күнге жеткен мәдени мұрамызға айналған қолөнер туындыларын халқымыздың өткен тарихының жанды шежіресі, ежелгі мәдениетіміздің айғағы деп білеміз. Сыр бойы, Отырар алқабында, Жетісу мен Ертісте 25 мыңан астам тарихи-мәдени ескерткіштер шоғырланған. Отырар мен оның өзінен кем түспейтін іргелестері Көкмардан, Құйрықтөбе т.б. ескерткіштерге жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған, этнографиялық экспедициялар нәтижесінде табылған заттар қазіргі таңда Түркістан облысы, Отырар ауданындағы Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейінде сақтаулы. Бұл күндері музейімізде сақталған әлемде теңдесі жоқ туынды болып табылатын қолөнер бұйымдары өткен дәуірлерде өмір сүрген халықтардың рухани әлемін тереңірек білуге мүмкіндік береді. Бірнеше жылдан бері Отырар мемлекеттік археологиялық



қорық-музей қызметкерлері Түркістан облысының Отырар, Арыс, Шардара, Ордабасы аудандарында, Қызылорда облысының Қармақшы, Шиелі, Жаңақорған аудандарында бірнеше этнографиялық экспедициялар ұйымдастырды. Атадан балаға мирас болған қолөнерді осы кезге дейін жалғастырып келе жатқан шеберлердің жасаған қолөнер бұйымдары туралы этнографиялық деректер жазып алып, халық шеберлерінің өнегелі істерін жас ұрпаққа насихаттау, жеткізу игілікті іс болып табылады. Экспедиция нәтижесінде табылған сырмақтардың орны бір бөлек. Сырмаққа кездемелерден қиылып, ойылып алынып, түрлі тігу тәсілдері арқылы матаға, киізге тігіледі. Сырмақтың астары ақ және қоңыр түсті киізден дайындалған. Бетіндегі ою-өрнектеріне қызыл түсті жиек басылып оюланған. Жиектері қызғылт-сары түсті шуда жіппен жиектеліп көмкерілген. Жиек бастыру – мата, киіз үстіне салынған ою-өрнекке жуан жіпті қосып тігу. Жиекті бастыру үрдісін төмендегідей жіктеуге болады. 1. қос жиек бастыру, 2. Сыңар жиек бастыру, 3. Алақұрт жиек бастыру. Жиекті беріктігін арттыруға, көркемдеуге, өрнектеруге қолданады. Сырмақтарды жиектегенде оюдың шетін баса жағалай түседі. Ал туырлық, түндік, үзік шеттері созылмауы, бүлінбеуі үшін жиектеледі. Ата – бабаларымыз көшпелі тұрмыс жағдайына қолайлы материалдардан атап айтатын болсақ, ағаш, тері, киіз сияқты материалдардан жасады. Этнографиялық экспедиция нәтижесінде ағаштан жасалған бұйымдар да көп кездесті, ол туралы бірнеше мақалаларда жазылды. Экспедиция барысында құрақ құрау өнерінің де кеңінен таралғанын байқадық. Атап айтатын болсақ, көрпе, тұскиіз, жастық қап, қоржындар. Отырар өңірі қазақтарының дәстүрлі материалдық мәдениетінің ерекшелігі тек сол өңірге тән заттық мәдениеттердің жасалуы.

Көне дәуірден ақпарат беретін этнографиялық экспедиция барысында табылған, және қолөнерді шын сүйіп қастерлейтін азаматтардың сыйға тартылуымен жиналған қолөнер бұйымдары қазір Отырар қорық-музейінде сақтаулы. Қолөнер туындыларының көпшілігінде ою-өрнектер бейнеленген. Ою-өрнектің әлі де зерттелмей келген жерлері көп. Ою-өрнектің қолданылатын жерлерін біліп, үй жиһаздарында, зергерлік бұйымдарда, киім-кешектерде қолданылатын ою-өрнектерді ажыратуымыз қажет деп ойлаймын. Өнертанушы В.Н.Чепелев: Қазақтар ою-өрнек әлемінде өмір сүреді: - қоршаған әлемі ою-өрнек кеңістігінде өмір сүреді. Бдыс-аяқ, тұрмыстық бұйымдар, қару-жарақ, киім барлығы, ою-өрнекпен көмкерілген. XIX ғ. қазақ ою-өрнегі көшпелі тайпалардың ғұн, түрік, қаңлы, қыпшақ, барлық әдет-ғұрыптарын сақтады. Олардың ойларын бейнеледі. Ежелгі өрнекке космогониялық ою-өрнек жатады. Зооморфтық ою-өрнекке қой, ат, түйе жылан, т.б. өрнектер жатады. Қола дәуіріндегі керамикаға салынған өрнектер кілем ою-өрнегінде қолданады. Көк түс аспан символы, қызыл-от, күн, ақ-қуаныш, бақыт, таза, сары-ой, қара-жер, жасыл-көктем, жастық шақ, белгісі.

Отырар өркениеті жетістіктерінің қазаққа тән құрылыс ісінен, әсіресе үй тұрғызудан суландырау тәсілдерінен, еңбек құралдарынан, қолөнерінен көрінеді. Отырар өңірінің қазақтарының материалдық мәдениетінің ерекшеліктері әдеттегідей баспанасынан көрінеді. Көрермендердің ерекше қызығушылығын тударатын Отырар қорық-музейі ауласындағы қоржын үй туралы айтатын болсақ, осындай қажетті дүниелерді насихаттап отыруды дәстүрге айналдыруымыз қажет.

Сыр бойы халқы ерте заманнан-ақ ортасында дәлізі, қарама қарсы екі бөлмесі бар қоржын үйлерде өмір сүрген. Ол халықтың өткен өмірін, әлеуметтік хал-жағдайын аңғартады. Отырартөбеге жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарынан белгілі ортағасырларда Отырар қаласындағы үйлерде азық-түлік қоймасы болған. Оларда астық, ұн, жеміс сақталатын болған. Қоржын үй құрылысы Отырардағы тұрғын үйлерге ұқсас болып келген.

Қоржын үйдің құрылысына келетін болсақ, бірінші іргетас, күйдірілген қыш немесе қамыс немесе тастан (қалақ тас) қаланады, екінші қабырға, қам кесектен сондай-ақ шымнан ойылған шым кесектен және пахса яғни нәмдалған топырақты нығыздап таптау әдісімен тұрғызылады, үшінші төбежабын – ортадан ұзына бойы қары ағаш салынып ши төсеп, көлденең қамыспен жауып оның үстіне бидай немесе тары сабандарын салып лаймен сылап тастайтын болған. Үйдің бір бөлмесінде үй иелері тұрады оны жатын бөлме деп атаған, ал екінші бөлмесі қонақ үй деп аталады - қонақ күтетін бөлме. Бөлмелерінің арасы дәлізбен бөлінеді. Дәліз қойма мен асхана қызметін атқарған.



Қоржын үйдің астықты бөлек-бөлек қоятын қамбалары, қақ, қауын құрт кептіретін жеміс, ірімшік, құрт диірменге тартылатын ұн қоятын орындары, ет ілетін адалбақаны болған.

Жазда үй алдына орналастырылған ағаш не құм кесектен тұрғызылған сәкілердің үстіне масахана орнатып, ашық аулада ұйықтайтын болған. Сәкінің қасында құрт, қауын құрт жаятын сөре болған. Жазда аулаға киіз үй тігеді. Үйдің қорасы шарбақталып онда бау-бақша, жоңышқа, бидай, тары, жүгері егетін бірнеше атыздар болатын.

Үйдің жалпы көлемі-ұзындығы – 14 м. Аралары - 4,5х3,5 м, қонақ бөлме - 6х4,5 м. жатын бөлме - 4,5х4,5 м, дәліз 3,5х4,5м., қабырға қалыңдығы 40 см. Қоржын үйдің артына бидай, жоңышқа, жүгері, қауын, қарбыз егіледі. Отырар қорық-мұражайының ауласындағы қоржын үй 1986-1987 ж.ж. қоғам және мемлекет қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтің тапсырмасы бойынша салынды. Кей қоржын үйлердің екінші қабатында балақана деген болған. Оған балаларды қауіпсіздік үшін сыртқа шығарда қамап кететін болған. Желтоқсан, қаңтар айларында қоржын үй құрылысына қежетті терек, қара ағаш, тораңғыл, жиде ағаштарын жинап алады да қабығымен қойып қояды. Себебі қысқы шілдеде ағаш жақсы кебеді. Наурыз айынан бастап мамыр айына дейін ағаштарды көлеңкеде кептіретін болған. Қоржын үйге қажетті қамыс пен шиді күзде орып алады. Ал шілдеде кесек кұйылады. Ол үшін топыраққа су салып жібітіп, бір күннен кейін сабан салып араластырады, екі күн бөктіріп қояды да 18х40 см. көлеміндегі қалыппен құяды, жерге енін қалың етіп қамыс төсеп, тас қалайды немесе қыш қалайды 1 немесе 1,5 қатар. Қабырғасының биіктігі 2,5х60 см, қалап біткен соң сырты сабан қосылған лаймен сыланады. Ал бөлмелердің еденін астына қамыс төсеп сылап шығады.

Қазақ халқы тамыры терең тарихы, заттық және рухани мәдениеті бар ұлтпыз. Мәдени мұрамызға айналған тарихи жәдігерлердің адамзат тарихында маңызы айрықша. Егеменді еліміздің тарихы мен мәдениетін, салт-дәстүр, әдет-ғұрпын жан-жақты зерттеу, насихаттау, ұрпақ игілігіне пайдалану келер ұрпақ үшін маңызды және әр азаматтың қасиетті парызы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Отырар.Энциклопедия. Алматы: Арыс, 2005.-84 б.
2. Ақышев К. Ертедегі ескерткіштер елесі. -Алматы: 1976. - 77 б.
3. Маргулан А.Х. Казахское народное прикладное искусство. –Алма-Ата: Өнер, 1986. – с. 51
4. Жүннен жасалған бұйымдар. -Алматы: 1990. -56 б.
5. Тәжімұратов Ә. Шебердің қолы ортақ. -Алматы: 1977. - 54 б.

КОМФОРТНАЯ ОБУЧАЮЩАЯ СРЕДА – КЛЮЧ К РАДОСТИ ПОЗНАНИЯ ИГИСЕНОВА Бану Рақымбердиевна, МУРЗАКУЛОВА Аманқуль Каузқановна РУОЦ «Балдаурен»

Капшагай, Алматинская область, Казахстан
e-mail: igisenova@bk.ru; mamakulya2204@mail.ru

Аннотация

Осы мақаланың мақсаты сабақ үстінде жайлы оқыту ортасын жасау қажеттілігімәселесіне назар аудару. Авторлар бұл мәселеге арналған шағын зерттеудің нәтижесін ұсынып отыр.

Аннотация

Цель данной статьи привлечь внимание к вопросу необходимости создания комфортной обучающей среды на уроке. Авторы представляют результат мини-исследования, посвященного данной проблеме.

Abstract



The article's goal is to attract readers' attention to the actual question of creation a comfortable learning environment in the classroom. The authors presents the result of a mini-study devoted to this problem.

*Если хотите изменить мир —
идите в школу и начинайте оттуда!*

Д.Дьюи

Однажды Альберт Эйнштейн – величайший рефлексивный практик XX-го века, обдумывая свою педагогическую деятельность сказал: «Я никогда не учил своих учеников, а лишь создавал условия, в которых им хотелось учиться самим». Создание такой образовательной среды в классе, где интересы ученика, его убеждения жизненно важны для определения педагогических действий учителя, и есть важная отличительная черта современной педагогики [1, ст.11].

Формируя свой стиль работы, учитель, в течение всей своей педагогической деятельности, сталкивается с серьезной проблемой создания учебной среды. Анализируя собственную и работу своих коллег, мы пришли к выводу, что отдельные параметры комфортной учебной среды знают все, а вот целостное видение всех составляющих и их глубокое понимание есть далеко не у каждого. Оказалось, что не все понимают важность мгновенной адекватной реакции на учебную ситуацию и смену учительских функций на уроке - это задача учителя-наблюдателя. Учитель-стратег, который не спешит с красивым объяснением (оно то, конечно, готово и ждет своей минуты на уроке), но дает возможность активно формировать умение самому учиться на уроке. Учитель-тактик умело балансирует сложность заданий, контролирует их разнообразие, чтобы удерживать детский интерес, природную любознательность и стремление справиться с проблемами, которые возникают на пути к новому знанию. Учитель-скаффолдер помогает научиться планировать учебные действия логично и последовательно. Учитель-фасилитатор побуждает мыслить совместно и креативно, помогает улавливать идеи и гипотезы, подводя детский коллектив к сравнению, контрастированию, а затем и к анализу, полученных результатов. Подобное вовлечение в урок, ставит ученика в центр учебного процесса, сотворчества.

Урок становится событием, не в том плане, что это нечто эпохальное, нет это совместное бытие в течение 40 минут, доставившее радость познания, научения, всем кто был в классе. Таким образом, современный учитель создает оптимально комфортную учебную среду, в которой:

1. Учителем подготовлено эффективное учебное планирование, основанное на глубоком понимании, что сегодня в основе урока лежит конструктивистская теория обучения [3, с.106].

Иными словами, учитель четко представляет, что его ученики уже могут знать по новой теме урока. Оставшиеся сомнения он развеивает, организовав этап погружения в новую тему, такими стратегиями критического мышления как: «Круги на воде», «Покопаемся в памяти», «Слышал, видел, умею» и т.д. Это дает учителю возможность соединить уже имеющиеся знания и навыки с планируемыми новыми, нацелив ученика на их расширение и укрепление образовавшихся мыслительных связей. Планируя урок, учитель анализирует возможности класса и определяет объем материала и время за которой он должен быть практически проработан и усвоен. Очень важно, запланировать время на процесс осмысления, апробирование новых идей и умений.

2. Ученики активны в процессе обучения: постижение знания происходит через поиск доказательств, построение выводов на основе сравнения и анализа фактов, закономерностей через совместный учебный диалог. Мыслительная активность ребенка напрямую связана с его интересом (внутренняя мотивация). «Мне интересно - я работаю, нет - мне скучно и я начинаю придумывать себе другое занятие» - вот типичное объяснение ученика, которому делают замечание за то, что отвлекается: не слушает, не участвует. И вот мы вновь обращаемся к приемам критического мышления, к его сути: учитесь использовать детское воображение, предыдущий практический опыт и знание во благо нового урока. Дайте ученикам возможность



сравнивать, предполагать, доказывать. Учитель и сам должен тренировать и оттачивать свое критическое мышление, владеть техниками учебного разговора. Наблюдательный педагог в нужный момент организует учебный спор, который учитель-фасилитатор умело переведет в исследовательскую беседу, в которой предыдущие спорные идеи получают аргументацию, и затем учитель-скаффолдер поможет конструктивно и доброжелательно оценить деятельность каждого. Будьте сами интеллектуально азартны, и вы сумеете внушить это своим ученикам.

3. Учитель направляет учебный диалог поддерживающей реакцией на высказывания учеников: их рассуждения, полные или даже частичные ответы на вопросы.

Чтобы мы не говорили о падающем авторитете учителя, но дети очень остро реагируют на наше мнение об их словах и поступках. Когда мы выстраиваем учебный диалог в классе, мы учителя всегда помним, что наша реакция может быть поддерживающей, а может быть гасящей. Стоит один раз неосторожно отреагировать на робкое проявление мысли словами: «Нет! Неправильно!» и возможно, вы долго будете ждать, чтобы ребенок, осажённый вашей негативной реакцией, стал снова участвовать в рассуждениях. Воспитывая будущих рефлексивных практиков, мы учим их думать в действии, не прерывайте полет мысли, поддерживайте мыслительный процесс.

4. Ученики учатся друг от друга: умеют работать как в учебной паре, так и в команде. Социальное взаимодействие на уроке играет важную роль в обучении.

Современное понятие «учебное сообщество» подразумевает общение, в котором и учитель позиционирует себя как ученик, поощряя взаимоподдержку, формируя командный дух. Работа в парах, в группах предполагает умение слушать, уважительно оппонировать собеседнику, развивает саморегуляцию, необходимую для дальнейшего обучения на протяжении всей жизни. Развивая свою, и ныне актуальную, социально – культурную теорию Л.С. Выготский доказывает, что в общении (неважно учитель или значимый для ребенка сверстник) достигается новый учебный уровень, который не мог быть достигнут самостоятельно. Этот потенциал учебного общения помогает достигать «Зону Ближайшего Развития». И очень хотелось бы, что во время подобного общения учитель действовал как «рефлексивный агент» - грамотно реагируя на работу группы или пары, стимулируя развитие их обучения [3, с.121].

5. Интерактивное формирование умений и навыков, которые оцениваются посредством понятных ученику критериев.

Обладающий саморегуляцией взрослый человек понимает, что невозможно достичь успеха, если не знаешь точной цели, если не спланируешь этапы её достижения. Ребенка же к этому пониманию должен привести учитель на уроках в школе. Схема: постановка цели – общее планирование (определение этапов продвижения) – обучение-практика – оценивание достигнутого – детальное планирование. Данная схема должна прививаться ребенку с первых дней нахождения в школе. Планирование обучения плавно подведет ребенка к мысли о необходимости выработки критериев, которые помогут верно оценить продвижение и убедиться, что обучение и развитие происходит в нужном направлении. Поэтому необходимо планировать уроки с включением опыта ваших учеников, изучайте их образовательные нужды и потребности, обеспечивайте их необходимой экспериментальной средой на уроке и вы удивитесь открывшимся вам возможностям.

6. Рефлексия: ученик понимает, зачем ему учиться, как ему учиться и чему для него важно учиться.

Человек существо социальное, поэтому каждому из нас важна реакция окружающих на наши слова, действия, поступки. Так и ребенку на уроке необходима обратная связь. Реакция одноклассников, самого учителя стимулирует его внутреннюю рефлексию, дальнейшее обдумывание возникших в процессе урока собственных идей. Предоставляемая обратная связь должна быть толерантной, не забывайте хвалить своих учеников: одно вовремя сказанное слово может окрылить вашего ученика, и вы получите активного мыслителя на много уроков вперед. Но не превратите похвалу в нечто обыденное и приевшееся, похвала должна быть заслуженной, более того грамотно прокомментированной и не обязательно только учителем.



Совместный анализ причин результата позволит ученику в дальнейшем улучшить результат правильно спланированными действиями [2, с.26].

7. Личность учителя.

Роль учителя в создании комфортной среды неизмерима. Нужно быть приветливым, доброжелательным, терпеливым, высокообразованным, интеллигентным, справедливым, обладать чувством юмора и верить в детей. Это не набор прилагательных – это выборка из анкеты наших учеников «Какой учитель тебе нужен?». Стать «значимым взрослым» (по Выготскому) в жизни школьника и вы много сумеете достичь вместе.

В связи со всем выше изложенным, хотелось бы вспомнить одну известную притчу: жил когда-то Мудрец, который знал всё. Один человек захотел доказать, что Мудрец знает не всё. Зажав в ладонях бабочку, он спросил: «Скажи, Мудрец, какая бабочка у меня в руках: мёртвая или живая?». А сам думает: «Скажет живая - я её умертвляю, скажет мёртвая - выпущу». Задумался Мудрец и ответил: «Всё в твоих руках».

Именно в руках мудрого учителя находится возможность создать в классе такую атмосферу благоприятного обучения, в которой дети будут чувствовать себя спокойными и уверенными, будут становиться людьми, готовыми и умеющими учиться всю жизнь

Список литературы:

1. Закон Республики Казахстан «Об образовании» 11.07.2017г.
2. Об особенностях организации образовательного процесса в общеобразовательных школах РК в 2019 – 2020 учебном году. ИМП, Нур-Султан, 2019г.
3. Руководство для учителя. АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2012 г.

БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДА ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ МАҢЫЗЫ
ИЗТЕЛЕУОВА Динара Батырбековна, ИБАДУЛЛАЕВА Салтанат Жарылқасымовна
Химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі, Қорқыт Ата атындағы ҚМУ
Қызылорда, Қазақстан
Erlan_0505@mail.ru

Биологияны оқытудың заманауи әдістемесінде оқытудың әр түрлі нысандары мен әдістерінің оңтайлы үйлесіміне үлкен мән беріледі. Бұл оқушылардың биологиялық курстарының ерекшеліктерін, жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие міндеттерін неғұрлым тиімді шешуге мүмкіндік береді. Осыған байланысты педагогикада оқуға теріс көзқарасты тудырып қана қоймай, балалардың денсаулығына зиянды әсер ететін оқушылардың шамадан тыс жүктелуіне жол бермейтін тиімді және жемісті оқу-тәрбие үдерісінің әдістері, құралдары мен тәсілдерін әзірлеу мәселесі туындайды.

Бұл мәселені оқыту үдерісінде дәстүрлі емес әдістермен және әдістермен қатар дидактикалық ойын сияқты оқыту құралдарын пайдалана отырып шешуге болады.

Дидактика – бұл ежелгі грек сөзі, яғни «didaktikos» – үйретуші, «diddaskalos» – мұғалім деген ұғымды білдіреді. Дидактика – білім беру мен оқытудың теориялық және әдістемелік негіздерін зерттейтін педагогика ғылымының саласы [1].

Дидактикалық ойындарды қолдану өте өзекті, өйткені олар оқушылардың өзін-өзі құрметтеуін, өзін-өзі бағалауын, қоршаған ортаға деген құрметін арттыруға мүмкіндік береді. Ойын қазіргі мектеп алдында тұрған басты мәселені шешуге мүмкіндік береді, олар: балалардың оқуға деген құлшынысы, үлкен ақпараттық жүктеме. Ойын барысында ең белсенді оқушы сабаққа қосылады, балалар әдеттегі сабақтан бірнеше есе артық тапсырмалар көлемін орындауға қабілетті.

Ойынды психологиялық дамудың әр жағдайында коррекциялық бағытта қолдану мәселесінің теориялық және әдістемелік негіздері: А.Фрейд, К.Роджерс, Д.Леви, Д.Торф және т.б. еңбектерінде ғылыми позицияларға байланысты әрқилы сипатталады.



Осы ойын әрекетінің бала психологиясының дамуына шешуші қызмет атқаратындығы жайында Ж. Аймауытов, Т. Тәжібаев, М. Жұмабаев, С. Торайғыров, Ш. Кұдайбердіұлы т.б. қоғам қайраткерлерінен бізге мұра болып қалған еңбектерінде айрықша атап өтілген [2,3].

Сабақта ойындарды өткізу жақсы дайындалған оқушыларды да, материалды нашар білетін оқушыларды да белсенді жұмысқа қосуға мүмкіндік береді.

Ойын - белсенді қызметтің бір түрі. Ол тең дәрежеде білім алуға, осы процесті жандандыруға, сондай-ақ жеке тұлғаның көптеген қасиеттерін дамытуға ықпал етеді.

Ойынның маңызы туралы В.А.Сухломинский: «Ойынсыз ақыл-ойдың толыққанды дамуы мүмкін емес. Ойын - бұл үлкен жарқын терезе, ол арқылы баланың рухани әлеміне көріністер мен ұғымдардың жанды ағыны құйылады. Ойын - бұл құмарлық пен білім алушылықтың оты» [4].

Өз тәжірибемді арқылы дидактикалық ойындар оқу үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Өз жұмысымда дидактикалық ойындар мен ойын жаттығуларының келесі түрлерін қолданамын.

«Крестиктер-ноликтер» ойыны. Екі команда құрылады – «Крестиктер» және «Ноликтер». Командадағы адам саны - 10. Тақтаға «Крестиктер-ноликтер» ойын алаңы ілінеді, онда 9 ойын жасушалары:

1	2	3
4	5	6
7	8	9

Топ (мысалы, «крестиктер») ойын алаңын таңдайды. Жүргізуші сұрақ қояды. Егер сұраққа жауап берген команда дұрыс жауап берсе, ойын алаңында олардың командасының белгісі пайда болады. Егер жоқ болса-қарсыластар командалары. Ойын, егер командалардың бірі «Крестиктер-ноликтер» ойынында ойын алаңын жапса, аяқталады. Егер сызықтар болмаса, жеңімпаз команда ұпай бойынша анықталады.

Бірінші жүрісті анықтау үшін сұрақ: генетика терминіне түсінік беру. Сұрақтар:

1. Әйелде бірінші қан тобы бар, ал ер адам екінші қан тобы. Балаларда қандай қан топтары болуы мүмкін?
2. Бұл моногибридті теңдеулер?
3. Әйелде бірінші қан тобы бар, ал ер адам төртінші қан тобы. Балаларда қандай қан топтары болуы мүмкін?
4. Талдаушы шағылысу дегеніміз не?
5. Менделдің бірінші заңын тұжырымдаңыз.
6. Дигибридті будандастыру дегеніміз не?
7. Әйелде бірінші қан тобы бар, ал ер адам үшінші қан тобы бар. Балаларда қандай қан топтары болуы мүмкін?
8. Менделдің екінші заңын тұжырымдаңыз.
9. Әйелде екінші қан тобы бар, ал ер адам үшінш қан тобы бар. Балаларда қандай қан топтары болуы мүмкін?


«Жапалақ» ойыны. Алаң шетінде бір бала жапалақ болып тұрады. Қалған балалар көбелек, құс, шегіртке кейіпін келтіреді. Мұғалім «күн батты» деген белгі бергенде барлығы тынышталады. Жапалақ аңдып жүреді. Кім қозғалса, жапалақ соны ұстап алады. «Күн шықты» дегенде барлығы тіріліп, әртүрлі жәндіктерге тән қимылын жасайды. Ойын бірнеше рет қайталанады. Ойын ән әуенімен ойналады. Ән күшейсе, күн бәсеңдесе, түн болады [4].

«Жинақтау» ойыны. Сыныпта 4(төрт) топ құрылады, әр топқа бір-бір конверт таратылып беріледі. Конверттің ішінде тірек-қимыл жүйесіне қатысты терминдер орналасқан. Топтар кезек-кезек тақтада көрсетіліп тұрған қаңқаның атауларын анықтап орналастырады. Егерде топ қателессе, кезек келесі топқа беріледі.

шынтақ	жамбас сүйектері
құйымшақ	өкше сүйек
омыртқа бұғанасы	бұғана
саусақ сүйектері	сегізкөз



ортан жілік	жауырын
тоқпан жілік	төс
бақай сүйектері	кәрі жілік
асықты жілік шыбығы	қабырғалар
білезік сүйектері	табан сүйектері
асықты жілік	бассүйек
алақан сүйектері	тізе тобығы





«Жасушалық викторина» ойыны.

Сыныпта 4(төрт) топ құрылады. Топтар қойылған сұрақтарға кезектесе отырып жауап береді. Жауаптары дұрыс болмаса кезек келесі топқа өтеді.

1. Хромосома дегеніміз -
2. Ген дегеніміз -
3. ДНК дегеніміз -
4. Қосшыыршық дегеніміз -
5. Адам денесіндегі әрбір сомалық жасуша ядросында неше хромосома бар?
6. Жыныс жасушаларының ядросында қандай хромосома болады?
7. Хромосома қандай қасиетті тасымалдайды?
8. Генетикалық код молекула бойымен ұзыннан тізбектеліп орналасқан не деп аталатын төрт негізден тұрады?
9. Адам жасушасы шамамен қанша геннен тұрады?
10. ДНҚ ненің алдында көшіріледі, сондықтан пайда болған жасушалар жұмыс істеп тұруына қажетті барлық гендердің көшірмесін ие болады.
11. Жасушадағы генетикалық материалы не деп аталады?
12. Ядродағы ДНҚ-ны сақтайтын құрылымдар қалай аталады?
13. ДНҚ жасушаның қай жерінде болады?
14. Денеміздің әрбір жасушасында ненің біреуі бізге әкемізден, біреуі – шешемізден беріледі?
15. Сомалық жасушаның ядросында әр аллелде геннің қандай көшірмесі болады?
16. Тері жаушасы мен қан жасушасы хромосомалары арасында ұқсастық бар ма, әлде бірдей ме?
17. Аравиялық бөкеннің сомалық жасушасында 58 хромосома бар. Олардың гаметаларының ядросында қанша хромосома балады?
18. Белгі деп нені түсіну керек екеніне мысалдар келтіріңіз.

«Суреттер сөйлейді» ойыны. Сыныпта 4(төрт) топ құрылады, әр топқа бір-бір суреттен беріледі. Әр екі топтың суреттері ұқсас болады. Білім алушылар суреттегі таңбалардың атауларын жазулары керек.



«Атом және молекула» ойыны арқылы 2 топқа біріктіріп, келесі тапсырманы оындайды:

I топ – Абиотикалық факторлар

II топ – Биотикалық факторлардың ерекшеліктерін зерттейді.

Оқушылар жиналған ақпарат көздерімен бір – бірімен «Әткеншек» стратегиясы бойынша алмасады.

Әр топ алған білімдерін қолдана отырып келесі тапсырманы орындайды:

I топ – Бидай;

II топ – Түлкіге әсер ететін экологиялық факторларды анықтау

Дидактикалық ойын көп жағдайда оқу материалын үйренуге қол жетімділікті қамтамасыз етеді [5].

Әдебиет:

1. Большая энциклопедия природы для детей. – Бельгия: Шантеклер, 1994.
2. Аужанова Н.Б. Внеклассная работа по биологии. Учебное пособие. – Алматы: Даир, 2008. – 240 с.
3. Аужанова Н.Б. Дидактические игры по биологии и экологии. Методические рекомендации. – Алматы: Даир, 2008. – 88 с.
4. Аужанова Н.Б. Игра как средство развития интереса к биологии. Методическое пособие для учителей – биологов. – Алматы: Даир, 2009. – 90 с.
5. Биология в вопросах и ответах. – М.: Межд. отношения, 1994.

FORGOTTEN KAZAKH WEDDING TRADITIONS КАЙДАРОВА Торғын Кайратовна, ТУРСЫНБАЕВА А.О.

ЕНУ им. Л.Гумилева
Нур-Султан, Казахстан
torgynkaidarova@gmail.com

Annotation

According to the Kazakh customs, they regulated their relationship, silently understood and respected each other. Some of those traditions are now forgotten. The Kazakh customs have given rise to good relations and co-operation between brothers, relatives and neighbors. However, they were out of use and forgotten.

Аннотация

Қазақ салт-дәстүрге сүйене отырып, өзара қарым-қатынасын реттеп отырған, бір-бірін үнсіз түсініп, сыйласқан. Қазір сол дәстүрдің біразы ұмыт болды. Қазақтың салт-дәстүрі



ағайын, туған-туыс, көршілер арасында жақсы қарым-қатынастың қалыптасуына және ынтымақтастықта өмір сүруіне жол ашқан. Десек те қолданыстан мүлдем шығып, ұмыт болғандары да жетерлік екен.

Today, there are regions where their names are changed, but some customs are still preserved. Suffering is common in the western and southern regions of Kazakhstan, without neglecting Kazakh customs. For example, the tradition of horseback, kneeling, forgiving, relocating, shuffling, loosening, giving, inheriting, giving in, warming up, saying goodbye, nailing a horse are preserved. According to Dandai Iskak, a scholar and researcher of Kazakh customs, the Kazakh people have never shied away from traditions.

- People who respect and honor the Kazakh customs. Because through that, all relationships were streamlined. That is, many problems have been solved by tradition. They have even considered ways to make money and to make good progress with them.

For example, if we take the tradition of "We are shanyshar", we can see the steps taken by the Kazakh in care of the child and its future.

Biz shanyshar

Earlier Kazakhs had been waiting for their guests free of charge, for which they had to pre-select special dormitories, a dining room, waiters and even a car. In case of improper care of the guest, he was reprimanded and even fined. For example, if a white dish of meat was offered to a guest, the penalty would be paid.

One of these many free foods is lunch. They drank Kazakh lunches during the summer when the cane's shadow disappeared and the sun shone over the roof. Those who arrive at this time will go home with their families, having tea and eating. Often they do not land [1, p. 17].

And those who came to our "snack" would not talk to anyone, would collect their horse's saddle, and would not leave after lunch. The owner of the house will sacrifice cattle for the guest. The one who landed departs the next morning at noon and silently. This is usually the case. After the guest left, the housewives realized that they had a shuffle and immediately dropped off a syrup. Looking for the shelf. Then they see us cracking down and find out that the shelf is gone.

It means, "The boy is beautiful, the girl is young. We also have a horny baby. You have a blonde. Let's have fun." If the house with a girl does not ask for a ridge, the slopping's that have become the guest will come and the rains will come.

Sharpener is a tool used by boys and the needle is female. Bread is needed for donations, needles for embroidery, clothes. We hit the shackles by the shoals - it means we have a son and a son in this family. And taking the shelf means letting us be a dragon, " says Denday Isaac.

Kuda kutu

When the kuda are waiting, they'll make fun of them, mock them and make fun of them, except the older, more respected people. People laughed.

For example, a trap is trapped in front of a door, and it hangs tightly on the end of an incoming well. When they left the house, the two women brought two frogs and a reward for performing froggy style with their heads pointing. She wiped the bundles, put on her clothes, and wore a camel's bead that she had knotted with a thread, and tied her neck around them. They even dragged her into the sewer with her clothes on top [2, p. 74].

There is also a tradition of removing the yurts and yurts from the yurts and tossing one of the yurts between the women sitting on the bed. They tuck it in the middle, tucking, cracking, and squeezing it out until it snaps out of the door, as if it were fitting on one sleeve, one leg, and the other. In some cases, a well-known lioness jumps out of the limelight as soon as she brings her horse in. Undeterred, he stepped out of the step, as the women panicked. And women who have been stranded have no choice but to make fun of one another.

Baldyz kalyn

When the bride dies, her husband has the right to return the bridegroom he paid, and to have the second daughter in the family.

If she has no other daughter in the house, half of the livestock paid will be returned. And the husband would go to the thief and get his fortune, and if he agreed, he would pay the "thick star" and



nine camels, which are before the camels, upon the former thick. If the thief did not come, the "thick star" will not be paid [3, p. 123].

Aushadiyar tradition

A traditional song, a poem that is sung at a wedding. And it is not just a song, it is a song of aitys, which has a special national educational significance. The author, Wahap Kydyrkanov, searched for it. Samples of this poem called Aushadiyar were kept and transmitted by Kazakhs abroad. Honestly, this is not the case in modern Kazakhstan, it has completely disappeared from people's memory.

There is a tradition of recounting the touches of such intelligence, example, example, and upbringing. If we were to introduce this kind of nationalistic way of life, our cultural treasures and art would grow [2, p. 20].

Kogentup, zhirenkuiryk

The ceremony was performed in honor of the nieces born of the girl. The purpose of it is to show that the nephew is also respected among the fairies. Little children, often accompanied by their parents on a long trip, are called calves, slaves, or lambs. This is the blueing. Failure to report the bluebirds later was considered immorality and materialism.

And the broom is made to the child who is the nephew of the same family. That is, the cousin respected the nephew who had come to the people, as if in a dream, and fulfilled his three wishes without any hesitation. In some regions they are called "forty goats".

Basire atau

One of the ancient customs. A young baby whose parents put in a piece for their child is called "shuffle". The baby is made to fit the needs of the child. It should not be confused with the marking of the animals', - says researchers. Tradition was an instrument of education.

"There are a lot of traditions in Kazakh which bring up children in charity, brotherhood and labor", says Kuralai Sarsembina. Because the ethnographer said that the importance of continuity, of the dynasty, and of the upbringing of the younger generation was crucial.

Famous public figure Mustafa Shokai said, "There is no good culture in the national culture that generates a spiritually capable citizen who would not caress the interests and interests of our people." Therefore it is necessary to combine tradition and education.

For example, there is a great tradition to help. This tradition is still passed down from generation to generation. Helping - When a rural man was passing by someone's house, seeing a brick and building a house, he did not pass. He helped and helped. That is, through this tradition a person was brought up in charity and compassion.

Koi basty

Making felt in the village was one of the most difficult tasks. Wool is first treated, then dyed, boiled, dried, and wrapped. A rope is passed from under the coil to the end of the thread, holding it by the end of the thread, and passing it between the houses. When approaching any house, they shout, "Sheep, herd." Hearing this, the women at home give boursaks, kumys, and worms to their yurts. It's a tradition of humor, but it is respectful. There is a similar tradition of "shuffling". When the wool was over, the host invited her to a table to show respect to the women who helped, "says the ethnographer.

Kotendestiru

Although some Kazakh traditions are obscure, they still have a lot of education for those who understand. One of them is the ritual of indulgence. According to the tradition, it is forbidden for two women to give birth to each other until they have a baby. Thus, the infection was prevented. So, after 40 days, the hostess, who invited the two women to visit her, made the first visit to the side. The second one is supported by the first woman. Under the householder's mark, the two women passed the guest's left hand over to the woman under his left foot, who was holding his right shoulder. In that way, they reunited and communicated freely. And the gift was given to the woman who had the custom at home.

In general, the Kazakh tradition can be traced to the behavior, identity and outlook of the people, culture, language and religion, and the way of life. That is why we need to be able to explain



to the children the root of the traditions, the meaning, the golden pole. Because the first source of national upbringing is the family and the second one is school.

The Kazakh proverb says, "Don't bring up your son, raise your son." The tradition that the parents have seen will continue tomorrow with their son. Even the Kazakhs did not neglect the beginning and the end of any business. For example, at the end of the forties, we had a cup of tea, one after the other. Autumn tea is a holiday of forty. Villagers sang, played games, and had fun. Because this tradition brought up kindness, solidarity and hard work [3, p. 12].

According to Kazakh tradition, when he received a rich harvest, he gave his relatives, friends, and fellow villagers a surplus. It showed the Kazakh nobility.

The harvest (gift of oil, flour, wheat) was donated to the villagers who assisted during the harvest. It was called the bride's bottom.

Khan talau

For the Kazakh people, power and wealth were not the highest values. Appreciated the qualities of conscience, shame, honor, morality and justice, "says Kuralai Sarsembina. - The people did not justify their beliefs, and the poor khan was punished by his people. The property and property belonging to the Khan were seized. It was called not khan, but khan. The hungry people made such a decision when the Khan was disappointed. The same decision was used by prominent activists, sultans, and presidents.

That is why people in need often helped poor families, widows. One example is that a poor man temporarily borrowed horse oil from a wealthy person, and sometimes from close relatives and relatives. It's a tradition to ask for horse fat. In this way, the villagers show compassion and care for each other [1, p. 107].

Dengene

You can also find traditions and customs that are organized in Kazakh as a competition. One of them is the dengen tradition, which is mentioned in the book *The Traditions of the Kazakh People*.

Three or four guys from a neighboring village first picked up their driveway and went to that house, shouting, "Dengen! We are here to eat!" When the hostess heard the word, he slaughtered one fat lamb and turned the whole meat into a cauldron. The boys come in for tradition to eat the whole lamb and drink its soup. If they were not exhausted, they had to return one sheep to two sheep.

Syalgy

Hunting in Kazakhstan was a big holiday. But no matter how attractive they were, they did not shoot at the animals with special features. The animals were not touched, especially near the head. Because they were afraid of the clothes of every beast. And the hunter who had returned to hunting, grinding his knives, gave the beast he had shot unknowingly to the person who called him "Maisland." The huntsman's gift was called "beer". However, the capture of a trapped animal was not a burglary. But something had to be left in place [2, p. 87].

Researchers of the Kazakh tradition say that it is unlikely that the forgotten customs will ever come into use again. Therefore, it is imperative that the tradition be preserved and that it is learned and taught by the pupils first. Researchers say that by sticking to the old-fashioned tradition of history, they will be quick to support it.

List of used literature

1. Үйлену тойы; қазақ халқының үйлену тойына байланысты салт-дәстүрлері / - Алматы : Көшпенділер, 2002. – 128 б.
2. Тал бесіктен жер бесікке дейін: Қазақтың отбасылық ғұрып жырлары / - Ана тілі, 199. – 269 б.
3. Қазақ халқының салт-дәстүрлері / - Алматы : Көшпенділер, 2007. – 159 б.



КӘСІБИ ПРАКТИКАНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

КАРИМОВА Назерке Амангелдықызы, Д.Р.ОНТАГАРОВА

Шәкәрім атындағы университеті

Семей, Қазақстан

nazerke.karim.96@mail.ru

Аннотация

Профессиональная практика имеет важное значение для формирования компетенций будущих специалистов. Целью практики является закрепление, углубление полученных знаний и совершенствование теоретических знаний, полученных при освоении профессиональных образовательных программ, практическими действиями. Подготовительный, пропедевтический, формирующий и заключительный этапы профессиональной (педагогической) практики студентов включают в себя специальные практические задания, подготавливаемые к формированию профессиональных компетенций.

Ключевые слова: учебная практика, производственная практика, Преддипломная практика, педагогическая практика, исследовательская практика.

Аңдатпа

Болашақ мамандардың құзіреттіліктерін қалыптастыруда кәсіби практиканың маңызы зор. Практиканың мақсаты білім алушылардың алған құзырлығын нығайту, тереңдету және кәсіби білім беру бағдарламаларын меңгеру барысында алған теориялық білімдерін тәжірибелік әрекеттермен практика жүзінде шыңдау. Студенттердің кәсіби (педагогикалық) практикасының дайындық, пропедевтикалық, қалыптастырушы және қорытынды кезеңдері кәсіби құзіреттіліктерінің қалыптасуына дайындайтын арнайы практикалық тапсырмаларды қамтиды.

Түйін сөздер: оқу практикасы, өндірістік практика, дипломалды практика, педагогикалық практика, зерттеу практикасы.

Мақсаты: Студенттерде кәсіби практиканы оқыту барысын ұйымдастыру.

Білім алушылардың практикасы жоғары оқу орнында оқу үрдісінде алынған теориялық білімді бекітуге, тәрбиелік дағдылар мен құзіреттіліктерді меңгеруге, сондай - ақ озық тәжірибені меңгеруге бағытталған жоғары / жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімнің білім беру бағдарламасының құрамдас бөлігі болып табылады.


Қазіргі таңда жоғары білім жүйесінде бәсекеге қабілетті маман даярлау үшін, алдымен маманның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал ететін кәсіби практиканың мәселелерін шешу қажеттілігі жиі айтылуда.

Кәсіби практика жоғары оқу орнында алған теориялық білімді бекіту, тәжірибелік машықты және құзыреттілікті арттыру үшін, сонымен бірге озық тәжірибе жинақтау үшін бағытталған [1].

Педагогикалық мамандықтарда келесі кәсіби практикалардың келесі түрлері енгізілген: оқу, педагогикалық, өндірістік, дипломалды. Кестеде аталған практиканың мақсат, міндеттері сипатталған.



Кесте1- Кәсіби практика түрлері, мақсат, міндеттері



Студенттердің практикасының барлық түрлерін ұйымдастыру оқытудың әр түрлі курстарында студенттердің кәсіби қызметін үздіксіз және жүйелі меңгеруін қамтамасыз етуге бағытталған.

Білім беру бағдарламасы бойынша оқытын студенттер практикасының негізгі түрлері оқу және өндірістік тәжірибе болып табылады.

Кәсіби-педагогикалық практиканың ерекшелігі – студенттер мұғалімнің кәсіби еңбегінің проблемалары шеңберіне еніп, оның жұмысының нақты мазмұнымен және көлемімен танысады, әрбір студент мұғалім іс-әрекетінің барлық түріне қатысады. Практика кезінде студент мазмұны жағынан да, көлемі жағынан да кәсіби мұғалімнің жұмысын атқарады. Кәсіби практиканың тиімділігін арттыру міндеті теориялық білімді саналы түрде қолдануды талап етеді [2].

Практика барысында пән мұғаліміне тән кәсіби-педагогикалық білікті меңгеруге жағдай жасайды. Мысалы, сабақтың ақпараттық, коммуникативтік және проблеманы шешу құзіреттілігі мақсаттарын анықтап шеше білу, оқу материалын іріктей білу, оқытудың түрлерін, әдістерін, тәсілдерін, оқу құралдары мен техникалық құралдарын таңдай білу, т.с.с.

Көптеген студенттердің педагогикалық жұмысқа қызығушылық сезімі кәсіби педагогикалық практика кезінде оянаатынын тәжірибе көрсетіп жүр. Тәжірибелі мұғалімдердің өнегесі, оқушылармен күнделікті қарым-қатынас, студенттердің мұғалімдік мамандыққа қызығушылығын арттыруға, балаларды сүйуге, мектеп жұмысына жауапкершілік көзқарас қалыптасуына өз әсерін тигізеді.

Қарастырылған практика түрлерінің тиімділігі, көбінесе, студенттердің белсенділігіне, жұмысқа шығармашылық көзқарастарына байланысты. Сонымен қатар студент оқу процесінде алған теориялық білімін практикалық іс-әрекетінде сапалы түрде қолдана білуі маңызды.

Кәсіби даярлық білім алушының мамандығының бейініне сәйкес келетін ұйымдарда (кәсіпорындарда, мекемелерде) өткізіледі, кәсіби практиканың ұзақтығы мамандық бойынша



оқу жоспарына сәйкес белгіленеді, жұмыс беруші ұйымдармен әлеуметтік серіктестік туралы шарттар жасау негізінде жүзеге және оны асырылады білім алушылардың кәсіптік практикасы басталғанға дейін бір ай бұрын жасалады [3].

Кәсіби практиканы (барлық түрлері) жоспарлау, ұйымдастыру және өткізу мыналарды қамтамасыз етуі қажет:

- негізгі еңбек функцияларын орындауға мамандарды даярлаудың толықтығы мен біртұтастығы;
 - кәсіби практиканың теориялық оқытумен байланысы және оның барлық түрлерінің сабақтастығы;
 - білім алушылардың дағдыларын дәйекті қалыптастыру және практиканың бір түрінен екінші түріне өтудегі олардың ауырлауы;
 - қоршаған орта жағдайын зерделеу, бағалау бойынша санаткерлік және практикалық дағдылар жүйесін дамыту;
 - өндірісті ұйымдастырудың жаңа экологиялық қауіпсіз технологиясымен танысу.
- Кәсіби практиканы өткізу төмендегі жағдайларды ескере отырып жүзеге асырылады:
- біртұтас педагогикалық үрдісті маманның кәсіби қызметінің нысаны ретінде түсінуге бағытталған теориялық және практикалық дайындықтың өзара байланысы;
 - студенттің білім алатын мамандығына байланысты кәсіби практиканың бірінші курстан бастап бітіруші курсқа дейінгі кезеңділігі және жүйелілігі;
 - кәсіби практиканы өту барысында болашақ маманның ғылыми-зерттеушілік жұмысқа бағыттау;
 - кәсіби практиканың нақты мамандыққа бағытталуы.

Студенттердің кәсіби (педагогикалық) практикасы 4 кезеңді қамтиды: дайындық, пропедевтикалық, қалыптастырушы және қорытынды. Бұлардың әрқайсысы студенттердің кәсіби қызметтерін, олардың кәсіби күзіреттіліктерінің қалыптасуына дайындайтын арнайы практикалық тапсырмаларды жүзеге асырады.

Дайындық – практиканың білім жүйесін, қызмет нормативтерін және бағаларын, жұмыс бағдарламасын дайындау мен бекітумен; практика базаларын анықтау мен оларға студенттерді бөлумен; практиканттар мен дайындаушы кафедра әдіскерлерінің жұмыстарының сәйкестілігімен; практикаға дайындау бойынша конференциялар, семинарлар, практикумдарды өткізуді ұйымдастырумен байланысты кезең.

Пропедевтикалық кезеңі - бұл кезеңде студенттер мектеппен, оның құрылымымен, кәсіби қызметтерін жүзеге асыратын әкімшілік және нормативті құжаттарымен, негізгі бағыттары мен ішкі тәртіптерінің ережелерімен, мектеп жұмысының принциптері мен әдістерімен оның дәстүрлерімен танысады. Практиканттар практика кезеңіндегі жеке жұмыс жоспарын анықтайды, оларға жаңа кәсіби статус беретін талап жүйелерімен танысады.

Құрылымдық - бекітілген кәсіби қызмет бағдарламасын және практикалық, зерттеу тапсырмалары жүйесін орындаумен, есеп құжаттарын жүргізумен, кәсіби білік пен дағдыны іске асырумен, теориялық білімді практикалық жұмыста бекітумен байланысты кезең [4].

Қорытынды - практиканттардың есеп жазуы мен күнделікті және басқа да есеп құжаттарын бекіту, студенттің практикалық қызмет көлемі мен сапасының балдық бағасы көрсетілген мінездемесін қоса практикалық қызметтің нәтижелерін ресімдейтін кезең. Қорытынды конференциялар өткізіледі, студенттердің жалпы білім көрсеткіші ретінде дайындығы мен олардың ЖОО оқу сапасы, кәсіби практиканың (сандық, сапалық, кешендік және аспектілік нәтижелері талданады.

Студенттердің оқу және өндірістік іс-тәжірибесін ұйымдастыруға жетекшілік ететін тәжірибесі және жүргізілген талдау нәтижелерін анықтау бойынша осы салада бар бірқатар проблемалар бар екенін анықтады.

Кәсіби практиканың ұйымдастырылуына байланысты мәселелерді анықтау мақсатында университет кафедралары мен колледждің практика жетекшілерінен «Практика жетекшісінің университет білім алушылармен қанағаттануы» атты сауалнама жүргізілді (2 кесте).



Кесте - 2 - «Практика жетекшісінің университет білім алушылармен қанағаттануы» атты практика жетекшісінің анкетасы

№	Саулнама сұрақтары	1	2	3	4	5
1	Студенттің теориялық дайындығының деңгейі					
2	Студенттің кәсіби дайындығының деңгейі					
3	Белгілі бір педагогикалық тапсырманы шешудегі кәсіптік дағдыларды қолдану біліктілігі					
4	Қойылған міндетті шешудегі өзіндік қабілеті					
5	Кәсіби әдебиетпен жұмыс істеу дағдысы					
6	Еңбексүйгіштігі, жұмысқа қабілеттілігі және орындаушылық тәртібі					
7	Коммуникабельділігі, командада жұмыс істей білуі					
8	Эрудиция					
9	Ұйымдастырушылық қабілеті					
10	Студенттер үшін практика базасының жеткілікті мүмкіндіктерінің болуы					
11	Практиканы жақсарту бойынша сіздің ұсыныстарыңыз	/мәтіндік кеңістік (кеңейту қажетті, ұсыныстарды жазу үшін)				

Саулнама нәтижесінде практиканы ұйымдастыруды жақсарту бойынша төмендегідей ұсыныстар берілді:

біріншіден, студенттердің оқу, психолого-педагогикалық практикасы теориялық оқу мерзімімен қатарлас жүреді де, студенттер практикаға сабақтан тыс уақытта немесе мектепте сабақ аяқталған уақытқа (мамыр-маусым) барады, ал бұл практика міндеттерінің сапасына кері әсер етеді.

екіншіден, қазіргі уақытта практика жетекшілері кафедрада жоғары аудиториялық жүктемеге ие болуына байланысты, практика барысын қадағалауда жүйелілік болмайды;

үшіншіден, бакалаврларда өндірістік практика барысында студенттер тек практика бағдарламасын өту ғана емес, сондай-ақ бітіру жұмыстары үшін материалдар жинау қажет болғандықтан, 10 апталық мерзімді ұзарту қажеттілігі туындайды.


төртіншіден, студенттердің практика қорытындысы бойынша бірыңғай ортақ бағалау критерийлердің болуы қажет.

Саулнама нәтижесінің талданған тағы бір бағыты, практика жетекшілерінің студенттердің практикаға қатысты құзырлықтарына қанағаттануын бағалау болды.

Бағалау 5 деңгей бойынша жүзеге асырылады [5]. Көрсетілген деңгейлер белгілі бір пайызға сәйкестендірілді.

1-ші деңгей «мүлде қанағаттандырмайды»;	0% - 20%
2-ші деңгей «негізінен қанағаттандырмайды»;	21% - 40%
3-ші деңгей «ішінара қанағаттандырады»;	41% - 60%
4-ші деңгей «негізінен қанағаттандырады»;	61% - 80%
5-ші деңгей «түгел қанағаттандырады».	81% - 100%

Практика жетекшілерімен сауалнама жүргізгендегі нәтижесі сурет-1 көрсетілді.



Сурет - 1 Практика жетекшілерінің студенттердің кәсіби құзырлықтарына қанағаттану көрсеткіштері

Талдау нәтижесі практика жетекшілерінің студенттердің кәсіби құзырлықтарына қанағаттану көрсеткіштері жалпы алғанда 68% - 90% аралығын құрады, яғни «негізінен қанағаттандырады», «түгел қанағаттандырады» деңгейлеріне сәйкес. Дегенмен «қойылған міндетті шешудегі өзіндік қабілеті» студенттерді ғылыми жұмыстарға тарту, практика барысында педагогикалық эксперимент қоюға үйретуге мән беру керектігін көрсетеді.

Қорыта айтқанда, білім алушылардың кәсіби практиканың ұйымдастыру мәселелері толық деңгейде болады егерде студенттердің кәсіби құзырлықтары, жоғарыда аталған мәселелер шешімін тапса өз деңгейінде жүзеге асырылады. Мақсатты ұйымдастырылған және тиінақты өткізілген практика студенттерді оқыту мен тәрбие жұмысының қазіргі өмірімен байланысын күшейтуге, студенттің пән бойынша психологиялық – педагогикалық білімінің қалыптасуына оң әсерін тигізеді. Кәсіби практика барысында, студенттер болашақ қызметінің қыр-сырын тікелей жұмыс орнында танып, психологиялық және кәсіби бейімделуден өтеді. Практика болашақ мамандардың кәсіби біліктілігі мен дағдыларын қалыптастыруда үлкен және маңызды рөл атқарады. Практикадан өту барысында студенттердің теориялық білімдері тереңдетіледі, кеңейеді, нығайтылады. Студенттердің кәсіби білік-дағдылары мен кәсіби-тұлғалық қабілеттері қалыптасып, шығармашылық белсенділігі мен дербестігі дамиды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Өнербаева З.О. Болашақ химия мұғалімінің кәсіби даярлаудың теориялық және практикалық мәні мен сапасы [Текст] / Өнербаева З.О. // Ізденіс - Поиск Гуманитарлық ғылымдар сериясы. - 2009. - №1. - Б.270 - 273.
2. Иманқұлова Л. Педагогикалық практика және кәсіби іскерлікті қалыптастыру [Текст] / Л. Иманқұлова // Қазақстан мектебі. - 2012. - №7. - Б.36-38
3. Аманқұлов К. Болашақ мамандарды кәсіби даярлаудағы педагогикалық практиканың орны / К. Аманқұлов // Ұлт тағылымы. - 2008. - №4. - Б. 18 - 20



4. С. Қ. Бердібаева, А.И. Гарбер, Н.М. Садықова. Әл - Фараби атындағы Қаз ҰУ хабаршысы / С. Қ. Бердібаева, А.И. Гарбер, Н.М. Садықова// Психология және социология сериясы. - 2016. - №2. - Б.198 - 202

5. Орманов А. Бүгінгі практикант - ертеңгі маман /А.Орманов// Абай. - 2016. -№5. - Б.73-76

ОТЫРАР ҚОРЫҚ-МУЗЕЙІ ҚОРЫНДАҒЫ ЗЕРГЕРЛІК БҰЙЫМДАР ҚҰНДЫЛЫҒЫ

КЕМЕЛОВА Қалипа Шахизадақызы

Отырар мемлекеттік қорық-музейі РМҚК

Отырар ауданы, Түркістан облысы Қазақстан

halipa.kemelova@mail.ru

Резюме

В статье представлена информация о ювелирных изделиях казахского народа в качестве украшений не только для красоты но и их обрядовый смысл и значение.

Summary

The article presents information about the jewelry of the Kazakh people as jewelry not only for beauty but also for their ritual meaning.

Қазақ халқының қолөнерінің жете дамыған түрлерінің бірі зергерлік өнер. Мәдени мұрамыздың ең негізгі түрі зергерлік өнер болса, ол халқымыздың көне заманнан бері келе жатқан рухани және материалдық мәдениетін құрайды. Ерте кезден-ақ, қазақтың қолөнер туындыларын әлемдік мәдениеттің көрнекті қайраткерлері де қызыға зерттеген. Мысалы, Геродот былай деп жазып қалдырған: «Олардың барлық заты алтын мен мыстан жасалған жайдың металдан істелген бөлшектері, оғы, айбалталары мыстан істелген. Бас киім мен белдік әшекейлері түгелдей алтыннан жасалған. Сондай-ақ, ат омырауындағы өмілдіріктер де мыстан соғылып, жүген сулығы ауыздығы тағы да басқа бөліктері түгелдей әшекейлендіріп, безендірілген».[1:8]

Қай халықтың болмасын заттық, рухани мәдениетінің жиналу, зерттелу тарихының басталған уақытын дөп басып айту қиын. Халықтық мәдениет қаншалықты көне болса, оның зерттелу тарихы да соншалықты тереңнен қамтылады. Сол сияқты қазақ халқының мәдени мұраларының бірі зергерлік өнер - бұл халықтың ұзақ уақыттық жемісінің нәтижесі. Атадан балаға беріліп, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан әсемдік пен әдемілікті талап ететін бұл өнер тарихи жазба деректерге қарағанда, Қазақстан жерінде бұдан екі жарым мың жыл бұрын пайда болған деседі. Қолөнердің бұл саласы терең ой мен мұқият төзімділікті қажет ететін- ұстаның жасаған нәзік бұйымы зергерлік. Негізінен, зергерлік өнері- тамырын тереңнен алатын дәстүрлі мәдениеттің көрікті де көрнекті саласы. Ел арасында бұл өнерді өте жоғары бағалап, зергер болу киелі де қасиетті, оған алдымен табиғаттан дарыған тума талант керек, атадан балаға немесе ұстаздан шәкіртке ауысып отыратын тылсым сыры бар деп айтады. Түрлі –түсті металдардан түйін түйіп, әшекей бұйымдар жасаумен айналысатын ұсталар мен зергерлер қолданысына қарай әшекейлерді басқа, мойынға, құлаққа және мұрынға, қолға, белге және аяққа, сырт киімге т.б.тағылатын әшекей атаулары деп бірнеше топқа бөліп қарастырған. Мұндағы атаулардың тәрбиелік, танымдық қызметіне қарай бірнеше типке бөлініп, атау берілген. Міне, мұндай қайталанбас ұлттық қазынамызды жоғалтпай өскелең ұрпақтың өткеніне ой салуына негіз беретін бірден –бір мекеме музейлер. Осындай сан-салалы өнер мен ғылымның ордасы, Отырар мемлекеттік археологиялық қорық- музей қорында да жалпы саны 24145-тен аса жәдігер болса, онда археологиялық, этнографиялық және басқа да салаларға жататын жәдігерлер саны күн санап арта түсуде.

Жалпы, музей қорында кездесетін қолға және құлаққа тағатын зергерлік әшекейлердің ішінде жүзіктер мен сақиналар коллекциясы өте көп. Енді, солардың басты-бастыларына жеке-жеке тоқталсақ артық болмас. Олар бір –біріне өте ұқсас болғанымен бұйымның көзіне



қондырылған тасына, жасалу тәсіліне, таңбалары мен ою-өрнегіне қарай атауы да өзгеріп отырады. Негізінен, қордағы жүзіктер бір-біріне ұқсас болғанымен өзіндік айырмашылықтары бар; саусақ сұғатын шеңбері таза алтын немесе күмістен соғылып, саусақ сыртына қараған бетіне асыл тастан көз орнатылған, әр түрлі пішінде әзірленген алақанының беті өте сәнді де әсем әшекейленіп жасалған. Жүзік деп аталуының себебі, ажар, бет, жүз деген сөздердің мағынасынан шықса, ал тасы жоқ тек алтын мен күмістің өзінен ғана көз шығарған бұйымды сақина деп, ондағы «сақ» түбірі берік, мықты, мығым деген мағынаны береді [2:358]. Көзі жоқ шығыр түріндегі әшекей бұйымды балдақ деп атайды.

Жүзік пен сақинаның киелілігімен қасиетіне сенушілік-түркі халықтарына, басқа да шығыс елдеріне көп тараған түсінік. Осы арада тарихи-этнографиялық деректерге сүйене отырып және мұражай қорындағы, жоғарыдағы аталған әшекейлердің бірнеше түрін өз қолымызбен ұстап, көзбен көріп зерттеуіміздің нәтижесінде жүзіктің тек бір көзі бар сақинадан тұратын әшекей емес, бірнеше асыл тастардан көз қондырылған бұйым екенін айта кетуіміз керек. Және о,баста әшекей заттар күміс пен алтыннан соғылмай тұрып, асыл тастарды тұмар ретінде жекелеп те, тізбек күйінде де пайдаланып келді. Адамның көз жауын алып жалтылдап тұратын алтын мен күмісті ертедегі адамдардың «қасиетті» санағаны тарихи, археологиялық деректерден белгілі. Бірақ, олардың ерекше қасиеті мен кереметі жайындағы түсінік, адамдардың сол кезге дейінгі кездейсоқ табылып жүрген, әшекейге көз етіп орнатылған асыл тастар туралы наным- сенімін, әдет-ғұрыпын жойып жібере алған жоқ. Мысалы: халқымыз зергерлік өнерінде ақ тасты көп пайдаланған. Берекелік, молшылық әкеледі деп ырымдаған. Немесе «Перуза» тасы. Көгілдір аспан түстес. Ашықтықты, жарқындықты білдіреді. Инжу (жемчуг) көз қарашығын шел басудан, көз сүйелін болдырмаудан сақтайды. Ал, маржан көз дуаның әсерінен немесе азғындаушылыққа ұрынудан сақтайды. Салғырт –дүр (янтарь) - тамақ ұрасы мен жемсаудың ісігін басады. Құлпырма тас-көз тиюден қорғап, әрі дұрыс жолға бастайды. Сондай-ақ, ақық мол бақыт әкеледі, ал меруертті әшекейдің сәндігі үшін ғана емес, көз сұқтан сақтайды деген т.б. осы сияқты халық арасында біздің заманымызға дейін келіп жеткен наным-сенім түсініктерді келтіруге болады. Халқымыздың санасында көз қондырылған зергерлік бұйымның көз тиюден алдын ала сақтайтын қасиеті бар деген ұғым үстем болған. Асыл тастардың айрықша қасиеттілігі туралы ұғым шығыс халықтарының бәріне кеңінен тараған. Осы асыл тастардың қасиеттілігіне сенушілік қазақ халқының тұрмыс-дәстүрінде бүгінге дейін сақталған. Әр тастың өз энергетикасы, адамға әсері болады деген түсінік күні бүгінге дейінгі халқымыздың тұрмыс-дәстүрінде кездеседі. Демек, асыл тастан көзі бар алтын, күміс әшекейлер, бұйымдар, адамды түрлі қауіп қатерден, тіл-көзден, ауыру сырқаудан т.б. сақтайтын жан-жақты қорғаушы күші бар тұмар ретінде пайдаланған. Сондай-ақ, әр түрлі зергерлік бұйымдарды көз салып әсемдеу үшін қолданылатын асыл тастардың түрі де өте көп. Оның ішінде гауһар, ағыл, інжу, сутас (хрусталь) сияқты аса бағалы тастармен қатар, ел ішінде кеңінен тараған ақық, маржан, меруерт, сынғыр, перезе және түрлі- түсті шынылар жиі қолданылады. Осындай асыл тастардың әшекейлерге қондырылып салынуын тас немесе көз дейді. Бұл әрине ешбір астарсыз тура мағынасында айтыла салмағаны анық.

Жалпы, зергерлік әшекейлердің тұтас тұрқы да, тұрпаты да, жекелеген бөлшектері де, материалы мен ою-өрнегі де белгілі бір мән- мағына білдіреді. Сондықтанда зергерлік бұйымдар тек сән- салтанат үшін ғана емес, әдет-ғұрып, наным- сенімге де тікелей байланысты болғандықтан кез-келген әлеуметтік ортаның өкілі өз хал - қадірінше әр түрлі әшекейлер тағуға тырысқан.

Осы асыл тастардың жүзік көздеріне орнатылуына және жасалу материалына байланысты бірнеше жүзік атаулары бар. Мысалы, гауһар жүзік-гауһар тасты жүзік:- «Ләтипаның қолында гауһар жүзік, боз балалар қарайды көзін сүзіп»- деген жыр шумақтары баспасөз беттерінде кедеседі[3:14]. Қола жүзік-мыстан соққан жүзік. Қос бауырдақ-екі саусаққа қатар киетін, үсті тұтас (дөңгелек) жүзік. Құдағи жүзік- қос бауырдақты, қыз шешесінің құдағиына сыйлайтын қымбат бағалы жүзік. Құсмұрын жүзік-бір саусаққа салатын, үсті құс тұмсығындай сүйір болып келетін жүзік. Меруерт жүзік – меруерт көзді жүзік. Қасты жүзік – үлкендеу тас, шыны қондырылған жүзіктердің жалпы аты. Бұл жүзік дөңгелек пішінді



негізгі бөліктен, сырт жағында табаны бар қастан және шығыршықтан тұрады. Шығыршығы қасқа дәнекерленіп, оның бетіне қоңыр түсті шыны қондырылған. Шынының үстінгі беті сымкәптеу тәсілімен жасалған зерлі сымдармен айқаса орналасқан жолақтармен әшекейленген. Қалқаншаның шеті де зерленіп сымкәптеу тәсілімен әсемделген. Осы атаумен аталған әшекей бұйымдарына мына жүзікті жатқызуға болады.



Ал, енді зергерлік бұйымдардың ішінде жүзіктермен қатар ерекше көзге түсетіні –сақина. Бұл бұйымды көбінесе алтыннан немесе күмістен жасайды. Қазақ тұрмысында дайындалатын ас адал болуы үшін әйелдің қолында міндетті түрде сақина не жүзік болуы керек деп санаған. Сол сияқты «сақинаны сәнге салмайды, тазалыққа салады», «Сақина сәнге жатпас, айқай әнге жатпас» деген мақалдар мұның тек сәндік үшін ғана емес, ғұрыптық қызмет атқарғандығын білдіреді [4:5]. Бұл сөздің төркіні сақинаны тек сәнге ғана емес, гигиеналық та қызмет атқаратынын аңғартады. Дана халқымыз сақина соғылатын күмістің таттануға ұшырамайтынын, олардың судың, тамақтың тез бұзылмауына септігін тигізетінін, денсаулыққа жағымды әсер ететінін этнографиялық көптеген зерттеулерден көруге болады. Мысалы; бұрынғы кезде жас келіншектер нәрестесін шомылдырарда, я болмаса тамақ дайындарда ауылдағы қарт әжелер: «Қолыңа күміс сақинанды салып ал, ол тазалыққа, адалдыққа жақсы», -деп ескерткен. Қазақ халқы ежелден күмістің адам ағзасына пайдасы бар деп сеніп, күміс ыдыспен тамақ ішіп, күміс әшекейлер тағып, сәби дүниеге келгенде нәрестені күміс теңге салынған суға шомылдырып, «Баланың күні күмістей жарық болсын» деген әдет-ғұрып жөн-жоралығы күні бүгінге дейін ел ішінде кездеседі [5].



Сондай-ақ, сақинаның жасалуы жүзіктен қарағанда оңай, себебі оның сыртына шапқымен шеку, бізбен безеу әдісімен жасалған қарапайым ою-өрнектерден басқа ештеңе жүргізілмейді. Кейде тіпті ою-өрнексіз жасалатын сақиналар да көп. Сондай сақиналардың бір түрі- саусаққа киер шығыршықтан және сопақ қалқаншадан тұратын, сопақ тілім кертпемен әшекейленген, ортасында өшіңкіреген «мүйіз» ою-өрнегі, айнала шетіне ромб түріндегі сызықтар түсірілген осы бір бұйымды айтуымызға болады.



Мұражай қорындағы құнды жәдігерлердің бірі-құс тұмсық сақина. Бұл құс тұмсық сақинаның сипаты- екі терең сызықпен зерленген саусаққа киер шығыршықтан және құс тұмсығы түріндегі үстінгі беттен (3,8смx2,5смx0,8см) тұрады. Құс тұмсығы тәрізді қас екі тіліммен бүйірлік таспадан дәнекерленген. Бүйірлік таспаның шеті ширатылған сымкәптеу қатарларымен әшекейленген. Бет жағындағы тілім ойынды жапырақ түрінде, қастың ұшы түйіршік тамшымен көркемделген.

Құс тұмсық сақинаны негізінен бойжеткен қыздар таққан. Дана халқымыз бұл әшекейді- бақыттың, тәуелсіздіктің, құс сияқты еркіндіктің белгісіне балаған. Дәстүр бойынша ұзатылып бара жатқан қызының қолындағы құстұмсық сақинаны анасы шешіп алып, қыз жасауымен бірге орамалға түйіп, сандығына салып жіберетін болған. Бұл әшекей қыз жағдайының хабаршысы ретінде кейін қайтып келуі керек. Егерде қыздың төркін жағынан оның қал-жағдайын білуге барған інілері осы құстұмсық сақинаны қайтып әкелсе, қыздың анасы қатты қуанып, құдағайым қызыма өз қызындай қарайды екен деп, кішігірім той жасайтын болған. Яғни, біздің түсінігімізде сәндік бұйым болып есептелетін зергерлік бұйымдардың мағыналы мақсаты бар екендігін ата-бабаларымыздың ұстанған тәрбиелік мәні бар осындай әдет-ғұрыптарынан көруге болады.



Алайда, ертедегі қас шеберлердің қолдарынан шыққан осы бір туындылар яғни, сақина, жүзік сияқты дара бұйымдары әлі күнге дейін зергерлік өнердің құнды ескерткіштері ретінде бағаланып, мұражай қорында сақталуда.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Балкенов Ж. Халық мұрасындағы ұлттық өрнек және рең. Ғылыми әдістемелік монография. –Қарағанды :КарГУ, 1996.- 198б.
2. Б.Хинаят, А.Сужикова. Қазхак халқының ұлттық киімдері. Национальная одежда казахского народа. National dothes of Kazkh people. -Алматы кітап баспасы,2011-384б.
3. Қазақ әдебиеті 1980,31 қазан,14 бет.
4. Ш. Тоқтабаева.Казахские ювелирные украшения. Алма-ата, 1985-5 стр.
5. Э.А.Масанов. Қазақ ауылындағы ұсталық және зергерлік қолөнері.- Алматы,1961.

БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА МӘДЕНИЕТТІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

КЕНБАЕВА Гүлназ Жасталапқызы

«Білім» кәсіби гуманитарлық-техникалық колледжі

Тараз, Қазақстан

kenbaeva.86@mail.ru

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім беру және оның шығармашылық, рухани күш қуатын жетілдіру, жеке тұлғаның жан-жақты дамуына жағдай жасау міндеті көзделген. Бұл дегеніміз болашақ мамандарды жаңашылдыққа даярлау деп түсінуге болады. Маман даярлау мәселесі кәсіби арнайы оқу орындары мен жоғары мектептердің құзырында. Әсіресе, жоғары мектептер кең ауқымда мамандар даярлайды және олардың басты мақсаты – мамандардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру, қоғам сұранысына сай тәрбиелеу, адамзаттың мәдени-өнегелік деңгейі мен олардың ой-өрісін арттыру. Кез келген ұйымның іс-әрекетінің тиімділігі оның ұйымдастырушылық мәдениетімен тікелей байланысты.

Негізінен ұйымдастырушылық мәдениет ұғымын әлеуметтік зерттеулердің объектісі ретінде қарастырмас бұрын, бұл ұғымға әлеуметтік-мәдени феномен ретінде қарау керек. Бұл үшін «мәдениет» және «ұйым» түсініктерін нақтылап, мағыналық шектерді анықтап алу қазіргі заманғы ұйымдардың мәдени ортасында болып жатқан процестер мен құбылыстарды жүйелі түрде және нақты қарастыруға, талдаулар жасауға мүмкіндік береді.

Ұйымдастырушылық мәдениет мәселесі

«Мәдениет» ұғымы қазіргі заманғы гуманитарлық ғылымда фундаменталды ұғымдардың құрамына енсе, менеджмент ұйымы аясындағы мамандар кез келген ұйым ұлт сияқты өз мәдениетіне ие екендігін айтады. Мәдениет – (латын тілінен аударғанда cultura – өңдеу, тәрбие, білім беру, даму, оқу деген мағына білдіреді) материалдық және рухани еңбек өнімдеріндегі, әлеуметтік нормалар мен мекемелер жүйесіндегі, рухани құндылықтардағы, адамдардың табиғатқа, өзге адамдарға өздеріне қатынастарының жиынтығында, адамзаттың өмірлік іс-әрекетінің және ұйымның дамуының спецификалық тәсілі.

Қазіргі кездегі ғалымдар мәдениеттің көпқызметтілігін, яғни мәдениет қызметінің көп түрлілігін оның ішінде мәдениеттің оң функцияларын көрсетіп өткен (индивидтің немесе қоғамның ортаға бейімделуінің (адаптация) дәрежесін көтеруге байланысты), сонымен қатар мәдениеттік зиянды немесе теріс функцияларының ішіндегі ашық және жасырын (латентті) түрлерін атап өткен, яғни бұл функциялар адаптация процесіне кедергі келтіреді. Мұның барлығы мәдениет құбылыстарын анықтаушы мәдениеттік анализдердің күрделілігі мен бағалаудың субъективтілігін айқындайды. Сонымен қатар, мәдениетті өткен ұрпақтардың



тәжірибелерін көрсететін, қазіргі заманғы жағдайлардың әсерімен өзгеріп отыратын және қоғамның мүшесі ретінде адаммен меңгерілетін ойлар, мағыналар, елестетулер, білімдер, құндылықтар, нормалар, әрекеттер, мінез-құлық, өмір сүру образдарының жүйесі ретінде анықтауға болады.

Қазіргі заманғы ұйымдар арасында мәдениетпен тығыз байланыстағы өзге де терминдердің қарастырылуына назар аударар болсақ, «ұйым» термині жалпы қабылданған үш түрлі мағынаға ие:

«Шетел сөздерінің жаңа сөздігі» «ұйым» түсінігіне келесідей анықтаманы береді: – (фр. Organization <гр.) – 1) ішкі құрылым немесе құрылғы; ішкі реттілік, келісімділік және жеке бөлімдердің бір тұтастық ретінде өзара әрекеттестігі; 2) адамдардың бір тұтастық ретінде бірігуі және қатаң бір жүйеге келтірілуі; 3) жалпы ортақ бағдарламамен, мақсат және міндеттермен біріктірілген адамдардың жиынтығы; қоғамдық және мемлекеттік бірлестіктер немесе басқа да мекемелер .

В.В. Щербина ұйымды «бірлескен әрекет процесінде, әлеуметтік жүйені біріктіруші, координациялайтын және адамдардың (әлеуметтік топтардың) мінез-құлқын бағыттайтын әрекеттің ұжымдық әлеуметтік субъектісі» деп қарастырады. Осыған орай ұйымның мәні бірігу, бірлесе жұмыс жасау деген қорытынды жасап, ұйымның:

- мақсатқа бағытталуы;
- ұйымды құраушы элементтер арасындағы тұрақты байланыстың болуы (ұйымдасқан құрылым);
- өзара қарым-қатынасты анықтайтын ережелердің болуы (ұйымдастырушылық мәдениет);
- қоршаған ортамен тұрақты өзара қарым-қатынас;
- ресурстарды алдына қойылған мақсатқа жету жолында пайдалану белгілерін бөліп көрсетеді.

Ұйым деңгейінде мәдениет бірнеше жалпы функцияларды атқарады, атап айтқанда:

- бағалаушылық-нормативтік функция (адамның, топ пен ұйымның шынайы мәдени мінезқұлық нормаларымен, идеалдармен салыстыру, яғни адам, топ немесе ұйымның негативті және позитивті әрекеттері; гуманды және адамгершіліктен тыс, сыпайылық және дөрекілік, прогрессивті және консервативті әрекеттер);
- мәдениеттің регламенттеуші және реттеуші функциясы, яғни мәдениетті индивидтің мінезқұлық индикаторы немесе регуляторы ретінде қолдану;
- танымдық функция (мысалы, жұмысшының бейімделу кезеңдерінде жүзеге асып, қызметкердің ұжымға кірісіп кетуі мен ұжымдық әрекеттер ұйымдағы мәдениетті тану мен меңгерудің сәтті жүзеге асуына себеп болады);
- қалыптастырушы функциясы, яғни ұйымдастырушылық мәдениет адамның әлемге деген көзқарасына әсер етеді және жиі-жиі ұйымның құндылықтары, ұйым мүшелерінің және ұжымның жеке құндылықтарына айналады немесе осы құндылықтармен адамның жеке құндылықтары арасында кикілжің пайда болады;
- коммуникациялық функциясы – бұл құндылықтар, ұйымның қабылдаған мінез-құлық формалары және мәдениеттің өзге де элементтері арқылы топтағы қызметкерлер арасындағы өзара түсіністік пен өзара әрекеттестік пайда болады;
- қоғамдық есте сақтау, ұйымның тәжірибесінің сақталуы мен жинақталуы;
- реактивті функция – ұйым қызметкерлерінің ұйымдағы мәдениет құндылықтарын өзара бөлісуі мен ұйымдағы мәдениеттің адамгершілікті потенциялының жоғары дәрежесінде ғана ұйымдағы мәдени іс-әрекетті қабылдау процесінде рухани күшті қайта қалпына келтіру жүзеге асады.

Жоғарыда аталып өткен функциялар ұйымның дамуы мен жетістікке жетуіне ықпал етеді. М. Тевененің пікірінше, ұйым мәдениетіне байланысты бірнеше шектеулер болады. Ол үш қағидатты шектеулерді бөліп көрсетті.

Осы үш шектеудің білім беру ұйымдарында қалай көрініс табатынын ашуға тырысайық.



Бірінші шектеу – өзін-өзі зерттеу. Өз мәдениетін жетік меңгеру үнемі қызығушылық тудырған. Сонымен қатар, адамдар өздері жайлы айтылған пікірлерге жоғары қызығушылық танытады және мәдени талдау ұйымдағы қызығушылықты тудырады, бұл жағдай педагогикалық ұжым мүшелеріне: даму гипотезасы немесе мәдени құрылымдылықтың дәрежесін төмендетуді талқылау; осы процестерді дәлелдеу мен бекіту жолдарын іздеу; мәдениеттік сипаттық белгілерін түсіндіру сынды мүмкіндіктер береді.

Айна эффектісі, яғни мәдениеттің ішінде өзіне сырттан қарауға деген талпыныс. Бір жағынан ұйымдастырушылық мәдениет (ұйымдағы мәдениет) жеке тұлғаға бағытталмаған, ұжымдық құбылыстарға, тұтастай ұйымның негізгі іс-әрекетіне байланысты. Екінші жағынан мәдениет менеджменттің басқа көптеген тұжырымдамаларымен салыстырғанда сыни тұрғыда емес, түсіндірмелік сипатта жүреді. Мәдениет құбылыстарға үкім шығаруды емес, оларға қатысты заңдар мен себептерін талдау, түсіндіру.

«Мәдениет жайлы ойлар өзгерістер функциясына интеграцияланған кезде, «мәдениет айнасына» қарау ойы пайда болады және әрекет бағдарламасына мәдениетпен қатынас нәтижелерін қосады. Табылған түсініктемелер көбінесе қосымша зерттеулердің шешімін табуға себеп болып жатса, ал адамдар түрлі болжамдар жасаумен айналысуда. Мәдениетті зерттеу этнографтар мен тарихшылардың жұмысы сияқты ешқашан аяқталмайды: әрі қарай зерттеудің өз жалғасын табуы әбден мүмкін. Басқаша айтқанда өзін-өзі зерттеу, өз мүддесін басқалардан жоғары қоюына алып келуі мүмкін, ал нарциисизмнің бастау алуынан ұзаққа бармай-ақ... тұңғыыққа батады».

Қауіпті жағдайларда, дағдарыстық, сыни кезеңдерде белгісіздікке ауысу барысында кез келген ұйымды осы мәдениет құтқаратыны жайлы ойдан бас тарту қиын. Мұндай сенім мен үміт өзін-өзі тыныштандыруға, жұмыстың шынайы жағдайын елемеуге немесе шешім шығарушы ұйымдық әрекеттерден бас тартуға алып келуі мүмкін.

Өзгерістер тежегіші. Мәдениет ұйымдағы өзгерістерді тежеуі мүмкін. Көпшілік мәдениетті қайта бағалау болашақтың келуіне және әрі қарай ұйымның дамуы мен өзгерістерінің жүзеге асуына кедергі келтіруінен қауіптенеді.

Жоғарыда айтылғандар арқылы кез келген ұйымның ажырамас бөлігі мәдениет екенін көруге болады. Белгілі бір ұйыммен қабылданған және меңгерілген мәдени үлгілер ұйым мүшелерінің түрлі аумақта іс-әрекеттеріне әсер етеді, әсіресе билік және қадағалау қатынастарында; еңбек іс-әрекетіне қатынасына; топ ішіндегі тұлғааралық қатынастарға; топаралық қатынастарға; сыртқы ортамен қатынастарына; технологиялар мен мотивацияларына және т.б. әсер етеді. Сонымен қатар, мәдениет интеграция процесі мен рөлдік талап етулердің ерекшелігін анықтайды.

«Ұйымдастырушылық мәдениет» ұғымы мен синонимдес ұғымдар

Ғылыми әдебиеттерде «Ұйымдастырушылық мәдениет» ұғымымен қатар, синонимдес осы ұғымды толықтыратын «ұжымдық мәдениет», «ұйымдасқан климат», «әлеуметтік-психологиялық климат», «ұйым мәдениеті» және т.б. ұғымдар қолданылады. Яғни, мұндай дефинициялардың көп болуы ұйымда болып жатқан процестер мен құбылыстардың күрделілігін және отандық ғылымда бұл мәселе толық қарастырылып бітпегендігін көрсетеді. Бүгінгі күнде «Ұйымдастырушылық мәдениет» және «ұжымдық мәдениет» терминінің мағынасы мен мәнін анықтап, нақтылап алу, осы екі ұғымды бір – бірінен ажырату керек пе және осы екі ұғымды бөліп қолдану керек пе немесе оларды синоним ретінде қолданған дұрыс па деген мәселелер жиі қозғалуда. Осы түсініктерге көптеген ғылыми пәндердің жүгінуі мәселенің өзектілігін арттыруда.

Әлеуметтік антропология («Ұйымдастырушылық мәдениет» термині осы ғылым арқылы пайда болған), басқару әлеуметтануы және мәдениеттану ғылымдарынан басқа бұл түсініктер менеджмент, маркетинг, ұйым теориясы, психология, философия, этика және тағы да басқа көптеген ғылым салаларында қолданылады. Ресейлік авторлардың көпшілігінің еңбектерінде «Ұйымдастырушылық мәдениет» және «ұжымдық мәдениет» ұғымдары нақты бөлініп қарастырылмаған және осы екі ұғым бір уақытта, бір-бірімен байланыста қолданылған еңбектерде кездеседі. Дегенмен соңғы уақытта осы екі ұғымды бөліп қарастыру ауқымы кеңейуде.



Көптеген авторлардың еңбектерін талдай отырып, қазіргі заманғы ғылымда ұйымдастырушылық мәдениет пен ұжымдық мәдениет түсініктерін:

Біріншіден, «ұйымдастырушылық мәдениет» және «ұжымдық мәдениет» түсініктері өзара сәйкес.

Екіншіден, бір мәдениет екінші мәдениеттің бір бөлігі болып есептеледі. Ұйымдастырушылық мәдениет ұжымдық мәдениеттің «негізгі креативті базасы» болса, ал ұжымдық мәдениет – белгілі бір ұйымдастырушылық мәдениеттің даму дәрежесі арасындағы өзара байланыс бар екенін болжауға болады.

Үшіншіден, ұжымдық мәдениет менеджмент дәрежесінде қалыптасады, ал ұйымдастырушылық мәдениет – ұйым қызметкерлерінің дәрежесінде, яғни ұжымдық мәдениет – бұл құндылықтардың нақтыланған жүйесі бойынша сәйкес деп саналса, ал ұйымдастырушылық мәдениет – нақтыланбаған болып есептеледі.

Suyuqlanmadan ip shakllantirganda fileradan utayotgan ip oqimi xavo oqimi yoki inertgaz bilan pufaydigan shaxtada sovutiladi. Eritmadan quruq usulda shakllantirishda polimerlar oqimi bilan ishlov beriladi natijada eritma bug`ga aylanadi, polimer esa qotadi. Eritmadan xo`l usulda shakllantirishda fileradan o`tayotgan iplar oqimi cho`ktirish vannasidagi eritmaga tushadi, natijada vannada polimerlarning eritmadan ajralishining fizik-kimyoviy jarayoni sodir bo`ladi. Shakllantirish jarayoni to`qimachilik iplarni ishlab chiqarishda muhim bosqichlaridan hisoblanadi, chunki bunda ipni tuzilish elementlari xosil bo`ladi. Eritmada yoki suyuqlanmada makromolekulalar juda egilgan shaklda bo`ladi. Shakllantirganda ipni tuzilish elementlarini tartiblanish darajasi yuqori bo`lmaydi, shu sababli qo`shimcha ishlov berish kerak. Shakllantirganda bir nechta uzun elementar iplardan tashkil topgan kompleks iplarni yoki tolalarni olish mumkin. Kompleks ip olganda teshiklari ko`p bulmagan filer qo`llaniladi: 23 15-100 gacha. Tayyor elementar iplarni tutami bobinaga uraladi. Tola olganda teshiklari ko`p bo`lgan filera qo`llanadi: 1000-5000, ayrim holda 15000 gacha, oxirgisi har hil usulda shakllantirishda ishlatiladi. Bir nechta fileradan chiqadigan elementar iplarni bitta tutamga birlashtiradilar va maxsus mashinalarda alohida kesmalarga kesiladi - tola uzunligi vazifasiga qarab 50-150 mm bo`ladi

Pardoqlash. Kimyoviy tola va iplar shakllantirgandan keyin to`qimachilik materiallarini ishlab chiqarish uchun to`g`ridan-to`g`ri qo`llanilmaydi. Ularni pardoqlash kerak. Viskoza, oqsilli, ayrim sintetik iplar chiqindi va iflosliklardan tozalanadi. Bu operatsiya suvda yoki turli eritmalarda yuvish orqali bajariladi. Keyinchalik tuk va ochiq ranglarga bo`yaladigan tola va iplar oqartirgichlar bilan ishlov berib oqartiriladi. Sintetik iplarni dastlabki tuzilishini o`zgartirish uchun cho`zish va termoishlov operatsiyalari bajariladi. Cho`zganda molekulalararo aloqalar sustlashadi, makromolekulalar va ularni agregatlari to`g`rilanadi, orientatsiyasi ip o`qiga qarab o`zgaradi va tartibli tuzilish xosil bo`ladi. Natijada iplar pishiq, ammo kam 24 cho`ziluvchan bo`ladi. Makromolekulalarga bir o`z egilgan shaklni berish uchun, cho`ziluvchanlikni oshirish maqsadida, termoishlov bajariladi. Xo`l usul bilan shakllantirgan va suyuqliklar bilan ishlov berilgan iplar quritiladi.

To`qimachilik ishlov berish. Bu jarayondan maqsad iplarni bir-lashtirish, ularni pishiqligini oshirish (pishitish orqali), ip xajmini orttirish (qayta urash erdamida), olingan iplarni sifatini baholash (navlash). Kimyoviy tola va iplarni assortimentini kengaytirish va yaxshilashni asosiy yo`nalishi yangi tola va iplar yaratish emas, balki bor bo`lgan tolalarni modifikatsiyalash, ya`ni ularga maxsus xossalar berish. Modifikatsiyani usullari ko`p, ammo ularni ikki guruxga bo`lish mumkin: fizik (tuzilish) va kimyo modifikatsiyasi. Fizik jixatdan modifikatsiya - tola va iplarni tuzilishini, kattaligini, ularni ko`ndalang va bo`ylama shakllarini o`zgartirishdan iborat bo`ladi. Kimyo modifikatsiyasi - tolaning tashkil qiladigan polimerlarni kimyoviy tarkibini o`zgartirishdan iborat. Natijada tola xossalarini keskin o`zgartirish mumkin (issiqqa chidamli, suvyutmaydigan, ko`p karrali deformatsiyaga chidaydigan va boshqa). Ularni ishlab chiqarish uchun xomashyo sifatida turli daraxtlar va tivit paxtadan olinadigan tsellyuloza qo`llanadi. Kimyoviy tarkibi buyicha



gidrattsellyuloza tabiiy tsellyulozaga uxshash bo`ladi, ammo fizik tuzilishi buyicha jiddiy farq kiladi: polimerizatsiya darajasi kichik (300-800), maromolekulalarni joylashishi va orientatsiyasi bir muncha boshqa. Kristallanish darajasi - 40-50%. Shu sababli xossalari bir muncha boshqa bo`ladi. Gigroskopikligi, ob-xavoga chidamliligi, yumshokligi, eyiliga chidamliligi yaxshi, ammo pishikligi past, xususan xul holatda bulganda. Gidrattsellyulozadan oddiy viskoza, pishik viskoza, siblon, mtilon va mis-ammiak tola va iplari olinadi. Viskoza tolalar. Viskoza tolalar xul usulda olinadi. Bunda xom ashyo sifatida archa, karagay, ok karagay, kora kayin yog`ochidan olinadigan yog`och tsellyulozasi ishlatiladi. Tsellyuloza- qogoz kombinatlarida yog`och 7 mm gacha kattalikdagi payraxadarga maydalanadi va ishqor eritmasida kaynatiladi. Natijada kulrang tsellyuloza massasi xosil bo`ladi. Bu massa oqartiriladi va karton listlari tarzida presslanadi. Karton listlari tsellyuloza-kogoz kombinatidan kimyoviy tolalar koombinatiga keltiriladi, bu erda bir soat mobaynida mersezatsiyalanadi, shunda ishkorli tsellyuloza xosil bo`ladi va tsellyulozasiz birikmalar ajraladi.

Foydalanilgan adabiyotlar.

1. B.A. Buzov i dr. ` Materialovedenie shveynogo proizvodstva. M.1986.
2. G.N. Kukin, A.N. Solovov Tekstilnoe materialovedenie. M 1985 g.
3. V.I. Stelmashyonko, T.V. Rozarenova `Materialovedenie shveynogo proizvodstva` M 1987 g.
4. M.N. Belitsin `Materialovedenie shveynogo proizvodstva` M 1983 g.
5. B.A. Buzov idr. `Laboratory praktikum po materialovedeniyu shveynogo proizvodstva`. M 1991 g.

GAZLAMAGA ISHLOV BERISH TEXNOLOGIYASI , GUL VA IPAK TOLALI GAZLAMALAR , ULARNING OLINISHI

MAMATQOSIMOVA Lolaxon Dolimbekovna
Andijon viloyati Paxtaobod tumanidagi 26-maktab
Paxtaobod, Uzbekistan
mat69mail.ru

Gazlamaga ishlovberish texnologiyasi bo'yicha quyidagi bilimlarga ega bolishlari kerak:

Jun tolali gazlamalar va ularning olinishi, jun to`qimachilikda ishlatiladigan tabiiy toladir, jun tolasini, tun issiqlikni kam o`tkazishi, namni ko`p yutishi, pishiqligi bilan ajralib turirishi, jun ilashuvchan bo`lganligi uchun kigiz tayyorlashda yagona xom ashyo hisoblanishi haqidagi bilimlar, jun tolasini qo'y, tuya, echki, qoramol va quyonlarning terilari ustidagi tukli qoplamasidan olinishi, jun tolalari ildiz va tana qismlardan iboratligi, hayvonlarning junini qirgish yo'li bilan olingan tola tabiiy jun deyilishi, jun tolasini o'ziga namlikni yaxshi singdiradi va uzoq vaqtda o'z tarkibida tutib turishi, bug', harorat va bosim ta'sirida jun tolasidagi oqsil moddalari va tolaning o'zi ham o'z shaklini o'zgartirish xususiyatiga egaligi, kiyimlarni kimyoviy tozalashda qo`llaniladigan barcha organik erituvchilar ta'siriga jun yaxshi chidashi, quruq jun tolasini 170°C haroratgacha mustahkamligini yo'qotmasligi, jun tolasini issiqni o'zidan asta-sekin o`tkazishi va boshqa shu kabi bilimlarni;

Tabiiy ipak tolasini asosan tut ipak qurtidan olingan pillalarni qayta ishlab olinishini, qurt yig'ilgan ipak moddasini tashqariga og'zidagi bezlar orqali siqib chiqarib, o'z atrofini to'la o'rab turuvchi pillani hosil qilishi, pillakashlik fabrikalarida pilla o'rash uskunalarida chuvalanishi, chuvalash paytida bir necha pilla ipakning uchi birlashtirilishi, xom ipak hosil bo'lishi, xom ipaklari oqsil serisin bilan bir-biriga birikkan bir necha pilla ipidan iboratligi, pillalarni yig'ish va tortish paytida hosil bo'lgan chiqindilar (ustki chigal qatlamlar, pilla po'stloqlarining qoldiqlari, teshilgan va chuvi bo'lmaydigan pillalar)dan yigirilgan ipak olishda foydalanilishi, pilla qobig'ining tashkil etuvchisi bu uning ipi ekanligi, pilla ipi qurtining ichki bezlaridan o'ng va chap yonlaridan ikkita alohida-alohida fibroin ishlab chiqilib, qurtning lab qismiga kelganda ikki fibroin serisin moddasi bilan bir-biriga yopishishida pilla ipi hosil bo'lishi, pilla iplarini mikroskop yordamida tekshirib ko'rilsa, yondosh ikki ipak tolasini va notekis serisin qatlami ko'rinadi hamda kichik tomonlari



juftlashtirilgan, uchlari yumoloqlangan ikkita uchburchakni yoki eng tor qismi bo'yiclia ko'ndalangiga ikkita teng bo'lakka bo'lingan noto'g'ri ellipsni eslatishi haqida bilimlar bilan tanishadi.

Shuningdek, Tabiiy ipakning kimyoviy tarkibi asosan fibroin (75—80 foiz) va seritsin (20—25 foiz) moddalardan tashkil topganligi, Bitta pilladan chuvalangan ipning uzunligi ipak qurtining zotiga va qanday sharoitda boqilganligiga qarab har xil bo'lishi, Ba'zi zotlarga mansub qurtlar g'umbakka aylanayotganida uzunligi 1000 metrgacha boradigan bitta uzluksiz ip ishlab chiqarishi, Pilla ipi o'zining tabiatiga ko'ra boshlangan uchidan oxirigacha bir me'yorda ingichkalashib borishi, Pillaning sirtidan chuvalana boshlangan ip boshlang'ich qismining chiziqiy zichligi uning oxirgi qismining chiziqiy zichligidan 2—3 barobar kattaroq bo'lishi, Pillaning bunday xususiyati uning ichki notekisligi deb atalishi, Tabiiy ipak asosan yupqa va nafis bo'lib, ayollarning ko'ylakbop gazlamalari uchun ishlatilishi, Ipakning qimmatligi shundaki, undan tayyorlanadigan matolarning tashqi ko'rinishi chiroyli, mustahkamligi yuqori, bo'yalishi yaxshi, egiluvchan, namlikni oson singdiruvchanligi, Tabiiy ipakdan jilvali gazlamalar ishlab chiqarilishi, Tabiiy ipakning tolali chiqindilarini qayta ishlash asosida yigirilgan iplar olinishi, Bunday ipaklar asosan milliy chapon va to'nlar tikish uchun beqasam, banoras kabi gazlamalar, baxmal va duxobalar ishlab chiqarishda ishlatilishi, Tabiiy ipakdan maxsus texnologiya asosida ishlab chiqarilgan ipaklarni tibbiyotda, jarrohlikda chok material sifatida ham ishlatilishi haqidagi bilimlar bilan tanishadi.

Ipak qurtining turiga qarab, pilla tolasning uzunligi 400—1200 m bo'lishi (nomyerda ifodalangan uzunligi 3000—3500), uzilish pishiqligi 8—10 g, qaynatilgan pillaning hammasidan ipak chikmasligi, pilla tolasining 10—15% i gumbak bilan birga qolishi, ipak yig'irish ipak o'rash, pishitishda, shoyi to'qishda ajraladigan chiqindilardan ipak olishni, pilla mashinasida xolstdan pilla tayyorlanishi, pilla tortish tayyorlov punktlarida dastlabki ishlov byerilgan pilladan yakka tolani chuvitib, bir nycha tolani birlashtirish, oldin pillalar tozalanib, saralab xillarga ajratiladi, kyeyin maxsus ryezyervuarda bug'lanib, qobig'i shilinishi, har bir pilladagi yakka tola uchi topilib tortiladi, bir nycha yakka tolalar qo'shib, kalava qilib o'ralishi, bu maxsulot x o m i p a k dyeyilishi, atlasli o'rilish tanda iplari arqoq iplarini yopib o'tgan joylarda ular o'zaro yonma-yon yotmaydigan, balki bir nycha ip siljib o'tadigan o'rilishi, atlasli o'rilish bilan to'qilgan gazlamalarning sirti silliq bo'lib, faqat arqoq yoki tanda iplarini yopib o'tgan joylari uzun bo'lib ko'rinishi, alohida ishlov bilan atlasga jilo byeriladi, shunga ko'ra u tovlanib turishi (buning uchun ilgari yuziga kudung o'rilgan, xozir atlas issiq satxli baraban-kalandirdan o'tkaziladi), atlasning tabiiy ipakdan to'qilgan eng a'lo navi sakkiz tyepkili atlas yoki xonatlas dyeb atalishi, xonatlasning barcha siri uning tuzilish va to'qilish usulidadirliigi, atlasning to'qilish tyexnologiyasi: to'rt tyepkili atlas to'rt tyepkili dastgohda, sakkiz tyepkili atlas sakkiz tyepkili dastgohda to'qilishi, shoyi (fors-tojik-shohga tyegishli, ya'ni gazlamalar shohi) tanda va arqog'i ingichka tabiiy yoki sun'iy ipakdan iborat gazlamaligi, shoyi ikki tyepki to'qish bilan tayyorlanishi, 3-6 rangdagi ko'k qarg'a, patnis xillari bo'lib, ularning nusxalari abobandi yo'li bilan tayyorlanishi, sidirg'a shoyi asosan chorsu, choyshab, ro'molcha, so'zana uchun, qolganlari esa xalq orasida ko'proq mashhur bo'lib, ulardan xotin-qizlar liboslari, ko'rpa va ko'rpachalar tikishda avra, byeqasam to'nga adibga ishlatilishi haqidagi bilimlar bilan tanishadilar.

Shuningdek, xavfsizlik texnikasi qoidalari va sanitariya-gigiyena talablari; jun va ipak tolalarining xossalari; tolalarning asosiy xossalari jumlasiga uzunligi, yo'g'onligi, mustahkamligi, cho'zilishdagi uzayishi, gigenik xossalari kirishi, tolalar uzunligi tekislangan tolaning ikki uchi orasidagi masofani bildirishi, u millimetr (paxta tolas), santimetr jun tolas) yoki metr (kimyoviy tolalar) birliklarida ifodalaniishi, tolalar yo'g'onligi uni ifodalash uchun bir qancha ko'rsatkichlar ishlatilishi, bulardan biri tolalarning diametrini o'lchash, ikkinchisi esa, ularning ko'ndalang kesimining yuzasini aniqlash bo'yicha ekanligi, asbob-uskunalar, mashina myexanizm, moslamalar va ularni ishlatish bo'yicha furnitura haqida umumiy ma'lumot; ilgaklar, xalqalar tikish, tugmachalar va pistonlar; taqilma turlari; kiyim furniturasiga tugmalar, ilgaklar, izmalar, pistonlar, taqilmalar va hokazolar kirishi, tugma qadaladigan joyni belgilash uchun kiyim yoki ashyoning tugma qadaladigan joyi oldin yirmab tayyorlangan izma (tugma teshigi) ga tug'rilab o'lchanishi, tugmani qadashda foydalaniladigan ish mato rangiga yoki unga muvofiq rangda bo'lmog'i keraq Ip 20 yoki 30 nomerli bo'lgani ma'qulligi, tugmalarga qo'yiladigan asosiy talablar ular mustahkam, suv ta'siriga chidamli bo'lishi kerak, sovunli eritmada qaynatilganda tashqi ko'rinishi, kifoyasi, bo'yog'i buzilmasligi talab qilinishi, 1,5 m balandlikdan tashlab yuborilganda shikastlanmasligi lozimligi, to'qalar Shim va



nimchalar uchun to'qalar po'latdan tayyorlanishi, va loklanishi, ilmoqlarning oddiy, shim ilmog'i turli fasonlardagi turlari borligi, ilmoqlar ochilib ketavermasligi uchun birining halqasi chap tomonda, ikkinchisidiki esa o'ng tomonda tikilishi, ilmoq va uning halqasi mustahkam bo'lmog'i uchun ularning ikki qavat matoga qadab tikish lozimligi, ilmoq uch joydan teshiklari va ilinadigan kremi tagidan tikilishi, foydalaniladigan ip 20- 30- nomerli, matoning rangida bo'lishi, ilmoqning metal halqasi bo'rtib ko'zga hunuk ko'rinmasligi uchun ilinadigan qismigina qoldirilib qolgan qismini matoga tekis qadab tikib chiqilishi, shim ilmog'i qadalayotganda orqa qismidan mato tesma kamarcha o'tkazilib shimning kamar qismi astariga tikilishi, ilmoqning o'tkaziladigan qismi o'tkazilib yuqori va pastki ikki teshigidan tikilishi haqida tanishadilar. "Molniyal ilgaklar kiyim ashyoga qiyshaytirmay to'g'ri tikish kerakligi, tikayotgan molniya tarang tortib turiladi lekin, kiyim matosi tortilmasligi, molniya tikishga mo'ljallangan kesikning ikki yoni 1.5-3 chamasi orqaga ayriladi, ko'klab chiqiladi, dazmollanishi, keyin —molniyal ko'klab chiqiladi, uning lantasi 0.5-1 sm ichkariga kiritib baxyalab tikilishi, molniya o'rnatilgan kesikning orqaga qayirib tasmasimon qilib tikilgan cheti —molniyal tasmasi rangini to'sib turishi lekin, uning ochib yopilishiga xalaqit bermasligi, molniya agar kisik chuntakka tikilsa, chuntakni uzunligi bilan —molniyal uzunligi teng bo'lmog'i,—Molniyal uzunligiga teng qilib kisik tayyorlanadi, ikki yonida astarlik mato tasmasi tikiladi, so'ng —molniyal baxyalab tikilishi —molniyal agar rangli jiloli lentaga ishlangan bo'lsa, uning rangidan bezak sifatida foydalansa bo'ladi, ikki yonida ozgina qoldirib tikilgan lenta chiroyli ko'rinishi, molniya taqilmasi gazlama to'qish usulida olingan ikkita bort jiyaklaridan iborat bo'lib, jiyaklarda metall yoki plastmassa halqalar joylashishi, xalqalarning eni 3—10 mm va undan ortiq va taqilmaning uzunligi 120, 150, 180, 200, 250, 300 mm va undan ortiq bulishi, pistonlar nikellanib, kumushlanib yoki laklanib ishlab chiqariladi va ko'ylaq bluzka, yubka, bolalar buyumlari va bosh kiyimlariga qadash uchun ishlatilishi, piston ikkita qismdan: chiqig'i bor asosi hamda prajina va chuqurchasi bor ustki qismidan iboratligi, prajina silliq va qayishqoq bo'lishi, pistonlar 7 va 9 mm li diametrda ishlab chiqarilishi, pistonli ilgaklar, oyoq va kiyimlarda, ba'zan sport tipidagi kurtka ko'ylaklarda piston ilgaklar ishlatilishi, piston teshigiga maxsus tiqilgan ip o'tkazib bog'lanishi haqida urganadilar.

Oyoq yuritmalik tikuv mashinasining tuzilishi; ishlash prinsipi; oyoq yuritmalik tikuv mashinasini ishga tayyorlash; tikuv mashinasida ishlatiladigan kichik mexanizatsiya vosilalaridan foydalanish; tikuv mashinasidagi kichik nosozliklarni tuzatish; to'quv dastgohining tuzilishi va to'quv jarayoni, to'quv dastgohi — gazlama xosil qilish usuliga qarab uzlukli (mokili va mokisiz) va uzluksiz (ko'p zvyenoli); konstruksiyasiga qarab tyekis va yumaloq, (yengsimon matyernallar to'qish uchun) bo'lishi, to'qish mashinasi, «Nyeva-1» va «Syevyeryanka» tipidagi yasyen to'qish sul mashinalari uy sharoitida trikotaj buyumlarni turli o'rinishda (jumladan jimjimador va burtma o'rinishda) to'qish uchun mo'ljallangani, mashinada pyetlyalarni kichraytirish va kattalashtirish, buyumlarning chyetini qaytarib to'qish, lastik (ryezinka), vyertikal, qiya va gorizontal qirqimlar to'qish, yoki o'miz «karye» (yarim doiraviy sharsimon shaklli) to'qish, kiyim chyetlarini yamash mumkinligi, mashina zichlik rostlagichi bilan ta'minlangan bo'lib, to'qish paytida ishlatiladigan tolaning nomyeriga qarab gorizontal va vyertikal bo'yicha buyumning xar xil zichlikda chiqishini ta'minlanishi, qo'l mashinalarida to'qish uchun jun, paxta ip, sintyetik ip kalavasi (o'rtacha pishirilgan) dan foydalanish mumkinligi, mashinaning konstruksiyasi spitsada to'qiy boshlangan buyumni to'qishga yoki aksincha mashinada to'qiy boshlangan buyumni spisada tugatishga imkon byerishlari bo'yicha bilimlar oladilar.

Dazmollash stollari (dazmol bilan va dazmollarsiz), turli markalarda ishlab chiqarilishi, dazmollash stoli ishlov byeriladigan buyumga qarab to'g'ri . to'rtburchak shaklidagi har xil o'lchamli plitadan iborat bulishi, plita 110 C gacha bug` bilan qizdiriladi va unda xavosurgich borligi, SU-B ayollar va bolalar ko'ylagini namlab-isitib ishlash uchun mo'ljallangani, SU-M (myexanik dazmolli) plita turli buyumlarni namlab-isitib ishlash uchun mo'ljallangani, SUOK (UPP-ZM elyektr-bug` dazmolli) plita erkaklar kostyumini namlab-isitish ishlash uchun, SUOP paltolarni namlab-isitish uchun, SU-1PI ko'ylaklarni namlab-isitish uchun mo'ljallangani, asosiy yostiq payvand konstruksiyali bo'lib, amortizatsiya qoplamasiga eta, elyektr bilan qizdirilishi, yostiqning markazlashtirilgan bug` surgichga ulash uchun mo'ljallangan qurilmasi borligi, qo'shimcha yostiq ham payvandlab yasali, ye nglarni va yelka choklarini dazmollash uchun ishlatiladi, tayyor



buyumlarga issikdik va namlik bilan ishlov byerishda juda ko`p xil dazmollash pryesslerari ishlatilishi, tikuvchilik korxonalarida pryesslardan samaradorli foydalanish, ishlov byerish va tayyor kiyimlar sifatini yaxshilash, shuningdyeq normal ish sharoiti yaratish uchun tayyor kiyimlarni nam-issiklik bilan ishlov byerish va pardozlash aloxida bo`limda bajarilishi, dazmollash pryesslerarining myexanizatsiyalashtirilganiga va avtomatlashtirilganiga karab uch guruxga bo`linishi, dazmollash pryesslerariga kuyiladigan talablari, pryesslarda ishlashda xavfsizlik tyexnikasi, tyegishli instruktajdan o`tgan va bu uskunani ishlatish qoidalarini o`zlashtirib olgan kishilargina pryesslarda ishlashga ruxsat berilishi, namlab istishda roiya qilinadigan texnik shartlarga oid bilimlarni o`rganadilar.

Maktab yoshidagi bolalarning beldan kiyiladigan kiyimlarini modellashtirishi, erkaklar shimi, shimlar turli gazlamalardan: jun gazlama, tabiiy va sun'iy ipak gazlama, zig`ir toladan to`qilgan gazlama, trikotaj, sun'iy (kimyoviy) tolalardan to`qilgan gazlamalardan tikilishi, shim belbog`ining astariga astarbob ip gazlama va ipak gazlama ishlatiladi, oddiy tipdagi shim oldingi yarmining astari uchun satin, sarja, dubl satin va shu kabi materiallar tanlanishi, andaza chizmasini chizishni, shimning oldingi yarmini chizish, og` chizig`ii uzunligi, og` chizig`ining kengligi, bant chizig`i, bel qismining kyengligi, pochka kengligi, pochaning cheti, yon chok tushadigan chiziq, og` choki tushadigan chiziq, shim orqa yarmini chizish, orqa chok, nimchalarni modellashtirish, o`lchov olish va gazlama tanlash, vitochka chuqurligini hisoblash va chizig`ini aniqlash, turli xildagi liyimlarni bichish va tikish; turli xil mahsulot buyumlarini to`qish, to`qish orqali turli xil inson va turmush uchun mahsulot buyumlari tayyorlash haqida ma`lumotlarni urganadilar. O`quvchilar ushbu sinfdagi gazlamalarga ishlov berishga asoslangan milliy xalq hunarmandchilik sohalarini, zarduzlikda ishlatiladigan materiallar, asbobuskunalar, naqsh turlari, ish o`rnini tashkil qilish, buzni korchopda taranglab tortish, zaminduzi va guldo'zi usulida tikishni bilish; choynak yopqichga gul naqshini zar ipdan tikish, buyumga oxirgi ishlov berishni bilish; nozmunchoq (biser) va undan foydalanish haqida ma`lumot, nozmunchoq to`qish uchun zaruriy xom ashyo va moslamalar, nozmunchoqdan gul, geometric va boshqa shakllar to`qishni bilish; milliy bosh kiyimlardan do`ppi tikish texnologiyasi, do`ppini bichish, bo'laklarga tanlangan naqsh elementlarini biser, piston yordamida tikib tugatish, bolaklarni bir-biriga ulash, ishni yakunlash qoidalarini bilish; qiz bolalar sumkachasini tikish texnologiyasi, andoza tayyorlash, zaruriy gazlama, iplar tanlash, sumkachani bichish, sumkacha bo'laklariga tanlangan naqsh elementlarini biser, piston yordamida tikish, qiz bolalar sumkacha bo'laklariga tanlangan naqsh elementlarini biser, piston bilan tikib, tugatish, bo'laklarni bir-biriga ulash, ishni yakunlash qoidalarini, buyumlarni ta'mirlash texnologiyasi bo`yicha : Kiyimni tuzatish ishlarini, kiyimga qarab turish qoidalari va yamoq solishni bilish.

Foydalanilgan adabiyotlar:

1. O`zbekiston Respublikasi Xalq ta`limi vazirligi, Respublika ta`lim markazi. —Uzviylashtirilgan davlat ta`lim standarti va o`quv dasturil (Mehnat ta`limi, tasviriy san`at, chizmachilik, musiqa madaniyati va jismoniy tarbiya (1-9 sinflar)). – Toshkent: 2010 y.
2. T.M. Poshshaxo_jayeva, SH.A. Abduraxmonova. —Xizmat ko`rsatish mehnatil. 5-7 sinf o`quvchilari uchun o`quv qo`llanma. – Toshkent: —O`qituvchil, 1992 y.
3. J. Ramizov. —5-7 sinflarda texnik mehnat ta`limil. – Toshkent: —O`qituvchil, 1986.
4. A.N. Varab_yov, S.A. Limanskiy, I.G_. Karimov. —Mehnat ta`limil (o`quv darslik 5-7 uchun). – Toshkent: —O`qituvchil, 1991.

КӨНЕ ЗАМАННАН СЫР ШЕРТЕР ӘШЕКЕЙДІҢ КИЕСІ МАЯБАСОВА Гүлхан Жуанышбековна

Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейі
Отырар, Қазақстан
gulhan7676@mail.ru

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылғы «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында: «Төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін халықтың болашағы зор болады деп



сенемін. Өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту – еліміздің табысты болуының кепілі...» деп атап өз тарихымызға құрметпен қарап, өткеннен сабақ үйренуге шақырған болатын. Міне, осындай өткенімізден сыр шертер қазақ халқының көне заманнан келе жатқан дәстүрлі қолөнерінде сәні мен салтанатына тәнті етерлік зергерлік өнер маңызды орын алады. Көркемөнер шығармашылығының ішінде зергерлік өнер барлық өнердің ерекшелігін бойына жинаған. Тамаша пішін үлгілерін жасауда мүсіншіге тән көркемдік сезімталдығы, ою-өрнек құруда шығармашылық қиялының ұшқырлығы, бейнені кескіндеуде саусағының дәлдігі, түстік үйлесімдік құруда кескіндемешіге тән көкірек түйсігі болғанда ғана зергер шеберліктің шыңына жете алады. Өртекті өнер саласын өз бойына сіңіре білген өнер иесі қайталанбас төл туындылар жасайды. [5, 116] «Әшекейі жоқ әйел жапырағы жоқ ағашпен тең» деген аталы сөз бар. Сондықтан да қазақта қыздар мен әйелдердің әшекейсіз жүруі әдепсіздік болып саналған, өйткені әшекейді тек қаралы күндері тақпаған, яғни қазақ қыздары туғаннан бастап өмірінің соңына дейін өзінің жасына және әлеуметтік деңгейіне сай әшекейлер тағып жүретін болған. Қазақ әйелдерінің зергерлік сәндік әшекей бұйымдарының бір тамаша үлгісі – бойтұмар. Тұмар (араб сөзі–бүктелген, үлгі, қолжазба) біздің тілімізге аударғанда «дұға жазылған үшбұрышты қағаз» деген мағына береді. Тұмарды әдетте діни ғұламаларға жаздырып алып, былғарымен қаптап, бойға тағып жүретіндіктен бойтұмар деп аталған. Кейінірек ондай дұға жазылған қағазды қадірлеп, күмістен арнайы қорап жасап, қорапты әртүрлі қызмет-тұмар және әсемдік үшін әшекей қызметін бірдей атқарған. [1, 86б]

Тұмардың бәле-жаладан, тіл-көзден сақтайтын қасиеті ішіндегісіне ғана емес, пішініне де байланысты. Қазақтың зергерлік өнерінде үшбұрыш әлемнің үш деңгейін (төменгі, орта, жоғарғы) және әйел затының бастауын білдірген. Түтікше пішін ер адамның бастауын, ал үшбұрышпен бірігуі ұрпақ жалғасын, өсіп-өнуді білдіреді. Тұмар мойынға шынжыр арқылы тағылады. [5, 108б] Сондай-ақ, тұмар – түрлі наным-сенімге байланысты қорғаныштық қызмет атқаратын киелі зат. Оны тіл тиюден, көз сұғынан, түрлі қауіп-қатерден, пәле-жаладан, зиянды, тылсым күштерден қорғап, сақтау мақсатында адамға да, малға да арнап жасаған. Сұқ көз – дәстүрлі наным-сенім бойынша, сұқ деп аталатын зиянкес тылсым күш иесінің көзқарасы жан біткенге ауру-сырқау, тіпті өлім-жітім әкелетіндігін білдіретін ұғым. Түркі халықтарында «адамның көзқарасында жылан мен араның тілінен де өткір жебесі бар» деген түсінік кең таралған. Қазақы ортада тек қана үлкен не кіші адамға ғана емес адамның «назары» (тілі мен көзінің сұғы) сол заттарға түссін деп ырымдап тұмар таққан. Мәселен: жүйрік аттың жүгеніне «көзтас» қондырылған құйма орнатудың түпкі мәні сұқ көзден сақтандыру амалында жатыр деуге болады. «Жүйрікке тұмар(менменге зауал)» деген ырым бойынша жеті тас, жеті заттан тұратын арнайы тұмар дайындаған. Жүйрік пен жорғаның мойнына тағылған мұндай тұмар ішіндегі тастар сұқ көз бен тіл тиген жағдайда «күлталқан болатындығы» ел ішіндегі ауызша мәліметтерде жиі айтылады. [7, 250 б] Сондай-ақ, тұмарды дәстүрлі ортада тұмар ретінде туған жердің топырағы, тас қиыршықтары; халық қасиетті, киелі санаған ұлутас, үкі қауырсыны мен тұяғы, қасқырдың азу тісі, киіктің бақайшағы, қойдың асығы сияқты заттар тағылған. Қолөнер дами келе қасиетті саналатын бұл заттардың бейнесі ағаш, сүйек, металл сияқты заттардан ойылып, құйылып та жасалған.

Ислам дінінің әсерімен, тұмар ретінде әртүрлі заттарды тағу ығыстырылып, орнына Құран аяттары жазылған қағаз салу белең алған. Әдетте аяттарды діни ғұламаларға, молдаларға жаздырып алып, былғарымен қаптап, бойға тағып жүреді. Бұл туралы Ш.Уәлиханов: «Қырғыздар ертеде тұмар ретінде құстар мен аңдардың сүйектерін таққан болса, кейін құран дұғалары жазылған аяттарды таққан» деп жазады.

Тұмардың өзара ұқсас түрлері Орта Азия, Таяу және Орта Шығыс, Мысыр елдерінің мұсылман халықтары арасында да кеңінен қолданған. Тұмардың оң жағына көбінесе араб тілінде «Тәңір жарылқасын» деген сөз немесе Құраннан үзінді жазылған. Тұмар ретінде алынған затты қымбат бағалы металдан немесе былғарыдан жасалған қорапшаларда, қалташаларда сақтаған. Қорапшалар үш бұрыш, төрт бұрыш, кейде түтікше түрінде, көлемі мен пішіні әртүрлі жасалған. Оларды да әшекейлеп, алтын, күміс жалатып, асыл тастармен көмкеріп әшекей бұйым, бойтұмар ретінде бау, алқа өткізіп мойынға таққан. Кейде тұмарды киім жағасының, қолтығының астына, бас киімнің ішіне тігіп немесе түйреуіш арқылы қадап



алған. Иыққа іліп жүретін тіктөртбұрышты тұмар-сөмке қолтықша деп аталады. Оның ішіне дұға аяттары, көз тиюден сақтайтын қасиеті бар нәрселермен қатар күнделікті қажетті ұсақ-түйек заттар салынады. Төртбұрышты тұмарды ғана иықтан асыра таққан, ол адамның ең әлсіз жері - қолтықты қорғап тұратындықтан қолтықша деп аталады. Қолтықша тұмар туралы қызықты аңызда аспаннан жерге бір жұлдыз ағып түседі де әдемі бір қызға айналады, оны көрген бір балықшы жігіт «маған тұрмысқа шық» деп жалынады. Қыз «егер мен бас жуған кезде маған қарамауға уәде етсең келісемін» дейді. Балықшы жігіт келісімін береді. Бір күні балықшы жігіт шыдамай қараған кезде әйелінің қолтығының астынан жанының ұшып шыққанын көреді. Бұдан кейін әйелі қайтыс болады. Осыдан кейін жанды ұшып кетуден сақтайды деген сенімнен қолтық тұмар жасау пайда болған деген де тұжырым қалыптасқан [1.86б]. Сондай-ақ түскііз, кілемдерге қыстырып, жастықтың астына жастап та жататын болған. Тұмарды жұрт көзіне көрсетіп алып жүру немесе тағу міндетті саналмаған. Сонымен қатар тұмардың шағын, кішілеу келген түрін тұмарша деп атайды. Халықтық қолөнерде қолданылатын тұмарша ою тұмардың кездейсоқ қауіп-қатерден, тіл-көзден сақтап жүретін киелілік қасиетіне сенуден шыққан. Халықтың байырғы түсінігінде тұмарша оюы бар бұйым адамды жын-шайтаннан сақтайды, жамандықты жолатпайды деп сенген[7, 503б]. Ықылым заманнан қағаз жоқ, тауар қат кезеңде сауда-саттық жасап алысқа сапар шеккенде немесе соғыс жорықтарына аттанғанда батырларымыз, өз елінен жыраққа ұзатылған қыздар тұмар ретінде осы туған жердің топырағын шүберекке түйіп өзімен бірге алып жүрген. Сол арқылы алыста жүрген ер адам «жер ана желеп-жебейді, туған жерге қайтып ораламын» деп ырымдаған. Кейде топырақ алудың мәні осы жерден топырақ бұйырсын деген сенімге саяды. Ал қыз бала туған жерін сағынғанда осы топырақты иіскеп мауқын басқан. Бұл туған жерге деген шексіз құрметтің, перзенттік парыздың белгісі болса керек. Біле білгенге, адам бойындағы бір нәрсеге деген сенімнің өзі үлкен рухани күш. Бүкіл әлемге мәшһүр ғалым әл-Фараби бабамыз туралы халық аузында мынадай бір әңгіме бар: Ұлы ұстаз қартайған шағында бір топ шәкірттерінің басын қосып, «сендерге аманатым бар, егер құпиясын сақтап, шартын орындасаңдар ашамын» дейді. «Аманатқа қиянат жасауға болмайды, айтқаныңызды орындаймыз» деп шәкірттері бір ауыздан уәде береді. Сонда ұлы ұстаз оларға көннен тігілген тұмарды ұсынып, қабірінің басында ашуды өтінеді. Арада көп уақыт өтпей-ақ ұлы ұстаз дүниеден өтеді. Арулап жерлеу рәсімі кезінде уәде бойынша әлгі тұмарды ашып қараса, ішінен тілдей қағаз шығады. Онда «бұл туған жерім – Отырардың топырағы еді. Қабіріме осыны салыңдар» деп жазылған екен дейді. Ғұламаның сол өтініші үлкен тебіреніспен, толқумен орындалады. Данышпанның аты – данышпан, өмірден өтіп жатып та, туған жердің қадір-қасиетін кейінгілерге тағы да бір ұқтырып отыр. Этнограф-ғалым, айтулы қаламгер Акселеу Сейдімбек ағамыздың мынадай бір жазғаны бар екен, «Аса киелі саналатын дәстүрлі ырымдардың бірі – тұмар тағу. Тұмар тағу ырымы – ислам дінінен ада, байырғы түркілік дәстүр. Тәңірлік наным-сенімдегі әрісі – түркілер, бергісі көшпелі қазақ үшін – Күн, көк, от, су сияқты Жер де киелі. «Қара жер» - киелі жер деген мағынада. Байырғы көшпелілер тағатын тұмардың ішінде туған жердің бір шөкім топырағы болған. Тұмар сөзінің өзі байырғы түркі тілінде «тұма иер» - «туған жер» деген сөздердің кірігуінен шыққан. Кейін ислам дінінің орнығуына байланысты тұмардың ішіне аят, дұға жазып салу дәстүрі қалыптасты» деп жазған екен [2, 331 б]

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауының Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясында белгіленген алтыншы басымдықта «Біз қазақ халқының сан ғасырлық дәстүрін, тілі мен мәдениетін сақтап, түлете береміз. Сонымен қатар ұлтаралық және мәдениетаралық келісімді, біртұтас Қазақстан халқының ілгері дамуын қамтамасыз етеміз» делінген. Оңтүстікте аты әлемге Ұлы Жібек жолымен, батырлары алты ай бойы берілмей қорғаған қала атымен мәшһүр Отырар ауданында қырық жылдық тарихы бар, Отырар археологиялық қорық мұражайы да жалпыға ортақ осы міндетті іске асыруға өз үлесін қосуда. Өткен тарихи-мәдени құндылықтарымыздың киелі мекені – мұражай арқылы жас ұрпаққа танытудың маңызы зор. Көпшілігі ежелгі қолөнердің керемет дүниелері болып саналатын археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған саздан, тастан, сүйектен, шыныдан, металдан жасалған заттар мен этнографиялық мұраларға



жататын күнделікті тұтынатын бұйымдары, шаруашылық құрал-саймандары мен аспаптар, киім-кешек т.б. заттар. Мұражай қорында жинақталған ұлттық зергерлік бұйымдардың көлемді жиынтығы (коллекциясы) бұл өлкедегі зергерлік мектептің жоғары деңгейде қалыптасып, дамып, өркендегенін көрсетеді. Осынау қазақ мәдениетіне қайталанбас қолтанбасын қалдырған зергерлер еңбегі үлкен құрметке лайық. Халқымыздың қанына сіңген зергерлік өнері мен болмысымыздың жақұтындай болған зергерлік бұйымдар ұлтымыздың баға жетпес байлығы, мол мәдени мұрасы.

Сондықтан да қазіргі кезде мұражай қызметкерлері қордағы жинақталған әрбір жәдігерлер туралы жеке-жеке сипаттама жазып, коллекциялық кітапшалар дайындап жатыр. Мұражай қорындағы бойтұмарлар саны 26 дана. Бойтұмардың көпшілігі XVIII ғасыр және XIX ғасырдың аяғымен XX ғасырға тән. Әсіресе, қолданбалы өнер жәдігерлері XIX-XX ғ.ғ. зергерлік бұйымдарға келетін болсақ, мысалы, бойтұмарлардың ою-өрнектері геометриялық және сызықша тәрізді болып келген. [3, 395 б.] Соның ерекше біреуіне тоқталып өтер болсақ; мұражай қызметкерлері ел арасынан жәдігерлер жинақтау кезінде тапқан, XIX ғасырдың аяғымен XX ғасырдың басына жататын бойтұмарды сипаттар болсақ, 800-875 сынамалы күміс. Түтік тәрізді қуыс, алып-салатын құрастырмалы екі негізгі бөліктен және шынжырбаулардағы жеті салпыншақтан тұрады. Бойтұмардың ұштары дөңес тәріздес болып бітелген. Тұмардың жоғарғы бөлігінде орта көлемді екі ілмекке шынжырбау ілінген. Түтік тәрізді бөлігі алты жерінен шеңбермен құрсауланған. Шеңберлердің арасы төрт жерден зооморфты өрнекпен бедерлеу техникасында әшекейленіп, ұсақ сіркелеумен өрнектелген. Тұмардың төменгі бөлігінде – шынжырбауларға ілінген төрт найза іспеттес шағын ілгек, үш тұмарша және тұмаршаларға үш ілгекке тағы да үш найза іспеттес шағын ілгек ілінген. Салпыншақтардың үсті дөңес, асты жайпақ.

Әлемдегі басқа да халықтар сияқты қазақ халқы да өзінің көне замандардан бері келе жатқан тамаша тарихымен және өзіне ғана тән қайталанбастай ерекшелігімен көзге түседі. Ал қандай да болсын өнер және талант иелерін өмірге келтіретін де сол халық. Міне, сол халық таланттарының қолынан шыққан зергерлік бұйымдар, киім үлгілері, тұрмыс жиһаздары, әсем де зәулім ғимараттар қай заманда болмасын өз маңызын жоғалтпай келе жатыр. Бірақ мұндағы өкінішті жай, сол халық шеберлерінің көпшілігінің есімдері тарихта қалмағандығы. Бұл әрине, ертеде өз жазу-сызуы болмаған қай халықтың болса да басынан өткен жайлар. Дегенмен, ұлттық мәдениетіміздегі дәстүрлі қолданбалы өнер халқымыздың тарихымен, ұлттық болмыс-бітімімен, дүниетанымымен үндесе дамып келе жатыр. Тамырын тереңнен алатын қолданбалы өнердің көрікті де, көрнекті саласы зергерлік өнер атадан балаға, ұстаздан шәкіртке ауысып отыратын, тылсым сыры бар киелі де қасиетті өнер, қастерлі кәсіп. Жалпы қорыта айтқанда, Елбасымыз айтқандай, жастарымыз салт-дәстүрімізді көздің қарашығындай бағып жүретін, көптің көкейіне үміт отын жағып жүретін, адамзаттың озық ой көгінде ағып жүретіндей болса тарихтағы мәртебелі орнымыз орнықты боларына ешкімнің де дауы жоқ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Аширбекова.Н. «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі РМҚК қорындағы зергерлік бұйымдар топтамасы – Алматы-«Издательство Золотая Книга» ЖШС, 2018ж. – 86б
2. Бегманов Қ. Этнографпен әңгіме - Алматы: Дәстүр: 2010 жыл-331 б
3. Жұмашова А. Отырар өрнектері.- ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Қазіргі жоғарғы білім жүйесіндегі археология, этнология және музейтану» атты «ҮІІІ Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары: Алматы, 2006 жыл 1-2 сәуір-395б
4. Кейкін Ж. Қазақы атаулар мен байламдар – Алматы: Өлке баспасы - 2006 жыл – 106 б
5. Тоқтабаева Ш.Ж. Қазақтың зергерлік өнері – Алматыкітап баспасы:2011 жыл-107-108 б



6. Сейдімбек А. Қазақ әлемі - Этномәдени пайымдау – Астана: Фолиант, 2010 жыл – 218б

7.Энциклопедия 5 том Ө-Я. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі- 503б.

МУЗЕЙДЕ ӨТКІЗІЛЕТІН ТАРИХИ-ТАҒЫЛЫМДЫҚ САБАҚТЫҢ ҒЫЛЫМИ- ӘДІСТЕМЕЛІК МЕТОДИКАСЫ

МОЛДАШЕВА Самал Казихановна

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Атырау, Қазақстан

Samal_moldasheva@mail.ru

Өткен тарихымызды танып білмей, болашағымызға бастар жолды айқындау мүмкін емес. Ал өткен тарихымызды бірден-бір баян ететін орын – музей. Анығын айтсақ, музей теория ғана емес, практика деп қарауымыз керек. Өмірдің сол күйіндегі жанды бір кесек бейнесі – өз өлкесінің өткені мен бүгінгісін көзімен көріп, қолымен ұстаған әрбір адам ертеңге ұмтылары анық.

Өз елінің тарихымен, оның өткені мен бүгінгісімен бетпе-бет келу, жалпы ұлттық құндылықтарды қастерлей білуге үйрету, оқушыны туған жері мен өзінің халқын сүйуге тәрбиелеу, бала бойында ұлттық рух, сана-сезім сияқты елжандылық қасиеттердің пайда болуын қамтамасыз ету – бүгінгі күннің кезек күттірмейтін мәселесі. Бұл орайда, музейлердің атқаратын рөлі ерекше [1,49].

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстан - 2050» Стратегиясында «Біз өзіміздің ұлттық мәдениетіміз бен дәстүрлерімізді осы әр алуандығымен және ұлылығымен қосып қорғауымыз керек, мәдени игілігімізді бөлшектеп болса да жинастыруымыз керек» деп атап көрсетті [2].

Музей – ел тарихы, ұлттың көне менталитеті, дүниежүзі мәдениетінің қайнар көзі тоғысатын жер. Бұрынғы мен қазіргі материалдық және рухани мәдениетті сақтап, насихаттайтын киелі орын. Себебі, музей экспозициясында орналасқан және қорда сақталған әрбір жәдігердің астарында халықтың жүріп өткен ізі, тарихы жатыр.

Елбасы Н.Назарбаев айтқандай «Жалпақ жұртыңды, иісі алашыңды құрметтеу, алдымен өзің туған өлкенің тарихын, табиғатын танудан, адамдарын ардақтаудан басталады» деген ғажайып ұлағатты сөзі, жас ұрпақты туған жерінің табиғаты мен тарихын білуге үндейді. Біз үшін ортақ тағдыр, бұл біздің Мәңгілік Ел, қайсарлы Қазақ елі, Мәңгілік Ел – жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы еді. Осы тұрғыда еліміздің ғасырлар қойнауынан сыр шертетін тарихи құндылықтарды насихаттауда, музей қорындағы жәдігерлерді жарыққа шығарып, халық назарына ұсыну үшін экспозициялар мен тақырыптық көрмелерді жасақтауда музей қызметкерлерінің атқаратын орны ұшан теңіз [3. 21].

Музей қызметкерлерінің іскерлігі, біліктілігі арқасында мәдени білім беру бағытында жас ұрпақты танымдық бағытта тәрбиелейтін мәдени шаралар, ғылыми-тәжірибиелік конференциялар, семинар-тренингтер, көрмелер, кездесу кештері, тарих ғылымындағы өзекті тақырыптар бойынша және қазіргі заманғы мәселелер бойынша тарихи-тағылымдық сабақтар, патриоттық тәрбиелік жұмыстар жиі өткізіліп отырады.

Музейдегі экспозициялық көрмелер бойынша экскурсиялар ұйымдастырып, оқушыларға тақырыптық лекциялар оқу арқылы өз еліне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін арттыратына хақ. Қазіргі таңда Отансүйгіштік, патриоттық тәрбие беру туралы мемлекеттік бағдарлама да қабылданған. Бағдарламаның негізінде оқушылармен жан-жақты байланыс жасау үшін - музейлік сабақтар мен мәдени шаралар жиі өткізіліп тұрған дұрыс.

Мәдени білім беру қызметі дегеніміз – білім беру және тәрбиелеу қызметі жүзеге асырылатын музей қызметінің негізгі бағыттарының бірі. Музей аудиториясымен жұмыс жасаудың түрлі тәсілдері арқылы жүзеге асырылады. Мәдени білім беру қызметінің теориялық негіздері – музей коммуникациясының теориясы мен музей педагогикасы болып табылады



[4.16]. Яғни, білім беру және тәрбиелеу қызметі жүзеге асырылатын музей қызметінің негізгі бағыттарының бірі.

Музейлік педагогика – бұл оқушылармен тікелей жұмыс істеу көзі десек, музейде өтетін саяхат, ізденіс, интеллектуалдық ойын, мультимедиалық және т.б. сабақ түрлері, ізденіс-зерттеу жұмыстары, танымал тұлғалармен кездесулер оқушылардың оқу үрдісіне деген белсенділігін арттыруға үлкен үлес қосады. Сабақ барысында мультимедиалық аппараттар мен ғылыми қор құжаттарын қолдану сабақты әдістемелік жағынан түрлендірері сөзсіз. Негізінен, оқыту әдістері үш топқа бөлінеді. Олар:

1. Ауызша (әңгіме, кеңес, дәріс, кітаппен жұмыс);
2. Көрнекілік (суретпен сипаттау, картамен жұмыс, жәдігерлерді қолдану);
3. Зертханалық, тәжірибелік жұмыстар;

Музейде өткізілетін әрбір сабақтың дидактикалық, тәрбиелік жағынан маңыздылығы ескерілуі керек. Оның ішінде Ата Заңымызға, Мемлекеттік Рәміздерге, облыстың, қаланың немесе ауданның құрылу тарихына арналған сабақтар оқушылардың патриоттық сезімін көтеруге көмектесіп, еліміздің белгілі азаматтарымен кездесулер өткізу оқушылардың адамгершілік, азаматтық тұлғасын қалыптастыруға ықпал ететіні анық.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарымен мәдени-ағарту саласының тарихын, құнды жәдігерлер, мәдени мұраларды жинақтау, сақтау, насихаттау жұмыстарымен айналысып отырған музейлер рухани-мәдени және білімділік-тәрбиелік орасан зор әулетке ие. Музей қызметкерлерінің жыл бойы жүргізген зерттеу жұмыстары музей жанындағы ғылыми-кеңес мәжілісінде қаралып, талқыланып, жинақталған мәліметтер бойынша баяндама жазылып, каталогтар жасалып, жинақталған фотосуреттер, құжаттар, заттай деректер мен бұйымдар музей қорына қабылданады. Бұл қабылданған жәдігерлерге ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіліп, экспозициялық көрмелерге насихатталады. Сондай-ақ, музейде өтетін іс-шараларға, тарихи-тағылымдық сабақтарға пайдаланылады [5.20].

Білім беруге және ағартушылыққа бағытталған музей іс-шараларының арасында қазіргі кезде музей сабақтары ерекше сұранысқа ие. Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасы мен «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы аясында Атырау облысы тарихи-өлкетану музейінде «Өлке тарихы» ғылыми-зерттеу бөлімінің ұйымдастыруымен «Әңгіме арқауы тарих», «Ерлік, Еңбек, Бейбіт шежіресі», «Өнердің қайталанбас өр тұлғасы», «Зұлмат заманның зардабы», «Ленинград қаласын қорғауға қатысқан Атыраулықтар», «Тәуке ханды тәнті еткен Мүсірәлі», «Қыпшақ даласының қыраны – Бейбарыс сұлтан» «Ерлікке толы ғұмыр», «Теңге – тәуелсіздіктің нышаны», «Саз әлемінің сардары» және ұлы ақын Абайдың 175 жылдығына орай, әл-Фарабидің 1150 жыл толуына орай тарихи-тағылымдық сабақтарды өткізіп келеді.

Музейде өткізілетін сабақпен мектепте өткізілетін сабақтың айырмашылығы:

- Музейде өткізілетін сабақтың көрнекілігіне музейдің ғылыми қор бөлімінде сақталған жәдігерлік заттарды немесе тарихи құжаттарды қолдану;
- Көрнекілік, заттай жәдігерлерді пайдалану (өткізіліп отырған тақырыпқа қарай залда орналасқан экспозицияны сөйлету, электронды таныстырылымдар, бейнефильмдерімен слайд бағдарламасы арқылы оқушылардың танымдыын қызықтыру);
- Тәжірибелік жұмыстар (ғылыми-кеңес мүшелерімен, университет профессорлары, өлкетанушы ғалымдар мен археологтарды шақырып дәріс өткізу);

Музейде өткізілетін тарихи-тағылымдық сабақтар оқушылардың белгілі-бір тақырыптар бойынша алған білімдерін бекітуге және тереңдетуге бағытталған. Бұл мектептің оқу бағдарламалары бойынша оқушылардың білімдерін тереңдету мақсатында музей экспозициясы жанында өтеді. Оның ерекшелігі мектеп тапсырмаларын музейдегі жәдігерлерімен білім беру ортасында жүзеге асыру болып табылады. Музей мамандары жоспар бойынша өткізілетін танымдық сабаққа мектеп басшысына хат жазып, мұғалімдер арқылы мектеп оқушыларымен тікелей байланысып отырады.

Музейде өткізілетін сабақтар, іс-шаралардың әрқайсысы еліміздің бәсекеге қабілетті, шығармашыл, өз елін, жерін сүйетін, тілін, салт-дәстүрін құрметтейтін оқушының жеке тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы керек.



Музейде өткізілетін әрбір сабақтың дидактикалық тәрбиелік жағынан маңыздылығы ескерілуі керек. Музейдің білім беру қызметіне оқушылардың ой-өрісін кеңейту, білгірлікті дамыту, тұлғалық шығармашылық тәжірибені жинақтау жатады.

Музейдің тәрбиелік қызметі туралы Анакостиядағы музейдің алғашқы директоры Джон Кинард былай деп жазған болатын: «Егер музей болашағының болуын қаласа, олар адамдар өміріне белсенді араласуға, оларды қажет еткендермен байланыс орнатуға міндетті».

Әр бағытта ұйымдастырылатын әр түрлі бағыттағы тағылымдық-тәрбиелік сабақтар оқушылардың сөйлеу мәнерін үйренуді, ізденіске, еңбекқорлыққа, логикалық ойлауға, әр түрлі бағыттағы тағылымдық-тәрбиелік мәдени шаралар орта және жоғары оқу орындарында алып жатқан білімдерін толықтыруға, өздерінің көзқарастарын қорғай білуге, сабаққа деген қызығушылығын оятып, эстетикалық тәрбие береді. Яғни оқушыны білімділікке, Отанының тарихын терең білуге, патриоттыққа және рухани-мәдени құндылықтарды бойына сіңіру арқылы азаматтық тұлғасын қалыптастыруға тәрбиелейді.

Бүгінде музей өлкедегі аса маңызды рухани орталығы ретінде өткен кезеңнің жақсы дәстүрлерін жалғастыра отырып ХХІ ғасыр талап етіп отырған міндеттердің негізгі бағыттарын айқындап халыққа қызмет етуде [6. 89].

Қорыта айтқанда, елдің тірегі-рухани құндылықтарымыз. Сондықтан мемлекеттің іргесі берік, халқының болашағы сәулелі болуы үшін біз ұлыларымызды ұлықтап, қазақы құндылықтарымызды ұрпақтан-ұрпаққа аманат етіп жеткізіп отыруымыз керек. Халқымыздың ертеден қалған көзі ретінде, қазіргі қолда бар жәдігерлерді болашақ ұрпаққа жоғалтпай сақтап, күтіп жеткізу музей қызметкерлерінің алдындағы борышы деп санаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Музей ісін дамытудағы өзекті мәселелер. Атырау, 2009. – 49 б.
2. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Астана.-2012 ж.
3. Этномәдени мұраларды зерттеудегі музейлердің рөлі. Алматы, 2003
4. Мекебаева А.А. Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік музейінің тарихынан // ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы, 2005. -№2(37)
5. Мұражайларда мәдени шараларды ұйымдастыру және жәдігерлер негізінде баспа өнімдеін дайындау жолдары //конференция материалы. Атырау, 2015. -20 б.
6. Өлке тарихының өзекті мәселелері: ізденістер, зерттеулер, тұжырымдар. Атырау, 2001. -
7. «Қазақстан музейлері» журналы. 2 (3) 2003.

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ДАРЫНДЫЛЫҚТЫ ДАМЫТУ

НИЕТАЛИНА Әлия Ниеталықызы

Жаңақоныс жалпы орта білім беретін мектебі

Шалқар ауданы, Ақтөбе облысы, Қазақстан

Nietalina_aliya@mail.ru

Қазіргі білім саласында жүргізіліп жатқан реформаның басты мақсаты – ой-өрісі жаңашыл, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын, дүниетанымы жоғары, жан-жақты қалыптасқан жеке тұлға даярлау. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңына мемлекеттік саясат негізінде «Әр баланың жеке қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы, жеке адамның дарындылығын дамыту» өзекті мәселе етіп енгізілген. [1,37-б] Дарынды баланы анықтау, оқыту, тәрбиелеу, дамыту – қазіргі уақытта білім беру жүйесіндегі қолға алынып отырған өзекті мәселе. Осыған орай мектептердің педагогикалық ұжымы алдында дарынды және талантты балаларды айқындау, олардың шығармашылық жұмыстарына барынша қолдау көрсету және қабілетін дамыту бағытында орасан жұмыстарды атқару міндеті тұр. Осы орайда



пән мұғалімі ретінде іс-тәжірибеме сүйене отырып, дарындылықты дамыту жайында пікір қозғасам деймін. Дарынды оқушыны дөп басып тану үшін мұғалімнің шығармашылық шеберлігі, көрегендігі қажет. Осы ретте 5-сыныпқа келген шәкірттерімді пәнге қызықтырып, шығармашылық қабілетінің оянуына мүмкіндік жасай отырып, икемділік, құлшыныс танытқан оқушылардың дарынын дамытуға ерекше көңіл бөлемін. 5-6 – сыныптарда қабілеттілік танытқан оқушылардың мектеп бітіргенге дейінгі дарындылығын дамыту мақсатында жоспарлы түрде үздіксіз жұмыс жүргіземін. Дарынды, талантты жастың қабілетін шыңдау, оны ғылымға жетелеу, өз жолын табуға көмектесуді ұстаз ретіндегі парызым деп санап, заманның озық өнегесін дарынды шәкірттерімнің санасына сіңіріп, оларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамытуды басты мақсат еттім. Дарынды баланы дамытуда мынадай ұстанымдарды басшылыққа алдым:

1. Баланың жеке ерекшелігі мен қабілетін зерттеп, зерделеу, түрлі ақпарат көздері арқылы мағлұматтар беру.
2. Баланың қызығушылығы мен бейімділігі бағытында түрлі пәндік-танымдық сабақтарға, интеллектуалдық олимпиадаларға, сыныптан тыс іс-шараларға қатыстыру.
3. Әр түрлі психологиялық «кедергілерді» жоюға мүмкіндік беретін тренингтік әдістерді пайдалану арқылы оқушыны жігерлендіру.
4. Әңгімелесу, талдау, бақылау, сараптау, жүйелеу арқылы баланың нақты іс-әрекетін дамыту.
5. Шығармашылық, ғылыми-зерттеушілік іс-әрекетін бақылауға алу, баланың дамуын назарда ұстау.

Дарынды оқушымен жұмыстың негізгі мақсаты – олардың шығармашылық жұмыста өзінің қабілетін іске асыруға дайындығын қалыптастыру. Дарындылықты дамытуда оқытудың әр түрлі жаңа технологияларын тиімді пайдаланудың маңызы зор. Оқыту мен дамыту арасында тығыз байланыс бар екендігі ғылымда дәлелденген. Осы мәселені ғалымдар (Л.Выготский, В.Давыдов, Д.Эльконин т.б) түбегейлі зерттеп, бала дамуындағы оқытудың рөлін анықтаған. [2,13-6] Оқытуды өзектендірудің әдістемелік тәсілдерін назарда ұстап, оқудың ғылымилық-зерттеушілік бағытындағы танымдық тапсырмалар арқылы білім берсек, дарынды балалар қабілеті шыңдалады. Сабақ кезеңінде оқыту модульдерін сабақтастыра пайдалана отырып, оқушылардың шығармашылық дарындылығын қалыптастыру үшін мынадай әдістемелік тәсілдерді назарда ұстаймын: *оқытудың жаңа әдістері мен тәсілдерін сабақта жиі қолдану; сыни тұрғыдан ойлауға төселдіру; білім алушыны тақырып бойынша қайшылыққа әкеліп, оны шешудің жолдарын табуды ұсыну; жағдаяттарды әр түрлі тұрғыдан қарастырып, оны шешуді ұсыну; нақты сұрақтар қойып, нақты тапсырмалар ұсыну; оқу үдерісінің материалдық-техникалық базасын нығайту;*

Шығармашылық сипаттағы сабақтар арқылы оқушылар дербес ізденіп, жаңа білімді өз белсенділіктерімен алу әрекетін ұйымдастырады, өзара ой алмасады. Олар сын тұрғысынан қарап, сөйлеуге үйренеді. Оқушылардың өзіндік ізденісін, яғни, зерттеуші, ізденуші ретінде дағдыларын қалыптастыруда тіл дамыту сабақтарының маңызы зор. Тіл дамыту сабақтары оқушының көркем ойлау қабілеті мен сауаттылығын арттырады. Тіл дамыту – баланың қалыптасқан сөздік қорларын ары қарай байыту, ауызекі сөйлеу тілінде де әдеби нормативтерді сақтау, ойын нақты, тұжырымды, айқын жеткізу, мәнерлі де жатық сөйлеуге жаттықтыру, шешендік оралымдар мен даналық сөздерді терең түсіне отырып, керегінде оларды пайдалану, сөйлеу, жазу мәдениетінің талаптарын меңгерту, сауаттылыққа баулу іс-әрекеттерінің жиынтығы. Жоспарлы ойлауға төселген оқушы қиялы бірте-бірте дамып, өздігінше шығармашылық жұмыстарға бағыт алады.

Қазіргі талантты балаларды бірсарынды, сындарлы оқытуға негізделмеген сабақтар жалықтырады сөзсіз. Дарынды оқушылармен сабақ жүргізу әрекетінде мұғалімге үлкен міндеттер жүктеледі. Мұғалім тапсырманы алған білімді жаңғыртатын, эвристикалық ізденіс тәсілдерін қажет ететін, зерттеу элементтерін пайдаланатындай етіп құруы керек. Тапсырманы түрлендіре отырып, дарынды бала бойындағы қабілетті басты назарда ұстау қажет. Тапсырмалар ойлануға, талдап жинақтауға, абстрактілеуге құрылады. Түпкі нәтижеде оқушы



өздігінен ізденеді, зерттеу жүргізеді, теорияны тәжірибе арқылы талдауға талпынады. [3, 13-б]

Жаңа педагогикалық технологиялар оқушының жеке тұлғалық күшін арттырып, шығармашылық ойының дамуында басты рөл атқарады. Педагогикалық технология оқыту мақсатына жетудің тиімді, нақты жолдарын көрсетеді. Сын тұрғысынан ойлау мен дамыта оқыту технологияларына негізделген сабақтар оқушының қабілетін жан-жақты ашуға, оқушы көзқарасын қалыптастыруға септігін тигізеді. Мұндай шығармашылық сипаттағы сабақтар арқылы оқушылар дербес ізденіп, жаңа білімді өз белсенділіктерімен алу әрекетін ұйымдастырады, өзара ой алмасады. Олар сын тұрғысынан қарап сөйлеуге үйренеді. Сабақ процесіндегі шығармашылық бағыттағы тіл дамыту жұмыстары, оқылған көркем шығармаға рецензия жазу, тақырып бойынша мәтін құрастыру, ойтолғау жазу, ұсынылған тақырыпқа сценарий жазу, мектеп, ауыл өмірі, игі бастамалар, үлгілі істер туралы мақала жазу, әдеби кейіпкерлермен сырласу, оларға ашық хат жазу, баяндамалар жазу, рефераттар қорғау, тақырыптық кештерде өзіндік көзқарасын білдіріп, ұсыныс, пікірлер айту сияқты ойлау мен жазу әрекеті арқылы оқушы шығармашылық жұмысқа төселеді. Осындай өзіндік ойлау мен ізденушілік әрекеттің нәтижесі оқушыны ғылыми-зерттеушілік жұмысқа бағыттайды.

Пәндік бағыт бойынша оқыту, үйрету жұмыстары арқылы оқушылар бойында мынадай дағды-әрекеттер қалыптасады:

- өз бетінше шығармашылық ізденіс жұмыстарын жүргізеді;
- зерттеу тәсілін қолданып, көркем шығармаға идеялық-көркемдік баға беретін дәрежеге жетеді;
- көркем шығармаға әдеби-теориялық кешенді талдауды меңгереді;
- ақпараттармен өз бетінше жұмыс жасай алады;
- барлық іс-әрекетте шығармашылық бағыт ұстанады;

Дарынды оқушылардың дүниетанымын кеңейту, шығармашылық жұмысқа баулу, ізденушілік қабілеттерін жетілдіруде сыныптан тыс жұмыстарды жүргізудің маңызы зор. Кейбір зерттеушілер (А.Матюшкин, О.Нильсон, Б.Айтмәмбетов, т.б) сыныптан тыс жұмыстар оқу жоспарына сай оқушылардың білім дәрежесін толықтырушы және белгілі дәрежеде оқыту үрдісін оңтайлы ұйымдастырушы, оқушылардың дербестік қасиеттерін дамытушы құрал ретінде қарастырады. [3, 15-б]

Оқушы дарындылығын дамыту барысында оқу бағдарламасы шеңберінде тұйықталып қалмау керек, бұл орайда оқушылардың шығармашылық мүмкіндігін жетілдіруде, дарындылық қабілетін дамытуда сыныптан тыс жұмыстардың маңызы зор. Сыныптан тыс жұмыстардың маңызды ерекшелігі – оқушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін жетілдіру. Дарынды балалардың қабілетін дамытуда ізденімпаздық шаралардың маңызы зор. Пәндік бағыт бойынша дарындылықты дамытуда жүргізілетін жұмыстар:

1. Пәндік үйірмелер
2. Пәндік, интеллектуалдық олимпиадалар
3. Көркемсөз оқу, жыр мүшәйрасы
4. Көркем шығармалар байқауы
5. Зияткерлік ойындар, дебаттар
6. Ғылыми жобалар, ғылыми-практикалық конференциялар
7. Ақындар айтысы, шешендер сайысы
8. Танымдық шараларға қатысу (апталықтар, кештер т.б.)
9. Кітапханамен байланыс. Оқырмандар конференциясы

Осындай бағыттағы жұмыстар арқылы бала белгілі бір шеберлікке жеткен соң, оның шығармашылық қабілеті дамиды, өзіндік идеясы туып, үлкен ізденіс пайда болады. Мұндай әрекет шығармашылыққа баулып, шәкірт бойындағы талант көзін ашуға, тілін байытуға, қиялын ұштауға және өз бетінше ізденуіне мол әсерін тигізеді. Сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстарға қатысу арқылы оқушылардың қоғамдық, шығармашылық белсенділігі артады. Сонымен бірге оқушылардың іс-әрекетке, нәтижеге жетуге сенімділігі қалыптасады, шығармашылық ой-өрісі кеңейеді, дербес жұмыс істеу дағдысы жетіледі, интеллектуалдық, эмоционалдық ерік-жігері қалыптасады.



Дарынды балаларды оқытуға зерттеу әдісін қолдану қажеттілігі олардың табиғи қызығуының жоғарылығымен, қоршаған ортасына деген құштарлығымен түсіндіріледі. Оқушының өзіндік зерттеу әрекеті оның өзіндік талабын қанағаттандыруға ықпал етеді. Оқушылар қоршаған ортамен таныса отырып, өзіндік зерттеу әрекетінің көмегімен жаңа білімді дайын күйде емес, өзі ашады. Психологтер «зерттеу тәртібін» тұлғаның дамуы мен өзін-өзі дамытуда маңызды деп көрсетеді. [4,23-б] Әрбір оқушының жас ерекшелігіне, қабілетіне қарай дарындылығын айқындау және дамыту көп жағдайда әр түрлі әдістермен, оның ішінде ғылыми-зерттеу қызметімен ұштасады. Қандай да бір зерттеушілік іс-әрекетті жүргізу үшін шығармашылық зерттеушілік жұмыстардың тәсілдерін меңгеру қажет. Барлық зерттеу жұмыстарының құрылымы проблеманы айқындау, негіздеме материал, қорытындыдан тұрады. [5,17-б] Демек, барлық зерттеу жұмысына тән ортақ қажеттілік мыналар:

- нысанаға алған құбылысты зерттеу әдістерін меңгеру;
- зерттеушінің жинақтаған материалдарының молдығы;
- зерттеу материалын талдау және қорытындылау.

Зерттеушілік, ізденушілік – бала табиғатына тән құбылыс. Зерттеу әрекеті – оқушының жеке шығармашылығына бағытталған әрекет. Бүгінгі білім беру саласының маңызды міндеті – баланы ізденушілікке баулу, оған зерттеу дағдысы мен білігін үйрету. Әр оқушыны жеке тұлға ретінде қалыптастыру үшін оның қабілетін түрлі әрекетте көрсету үшін зерттеуге дайындау қажет. Педагогика, психология ғылымының оқушыларды оқыту, тәрбиелеу, дамыту әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып, шәкірттерді ғылыми-зерттеушілік жұмысқа бағыттау мақсатында 7-10-сынып оқушыларынан ғылыми топ құрдым. Тіл мен әдебиет пәніне икемді, теориялық білік-дағдысы қалыптасқан оқушылардан құрылған ғылыми топпен жоспарлы жұмыс жүргіздім. Осы орайда тіл біліміне байланысты жер-су атауларының шығу тарихы және оның этимологиясы, жергілікті жерде кездесетін диалект сөздерді жинақтап, оны әдеби тілдегі нұсқасымен салыстырып, жергілікті жерден шыққан батыр, би-шешендердің, өнер адамдарының сөздерін жинақтап, саралау, талдау жұмыстарын жүргізді. Қабілетті оқушыларға берілетін тапсырма көлемін күрделендіре түстім. Болашақ берілер білімнің алғашқы бөлігін алдын ала ұғындырып, оза оқыту әдісін пайдаландым. Бағдарлама талабынан тыс әдеби жанрлар, олардың ерекшеліктері, тілдік категориялар туралы ұғымдарды түсінді, сөйлемге, әдеби шығармаға кешенді талдау жүйесін меңгерді. Оқушылардың білім-білік дағдысы сыналатын пәндік олимпиада, ғылыми жобалар байқауы, көркем сөз оқу шеберлерінің сайысы, Абай, Шәкәрім оқулары, интеллектуалдық сайыстар, көркем шығармалар байқауына қатысушы оқушылар үйрету жұмыстарының нәтижесінде тіл мен әдебиет мәселелерін зерделеп меңгерді, әдеби-теориялық білігі молықты, шығармашылық жазба жұмыстарына жақсы төселді, тақырып немесе тірек сөздер бойынша мәтінді тез әрі көркем жаза білуге машықтанды, мәнерлеп оқудың партитурасын жақсы меңгерді.

Осындай бағыттағы ғылыми-зерттеу жұмыстар арқылы оқушыларда дағды қалыптасады. Олар өздіктерінен ғылыми-бұқаралық әдебиеттермен, әдістемелік журналдармен жұмыс жасауға жаттығады, зерттеушілік іскерліктері мен машықтары шыңдалады. Ғылыми-зерттеу жұмысына төселген, шығармашыл тұлғалар ерекше даралық сипаттарға ие болады. Ғылыми-зерттеушілік іс-әрекетке шыңдалған дарынды тұлға моделі:

- зерттеу кезінде білімге ерекше құштарлық танытатын жоғары қажеттілік;
- тек кешегі мен бүгінгі ғана емес, болашақ абстрақтылы идеялар мен теорияларға қызығушылық;
- өз бетімен белгілі бір мақсатқа жетуге табандылық көрсете білу;
- абстрақтылы-логикалық ойлаудың жоғары деңгейін таныту;
- тапсырмаларды өз бетімен ойлай және шеше білуге ұмтылу;
- стандартты емес идеялар мен мәселені шешудің жаңа тәсілдерін таба білу

қабілеті; [5,20-б]

Жас таланттың бойындағы табиғат берер ерекше қабілетті, дарындылықты тани білу, оның әрі қарай дамуына бағыт-бағдар бере білу - жауапты іс. Алайда әр баланың жеке қабілетін анықтап, оны сол бағытта жетелеу – ұстаз парызы. Демек, өз заманының озық



өнегесін санасына сіңіріп, оларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыта алсақ, қоғам алдындағы ұстаздық парызды ақтаған болар едік. Ендеше бүгінгі таңда ұлттық рухы жоғары, білімді, дарынды ұрпақ тәрбиелеп шығару әр педагогтің алдында тұрған ең маңызды міндет болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы Алматы – 2001
2. Н.Б.Шумакова «Обучение и развитие одаренных детей» М., 2004
3. А.Қабдолданова «Дарынды бала» Мектеп директоры 2012 №1
4. Қ.Жарықбаев Психология Алматы – 1993
5. А.Мешітбай «Ғылыми-зерттеушілікке баулу» Тәрбие құралы 2008 №2

БОЛАШАҚ ДЕФЕКТОЛОГТАРДЫ КӘСІБИ ДАЯРЛАУДА ЭМПАТИЯНЫҢ РОЛІ ОРАЗОВА Жанна Урумбасаровна

Абай атындағы ҚазҰПУ
Алматы, Қазақстан
orazova.1974@bk.ru

Қарым–қатынас рухани және материалдық құндылықтардан тұратын қажеттілік. Қарым-қатынас барысында адамдар өзара түсіністікке қол жеткізеді. Қ.Жарықбаевтың пікірінше, қарым-қатынас дегеніміз - тіршілікке аса маңызды ақпарат алмасу. Қарым-қатынас арқылы адам баласы қоршаған орта жайында мәлімет алады, еңбекке үйренеді, адами құндылықтарды меңгереді.

Б.Г.Ананьевтің айтуы бойынша, қарым-қатынас процесі кезінде адамдар сөз немесе іс-әрекет арқылы ғана қарым-қатынасқа түспейді, сонымен қатар олар бірін-бірі танып біледі, бағалайды. Олай болса, адам өмірінде маңызды роль атқаратын қарым-қатынас бірнеше қызмет атқарады. Соның ішінде ең бастысы адамдардың бір-бірімен өзара түсінісуі.

Күнделікті тұрмысымызда біз әртүрлі жағдайда қарым-қатынасқа түсеміз. Оның біреуі көңілімізге кірбің түсіріп, уайым-қайғыға салса, енді бірі шабыт сыйлайды. Көпшілік жағдайда біз адамның басына түскен қайғыны бөлісуге, оның жағдайын түсінуге тырысамыз. Бұл туралы А.Маслоу адамды «өзінің іс-әрекеттерін үнемі өзін-өз белсендіруге бағыттап отыртын қайталанбайтын жан», - дейді. Сондықтан ол жақсылық пен қамқорлық жасауға, мейірімділік танытуға әркез бейім. Ол достарымен, жақындарымен жағымды психологиялық байланыс орнатуға ұмтылады. Ол басқа адамның ішкі әлемін түсініп, оның көзқарасымен өзгелерге қарау үшін эмпатиялы болуға жаттығады.

Р.Бернстің пікірінше, эмпатияға барлық адам қабілетті емес. Эмпатияға бейім адам ең алдымен

- басқа адамның эмоциясына шыдамдылық танытады;
- өз қамқорлығындағы адамның ішкі дүниесіне терең үңіле алады;
- өзгені неғұрлым жақсы түсіну үшін оны қабылдауға бейім болады.

«Эмпатия» туралы К.Роджерс, Х.Кохут, Г.П.Гаврилова, Л.А.Петровская, Б.Д.Парыгин, Л.П.Буева, М.Г.Андреева, Р.Б.Карамуратова, С.В.Кондратьева, Н.Ю.Синягина, Т.Д.Карягина, Е.Н.Козлова, М.Ю.Тюлин, О.В.Еремкина, Ю.В.Молодцева, Н.Г.Фролова, т.б. ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты зерттелінген.

Э.Титченер неміс тіліндегі “симпатия” сөзін ағылшын тіліне «эмпатия» деп аударып, ғылымға жаңа бір ұғым енгізді. Ол эмпатияны басқа адамның жай-күйін өз басына түскендей сезінуі, жанашырлық танытуы, -деп түсіндірді және адамның күйзеліске түсуінің себептерін айқындады.

Гуманистік психологияның өкілдерінің бірі К.Роджерс эмпатияны «басқа адамның ішкі әлемін түсінуге бағытталған процесс» деп таныса, Дж.Мид эмпатияны «басқа адамның рөлін қабылдай алу қабілеттілігі» ретінде қарастырды.



Н.Н.Обозовтың пайымдауынша, эмпатия - басқа біреудің уайымына тұлғаның пікірі. В.И.Слободчиков пен Е.И.Исаевтің пікірінше, эмпатия басқа адамның жағдайын тек түсінумен ғана шектелмейді, эмпатия оның уайымына эмоциялық үн қатуға ұмтылуы.

Т.Д.Карягина «эмпатия» түсінігінің негізгі аспектілерін талдай келе, эмпатияны тану және қарым-қатынас феномені ретінде қарастырады. Басқа адамның сезімін, уайымын түсіну формасын эмпатияның тану феноменіне, ал оған жауап беру формасын қарым-қатынас феноменіне жатқызады [1]. Демек, зерттеушілер эмпатияны әртүрлі аспектіде, яғни оны психикалық процесс; адамның қызметі; басқа адамға назар аударудың бір түрі; жеке тұлғаның қабілеті, қасиеті, тану және қарым-қатынас феномені ретінде зерттеді. Біз өз зерттеуімізде эмпатияны болашақ дефектологтарды кәсіби даярлауда қалыптасатын қасиет және басқа адамның уайым-қайғысына ортақтасу арқылы оның ішкі әлемін түсінуі, оған эмоциялық жауап бере білуі деп қарастырамыз.

Дефектологтың кәсіби қызметі басқа мамандықтардан мазмұны мен қызмет түрлері жағынан ерекшеленеді. Бұл дефектологтан аса үлкен жауапкершілік пен шыдамдылықты талап етеді. Себебі, дефектологтың кәсіби қызметі ерекше білімді қажет ететін тұлғалармен диагностикалық және профилактикалық жұмысты тиімді ұйымдастыруды, оқу-тәрбиелік, түзетушілік үрдістің сапалылығы мен оны дұрыс басқара білуді, балалардың әлеуметтік ортаға тез бейімделуі мен олардың отбасымен жүргізілетін жұмыс түрлерін қамтиды [2].

Болашақ дефектологтың кәсіби қызметтегі теориялық және практикалық дайындық дәрежесі өкінішке орай, әлі де жеткіліксіз. Біздің ойымызша, болашақ дефектолог кәсіби біліктілікті игерумен қатар қарым-қатынас процесінде өзін-өзі жетілдіретін механизмдерді білуі керек. Ол өзара әрекеттесу кезінде анық көрінеді. Себебі эмпатиялық түсінігі бар маман әрбір «ерекше» баланы жеке тұлға ретінде қабылдап, жоғары адамдық қасиеттер арқылы оның дамуына ықпал етеді, оның ішкі дүниесін түсінеді және оған қолдау көрсетуге дайын болады.

Ендеше, болашақ дефектологтың эмпатиясы адами құндылықтарды бағалаудан басталып, адамгершілік қасиеттермен үндеседі, педагогикалық шеберлікпен ұштасады. Нәтижесінде ол басқа адамның орнына өзін қоюы арқылы ішкі жан дүниесін түсіне алатын қасиетке ие бола алады.

Н.Ю.Синягина өз зерттеуінде эмпатиялық қасиетке ие педагог әр оқушының жеке тұлға болып қалыптасуына ықпал ететіндігін және оқушылармен ынтымақтастық қарым-қатынасқа еркін түсіп, өзара түсінушілікке бейім болатынын айтады.

Кейбір зерттеушілер мектептегі мұғалімдердің қарым-қатынасын зерттеу барысында шынайы эмпатия мен жалған эмпатияның жиі кездесетінін айтады. Жалған эмпатия немесе псевдо эмпатия кезінде мұғалімнің сырт келбеті мен оның іс-әрекетінде оқушыға деген алаңдаушылық пен қамқорлық байқалып, оны түсінетіндей болып көрінеді, ал шын мәнінде ол шынайылықтан гөрі жасандылыққа жақын болады. Жалған эмпатияда мұғалім шындыққа жанаспайтын «жанашыр» кейпін киеді. Зерттеушілердің пікірінше, мұндай қарым-қатынас мұғалімнің «байланыс бұзылады» деген қорқынышынан туындайды. Демек, мұндай қарым-қатынаста адамның тұлғалық ерекшеліктері ескерілмейді және оны түсінуге ұмтылыс пен шынайы сезім болмайды. Бұдан шығатын қорытынды, қарым-қатынастағы «маскалық» байланыстар керісінше адами құндылықтың қағидалары әділеттілік, шыншылдық, адамға құрметпен қарау, т.б. айналуы керек.

Эмпатия К.Роджерс енгізген «конгруэнттілік» (сөз бен әрекеттің сәйкестігі, сезімнің шынайылығы) ұғымымен тығыз байланысты. К.Роджерс конгруэнттілікті «адамның өз сезімдерін, эмоциясын шын жүректен көрсете білу қабілеті»-деп есептейді. Оның пікірінше, конгруэнтті мұғалім сыныпта жасандылықсыз өзінің шынайы бет-бейнесін көрсетіп, оқушылармен ашық қарым-қатынасқа түседі.

К.Роджерстің бұл пікіріне жақын пікірді Т.Д.Карягинаның зерттеуінен көре аламыз. Оның ойынша, қарым-қатынастағы жалғандық пен жасандылық байқалған кезде, адамның сенімі жоғалады. Бұдан шығатын қорытынды: болашақ дефектологтың эмпатиясының табыстылығы сеніммен байланысты.

Өйткені, сенім арқылы басқа адамның ішкі әлеміне еніп, олардың сезімдерін түсінеміз, көңіл-күйлеріне ортақтасып, қолдау, көмек көрсете аламыз.



Е.В.Рязанова эмпатияны мұғалімнің жеке тұлғалық адамгершілік қасиеті ретінде қарастырып, эмпатиясы қалыптасқан мұғалім баланы баланы жақын сезіне алады, оның қуанышы мен қайғысына ортақтасады, сондай-ақ басқа адамның орнына баланың өзін қойып, бір адамның екіншісіне қарым-қатынасын түсіндіреді [3].

В.И.Долгова мен Е.В.Мельниктің пайымдауынша, мұғалімнің эмпатиялық қабілеті оның кәсіби қасиеттеріне, кәсіби шеберлік деңгейіне және жеке тұлғалық ерекшеліктеріне байланысты. Жеке басын ойлайтын өзімшіл және айналасына немқұрайлылық танытатын адамдардың эмпатиясы төмен деңгейде, ал керісінше жанашыр, жомарт, оптимист адамдардың эмпатиясы жоғары деңгейде болады деп есептейді [4].

С.В.Кондратьева педагогикалық шеберлігі төмен мұғалім оқушыны субъект ретінде емес, таным объектісі ретінде танып, бұрыннан белгілі, дәстүрлі монологиялық тәсіл арқылы бағалайды дейді. Яғни оқушы тұлғасы оның үлгерімімен сипатталады: жақсы оқушының жақсы қасиеттері, ал үлгерімі нашар балалар жағымсыз қасиеттерге ие.

М.Ю.Тюлиннің пікірінше, өз қызметінде авторитарлық стильді қолданатын мұғалімде, әдетте эмпатияның төменгі деңгейі болады. Ол эмпатияны педагогтың маңызды қасиеті деп есептей келе, кәсіби іс-әрекеттің табыстылығын қамтамасыз ететін мотивтерді, қарым-қатынас стилін және эмпатияның деңгейлерін жандандыру керек деді [5]. Шындығында да авторитарлы стильді ұстанған педагог үшін оқушы педагогикалық әсердің тек объектісі ғана. Мұндай стильді қолданған педагог оқушының тұлғалық қасиеттерін есепке алмайды және өз айтқанын оқушының тез орындағанын қалайды, ешкіммен санаспайды, оқушының ішкі дүниесінде не болып жатқанымен хабарсыз болады. Ал оқушы қорқақ, өз ойын ашық жеткізе алмайды, пассив. Авторитарлық стильге қарама-қарсы стиль – демократиялық стиль. Мұнда, қарым-қатынас тұлғаның сыйластық негізінде құрылып, педагог оқушының жеке тұлғалық қасиеттеріне мән береді, шешімдерді оқушылармен бірлесіп қабылдайды және оқушы өз ойын, пікірін еркін жеткізе алады. Демек, болашақ дефектологтардың эмпатиялылығы педагогикалық іс-әрекетте қарым-қатынас стилін дұрыс таңдай білуінен көрінеді Себебі мұғалім бойындағы адами құндылықтардың тұтастығы, өмірге деген дұрыс көзқарасы оқушы тұлғасының қалыптасуына тікелей әсер етеді. Сонымен, болашақ дефектолог мамандарды даярлауда педагогтың мәдениеттілігі, басқа адамды тыңдай және тыңдата білуі, қарым-қатынас стилін дұрыс таңдай білуі педагогтың кәсіби шеберлігімен байланысты болады.

Қорыта келе, эмпатия бір адамға басқа адамның ішкі дүниесінде не болып жатқанын түсінуге, оған көмек көрсетуге мүмкіндік беретін ерекше қасиеті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1.Карягина Т.Д. Эволюция понятия «Эмпатия» в психологии. - Москва, 2013
2. 5В010500 – Дефектология (Арнайы білім беру) мамандығы бойынша білім беру бағдарламасы. –Алматы, 2018
- 3.Рязанова Е.В. Организация педагогического процесса по формированию эмпатии как нравственного качества личности у будущих учителей – сурдопедагогов. - Челябинск, 2005
4. Долгова В.И., Мельник Е.В.Эмпатия. –Москва, 2014
- 5.Тюлин М.Ю. Эмпатия как важнейшее качество педагога в искусстве внутренних трансформаций субъектов образования// Вестник Тверского государственного университета. Серия: Педагогика и психология. 2013.№2

БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕГІ СЫНДАРЛЫ КЕРІ БАЙЛАНЫС- ОҚУШЫНЫ ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТЕЛЕУДІҢ ҚҰРАЛЫ

РАЙЫМБЕКОВА Алия Азатовна, РАЙЫМБЕКОВА Анар Азатовна

Физика-математика бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебі, №31 мектеп-гимназия

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

rayimbekova_a@ast.nis.edu.kz



Андатпа

Білім беруде, оқуда және оқытуда оқушы жұмысына дер кезінде берілген сындарлы кері байланыс білім сапасын арттыру, оқушыны жетістікке жетелеу құралы болып табылады. Бұл жұмыста оқушыларға сындарлы кері байланыс берудің тәсілдері қарастырылған. Авторлар сындарлы кері байланысты ұйымдастыру мәселелері туралы айтады.

Аннотация

Своевременная, конструктивная обратная связь является средством повышения качества обучения и учения учащихся. В данной работе рассматриваются способы конструктивной обратной связи с учащимися. Авторы делятся вопросами организации конструктивной обратной связи.

Жаңартылған білім мазмұны бойынша жүргізіліп отырған білім беру жүйесінің белсенді қатысушысы-оқушы. Қазіргі таңдағы білім алушы болашақта кез-келген мәселеде тығырықтан жол таба білетін, мақсат қоя отырып және ол мақсатқа жету қадамдарын айқындай алатын, жетістікке ұмтылатын тұлға болып табылады. Ел болашағы болатын қазіргі оқушылардың бойында аталған қасиеттерді қалыптастырып дамыту үшін, оқу мен оқытуда берілетін кері байланыстың орны ерекше.

Кері байланыс - бұл оқушыға немесе оқытушыға оқушының мақсатына немесе оқу нәтижелеріне қатысты, оқу әрекетін жақсартуға арналған ақпарат. Мұғалім тарапынан берілген сындарлы кері байланыс білімді жетілдіруге ғана бағытталып қоймай оны жетілдіруді қамтамасыз ететін болуы керек. Мұғалім мен оқушының мақсатқа жетуін көздейтін кері байланыс оқу әрекетін бағыттап, бағдарлап отырады.

Жаңартылған білім беру аясында қазіргі таңда мұғалімдер өз біліктілігін жетілдіріп, білім беру барысында әртүрлі әдістер мен тәсілдерді қолданады. Өз кезегінде жаңартылған оқу бағдарламалары жаңа бағалау жүйесіне алып келді. Жаңа критериялды бағалау дегеніміз – оқушының білімі мен білігін алдын ала белгіленген оқу жетістіктерімен салыстыра оқыту, соның негізінде оқушыны бағалау.

Критериялды бағалаудың кіріктірілген моделі (ары қарай – КБКМ) Кіріктірілген білім беру бағдарламасындағы (ары қарай - КБББ) пәндер бойынша оқушылардың үлгерімін бағалаудың әртүрлі жолдарын қамтиды. КБКМ оқыту, оқу және бағалаудың өзара байланысына негізделген және оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың бірыңғай тәсілін ұсынады. КБКМ бойынша бағалау үдерісі КБББ оқу мақсаттарының жетістіктерін бағалауға негізделген. Әр сыныпқа және пәнге арналған оқу бағдарламасының мазмұны КБКМ бағалаудың барлық үш түріне арналған ақпаратты қамтиды.

Қалыптастырушы бағалау (ҚБ) – мұғалімдердің оқыту мен оқудың бір бөлігі ретінде оқу бағдарламаларының бағалау мақсаттарына сәйкес өткізетін ағымдағы бағалау.

- **Ішкі жиынтық бағалау (ІЖБ)** – мектеп тарапынан құрастырылатын және өткізілетін, тоқсан соңындағы оқу ақпаратының бөлігін бітірген кездегі оқушылардың білімі мен оқу дағдыларының қалыптасу деңгейін анықтайтын бағалаудың түрі.

- **Сыртқы жиынтық бағалау (СЖБ)** – мектептен тыс ұйым тарапынан құрастырылатын және өткізілетін, бастауыш, негізгі және жоғарғы мектепті бітірген кездегі оқушылардың білімі мен оқу дағдыларының курикулум моделіне және бағалауға сәйкес қалыптасу деңгейін анықтайтын бағалаудың түрі. [1]

Ағымдағы бағалау кезеңінде, яғни қалыптастырушы бағалауды жүргізу аясында берілетін кері байланыс оқушының ішкі жиынтық бағалауға қандай жетістікпен келетініне әсер етеді. Осы тұста оқушыға берілетін сындарлы кері байланыстың дұрыс бағытта болуына назар аудару керек. Кері байланыстың келесі мәселелері көңіл бөлуді қажет етеді:

- әлсіз кері байланыс оқуға әлсіз және кейде теріс әсер етуі мүмкін;
- кейде атқарылған іс-әрекетке сындарлы тұрғыдан қарау қиын, бірақ үйренуге болады;
- сындарлы кері байланыс оқушыларды ынталандырады, олардың білімін жетілдіреді және күтілетін нәтижеге жетуіне ықпал етеді.



Сындарлы кері байланыс әлсіз болса, оқушы оқуына әсер етпейтіндей дәрежеде ғана қалып қоймай, кері әсерге де апаруы мүмкін. Сондықтан кері байланыс жақсы жұмысты атап және күшейтіп, нашар жұмысты анықтап және жағдайды түзету бойынша жүргізілетін іс-шаралар жоспарын жасауға бағытталауы керек. Бұл жағдайда мұғалім және оқушы серіктес ретінде жұмыс жасайды. Сындарлы кері байланыс келесі критерилерге жауап беруі тиіс:

- Нақты критерилер негізінде;
- Диалогтың болуы қамтамасыз етілуі;
- Уақытылы, дер кезінде берілуі;
- Өзекті, дәл және түсінікті;
- Жеке тұлғаға деген құрмет сақталуы;
- Қателіктермен жасалатын жоспар ұсынылуы болу керек.

Білім беру, оқыту және оқу үдерісіндегі атқарылатын іс-әрекет барысында кері байланыс берудің келесі түрлері қолданылады:

- Ауызша кері байланыс. Диалогты оқыту барысында жүзеге асырылатын ауызша кері байланыс, оқушы жұмысына сыныптағы іс-әрекет барысында бағыт бағдар беруге мүмкіндік тудырады. Уақытылы берілген кері байланыс мазмұны бойынша толыққанды болу керек, яғни мұғалім «жақсы», «жарайсың» деген сөздермен шектелмейді, іс-әрекетті ашып, ұтымды және ұтымсыз жақтарын көрсетеді. Бұл жерде кері байланыс беруші ретінде тек мұғалім емес, оқушылардың өздері де бола алады. Оқушыда өзін-өзі бағалау және басқару дағдысы қалыптасады, мұғалім мен сыныптастарымен байланыс орнатуға да мүмкіндік беріледі.

- Жазбаша кері байланыс. Оқушының нақты жұмысына берілетін, оқудағы белгілі бір оқу мақсатына жету жолдарын анықтап көрсетеді. Берілген кері байланыс оқушының оқу мақсатына қатысты қалай жұмыс жасағаны туралы ақпарат беріп, оны жетілдіруге талпындырады. Мұғалім тарапынан берілген түсініктеме, комментарий бағалау критерилеріне сәйкес жасалуы керек.

Сындарлы кері байланысты қамтамасыз етудің тиімді жолдары туралы Stenger, Marianne [2] өз жұмысында атап көрсетеді. Аталған жұмыста кері байланыстың 20 тиімді жолы туралы айтылған. Олардың кейбірінің жүзеге асырылуы бойынша келесі мысалды қарастырайық. Математика пәні бойынша «8.5.1.7бөлшекті-сызықтық функция графигін салады» оқу мақсатын игеру бойынша жүргізілген жұмыстар барысында, функция графигін салуға тапсырма беріледі. Мұғалім оқушылардың жұмысын бақылап отырады. Әрбір оқушының жанына жеке барып, функцияны салу барысын сипаттауын қарайды, жұмысы бойынша сұрақ қояды: орындалу қадамдарының дұрыс-бұрыстығы бойынша, жұмыстың орындалу сапасы бойынша кері байланыс береді. Оқушылардың барлығы өз жұмыстарын аяқтап болған соң, мұғалім барлық сыныпқа оқушылардың есімін атамай, тапсырманы орындау барысында жіберілген негізгі қателіктерге тоқталып түсіндіріп өтеді. Түсіндіру барысында: нақты критерилерге негізделген, оқушыға пайдалы түсініктеме береді. Мысалы, графикті салу барысында орындалған функция графигін түрлендіру қадамдары бойынша тоқталып өту тиімді. Бұл жағдай әрбір оқушының өз жұмысына тағы да бір назар аударып, осы қателіктер менде бар ма?, бар болса неге жіберілгенін түсінуге, қателік жоқ болса, жұмысы бойынша білімін бекіту жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Осы оқу мақсатына көз жеткізуге берілген жазба жұмысына мұғалім жазбаша кері байланыс бере алады.

Қорытындылай келе, сындарлы кері байланыс - тиімді оқытудың қажетті толықтырушысы. Сындарлы жергілікті кері байланысты қолдану ынталандыру ортасын, тиімді қарым-қатынасты, оқытудың нақты мақсаттарын және оқыту мен оқытудың тиісті стратегияларын қамтитын бірнеше ынталандыру факторларын қажет етеді. Сонымен қатар, кері байланыс уақытылы, нақты, маңызды, түсінікті, үкім шығарусыз тілде айтылып, жақсартуға арналған ұсыныстар болуы керек. Мұндай кері байланысты тиімді кері байланыс деп атауға болады, бұл оқушылардың білімін жетілдіреді. Сындарлы кері байланысты қамтамасыз ету - бұл игеруге болатын шеберлік пен құзыреттілік, сондықтан өз тәжірбиемізде бұл құзыреттілікті дамытуға және жоғары сапалы кері байланысты ұйымдастыруға көңіл бөлу қажет.



Ссылки

1) «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Білім беру; «Математика» пәні бойынша оқу бағдарламасы; *Негізгі мектеп*.

2) Stenger, Marianne. Tips for Providing Students with Meaningful Feedback. George Lucas Educational Group, Edutopia, August 6, 2014. – URL: <https://www.edutopia.org/blog/tipsproviding-students-meaningful-feedback-marianne-stenger>.

БИОЛОГИЯ ПӘНІНДЕ CLIL ӘДІСТЕМЕСІН ҚОЛДАНУ

РАҚЫМЖАНОВА Назым Мейіржанқызы

Ғылыми жетекшісі: А.С.Динмухамедова

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

rakymzhanovanazym@gmail.com

Аннотация

CLIL – бұл оқытудың жаңа бағыты, оның мәні пән мен тілді кіріктіріп оқыту болып табылады. Бұл мақалада биология пәнінде қолданылудың маңыздылығы мен әдіс-тәсілдері көрсетілген. Осы әдісті жоғарғы оқу орындарында немесе жалпы білім беретін мектептерде де қолдануға болады.

Еліміздің білім беру жүйесі мектеп түлегінің бәсекеге қабілетті, дүниетанымы кең, техниканы қолдана алатын және сөз мәдениетін де меңгерген тұлға болуды көздейді. Қазіргі уақытта қазақстандық білім беру және ғылыми ұйымдардың әлемдік қауымдастыққа кірігуі үдерісінде ағылшын тілінің рөлі арта түсуде. Жоғарыда қойылған міндеттерді шешуде инновациялық педагогикалық әдістер мен технологияларды қолдану табысқа жетуге ықпал етеді. Оқушылардағы қажетті күзиреттіліктерді қалыптастыруға әсер ететін технологиялардың бірі пәндік-тілдік кіріктірілген оқыту (CLIL) болып табылады. Қазақстанның заманауи тілдік білім беруі үшін CLIL әдістемесі белгілі бір дәрежеде инновациялық болып табылады. Сондықтан бұл әдістемені қолданудың өзектілігіне күмән келтірілмейді. [1]

Пәндік-тілдік интеграцияланған оқыту (CLIL) оқушыларды шет тілі (teaching content through language) арқылы басқа пәндерді оқытудың бірегей тәсілі ретінде қарастыруға болатын оқытудың салыстырмалы жаңа әдістемесі (teaching foreign language through content). Бұл ұғымды алғаш рет Дэвид Марш 1994 жылы ойлап тапты. [2] Көптеген зерттеу жұмыстары жүргізіліп, семинарлар өткізіліп, 2001 жылы CLIL термині енгізілді. Бұл әдістеме шет тілі мұғалімдері мен шет тілін меңгерген өзінің бейіндік пәнін оқытатын бірқатар педагогтардың қызығушылығын тудырды. Мұндай оқытудың басты мақсаты оқу пәні мен шет тілін бір мезгілде оқыту болып табылады, яғни тіл оқыту объектісі ретінде емес, басқа пәндерді тану құралы ретінде қарастырылады. Оқыту екі тілде жүргізіледі, оқыту жағдайына байланысты мақсатына сай тіл қолданылады. CLIL әдісі бойынша ағылшын тілі барлық оқу пәндерінде қолданылады, тек қазақ тілінен басқа, яғни тіл оқыту нысанына емес, оның құралына айналады. Бұл әдістің мақсаты – пәнді шет тілі арқылы және шет тілі бойынша пәнді оқыту. [3]

CLIL әдіснамасы арқылы тіл білімі пәннің мазмұнын зерттеудің құралы болып табылады. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтары артып, тақырыптарды талқылау үшін тілді үйренуге ынталанады. Үйрену екі тілде жүргізіледі, сондықтан оқу жағдайында жағдайға және оқу мақсатына сәйкес келетін тіл қолданылады. Мысалы, биология пәнін қазақ және ағылшын тілдерінде жүргізу. [4]

CLIL сабағы бірнеше компоненттерден тұрады:

1. Мазмұн – білімді, дағдыларды, пәндік доменді дамыту.
2. Байланыс – оқыту кезінде ағылшын тілін пайдаланып, оны қалай қолдану керектігін үйрену.



3. Тану – жалпы идеяны қалыптастыратын когнитивті және ойлау қабілетін дамыту.

4. Мәдениет – өзіңізді мәдениеттің бір бөлігі ретінде танытып, баламалы мәдениеттердің бар екенін түсіну. Бұл пәнаралық байланыстар мен азаматтықты тәрбиелеуді қамтиды. [5]

Бұл әдістеменің қолданылуы оның артықшылықтарын бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Негізгі артықшылықтарының бірі ағылшын тілінде биологияны оқуға оқушылардың ынтасын арттыру. Ағылшын тілін үйренуге деген мақсаты пайда болады. Сонымен қатар, оқушылардың үйреніп жатқан тілдің мәдениетін білуге және түсінуге, оқушылардың әлеуметтік-мәдени құзіреттіліктерін қалыптастыруға әкеледі. Сонымен қатар, әртүрлі тақырыптар бойынша жұмыс жасау нәтижесінде, оқушылар термин сөздерді, тілдік құрылымдарды (транскрипция, емле) үйренуге мүмкіндік беретінін атап өту қажет. [6]

CLIL әдістемесінің артықшылықтары:

- 1) Оқушыларға ағылшын тілін пайдалана отырып, бір-бірімен неғұрлым тиімді қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді;
- 2) Оқушыларға мәдениаралық білімін кеңейтеді;
- 3) Табиғи жағдайда шет тілінде қарым-қатынас дағдыларын дамытады;
- 4) Оқушылардың ойлау қабілетін дамытады, шығармашылық әлеуетін ашады;
- 5) Оқушылардың мотивациясын және өзіне деген сенімділігін арттырады;
- 6) Барлық тілдік дағдыларды жаттықтырады;
- 7) Тілдік құзіреттілікті және ауызша сөйле дағдыларын жақсартады;
- 8) Әртүрлі тілдерді үйренуге және оны өмірдің түрлі салаларында пайдалануға деген қызығушылықты дамытады;
- 9) Оқытуда қосымша сағаттарды талап етпейді. [7,8]

CLIL қолдану арқылы оқу іс-әрекеті процесін жүзеге асыру.

Пәндік-тілдік оқыту әдісін қолдану кезінде, мұғалім материалдарды іріктеп, яғни олардың мақсатын анықтап, зерделенген материалдарды қайта қарау, қойылған мақсаттарға сәйкес оқыту әдістерін, құралдары мен нысандарын таңдау, нәтижені болжау қажет. CLIL енгізбес бұрын биология мұғалімдеріне оқушылардың тілдік дайындық деңгейін анықтау керек. Ал бұл үшін оларға тілдік мақсаттар қою үшін олардың сыныптарында ағылшын тілі сабақтарына қатысып, ағылшын тілі мұғалімімен әңгімелесіп отыру қажет. Мұғалімдердің мұндай ынтымақтастығы сыныпта қолайлы білім беру ортасын құруға ықпал етеді. [9]

Мұғалімнің пәндік-тілдік оқыту процесіндегі қызметіне кіреді:

1. Пәндік-тілдік оқу алгоритмін оқушыларға түсіндіру;
2. Тақырыптық (пәндік) ақпаратты ағылшын тілінде ұсыну (ауызша әңгіме, жазбаша мәтін, бейнематериал және т.б.)
3. Оқушының толыққанды жұмысы үшін физика, химия, биология және информатиканы пәндік-тілдік оқытудың әртүрлі құралдарын ұсыну: сөздік, дидактикалық карточкалар, салыстырмалы схемалар, визуалды карточкалар.
4. CLIL әдісін қолдану арқылы жұмыс барысында оқушыларға көмек көрсету.
5. Оқушылардың пәндік-тілдік жұмысының нәтижелерін тексеру.
6. Жұмыс қорытындысын шығару. [10]

Сабақтарда сөйлеу әрекетінің барлық түрлері болуы керек, бірақ бұл технологияның негізгі тәсілдерінің бірі мәтінмен жұмыс болып табылады. Мәтіндер мәтінге дейінгі және мәтіннен кейінгі тапсырмаларды қамтуы тиіс.

Мысалы, 10 сыныпта «Жасуша циклін бақылау» тақырыбы бойынша интернет ресурстардан ағылшын тілінде ұқсас мәтінді табамыз. Мәтіннен кілт сөздерді белгілеп қоямыз.

Оқу стратегиясын қолданамыз.

1. Көз жүгіртіп оқып шығу.

Жасуша циклі дегеніміз не?

2. Егжей-тегжейлі оқу.

True or False (шындық немесе өтірік)



1. Клеткалық бөлінудің екі типі бар.
2. Интерфазада клетка кішірейді.

Оқушыларға тақырыпқа байланысты жаттауға термин сөздер беріледі:

Жасуша – cell, бөліну - division, митоз – mitosis, ахроматин жіпшесі – achromatin thread, хромосома – chromosome, ген – gene, мейоз – meiosis, интерфаза – interphase, цитокinez – cytokinesis.

I want you to answer some questions.

1. What is a cell?
2. Why do cells divide?
3. What is mitosis?
4. What's the difference between mitosis and meiosis?

Білім алушыларға төмендегі бағыттағы тапсырмаларды ұсынамын:

- Ағылшын тіліндегі сөздік қорын толықтыру;
- Ағылшын тілінде дәйекті түрде түсінгін жеткізе білу;
- Оқытушы мен оқушылардың, аудио және бейнежазбаларды тыңдау дағдыларын қалыптастыру.
- Ағылшын тілінде оқылған мәтін бойынша түсіну.[11]

Практикалық иллюстрация ретінде биология сабақтарында CLIL активитіін қолданудың келесі мысалдарын келтіруге болады:

1. «Сұрақтар ілмектері» активиті жұмыстары ағылшын тілінде сұрақтар мен жауаптар жазылған парақшалар таратылады. Бір жағында сұрақ, парақтың екінші жағында басқа сұрақтың жауабы болады. Сұрақты оқыған кезде барлығы мұқият тыңдау керек, жауап тапқан адам сұраққа жауап оқиды және өз сұрағын оқиды. Бұл активиті оқушылардың зейінін арттырып, дұрыс сөйлеуді дамытады.

2. «Ішкі және сыртқы шеңбер» активитіі. Оқушылар бірінші, екіншіге саналып, ағылшын тілінде өткен тақырыпқа сұрақтар дайындайды. Содан кейін оқушылар ішкі және сыртқы шеңберді құрап, бір-біріне сұрақтар қояды. Сыртқы шеңбер қозғалып жаңадан жұп жасап, сұрақтармен жұмыс жалғасады.

3. «Мүшені анықта» активитіі. Оқушылар топтарға бөлінеді. Әр топ үшін стикерлермен желімделген үлкен парақ беріледі. Стикерлердің артында адам мүшесінің суреті болады. Топтың әрбір қатысушысы сұраққа жауап береді немесе ағылшын тіліндегі сөздердің мағынасын түсіндіріп, бір стикерден алып тастайды. Барлық сұрақтарға жауап бере отырып, оқушылар адам ағзасындағы мүшелердің қызметі мен рөлі туралы айтады. [12]

Пәндік-тілдік оқыту әдісін қолдану кезінде мұғалім материалдарды іріктеуді ж.зеге асыру қажет, яғни олардың мақсатын анықтау, биология бойынша зерделенген материалдың мазмұнын қайта қарау, қойылған мақсаттарға сәйкес оқытуды ұйымдастыру әдістерін, құралдарын және нысандарын таңдау, нәтижені болжау қажет. [13]

Биология сабағында (CLIL) мүмкіндігінше сөйлеу әрекетінің барлық түрлері болуы тиіс, бірақ бұл тәсілдің ерекшелігі оқу уақыттың көп бөлігін алады. Оқу материалдарын таңдау кезінде оқушылардың жас ерекшеліктеріне және тілдік дайындық деңгейіне жауап беретін стиль бойынша әр түрлі түпнұсқалық мәтіндерді таңдау қажет. Аудио және бейнематериалдарды да пайдалануға болады. [14]

CLIL әдісі оқытуға жаңа көзқарасты талап етеді. Қазіргі уақытта жаңартылған білім мазмұнында, мұғалімдер мен оқушыларға материалды берудің, жұмысты ұйымдастырудың әртүрлі нысандарын пайдалану, оқушылардың жеке, жұптық, топтық және шығармашылық қызметіне баса назар аудару қажет. Бұл дегеніміз, CLIL әдістемесі арқылы негізгі пәндерді оқыту коллаборативтік және коммуникативтік тәсіл шеңберінде болса, оқушылар үшін әлдеқайда қызықты әрі тиімді болады. [15]

Болашақ жастарға тиесілі. Өз болашағын ойлайтын әрбір ел бірінші кезекте білім беруді дамытады. Оның үстіне қазір ғылым мен техниканың қарқынды дамыған дәуірі. Білікті



де білімді маман болу үшін әр ұстаз өз білімін жетілдіріп, заман талабына сай кәсіби біліктілігін үнемі жетілдіріп отыруы тиіс. Қазіргі заманауи талапқа сәйкес өзіндік көзқарасы бар жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру оқытушылар үшін маңызды мәселе. Осы мақсатта болашақ мамандарды заман талабына сай даярлауда оқыту үдерісінде пәндік-кіріктіру қажеттілігі туындап тұр. Яғни, CLIL технологиясы – бұл мәселені шешудің негізгі тәсілдерінің бірі.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Политика трехязычного образования в Назарбаев интеллектуальных школах. – Астана. -2013- С.8-10
2. Marsh, D. Content and Language Integrated Learning [Электронный ресурс] / D. Marsh. – URL : <http://userpage.fu-berlin.de/elc/bulletin/9/-en/marsh.html>
3. Marsh, D. Integrating Competencies for Working Life [Текст] / D. Marsh, B. Marsland, K. Stenberg. – Jyväskylä : University of Jyväskylä, 2001. – 262 p.
4. Marsh, D. Project D3 – CIIL Matrix – Central workshop 6/2005 [Электронный ресурс] / D. Marsh // European Centre for Modern Languages. – URL : http://archive.ecml.at/mtp2/CLILmatrix/pdf/wsrepD3E2006_6.pdf
5. Coyle, D., Hood, P., & Marsh, D. (2010). *Content and language integrated learning*. Cambridge: CUP.
6. Marsh, D. Using Languages to Learn and Learning to Use Languages [Текст] / D. Marsh. – Jyväskylä : University of Jyväskylä, 2000. – 156 p.
7. Meyer, O. Introducing the CLIL - Pyramid [Текст] : Key Strategies and Principles for Quality CLIL : Planning and Teaching / O. Meyer // Basic Issues in EFL-Teaching and Learning. – Heidelberg, 2010. – P. 11-29.
8. Naves, T. Successful CLIL programmes [Текст] / T. Naves, C. Munoz, M. Pavesi // Module 2 : Second Language acquisition for CLIL. – Milan, 2002. – P. 93-102.
9. Puffer (eds.) Current research on CLIL 3, VIEWS: Vienna English Working Papers 19(3), pp. 21–28.
10. Learning (CLIL). International Journal of Bilingual Education and Bilingualism, 10(5), pp. 603–622.
11. Ахметова М.С. Предметно-языковое интегрированное обучение биологии //viewer_images/15684311/f/1.png.
12. Нуракаева Л.Т., Шегенова З.К. Методические рекомендации учителям по использованию метода предметно-интегрированного обучения. Астана. -2013- С.2-3
13. Усмагова З.Ф., Заяц Т.В., Мукажанова Г.Ж. Реализация технологии CLIL в условиях полилингвального обучения. Международная научная конференция (г. Москва, июнь 2017 – с94-97)
14. Лалетина, Т.А. Интегрированный подход и использование предметно-языковой интеграции при обучении иностранному языку. [Электронный ресурс].
15. Стоянова А., Глушкова М. Руководство по проектированию и реализации многоязычных программ.

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ТАРИХЫНА ҚАТЫСТЫ ЖАҢА ДЕРЕКТЕР ТОПТАМАСЫ

САТОВ Ерғали Жанғалиұлы

Ғылыми жетекшісі М. Б. Қожа

Халықаралық Қазақ -Түрік университеті

Түркістан, Қазақстан

west-side_90@mail.ru

Түйіндеме

Аталмыш мақалада авторлар Түркістан қаласында орналасқан Ясауи ғимаратының кітапханасында табылған қазақ хандығына қатысты кітапқа талдау жүргізген. «Қожа Ахмет



Йасауи кесенесінің тарихи құжаттары» атты монографиялық зерттеу Қазақстан мен Орталық Азия тарихының ортағасырлық және жаңа заман кезеңдерін танушы әр түрлі маман иелеріне берері мол ғылыми еңбек. Астанада басылған еңбекте Қазақ хандығы дәуірі тарихымен қатар Ташкентпен Түркістан қалаларының жалпы тарихы мен сәулет өнері ескерткіштері туралы түсініктерімізді кеңейтетін, ортағасырдағы билік пен дін арасының қарым-қатынасын көрсететін, Қожа Ахмет Йасауи кесенесінің тарихының ақтандақ беттерін тануға қатысты тың материалдар, солардың негізінде жасалған жаңа ғылыми тұжырымдар бар.

Кілт сөздер: Түркістан, Ясауи, кітапхана, монография, орта ғасырлық, жарлық, құжат, археология, дін, кесене.

Резюме

В этой статье авторы анализируют книгу о Казахском ханстве, которая была найдена в строительной библиотеке Яссави в Туркестане. Монография «Исторические документы мавзолея Ходжи Ахмеда Ясави» - это большой научный труд, который можно дать различным специалистам, знающим средневековое и современную историю Казахстана и Центральной Азии. Работа, опубликованная в Астане, содержит новые материалы по открытию новых страниц истории мавзолея Ходжи Ахмеда Яссави, которые расширяют наше понимание истории и архитектурных памятников Туркестана с Ташкентом, а также взаимоотношений средневековой власти и религии.

Ключевые слова: Туркестан, Яссави, библиотека, монография, средневековье, указ, документ, археология, религия, мавзолей.

Summary

In this article, the authors analyze a book about the Kazakh Khanate, which was found in the construction library of Yassavi in Turkestan. The monograph "Historical Documents of the Mausoleum of Khoja Ahmed Yasawi" is a great scientific work that can be given to various specialists who know the medieval and modern history of Kazakhstan and Central Asia. The work, published in Astana, contains new materials on opening new pages in the history of the mausoleum of Khoja Ahmed Yassawi, which expand our understanding of the history and architectural monuments of Turkestan with Tashkent, as well as the relationship of medieval power and religion.

Key words: Turkestan, Yassavi, library, monograph, Middle Ages, decree, document, archeology, religion, mausoleum.

Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи ғимараты Орталық Азия аумағындағы ең бір ғажайып құрылыстардың бірі және бірегейі, ол қазір «ЮНЕСКО-ның әлемдік мұра тізіміне» енген санаулы ескерткіштердің бірі, Қазақ Елінің брэнді. Кесенеге байланысты санаулы ғылыми зерттеулер қатары жаңа еңбекпен - Астана қаласында 2017 жылы жарық көрген Ә.К. Мүминов, Б.Е. Көмеков, У.А. Сұлтанов, В.К. Шуховцов, Д.Т. Кенжетаев, А.С. Кабылов, У.А.Өтепбергенова, А.А. Айбасов атты авторлар дайындап шығарған «Исторические документы мавзолея Ходжа Ахмада Йасауи» атты монографиялық зерттеумен толықты [1]. Кітап кіріспеден, үш тараудан, және қорытындыдан тұрады. Негізінен орыс тілінде жазылып, кейбір бөліктері ғана ана тілімізге аударылып басылған.

Л.Н.Гумилев атындағы Ұлттық университетінің проф., т.ғ.д. Әшірбек Мүминов бастаған зерттеушілер Алматы, Түркістан, Ташкент және Санкт-Петербург қалаларында сақтаулы тұрған Қожа Ахмет Ясауи ханакасына байланысты құжаттарға іздеу салып, оларды тауып, зерттеп, жүйелеп ғылыми айналымға енгізіп келеді. Бұлардың барлығы дерлік Ресей империясы Орта Азияны басып алмай тұрып Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде немесе Түркістан қаласындағы әулие орындармен байланысты отбасылар қолында сақталып келген құжаттар екен. Әсіресе атеисттер, коммунистер үстем еткен кезде олардың едәуір бөлігі жойылды, жоғалды. Шығыстанушылар қолына тигендері ғана Алматыдағы, Ресей мен Өзбекістандағы ғылыми орталықтарында сақталып қалған.

Кітаптың бірінші тарауында шығыстанушы Александр Кун жинаған мұралар қаралады. Зерттеушілер Санкт-Петербург қаласындағы Ресей Ғылым академиясына қарасты Шығыс қолжазбалар институтындағы А. Кун мұрағатын зерттеп онда жиналған құжаттарды електен өткізген. Александр Кун мұрағатында қолжазбалар, хаттар, басқа да құжаттар, барлығы 303



бірлік құнды дүние сақтаулы тұр екен. Келтірілген тізімде тақырыпта аталған құжаттарман қатар «Әзірет Сұлтан Ахмет Ясауи мешітіндегі жазбалардың көшірмесі», «Сайрам мазарларының тізімі және түрлі елді мекендер арасындағы қашықтық», «Хиуа хандығындағы қазақтар туралы қысқа ақпарлар» атты қолжазбалар бары тарихшыларды қызықтыратыны анық.

1872 жылы генерал-губернатордың ерекше тапсырмалар қызметшісі болған Александр Кунның өтінішімен Түркістан уезінің бастығы А.Г. Реймерс Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне қатысты байырғы құжаттарды көшіртіп оларды қаладағы ақсақал, мыңбасы қызметтегі кісілерге, басқа да мәртебелі қала тұрғындарына көрсетіп мөрлермен куәландырып салып жіберген. Құжаттар ішінде насабнама-шежірелер, уақыптық құжаттар, жарлықтар, т.б. байырғы деректердің көшірмелері бар. Барлығы 96 бет құрайды екен.

Ғылыми айналымға енгізілген тарихи құжаттар ішінде билеушілерден атынан шыққан жарлықтар, әсіресе қазақ хандарының жарлықтарының көшірмелері зиялы қаумды қатты қызықтыратыны анық. Кітаптың 50-56 беттерінде қазақ хандарының төрт жарлығы араб графикасымен берілген. Жарлықтарды шығарған екі қазақтың ханы – Тәуекел Шығайұлы мен Тұрсын Мұхаммед. Кітаптағы құжаттардың 10 сипаттамасында Әбілғазы Мұхаммед Тәуекел баһадүрханның Ташкент қаласында дайындалған хижра бойынша 1006 жылдың құрбан айында, яғни 1598 жылдың тамыз айында Қожа Ахмет Ясауи мазарының мутавалли етіп тағайындау туралы жарлығы суреттеледі. Әбілғазы Сұлтан Тұрсын Мұхаммед баһадүрханның хижра бойынша 1033 ж. сапар айында, яғни 1623 ж. қараша-желтоқсан айында шығарған жарлықта екі кісінің біреуін шайх ал-ислам етіп, ал екінші адамды Қожа Ахмет Ясауи мазарының мутавалли етіп тағайындауы туралы айтылады. Аталған хан хижра бойынша 1034 ж., яғни 1324-1625 жж. жарлығымен Тулак-Шайқы деген кісіге Сури кентінің (Түркістан қаласы қасында болған қалашық) жартысын суйырғалға береді [1, с. 50-56]. Осы табылымдар біздің Қазақ хандығы дәуіріміздің тарихы үшін аса үлкен олжа!

Кітаптың 43-49 беттерінде XVI-XVII ғғ. қазақ хандары берген жарлықтар туралы арнайы жазылған бап бар. Онда осы уақытқа бұл мәселе арнайы зерттеу нысаны болмағаны, тек кейбір мәліметтер ғана жиналғаны хабардар етіледі. Мысал ретінде 1979 жылы басылған «История Казахской ССР» атты кітаптың II томында Сығанақ билеушісі Есенкелдінің қазақтың аға ханы атынан 1587 ж. казиді тағайындағаны туралы жарлықтың фотосуреті ғана басылған. Әдебиеттегі кейбір құжаттарды қазақ хандарының жарлығы деп тану туралы кейбір зерттеушілердің ғылыми болжам ретінде айтылған пікірлер бар. Қазақ хандарының жарлықтары деген тақырыпқа қатысты кітап авторлары арнайы зерттеу жұмыстарды жоспарлап отырғаны куантады [1, с. 43-49].

Аталған баптың бір авторы Уктамбек Сұлтонов қазақ хандарының жарлықтарының түпнұсқада болғанына тағы бір дәлел ретінде Сырдария облысы басқармасының жазбасында («опись») Қожа Ахмет Ясауи ұрпағы Насраллах қожа қолында билеушілер берген 18 жарлығы барлығы айтылатынын, олардың ішінде Тәуекел ханның хижра бойынша 1006 ж. және 1014 ж. жарлықтары, Тұрсын ханның 1033 ж. барын алға тартады. Аталған орынды пікірді толықтыру ретінде біз осыған ұқсас хабар П.Лерхтың 1870 жылғы Түркістан өлкесіне жасаған археологиялық іссапары есебіндегі мақаласында кездесетінін айтып кетуді қажет деп отырмыз. П.Лерхтың еңбегінде Түркістан қаласын келген шығыстанушыға Насрулла есімді кісі Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне байланысты 15 жарлық көрсеткені, олардың ішінде Тұрсын ханның 1035 ж. жарлығы бары хабарланады [2, с. 21-22].

Аталған бапты жазған өзбекістандық ғалым 2014 жылы И.В. Ерофееваның жинап құрастырумен шыққан қазақ билеушілерінің хаттары атты құжаттар басылымын тілге тиек етіп онда 800 астам хаттар барын, бірақ бұл басылымға қазақ хандарының жарлықтары енгенін жазыпты. Көрші елде тұратын зерттеуші аталған екі томдық құжаттар кітабын тек Ресейде шыққан рецензия арқылы таныс болған сияқты. Себебі, біздің пікірімізше, И.В. Ерофеева құрастырған хаттардың бірінші томындағы алғашқы құжат жәй хат емес. № 1 деп берілген құжат хижра бойынша 1086 ж., яғни 1675-76 ж. хан жарлығы - үкімі [3, с. 82, сноска 1] екені анық байқалады. Бұл дерек Уктамбек Сұлтонов «История Казахской ССР» атты кітаптың II томында фотосы жарияланған деп атап өткен жарлық болса керек. Бұл жарлықты



түркі тілінен аударған белгілі шығыстанушы Т.К. Бейсембиев. Жазылған жарлықты атақты Тәуке хан (Тәуекел Жәңгірұлы) Сығанақ қаласының тұрғындарына бағыттап жазып Сығанаққа Қазы Бабаны қазы, нақып және шайх-ислам атты қызметтерге тағайындағанын жария еткен үкім деп түсінуіміз керек.

Бұл жарлықтың түпнұсқасы 1976 жылы Мардан Байділдаев Қызылорда облысындағы Жаңақорғанның бір байырғы тұрғынынан алынған отыз шақты құжаттар ішінде болған. Ең өкініштісі, И.В. Ерофееваның көрсетуінше ХХ ғасырда екінші жартысына аман жетіп ғылыми мекеме қорына ілінген алғашқы қазақ ханының жарлығынан айырылып қалыппыз. Белгілі фольклортанушы осы XVII-XIX ғғ. жататын тарихи құжаттарды тауып Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнология институтына сақтауға бергенімен аталған қазақ ханының жарлығы - үкімі аталған ғылыми мекемеде ізім ғайым жоқ болып кеткен [3, с. 82].

Кітаптың екінші тарауында Қожа Ахмет Ясауи мазарына қатысы бар Алматылық қор қаралады. Бұл қордағы құжаттар Қожа Ахмет Ясауи кесенесі және Атабай/Қарнақтағы мазарында шашылып жатқан қағаздар. Осы қағаздарды 1974-1975 жылдары О.Дастановтың хабарымен Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнология институтының қызметкерлері иран тілі маманы В.К. Шуховцов және арабтанушы В.Н. Настич іссапармен барып жинап әкелген. Зерттеушілердің пайымдауынша олардың бір бөлігі 1937-1937 жылдары репрессия кезінде жергілікті тұрғындар кеңес өкіметінен қорқып киелі жерге апарып тастаған араб әрпімен жазылған түрлі құжаттар, хаттар, кітаптар. Соңғы жағдай біздің естуімізше Қазақстанның басқа аймақтарында да болған. Ескі араб әрпімен жазылған құжаттарды Әулиеата-Таразда Қарахан кесенесіне, Оңтүстік Қазақстандағы Қараспан елді мекені қасындағы Қырықшілтенге апарып тыққанын біраз кісілерден естігеніміз бар.

Түркістан қаласынан және Қарнақтан алынған құжаттардың басым бөлігі XVIII ғ. аяғы мен ХХ ғ. басына жатады екен және іріктеле келе олардың саны 1000 асады екен. Алматылық қорды XIX ғ. Түркістан қаласын иеленген билеушілерінің жарлықтары, уақып құжаттар, жеке хаттар құрайды екен. Осылардың ішінде 1784 жылы қазақ рулары шаңышқылы мен қаңлылардың қолдауымен Ташкентті өзіне бағындырған шайқантауырлық қожа Жүнісқожаұлы Омаридің және басқа да Бұқараға бағынышты бір билеушінің жарлықтары кездеседі.

Ресей және Кеңес зерттеушілерінің жазғандарына қарағанда Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде көне кітаптар арнайы жасалған ағаш қобдишаларда сақталған. Қазір кесенде болған біраз кітаптар Алматыдағы Ұлттық кітапханада сақтаулы тұрғаны кітапта айтылады. Бұған қоса Түркістанда көне кітаптар қоры болғаны туралы қосымша мәліметтер әдебиетте кездеседі. Мысалы, 1866 жылы саяхатшы П.И. Пашино Түркістан қаласында бір дін иесінің үйінде болып «оның кітапханасында парсы тіліндегі Аристу мен Афлатун (Аристотель мен Платон) кітаптары барын» атап өтеді [4, с. 71]. Қожа Ахмет Ясауи кесенесін ескі, 1882 жылғы сызбасында ғимараттың бір бөлмесі «кітапхана» деп белгіленгені де тағы бір тарихи айғақ [5, фигура 8, с. 18-19]. Бұл бөлме Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне қатысты басқа да ескі сызбаларда осылай белгіленген.

Атақты археолог Кемел Ақышев студент кезінде ленинградттық ғалым А.Н. Бернштам экспедициясы құрамында жұмыс жасап 1949 жылы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде болғанда екінші қабаттағы бір бөлме көне кітаптарға тола екенін көзімен көргені («одна из комнат верхнего этажа была битком забита старинными книгами, исчезнувшими впоследствии») айтылады [6, с. 11].

Орынбай Дастановтың 1967 жылғы жазған кітабында Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің «кітапхана» деп аталатын бөлменің «екі этажды да түрлі діни кітаптарға иін тіресіп тұрғаны баршаға мәлім. Олардың біразы 1950 жылдарға дейін сақталып келген. Бірақ бұл да бақылаусыздықтың салдарынан кім көрінгеннің қолында кеткенін» [7, 23-б.] деп жазған еді. Белгілі ясауитанушы Зікірия Жандарбектің пікірінше, «Әзірет Сұлтан кесенесін тек архитектуралық жағынан болмаса, тарихи жағынан ешқандай құны жоқ деп ұстанған саясаттың кесепаты қаншама тарихи дүниенің жоғалуына, жойылуына себепкер болды. 1942 жылға дейін бүлінбей сақталған қолжазба қоры да үшті-күйлі жоқ болып отыр. Ел аузында 1943 жылы вагонға тиеліп әкетілді деген қауесет те бар» [8, 40-41-бб.]



Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі осы көне қолжазбалар, басқа да құжаттар қайда екен? Не себепті асыл мұра ертерек жинап алынбады? Ғалымдар тоталитарлық коммунистік биліктен қорыққан болса керек. Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі көне құжаттардың жұрнағын кештеу болса 1974-75 жылдары жинап алған және оларды осындай кітап арқылы ғылыми айналымға енгізіп отырған шығыстанушыларға рахмет айтуымыз керек.

Үшінші тарауда Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне қатысты Ташкенттегі тарихи құжаттар қаралады. Солардың ішінде Қазақстандағы кейбір тарихшылар мен әдебиетшілер Темірдің өзі Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне артықшылықтар берген деп санайтын «қолхаты» деп санайтын құжат бар. Кітапта осы құжаттың жаңа аудармасы беріліп отыр.

Бұл құжаттың көпшілікке таныту мен зерттеудің өзіндік тарихы бар. Көп уақытқа дейін бұл уақыпнама Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне сонау XIV-XV ғғ. берілген тарихи құжат деп саналып қазақстанда шыққан көптеген кітаптарда аталып келді. Осындай сенімнің арқасында 2006 жылы «Ахмет Ясауидің Түркістандағы құтхана мешітіне вакуф» деген атпен Түркістан қаласында қазақ-орыс тілдерінде де басылды. Құжатты қайта бастырушылар кітапшаның бірінші бетіне «Егер тарих тұңғығына үнілсек. Әмір Темір Көрегеннен» деп айқайлатып айдар қойып басқан.

Бұл құжатты XIX ғ. аяғында Сырдария облысының әскери губернаторына Түркістан қаласының бір топ тұрғындары бере отырып, өздеріне тиесілі осы «жарлықта» айтылған артықшылықтарды және салықтық жеңілдіктер сұраған болатын. Құжат ғылыми ортаға алғаш сонау 1897 ж. 29 тамызында Түркістандық археология әуесқойларының үйірме мәжілісінде таныстырылды. Осы мәжілісте аталған құжатты баспасөз бетінде шығару жөнінде шешім қабылданды. «Жарлық» үзінділері 1897 жылдың № 2 Археология әуесқойларының түркістандық үйірмесінің хаттамасында, толық мәтіні және Әбубәкір Диваев жасаған орысша аудармасы 1901 жылы Туркестанские ведомости атты газеттің № 39, 41 сандарында жарияланды. Ол кезде бұл құжатты ғылыми сараптамадан өткізу мәселесі көтерілмеген болатын. Шығыс тілдерінің маманы Әбубәкір Диваев өзіне тапсырылған аударманы жасап көпшілікке ұсынды.

Кітапта аталған осы уақыптың зерттелу тарихы қаралған. 1948 ж. шығыстанушы О.Д. Чехович Өзбекістан Ғылым академиясына қарасты Шығыс қолжазбаларын зерттейтін институт қорында сақтаулы тұрған құжаттармен танысқан және солардың ішінде Әмір Темірдің Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне берілген «жарлықты» зерттеу жұмысының кейбір нәтижелерімен ғылыми ортаны таныстырған. «Вакуфты» мұқият қарап шыққан шығыстанушының пікірінше, ол кейін жасалған жалған құжат, зерттеушінің төл сөзімен айтсақ «дөрекі жасалған жалған құжат». Маманның пікірінше, бетіндегі Әмір Темір мөрі басқа бір құжаттан қырқылып алынып қағаз бетіне желімденген, мәтін жазылған сия түсі де көне құжаттардан бөлек. Ғалымның зерттеу қорытындысы тақырыбы жалпы шығыс құжаттарына арналған мақалада және аз данамен шығатын шығыстанушылық жинақта басылған соң [9, с. 309] қазақстандық зерттеушілерге XX ғ. аяғына дейін беймәлім болып келді. Қазақстандық зерттеушілердің бір тобы бұл құжатты Әмір Темірдің төл құжаты деп санап еш бір күдіксіз түрлі басылымдарға аударып жариялап келді және ғылыми зерттеулерде тарихи дерек ретінде пайдаланды.

Кітап авторлары осы жалған құжат қай ғасырда жасалды деген сұраққа жауап іздеу қажеттігін айтады. Осыған орай біз бұл құжаттың XIV-XV ғғ. жатпайтығын көрсететін мәтіндегі бір атауға назар аударғымыз келеді. Түркістан қаласының аты Әмір Темір заманындағы құжаттардың барлығында Ясы (Ясы) делінген. Жазба деректерде Ясы атауымен қатар тек XVI ғ. аяғынан бастап Түркістан деген урбоним қолдана бастайды [10, с. 19, сноска 102]. Ясы урбонимі тіпті XVIII ғ. қолданылып келген [11, с. 637]. Әмір Темір «уақыпнамасында» қала Түркістан деп жазылады да Ясы атауы мүлде қолданбайды. Осыған қарап жалған құжат XVIII ғасырдан кейін жасалған болса керек деген болжам айтамыз. Мүмкін қала Ресей империясының қол астына өткен соң әулиеге таласушы отбасылар артықшылықтарға ие болу мақсатында Әмір Темірдің атын жамылып қолдан жалған құжат жасаған болса керек.



«Қожа Ахмет Йасауи кесенесінің тарихи құжаттары» атты монографиялық зерттеу Қазақстан мен Орталық Азия тарихының ортағасырлық және жаңа заман кезеңдерін танушы әр түрлі маман иелеріне берері мол ғылыми еңбек. Алғаш рет үш мемлекетте – Ресейде, Өзбекістанда, Қазақстанда сақталып жатқан аса бағалы тарихы құжаттар зерттеліп, жүйеленіп ғылыми айналымға еніп отыр. Кітапта алғаш рет қазақ хандарының жарлықтарының топтамасы жарияланып отыр. Тарих ғылымы үшін бұл үлкен жаңалық!

Астанада басылған еңбекте Қазақ хандығы дәуірі тарихымен қатар Ташкентпен Түркістан қалаларының жалпы тарихы мен сәулет өнері ескерткіштері туралы түсініктерімізді кеңейтетін, ортағасырдағы билік пен дін арасынның қарым-қатынасын көрсететін, Қожа Ахмет Йасауи кесенесінің тарихының ақтаңдақ беттерін тануға қатысты тың материалдар, солардың негізінде жасалған жаңа ғылыми тұжырымдар бар.

Әдебиеттер тізімі

- [1]. Муминов А.К., Кумеков Б.Е., Султонов У.А., Шуховцов В.К., Кенжетаев Д.Т., Кабылов А.С., Утепбергенова У.А., Айбасов А.А. Исторические документы мавзолея Ходжа Ахмада Йасауи. Астана, 2017.
- [2]. Лерх П. Археологическая поездка в Туркестанский край в 1867 г. СПб., 1870.
- [3]. Эпистолярное наследие казахской правящей элиты. 1675-1821 гг. Автор проекта, введения, биография ханов, научных комментариев; составитель и ответственный редактор И.В.Ерофеева. Т.І. Алматы, 2014.
- [4]. Пашино П.И. Туркестанский край в 1886 г. СПб., 1868.
- [5]. Малицкий С. Историко-архитектурное значение мечети Хазрета Яссавийского в гор. Туркестане // Протоколы заседаний и сообщения членов Туркестанского кружка любителей археологии. Год 12. Ташкент, 1908.
- [6]. Мобилизованный историей. Астана, 2004.
- [7]. Дастанов О. «Әулиелі» жерлер туралы шындық. Алматы, 1967.
- [8]. Жандарбек З. Түркістанның қысқаша тарихы. Түркістан, 2000.
- [9]. Чехович О.Д. Собрание восточных актов Академии наук Узбекистана // Исторические записки. 1948. Т.26. С. 306-311.
- [10]. Пищулина К.А. Присырдарьинские города и их значение в истории казахских ханств в XV-XVII вв. // Казахстан в XV-XVII веках. Алма-Ата, 1969.
- [11]. Кожа М.Б. Города и аграрные селения казахских ханств. Последняя четверть XVII-XVIII вв. // Эпистолярное наследие казахской правящей элиты. 1675-1821 гг. Т.І. Алматы, 2014. С. 621-642.

ФОРМИРОВАНИЕ ИНДИВИДУАЛЬНОГО СТИЛЯ В ОДЕЖДЕ

СОЛИЕВА Дилрабоджон Равшанджоновна, УМАРОВА Зухрохон Мирзотуробовна
Политехнический институт Таджикского технического Университета имени М.С. Осими
Худжанд, Таджикистан
sd-.13@mail.ru

Аннотация

В статье приведены основные группы и факторы, влияющие на изменение индивидуального стиля в современной одежде. При выборе стилевых решений всегда нужно считаться с основными признаками внешнего облика человека (габитуса), которые включают в себя размерные признаки, формы, пропорция и форма тела человека, цветовой тип и психологические признаки личности.

Очевидно, что человек должен формировать свой стиль с учетом ценностной ориентации тех слоев населения, на поддержку которых он рассчитывает. Индивидуальный стиль создается на основе существующих в том или ином обществе стилевых решений. Одежда иллюстрирует социальный статус человека, его престиж и авторитет. Важным



фактором, оказывающим влияние на внешнюю привлекательность личности, является ухоженность и здоровый образ жизни.

Ключевые слова: габитус, облик, индивидуальность, признаки, размер, пропорция, форма, природные факторы, образ, социальная среда, цветовой тип, форма тела человека, деятельность, мода, дизайнер, сангвиник, холерик, меланхолик.

Annotation:

The article describes the main factors affecting the change in individual style in modern clothing. When choosing style decisions, you always need to reckon with the main signs of a person's appearance (habit), which include dimensional signs, shapes, proportion and shape of a person's body, color type and psychological characteristics of a person.

Obviously, a person should shape his style taking into account the value orientation of those segments of the population for whose support he is counting. An individual style is created on the basis of style decisions that exist in a given society. Clothing illustrates the social status of a person, his prestige and authority. An important factor influencing the external attractiveness of a person is grooming and a healthy lifestyle.

Keywords: habitus, appearance, individuality, signs, size, proportion, shape, religion, natural factors, image, social environment, color type, human body shape, activity, fashion, designer, trend, effective style, clothes, melancholic, choleric, sanguine.

Чтобы определить формирования индивидуального стиля, нужно сначала понять, что такое индивидуальный стиль. Возникает такой вопрос, что такое индивидуальный стиль?

Индивидуальный стиль в современном мире – это умение преподнести собственную внешность с выигрышной для себя стороны, это определенная манера одеваться каждого человека и подбирать аксессуары, а так же сложившиеся поведенческие особенности. Грамотно подобранный образ человека психологически и эмоционально правильно воздействует на окружающих, что позволяет ему достигать поставленные цели значительно легче. Можно разработать один стиль и имидж, который будет актуален длительное время. И можно разработать, в зависимости от необходимости, несколько имиджей, которые будут меняться в зависимости от поставленных задач и в то же время появляются новые стили в одежде. Формирование индивидуального стиля зависит от индивидуальной внешности и продуманной манеры поведения человека, и помогает окружающим правильнее понимать и воспринимать её.

Сегодня модные тенденции одежды и ее стиль меняются каждый сезон, и дизайнеры рекомендуют хотя бы следить за этими изменениями. Мода всегда в движении и нужно сосредоточиться на определении и развитии своего персонального образа, ибо мода уходит, а индивидуальность остается и делает человека неузнаваемой и интересной для окружающих.

Для того чтобы определить индивидуальный стиль человека, дизайнеру необходимо проанализировать его личность. Анализ личности происходит из ряда некоторых влияющих на моду факторов. Например: стилевые решения, цель, возраст, индивидуальный образ жизни, сфера деятельности, систематизация, обобщение разрозненной информации из различных источников и диагностика.

Стилевые решения в современной одежде чрезвычайно разнообразны. Поэтому при изучении стилевых решений в одежде, важно приобрести навыки их систематизации, уметь анализировать истоки и причины возникновения того или иного стиля, выделять его характерные отличительные признаки. Можно создать градацию стилей по историческим эпохам и диагностировать её.

В развитии современной моды происходит постоянное движение. В последние годы мода стала ориентироваться на молодых и темпераментных. Возникли молодежные движения, которые диктуют обществу свои законы, правила и нравы.

XXI век, современная подростковая среда имеет широкое распространение стиля «эмо», которое формировалась от выражения эмоций, главное правило для эмо – кидов и отличается: самовыражение, противостояние несправедливости, особенность, чувственные мироощущение.



Формирование, создание и изменение индивидуального стиля в одежде осуществляется под влиянием двух основных групп и факторов: индивидуальных характеристик и окружающей его среды.

1. *Габитус* – внешний облик человека:

- а) размеры, пропорции и форма тела человека;
- б) пропорции и форма частей тела;
- в) цветовой тип личности;
- г) эмоционально – психологические признаки личности;

2. *Возраст*

3. *Образование и воспитание*

4. *Ухоженность*

5. *Здоровый образ жизни*

Особенности габитуса определяют требования человека к одежде и правила выбора основных решений при формировании гардероба. Правильный выбор цветовой гаммы, коррекция формы тела формой одежды - важные аспекты при создании стиля.

Часть индивидуальных признаков достается человеку от природы: рост, телосложение, черты лица. Но даже эти биологические составляющие можно изменять различными путями: начиная с поддержания хорошей спортивной формы и заканчивая, при необходимости, даже пластической операцией. Другая часть индивидуальных характеристик приобретается человеком в течение жизни (возраст, образование и воспитание).

Одной из эмоционально – психологической черт личности является темперамент – врожденное свойство личности, которое характеризует динамику психической деятельности и поведения: динамику умственной деятельности, чувств, воли, динамику образования навыков, процесс общения (степень контактности, коммуникабельности).

С точки зрения отношения к моде люди различного темперамента выражают себя по разному.

Люди с холерическим темпераментом являются активными потребителями моды, горячими и нетерпеливыми. Они лишены умеренности, и если у них нет хорошего вкуса, то общая картина может выглядеть эксцентрично. Это группа людей мало заботится о гармонизации одежды со своим обликом. Они видят не «себя в моде», а «моду на себе».

Сангвиник – активный потребитель моды. Он требует разнообразия, ему быстро все надоедает, он не привязывается к старому. Сангвиник видит себя в моде и, как правило, хорошо разбирается в выборе основных решений гардероба; больше, чем другие типы, склоняется к восприятию элегантности и утонченности. Флегматичные люди наиболее консервативно относятся к моде. Предпочитают устоявшиеся, классические формы, адаптированные к модному направлению. В одежде ценят удобство и редко изменяют выбранному стилю в одежде.

Среди меланхоликов преобладают типы, которые воспринимают и одобряют моду, но редко следуют ей из – за скромности, нерешительности, инертности. В новой одежде меланхолик чувствует себя неловко, ему кажется, что все смотрят на него. Поэтому такие люди выбирают не броские решения, одеваются нередко с излишней скромностью.

Как отмечают психологи, у людей ярко выраженных типов темперамента не существует.

Индивидуальный стиль складывается из гармонии внутреннего и внешнего состояния человека. Но учет психоэмоциональных признаков личности – лишь один из целой группы факторов, влияющих на формирование индивидуального стиля в одежде.

Список литературы

1. Фалько. Индивидуальный стиль в одежде: Конспект лекций / Л.Ю. Фалько, - Владивосток: Изд-во ВГУЭС, 2000.
2. Круглова С. Искусство стильно одеваться: Издательство Астрель, 2014.



ТҮЛҒАНЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІН ТӘРБИЕЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ СУЛЕЙМЕНОВА Сара Ашимовна, ЕРКЕБАЕВА Гулжазира Ерубаетна

Тараз техника және бизнес колледжі

Тараз, Қазақстан

sara.suleimenova@mail.ru, jazira.erke@gmail.com

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуын әлемдік өркениетті және мәдениетті елдер қатарына көтеру мәселесі білім беру жүйесін түбегейлі қайта құруды мақсат етіп отыр. Бүгінгі Қазақстан Республикасында халыққа білім, тәрбие берудің негізгі мақсаты – Қазақстанның егемендігін қамтамасыз ету, оны бүкіл дүние жүзі мойындап, алдыңғы қатарлы мемлекеттер мен қарым-қатынас жасау үшін студент жастарға Қазақстандық патриотизмді, өз отанын сүйе білуді үйрету, саяси бостандықты қамтамасыз ететін нарықтық ірге тас қалаудың нәтижесінде, экономикалық бостандыққа қол жеткізу, осылардың бәрін іс жүзінде жүзеге асыратын ізгілікті жеке тұлғаны дамыту, білімді, іскер жастарды тәрбиелеу болып табылады.

Тәрбие бір тұтас педагогикалық процестің құрамды бөлігі екендігі белгілі. Тәрбие мақсаты жалпы және жеке болып келеді. Тәрбиенің жалпы мақсаты – барлық азаматтардың бойында қалыптасады. Ал жеке мақсаты – жеке тұлғаның қалыптасуын көздейді. Қазіргі заманда тәрбие мақсатының алуан түрлі болуына қарай, соған сәйкес оның жүйесі жасалынады. Тәрбиенің мақсатына объективті себептер ықпал етеді, олар: адамның физиологиялық жетілуі мен психикалық дамуы, философия мен педагогика ғылымының жетістіктері, әлеуметтік ортаның қоғам мүддесіне қарай үнемі өзгеріп отыруы. Қоғамның мәдени деңгейі тәрбие мақсатының жалпы бағытын анықтап отырады. Ал, тәрбие мақсаты қоғамның нақты тарихи сипатына қарай өзгеріп отырады.

Тәрбиенің мәдени құбылыс ретіндегі міндеттері: ақыл-ой, адамгершілік, еңбек, этикалық, эстетикалық, экономикалық, экологиялық, құқықтық, саяси, мәдениет түрлерін мектеп қабырғасынан қалыптастыру көзделеді. Мәдениетті кешенді түрде қалыптастыруды жүзеге асыру, жеке тұлғаның сапалық қасиетін арттырады. Тәрбиенің мазмұнына бүкіл мәдениет жетістіктері қамтылады. Тәрбие мазмұны тәрбие міндеттерін толықтай жүзеге асыруды қарастырады. Сөйтіп, тәрбие мақсаты, міндеттері, мазмұны тығыз байланыста баланың жас және жеке – дара ерекшеліктеріне қарай ұйымдастырылады.

Қарым-қатынас - әлеуметтік құбылыс. Біріншіден, біріккен іс-әрекетте пайда болатын адамдар арасында байланыс орнату және дамыту процесі болса, екіншіден, тұлғалардың бірлескен іс-әрекетте қажеттіліктен пайда болған өзара белгі құралдарымен жүзеге асатын күйі, мінез-құлқы. Қазақтың көрнекті ғалымы, профессор Қ. Жарықбаев қарым-қатынас туралы былай деген:

«қарым-қатынас - адам іс-әрекетінің аса ауқымды саласы, өмір сүру, тыныс-тіршіліктің негізгі арқауын білдіретін ұғым. Адамға ауа, тамақ, киім, баспана қандай қажет болса, айналасындағылармен қарым-қатынаста болуы да аса маңызды». Сондықтан, қарым-қатынас тіршіліктің барлық кезеңінде адам үшін маңызды орын алады.

Жеке адам қоғамдық өмірде тіршілік етіп, өзге адамдармен қарым-қатынас жасау әрекеттеріне сәйкес оның тұлғалық сипаттары, кадр-қасиеттері, іс-әрекет жасау қабілеттері қалыптасады. Басқа адамдармен қарым-қатынас процесінде тұлға адами мәдениетті, тарихи даму және жалпылама түсініктерде, еңбек дағдыларында, мінез-құлық ережелерінде т.с.с жинақталған тәжірибені игереді.

Халқымыздың дамуында, халық болып қалыптасуына қарым-қатынас мәдениетінің алатын орны ерекше. Қарым-қатынас - белгілі бір әлеуметтік ортадағы адамдардың өзара түсініктігінен туындайтын күрделі қоғамдық үрдіс. Қарым-қатынастың жүзеге асуының бірнеше жолдары бар. Соның ішінде тілдік қатынастың орны ерекше. Адам қарым-қатынасындағы ерекше орын алатын сәлемдесудің өз әдебі, жөн-жосығы бар. Әр адамның қарым-қатынас мәдениеті оның жеке - дара қасиеттерімен де тікелей байланысты.

Қарым-қатынас мәдениеті дегеніміз – адамдардың өз мінез-құлқын басқару арқылы басқалармен тіл табысу және алдына қойған мақсатына жетудің тиімді жолын табу. Қарым-



қатынас адамдар арасында бірлескен іс-әрекет қажеттігін туғызып, байланыс орнататын күрделі процесс: екі немесе одан да көп адамдар арасындағы танымдық немесе эмоциональды ақпарат, тәжірибе, білімдер, біліктер, дағдылар алмасу және өзара түсінісуі, бірін-бірі қабылдауы.

Адамдар арасындағы қарым-қатынастың басты мақсаты – өзара түсіністікке қол жеткізу. Қарым-қатынас жасауда қатынасқа түскен адамды тыңдап, түсіне білудің маңызы зор. Бұл басқа адамның ішкі жан дүниесін түсініп, өз ойын дұрыс жеткізуге мүмкіндік береді. Адамдар басқаларға өз ойлары мен көзқарастарын түсіндіре отырып, түсініспеушілік, ұрыс-керіс пен дау-жанжал секілді жағымсыз құбылыстарды болдырмауға әрекет жасайды.

Адамдармен жақсы қарым-қатынас орнатуға мынадай ережелердің орындалуы көмектеседі:

- барлық адамдармен тең дәрежеде, дерекілік пен жағымпаздықсыз қарым-қатынас жасау;
- сұхбаттасушының жеке пікірін сыйлау;
- бұйрық емес, өтініш деңгейінде қарым-қатынас жасау;
- басқа адамның пікірін сыйлау және тәжірибесін қабылдай білу.

Қарым-қатынас мәдениетін меңгерген тұлға өзімен қатынас жасайтын адамға құрметпен қарап, сыйластық білдіреді. Адамға сыйластықпен қарау жақсы қарым-қатынас жасаудың негізгі өлшемі болып табылады.

Адам өмір сүруі мен қимыл қозғалысы арқылы өзінің әрекетін бағалауға үйренеді, адамгершілік нормаларымен келеді. Отандық психолог, профессор С.М. Жақыпов оқыту процесіндегі субъектілердің қарым-қатынасындағы мағыналардың өзгеруі біріккен іс-әрекеттің мотивтері мен мақсатының заңды құрылуына мүмкіндік береді және оларды оқыту процесінде ескеру, біріккен танымдық іс-әрекетті қалыптастыру үшін қажетті шартты жасайтындығын ерекше атаған. Сондықтан, қарым-қатынас тұлғаның қоғамда дамуына орасан зор ықпал етеді. Тұлғаның дамуында өзін адам етіп сезіндіретін, оны кемсітуге, қорлауға, басуға, дербес құқығынан айыруға болмайтын өршіген сезім пайда болады. Алайда оларда ересек статусының элементтерімен қатар, оның жағдайын баланың жағдайына жақындататын тәуелділік белгілері әлі сақталады. Материалдық жағынан олар ата-аналар қарауында болады. Колледжде, үйде бір жағынан сен есейдің, үлкейдің десе, екінші жағынан тіл алуды талап етеді. Баланың әлеуметтенуі мен тұлғалық дамуында, оның жақын достары мен құрбыларының қатынасы ерекше мәнге ие. Жыл өткен сайын құрбыларымен қарым-қатынас байланысының қажеттілігі туындайды. Ол өз құрбыларымен достық қатынас жасауға тырысады, мүмкіндігінше оны сақтауға тырысады. Сол арқылы құрбылары арасында беделі көтеріледі, бірін-бірі сыйлау қасиеті артады.

Қарым-қатынас ол тұлғаның өміріндегі негізгі рухани, адамгершілік, ілім қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталады. Осындай қажеттіліктерді өтеуге қарым-қатынастың мәнерлі белгілері мен құралдарын меңгеру негізгі міндеттерді атқарады. Бұл байланыс тұлға әлеуметтенуінің қайнар көзінің бірі ретінде аныталады. Тұлғаның әлеуметтену принципі екі жағдайда сипатталуы қажет:

- біріншіден, қарым-қатынас факторы, адамның әлеуметтік өмірі мен өзара байланысы жүзеге асырылатын әлеуметтік қайнар көзі ретінде есептелінуі керек;
- екіншіден, әлеуметтену екі аспектіде қарастырылады. Ол әлеуметтік бағдарлама құру және оны тарату.

Тұлға - бұл басқа адамдардың арасында белгілі позицияны иеленетін, қоғамдық іс-әрекеттің себепші субъектісі ретіндегі адам. Тұлғаның психологиялық ерекшеліктері: ол неге талпынады және неден қашады. Сонымен қатар, ұғым, ұйымшылдық дәрежесі, оның белсенділігінің интенсивті және қорытынды нәтижесі, өмірлік тапсырманы шешуге сәйкес бағытталуынан көрінеді. Әрбір жеке адамға тұлға ретінде қарап, оның өзіне тән санасы, еркі, өзіндік әрекет жасай алатын қабілеті, білімі мен тәрбиесі бар екенін ескере отырып, қарым-қатынасқа деген ынтасын арттыру, олардың жеке басылық қасиеттерін дамытып, оны қоғам талабына сай іске асыруға мүмкіндік жасау.



Қарым-қатынас мәдениеті сан алуан адамдардың қатынастары жағдайында жүзеге асады, яғни әлеуметтік және тұлға аралық қатынастардың жағымды да, кері де жағдайларында болуы мүмкін. Өмірдің түрлі жағдайларына байланысты біздің іс-әрекетімізбен қатар мінез-құлқымыз да өзгермелі. Соған сәйкес қарым-қатынас стильдері де өзгермелі болады. Қарым-қатынас стилі адамның басқа адаммен өзара әсерлесуі барысындағы мінез - құлқын көрсетеді. Сонымен, адамның қарым-қатынас стилі, оның анықталған нақты бір қарым-қатынасқа орнықты болуы, бағытталуы, соған дайындығы мен адамның сол жағдайдағы өзін көрсетуі.

Тұлғаның қарым-қатынас мәдениеті адам өмірінің рухани және материалдық формаларының сан алуандығын сипаттайды және оның өміріндегі ең маңызды қажеттілік болып табылады. Адамзаттың барлық өмірі үнемі басқа адаммен қарым-қатынас негізінде өтеді. Қарым-қатынас процесінің барлық жақтары (коммуникативті, интерактивті, перцептивті) басқа құрылымдық тәсілдерді қолдануды қажет етеді. Олар кез келген іс-әрекетте бір-бірін қабылдау, түсіну, бірлескен әрекет ұйымдастыру мақсатындағы іс-әрекеттің мазмұнына байланысты орындалатын процестің негізінде туындайтын қарым-қатынастың түрлері мен артықшылықтары. Тұлғаның кісілік қасиеттері мен даралық ерекшеліктері оның іс-әрекеттегі белсенділігінің өрістеуіне ықпал етеді. Жеке тұлға мәдениетінің қалыптасуында негізгі орынды оның басқалармен қарым-қатынас жасау қабілеті алады. Адамды өмір сүріп, жұмыс жасап, оқып отырған ортасынан тыс тіршілік етуін елестету мүмкін емес. Қоғамнан тыс адам салыстырмалы түрде өзіндік адами қасиеттерін жылдам жоғалтады.

Тұлғаның көпшілік қарым-қатынаста сөйлеу мәдениетін бақылау оның айтатын сөзін жеткізу ерекшелігі болып табылады. Олай болса, оның қоғамдық ортада сөйлеу қасиеті мен мәнерін бағалау, жалпы айтқанда сөйлеу ерекшеліктерін анықтау қажет. Сондықтан қарым-қатынасқа қабілеттілік тұлғаның сөйлеу мәнеріне, мінез-құлық құрылымына, типологиялық қасиетіне байланысты екендігі байқалады. Даму дәрежесі мардымсыз тұлғаның адам аралық қатынастары да өте жай, күнделікті тіршілік күйбеңінен аспайды. Ал даму деңгейі жоғары болған адам өзінің рухани мәртебелілігімен, қоғамдық мәнді құндылықтарымен ерекшеленеді.

Әрбір дара адам өзінің қоғамдағы өмірлік әдептерін реттеумен күнделікті тіршілік проблемаларын шешіп береді. Бірдей қиыншылық, кедергілердің шешімін әр адам өз әдіс-тәсілдерімен табуы мүмкін. Осыдан жеке адамды танып білу үшін, сол адамның алдында тұрған өмірлік міндеттерін, оларды іске асыру жолдары мен өмір барысында ұстанған принциптерін жете білу қажет. Қоғамдық қатынастарға араласып және оларды басшылыққа ала отырып, адам сол қатынастардың ықпалында қалып қоймайды. Әр дара тұлға өз дербестігімен ерекшелігіне ие. Жеке адамның дербестігі оның ең жоғарғы психикалық сапасы - рухани дүниесімен ұштасады. Рухани дүние дегеніміз – инабат парызды түсіне білуі, болмыстағы өз орнына сай қызмет ете алуы. Жеке адамның рухани жетілгендігі – бұл жоғарғы дәрежедегі саналық жетілу, ізгі мұраттарды басшылыққа алу, сонымен бірге жаман ниеттер мен жалған белсенділіктен өзін аулақ ұстай алуы. Ал адамның мұндай қасиет, сапаларды бойына дарытуы көбіне қоғамдық салтқа тәуелді. Дербестігінен айырылып, өз бетінше ой жүгіртпеген адам өзін тұлғалық дамыту ниетінен ажырап қалады. Жеке адам сапалары сол адамның араласқан қатынастар өрісіне, әртүрлі әлеуметтік өмір аймағында қызмет ету қабілетіне байланысты келеді. Басқа әлеумет мүшелерімен жеке адам «мені» негізінде қатынас түзеді. Ғылымда «жеке адамдық рефлексия» деп аталған бұл «мен» ұғымы өз ішінде әр адамның өз жөніндегі танымын сезе білу сияқты сапаларын қамтиды.

Қазіргі қоғам сұраныстары рухани және материалдық сфералар аясында қарым-қатынас проблемасын өте маңызды етіп көрсетеді яғни, қарым-қатынас адамның өмірлік іс-әрекетін әсіресе, білім, ғылым, спорт, өнер салаларында бөлінбейтін бөлшегі болып табылады. Оның дәлелі ретінде білім мен мәдениеттің терең байланысын айтуға болады.

Мәдениет - көп қырлы процесс. Адамның өмірлік іс-әрекетінің барлық салаларында мәдениетті көреміз. Ең алдымен сана мен болмыста адамзаттың әлеуметтік даму бағытындағы шығармашылық іс-әрекетін түсінуге болады, өзінің ішкі дүниесіне қарай адамның әлеуметтік тұлға ретінде даму процесі, оның таным, қарым-қатынас, іс-әрекет субъектісі ретінде өмір сүру әдісі жекелік, шығармашылық, әлеуметтік, адамгершілік, эстетикалық жетілуі бойынша ерекшеленеді.



Мәдениет өзі пайда болатын және қалыптасатын ортада үздіксіз даму сипатында болады және адамзат қоғамынан бөлінбейді. Қоғамда тұтастай жеке адамның даму деңгейі мен қасиетін мәдениет анықтайды. Олай болса, мәдениет адамның құндылығы, оның қайталанбайтын белгісі. Мәдениет өзінің ішкі механизмдерімен адам тұлғасына тән болғандықтан, ол өзін-өзі танып білу немесе адамның рухани өмірбаяны деп есептелінеді. Мәдениеттің өмір сүруінің шарты, ол бір ұрпақтан екінші ұрпаққа сабақтастықпен беріліп отырады.

Колледж білімгерлерінің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру моделі процесті моделдеуді, ойша эксперимент әдісін қолдануды керек етеді. Модельді құрастыру - демек арнайы аналогтарды жасау жолымен нақты бір жүйені материалды немесе ойша ұқсатуды іске асыру, бұл жағдайда аналогтарда осы жүйенің ұйымдастыру және жұмыс істеу принциптері көшіріледі. (В.П. Беспалько, Б.С. Гершунский, В.А. Штофф және т.б).

Қарым-қатынастағы күрделі мәселелердің бірі қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасқан түрлерін анықтау болып табылады. Қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасқан критериялық базасы ретінде келесі компоненттерді көрсетуге болады:

- мотивациялық;
- когнитивтік;
- эмоциональдық-еріктік;
- рефлексивтік.

Мотивациялық компонент қарым-қатынас мәдениетінің қажеттілігі оның ерекшеліктері, қарым-қатынас мәдениетінің технологиясы, оның көрінісі туралы мәселелерін қамтиды.

Қарым-қатынас мәдениеті құрылымында когнитивтік компонент тіршілік әрекеті негізі ретіндегі қарым-қатынас туралы білімдер мен түсініктер жиынтығын, адамның оны меңгеруін, қарым-қатынастың құндылығы мен нормаларын анықтайды.

Эмоциональдық-еріктік компоненті қарым-қатынас мәдениеті құрылымында білімгерлерге осы бағытта іс-әрекетті жетілдіру, қарым-қатынастағы әсерлер мен эмоциональды сезімді қалыптастыру және дамытуды қамтамасыз етеді.

Рефлексивтік компоненті қарым-қатынас мәдениеті құрылымында өзін-өзі тануды, рефлексивтік қабілеттілікті дамытуды, өзін-өзі реттеу тәсілдерін меңгеруді, қарым-қатынастағы өзін-өзі қалыптастыру мен өзін-өзі іс жүзінде көрсете білдіруді қамтамасыз етеді. Осы тұрғыда, білімгерлерде қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасу деңгейін жоғары, жеткілікті, орта және төмен деп бөлуге болады.

Мұнда білімгерлердің қарым-қатынас мәдениетінің төменгі оқу-тәрбие үрдісінде қарым-қатынас мәдениетінің керектігін білу, бірақ оны меңгеру технологиясының қажеттілігін сезіну ғана болып, басқа барлық қалған көрсеткіштер бұл деңгейде көріне бермейді.

Қарым-қатынас мәдениетінің орташа деңгейінде бұл салалық көрсеткіштердің керектігін біледі, түсінеді, бірақ меңгеру технологияларын сезбейді, жағдайға байланысты қатынас түрлерін білмейді, әсерде болу, көңілден шығу, орташа этикетті меңгеру мен оларды дамыту төмен дәрежеде болады.

Жеткілікті көрініс элементтері барлық өлшем элементтерін қамтыған, бірақ жоғары дәрежеде емес жағдайында болады.

Жоғары деңгейде білімгерлердің қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасуына барлық өлшемдер бойынша ескерілгенін білдіреді.

Адам дүниеге шыр етіп келіп түскеннен бастап –ақ айналасындағылармен қатынас жасай бастайды. Өмірінің алғашқы кезеңінде биологиялық сипаттағы қарым-қатынас болса, одан әрі оның қарым-қатынас сипаты әлеуметтік сипатқа түсе бастайды.

Сонымен, қарым-қатынас адамды тәрбиелеу үшін, дүниені қабылдау және түсіну үшін, адамдарға және өзіне өзара әрекет субъектісі ретінде мәдени қатынастың құралы болып табылады.

Қорыта айтқанда, қоғамның дәстүрлі мәдениеті жағдайында қарым-қатынас мәдениетін тиімді қалыптастыруға мына факторлар:



- күмән келтірмейтін, пікір туғызбайтын құндылық жүйесінің бар болуы;
- кез келген жағдайға сай өзіңді қалай ұстау әдебіне жол көрсететін құндылықтар жүйесінің игілікке асырылуы;
- қарым-қатынас формаларын жеткізетін амалдар мен білімдердің тәжірибеде қалыптасқан түрлерінің болуы;
- олардың осы қарым –қатынас формаларының әрбір адам игілігіне асуықпалының мол болуы.

Сондай-ақ, қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеу мәселесіне (әсіресе мінез-құлық мәдениеті) халық педагогикасы да үлкен мән берген. Әрбір халықтың ұрпақтары қандай болу керек, талап-тілек үрдісінен шығуы үшін не істеу керек, қалай қол жеткізуге болады деген ойлары, ұғымдары, пікірі болады. Осы ойлар халық педагогикасының теориясын қалады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Абеуова И.А., Дусманбетов Г.А., Махаманова М.Н., Шеръязданова Х.Т. Психологические служба в вузе. Алматы, 2004г
2. Абрамова Г.С. Практическая психология. М., 2001г
3. Алдамұратов Ә. Жалпы психология. Алматы, 1996г
4. Анциферова Л.Н. Психология формирования и развития личности. М., 1981г
5. Анастаси А. Психологическое тестирование. В2 М., 1982 г.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ СПУТНИКТЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЕЛІМІЗГЕ БЕРЕТІН МҮМКІНДІКТЕРІ

СҮЛТАНОВА Назира Айханқызы

Ғылыми жетекші: Е.О. Буланов

Талдықорған, Қазақстан

I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті

Sulnaz0404@yandex.ru

Аннотация

Бұл мақалада - «Kazsat-1», «Kazsat -2», «Kazsat -3» спутниктері, «ҚазЕОСат-1» , «ҚазЕОСат-2» қашықтықтан зондтау спутниктерінің ұшырылу тарихы, Ақкөл, Көктерек ғарыштық байланыс орталықтарының қызметі қарастырылады. Аталған жер серіктерінің еліміз үшін экономикалық, саяси, мәдени маңызына назар аударылады.

Аннотация

В данной статье рассматриваются истории полетов спутников Kazsat-1, Kazsat -2, Kazsat-3, спутников дистанционного зондирования земли KazEOSat-1 и KazEOSat-2, а также деятельность центров космической связи Акколь и Коктерек. Основное внимание уделяется экономической, политической и культурной важности этих спутников для нашей страны.

Жер бетінде алғашқы спутниктердің пайда болуына алпыс жылдан астам уақыт өтсе де, бүгінгі күні осы құрылғыларсыз мемлекетің өмір сүруі мүмкін емес болатындай. Оларды түрлі мақсаттарда қолданады: қауіпсіздік, байланыс, навигация және жыл сайын спутниктер функционалды болып келе жатыр. Қазақстан да осы бағытта өзге елдерден қалыспай, ғарышқа бірнеше спутнигін ұшырып үлгерді.

«Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» акционерлік қоғамы 2004 жылдың 18 наурызында құрылған. Ол мекеме жеке және заңды тұлғаларға ғарыш аппараттарының транспондерлік сыйымдылығын ұсыну бойынша қызметтер көрсету және ғарыштық байланыс жүйелерінің техникалық қолданылуын қамтамасыз ету сияқты міндеттерді іске асыру үшін Қазақстанның ғарыштық байланыс жүйелерінің ұлттық операторы ретінде айқындалған. Ұйымның негізгі қызметі ғарыштық байланыс жүйелерінің техникалық қолданылуын ұйымдастыруға, жасауға, дамытуға, басқаруға, ғарыш аппаратының транспондерлік



сыйымдылығын ұсыну бойынша қызметтер көрсетуге, сондай-ақ ғарыштық байланыстың шетелдік операторларымен өзара іс-қимыл жасауға бағытталған. «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» «Kazsat» жерсеріктер топтамасын жерден бақылау және мониторинг жүргізуін қамтамасыз ететін екі басқару кешендерінің (Ақкөл және Көктерек) қызметін де қамтамасыз етеді.

Kazsat-1 жеңіл геостационарлық спутнигін жасау жөнінде 2004 жылы Қазақстан Үкіметі мен М.В.Хруничев атындағы Ресей Мемлекеттік ғарыштық ғылыми-өндірістік орталығымен келісім жасалған болатын. Спутник «Яхта» ғарыштық платформасының негізінде құрылды. Ол 12 транспондермен жабдықталған, соның ішінде 8і спутниктік байланысты қамтамасыз етуге бағытталса (интернет, телефон), 4і теледидарға арналған. Қызмет ету мерзімі – 10 жылға жетеді. Жоспар бойынша жер серікті 2005 жылдың желтоқсан айында ұшыру керек болған, алайда басқаруға байланысты әлі де проблемалар болғандықтан, тексеру жұмыстары әлі де жалғаса берді. 2006 жылдың 28 сәуірінде «Байқоңыр» ғарыш айлағына жер серік жеткізілді, алайда ұшыру тек маусымның 18-де ғана жүзеге асырылды. Kazsat-1 ұшыру рәсіміне еліміздің Президенті Н.Назарбаев, Ресей Президенті В.Путин қатысты. Жер серіктің қамту аймағы Қазақстан, Орта Азия, Ресейдің орталық аумақтарына тарайды. Жобаның құны- 65 млн АҚШ долларын құрады. Жер серігі ұшырылғаннан көп уақыт ұзамай оның жұмысында ақаулар байқалды, нақтырақ айтқанда, 2008ж. қаңтар, маусым айларында жер серігінің жермен байланысы тоқтап қалды. Осы жылдың 26 қарашасында жер серік басқарманың сигналдарына жауап беруін тоқтатты да, бағдарсыз ұшуға кетті. 2008 жылы желтоқсанның 2-де «Kazsat -1» спутнигі жұмысын толығымен тоқтатқаны туралы Парламент Мәжілісінде Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің отырысында Ұлттық ғарыш агенттігінің төрағасы [Талғат Мұсабаев](#) мәлімдеді. Борттағы басқару жүйесінің белгісіз себептермен жиі істен шығуы мен құрылғының сапасыздығы мүшкіл жағдайға әкеп соқты, деді агенттік төрағасы [1]. 2009 жылы Премьер-министр К.Мәсімовтың шешімімен жер серіктің жұмысқа жарамсыздығының себептерін анықтау бойынша арнайы жұмыс тобы құрылады. 2009 жылдың 6-13 тамызы аралығында «Kazsat-1» спутнигі жерлеу орбитасына көшірілді. Осылайша еліміздің алғаш жер серігінің ұшырылуы сәтсіз аяқталды.

«Kazsat -2» спутнигі 2011 жылғы 16 шілдеде Байқоңыр ғарыш айлағынан сәтті ұшырылды. Екінші қазақстандық байланыс спутнигімен бірге «SES-3» америкалық спутник те ұшырылды. «Протон-М» тасымалдағыш зымыраны мен «Бриз-М» екпіндеткіш блогы екі спутникті орбитаға шығарды.

4 ай өткеннен кейін, 2011 жылғы 25 қарашада «KazSat-2» «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» АҚ басқаруына өтті және сол жылғы желтоқсанда оны коммерциялық мақсатта пайдалану басталды.

«KazSat-2» ғарыш аппаратын жасау кезінде қазіргі заманғы техникалық шешімдер пайдаланылды, ғарыш аппаратының берілген сипаттамалары мен қажетті сенімділік деңгейін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін борттық жүйелерді жаңғырту жүргізілді. «KazSat-2» ғарыш аппараты Қазақстанның, Орталық Азия елдерінің және Ресейдің орталық бөлігінің аумағында «KazSat» спутниктік байланысы жүйесінде телевизиялық хабар тарату мен деректер беруді, сондай-ақ спутниктік байланыстың қазақстандық операторларының қажеттіліктерін қанағаттандыруды қамтамасыз етуге арналған [2].

Бұл спутникті жасау туралы келісім сонау 2006 жылы М.В.Хруничев атындағы Ресейдің Мемлекеттік ғарыштық ғылыми-өндірістік орталығымен келісім-шарт жасалған болатын. Спутникте барлығы 20 транспондер бар, оның 16-негізгі, 4-резервтік. Белсенді қызмет көрсету уақыты- 12,5 жылға дейін деп есептелген. Жобаның жалпы құны 115 млн АҚШ долларын құрды. Алғашқы спутникте жіберілген кемшіліктерді ескере отыра қазақстандық ғалымдар спутниктің құрастырылуына аса жауаптылықпен қарады. «Бұл спутникті жасауда біздің қазақстандық ғалымдар кезең кезеңмен бөлшектеп қабылдауда күрделі техникада барған сайын қателер мен елеулі кемшіліктерді табуға. Ең кішкентай қателік мемлекет үшін үлкен шығындарға әкелуі мүмкін. Біздің мамандар қателіктерді тек дәнекерлеуде ғана емес, сонымен қатар жер серігі жұмысы логикасында да қателіктерді тапты», - деді сол кездегі Қазғарыш басшысы Талғат Мұсабаев [3].



Алдыңғы спутниктің жұмысына қарағанда қуатты, күштірек болуымен қатар, оқыс жағдайдың болуы да орын алған болатын. Мысалы, 2017 жылдың 31 мамырында спутниктің жермен байланысы кездейсоқ үзіліп қалды. Ол кемшілікті жою үшін дереу ресейлік мамандар тартылды. Нәтижесінде 17 сағаттан кейін спутникпен байланыс қалпына келтірілді. Мамандардың айтуынша, ақаудың себебі күн жүйесіндегі радиациялық жарылыс дейді [4].

2023 жылға қарай «KazSat-2» спутнигінің пайдалану мерзімі аяқталуына орай оны «KazSat-2R» спутнигімен алмастыру жоспарланған.

2013 жылғы 8 мамырда «KazSat-2» спутнигінің жұмысына қатысты берген мәлімдемесінде «Қазғарыш» басшысы Т.Мұсабаев алдағы уақытта «KazSat-3» спутнигін құрастыруға тендер жариялағандығын атап өтті[5].

2011 жылғы 20 маусымда спутниктік байланыс жүйесін одан әрі дамыту мақсатында «KazSat-3» үшінші байланыс және хабар тарату ұлттық геостационарлық спутнигін жасау туралы шешім қабылданды. Шешімге сәйкес «Le Bourget 2011» авиасалонының барысында Париж (Франция) «Республикалық ғарыштық басқару орталығы» мен «Академик М.Ф.Решетнёв атындағы «Ақпараттық спутниктік жүйелер» кәсіпорны арасында «KazSat-3» спутнигін жасау мен ұшыру шартына қол қойылды.

Спутник 2014 жылы 28 сәуірде «Байқоңыр» ғарыш айлағынан «Луч-5В» ғарыштық аппаратымен «Протон-М» зымыранымен ұшырылды. «KazSat-3» «KazSat-2» аппаратымен тандемде жұмыс істейді, яғни егер қайсыбірі істен шықса, екіншісі орнын толықтырады. Жерден спутниктерді басқару «Ақкөл» және «Алматы» резервтік кешендерінен жүзеге асырылады. «KazSat-3» спутнигінің 28 Ки-диапазонындағы транспондерлері бар және ол Экспресс-1000НТВ платформасы негізінде жасалған және кемінде 15 жыл белсенді жұмыс істеуге есептелген. «KazSat-3» ғарыш аппараты Қазақстан Республикасының, Орталық Азия елдерінің және Ресейдің орталық бөлігінің аумағында «KazSat» спутниктік байланысы жүйесінде телевизиялық хабарлар таратуды және деректер беруді, сондай-ақ спутниктік байланыстың қазақстандық операторларының қажеттіліктерін қанағаттандыруды қамтамасыз етуге арналған. Мақсаты – телекоммуникациялық қызметтер (DTH, байланыс, хабар тарату, деректер беру, бейнеконференц байланыс және басқалары).

Спутниктерді құрастыру, ғарышқа ұшыру, бақылау мемлекет үшін арзанға түспейтіні белгілі, оған миллиондаған қаржы жұмсалады. Ал осындай шығындар қаншалықты орынды және қаншалықты қажет? Today.kz сайтындағы 2017 жылы ҚР қорғаныс және аэроғарыш өндірісінің министрі болған Б.Атамқұловтың мәжілістегі үкімет сағатында берген мәліметінде: «KazSat» жүйесін пайдалану кезеңі ішінде шетел спутниктерін пайдалануды қысқартудың есебінен 27 миллиард теңгеге импорталмастыруды қамтамасыз етіп, 14,7 миллиард теңге табыс әкелді. Егер бізде «KazSat» болмаса, жыл сайын шетел спутниктерін пайдаланғанымыз үшін 45 миллион доллар жұмсаушы едік» делінген [6]. Ал «Қазтелерадио» АҚ өкілдері болса «KazSat» жүйелерінің жұмысы көрермендерге қосымша SD, HD арналарын тамашалауға мүмкіндік беретінін атап өткен [7].

2017 жылы Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі аэроғарыш комитетінің төрағасы болған Е.Шаймағамбетовтың «Қазақпарат» агенттігіне берген сұхбатында мынадай мәліметтерді береді: «Сонымен, 2011 жылдан бастап 2017 жылға дейінгі кезеңде KazSat ғарыштық байланыс спутниктерін қолдана отырып, 30 млрд. теңгеден астам сомадағы қызметтерді импорт алмастырумен қамтамасыз ету мүмкін болды. Қазақстан бойынша 7500-ге жуық жерсеріктік байланыс станциялары жұмыс істейді, елдегі 16 байланыс операторлары мен үкіметтік ұйымдардың қажеттіліктері қамтамасыз етілген. 1 миллионнан астам ОТАУ TV абоненттері KazSat-3 спутнигі арқылы қызмет алады»[8].

Республикалық ғарыштық байланыс орталығының басқарма төрағасының кеңесшісі В.Лефтер 2019 жылы 1 наурызда Рамблер каналына берген сұхбатында: «2019 жылғы 28 ақпандағы жағдай бойынша KazSat-2 және KazSat-3 жерсеріктік сыйымдылығы сәйкесінше 628,51 мегагерц немесе 72,7% және 947,61 мегагерц немесе 73,1% құрайды. KazSat-2 жерсеріктік ресурстарын жалға беру негізінде 12 қазақстандық компания пайдаланады, KazSat-3 байланыс операторы және тоғыз қазақстандық операторға байланыс қызметтерін ұсынады. 2018 жылы қазақстандық жерсеріктердің жалпы кірісі 5,4 млрд. теңгені құрады»



[9]. Осы аталғандарға негізделе отыра, елімізде спутниктеріміздің болуы байланыс арналарына өз қажеттіліктерін қанағаттандыруға, ақпараттық қауіпсіздіктің сақталуына, қаражаттың сыртқа шықпауына мүмкіндік береді, ал бұл, өз кезегінде, ел экономикасының деңгейін көтеруге септігін тигізеді.

Еліміз бұл спутниктерден басқа, жерді қашықтықтан зондтау аппараттарын да қазіргі уақытта пайдалануда. Оларға «ҚазЕОСат-1» және «ҚазЕОСат-2» спутниктері жатады.

«ҚазЕОСат-1»- бұл еліміздің алғашқы жерді қашықтықтан зондтаудың жоғары кеңістіктік шешімдегі спутнигі, ол мемлекеттік құрылымның мүддесінде Орта Азияның жер бетін ғарыштық түсірілім жасау үшін арналған. Спутник 2014 жылдың 30 сәуірінде Куру ғарыш айлағынан (Француз Гвианасы) ұшырылды. «Бұл спутниктер ауыл шаруашылығы, төтенше жағдайлар, жерді пайдалану, геодезия, картография, барлау, қорғаныс салаларында кеңінен қолданылып келеді. «Тіпті, ғарыштан түсірілген суреттердің арқасында бірқатар қылмыстық әрекет те әшкере болды», - дейді «Қазғарыш» басшысы Марат Нұрғожин. Ал 2020 жылы Марсты бағындыруды жоспарлап отырған Біріккен Араб Әмірліктері бұл ойын жүзеге асыруда қазақстандық мамандардың көмегіне жүгінбек. Нақты айтқанда, арабтар қызыл ғаламшарды зерттеуге арналған ғарыш аппараттарына тапсырыс беруге ниетті» [10]. Аппаратты өңдеп, құрастырушы- [Airbus Defence and Space](#) француз аэроғарыш концерні болып табылады. Сол жылдың маусым айында Орынбор облысындағы «Ясный» базасынан жерді қашықтықтан зондтайтын орта кеңістіктік шешімдегі ғарыштық аппарат «ҚазЕОСат-2» ұшырылды. Бұл спутниктің негізгі мақсаты ел аумағының жедел мониторинг ақпаратын алуда Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының экономика, қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік салаларының мәселелерін шешу үшін қашықтықтан зондтау мәліметтерін алуға арналған. Француз тарапымен жасалған келісім-шартқа сәйкес Қазақстан Республикасының астанасында жерсеріктерге қызмет көрсету үшін айтарлықтай маңызды жер үсті инфрақұрылымы құрылды. Оған ғарыш аппараттарын басқару кешені, жердегі нысаналы кешен және антенна жүйелері кіреді. KazEOSat-1 спутнигінің антеннасы үш қабатты мұнараның үстіңгі жағына радио мөлдір материалдан жасалған арнайы сфералық корпусқа орнатылған. Бұл құрылғыны атмосфералық ауытқулардан, жауын-шашыннан және күн сәулесінен қорғайды. KazEOSat-2 антенна жүйесінің күмбезі икосаэдр геометриялық пішін түрінде жасалынған. Бұл форма антеннаның аймағында электромагниттік фонды жақсартады. KazEOSat-1 спутнигінің кеңістіктік шешімі - бір метр, түсірілім панхроматикалық және мультиспектралды режимдерде жүзеге асырылады. Құрылғы бір уақытта 20ға- 20 км аумақты алады. Түсіру жиілігі 3-5 күн. Өнімділік - тәулігіне 220 000 шаршы шақырым. KazEOSat-2 орбитасының еңкею бұрышы 98 градус. 98 минутта ол бүкіл жер шарын айналып шығады. Күніне 14-15 бұрылыс шығады. Оның ішінде 5-6 рет спутник антеннаның радиокөріну аймағында болады. KazEOSat-2 кеңістіктік шешімі бір пиксель үшін 6,5 метрді құрайды. Түсіру режимі мультиспекторлы. Сахна көлемі - 77-де 77 шақырым. Түсіру жиілігі 3-5 күн. Өнімділік - күніне миллион шаршы шақырым. Жерді қашықтықтан зондтаудың мәліметтері бүгінгі күні салалық мәселелерді шешу үшін - ауыл шаруашылығы, инвестициялар мен даму, ішкі істер, энергетика министрліктеріне қажет. Әсіресе ең негізгі тұтынушы- ауыл шаруашылығы министрлігі. Орбиталық спутниктерден алынған мәліметтер неғұрлым нақты әрі Қазақстанның бүкіл аумағында қол жетімді. Ғарыштан жерде онша бақылана бермейтін аумақтар өте айқын көрінеді. Егіс алқаптарын бақылауда алынған мәліметтер де өте құнды: егіс алқаптарының көлемі, тұқым себу уақытының басталуы, арамшөптердің өсу деңгейі, өнімді жинау уақытының басталуы, т.б сияқты мәселелерде нақты ақпарат беріледі. Ауылшаруашылық өндірісінің мониторингімен қатар орман ресурстарының мониторингі де жүргізіледі. Бұл жерде заңсыз ағаш кесуді, орман өрттерінің алдын алу үшін үлкен көмек болады. Сонымен қатар, су ресурстарына бақылау жасалады. Өзендер ағысындағы өзгерістерді, су тасқыны кезеңіндегі тасқындарды бақылау жүргізіледі. Балық шаруашылығын басқару үшін Каспий теңізінің қазақстандық секторында күн сайын мұнайдың төгілуі бақыланады. Көршілес мемлекеттердің аумағы трансшекаралық өзендер департаментінде жаңа гидротехникалық құрылыстардың құрылысын анықтау, суармалы жерлердің аумағын ұлғайту және т.б. бақылауға алынады. Жерді пайдалану



мониторингінде ғарыштық түсірілімдердің маңызы зор. Мұнда жерді мақсатсыз пайдалануға қатысты фактілер анықталады [11].

Ақкөл ғарыштық байланыс орталығы 2005 жылғы желтоқсанда елордаға жақын маңда, Ақкөл қаласының орманды алқабында құрылды. Бұл орталық бұрынғы кеңестік «Энергетик» атты пионер лагерінің орнында тоғыз айдың ішінде салынған. Ол ғарыштық аппараттарды жерүсті бақылау және байланыс мониторингін жүргізу үшін құрылған алғашқы байланыс орталығы. Кешен негізінен «KazSat» спутниктерін басқару, қадағалау, мониторинг жүргізу үшін құрылған.

«Ақкөл ғарыштық байланыс орталығының құрамына мыналар кіреді:

- Ғарыш аппараттарының ұшуын басқару орталығы
- Мониторингті басқару орталығы
- Аппараттық-бағдарламалық және метрологиялық қамтамасыз ету орталығы
- Инфрақұрылымды пайдалану қызметі» [12]

Ұшуды басқару орталығының міндетіне бірқатар қызмет кіреді. Арнайы жабдықталған құрылғылардың арқасында арнайы мамандар, техникалық қызметкерлер спутниктердің борттық жүйелері мен жабдықтарының берілген техникалық жағдайын үздіксіз қадағалауды, бақылауды және талдауды жүзеге асырады. Ғарыштық аппараттардың қауіпсіз жұмыс істеуін қадағалаумен қатар олардың жұмысын жоспарлауға қатысты нақты есептеулерді жүргізеді.

Мониторингті басқару орталығының қызметіне хабар таратуды жүзеге асыратын каналдарға үнемі мониторинг жүргізу, ретрансляциялық дабылдардың өлшемдерін жасауды, «KazSat» спутниктері транспондерлерінің жүктемесін ретке келтіруді, сонымен қатар ғарыш аппараттарының жерде пайдаланатын станцияларының жиіліктік қолжетімділігін жүзеге асырады.

Қазақстандық ғарыштық аппараттарын жерден басқаруға арналған екінші орталығы- «Көктерек» ғарыштық байланыс орталығы. Бұл орталық Алматы облысында 2013 жылы 28 маусымда ресми пайдалануға берілді. Ол KazSat-тің резервтік басқарылуына, көрсетілген техникалық және баллистикалық сипаттамаларын қолдауға, қазақстандық байланыс және радиохабар спутниктерінің жүктемесін бақылауға, Pre-hubbing, Colocation, Last-mile телепорттарына қызмет етуге арналған. Бүгінгі таңда Көктеректің әлеуеті өздерінің спутниктік желілерінің үздіксіз және тиімді жұмыс істеуіне мүдделі спутниктік байланыс компанияларына өзінің инфрақұрылымын ұсына алады. Бұл мүмкіндікті жерсеріктік және жер үсті байланыс желілерінің өзара әрекетін қамтамасыз ететін телепорт қамтамасыз етеді. «Көктерек» ғарыштық байланыс орталығының технологиялық тұрғыдан заманауи платформасын көп мақсатты пайдалану - Қазақстан Республикасының ақпараттық-коммуникациялық саласының табысты дамуының бір бағыты.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Уикипедия- ашық энциклопедиясы. <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D2%9A%D0%B0%D0%B7%D0%A1%D0%B0%D1%82-1>
2. Қанатың талмасын, «KazSat-2». 25 желтоқсан, 2018 ж. <https://nationalgeographic.kz/2018/12/25/9393.html>
3. «KazSat-2». Wikiwand. 16 шілде, 2019ж. <https://www.wikiwand.com/ru/KazSat-2>
4. Е.Сейілхан. «Қазсат-2»-нің істен шығу себебі анықталды. 01.07.2015. <https://www.ktk.kz/kz/news/video/2015/07/01/61186/>
5. Т.Мұсабаев: «Арманым-Қазақстанды ғарыштық державаға айналдыру». 13.02.2014. <https://turkystan.kz/article/63597-tal-at-m-sabaev-armanym-aza-standy-aryshty-derzhava-a-ajnaldyru>
6. Система KazSat принесла 14,7 миллиарда тенге прибыли. Today.kz.04.07.2017. <http://today.kz/news/kazakhstan/2017-09-04/749459-milliona-dollarov-v-god-na-eksporte-uslug-sistemyi-kazsat-mozhet-zarabotat-rk/>
7. Ақпараттық қоғам құру — заман талабы. Egemen Qazaqstan. 12.03.2010. <https://old.egemen.kz/?act=readarticle&id=1405>



8. Е. Шаймагамбетов. Космос делают люди.
http://bayterek.kz/news/?ELEMENT_ID=209.

9. Почему небольшой город под Астаной знают во всем мире? Sputnik Казахстан. 01.03.2019. https://news.rambler.ru/moscow_city/41803079-pochemu-nebolshoy-gorod-pod-astanoy-znayut-vo-vsem-mire/

10. Қазақстандық ғарыш аппараттары 23 млрд теңге үнемдеуге мүмкіндік берді. Хабар 24. 29.09.2016. <https://24.kz/kz/zha-aly-tar/otandy-nimdi-satyp-al/item/140502-aza-standy-arysh-apparattary-23-mlrd-te-ge-nemdeuge-m-mkindik-berdi>

11. Как работают казахстанские спутники дистанционного зондирования Земли. InformБюро. 19.10.2018 <https://informburo.kz/stati/kak-rabotayut-kazahstanskije-sputniki-distancionnogo-zondirovaniya-zemli-fotoreportazh.html>

12. «Ақкөл» ғарыштық байланыс орталығы. «РФБО»АҚ. <http://www.rcsc.kz/kz/proekty-kompanii/tsentr-kosmicheskoy-svyazi-akkol>

ОЦЕНКА СВОЙСТВ МАТЕРИАЛОВ НА ЭТАПЕ ФОРМИРОВАНИЯ ПАКЕТА ПОЛОЧКИ ПИДЖАКА Х.О.РАХИМОВА, Н.М. РАЗАКОВА

Аннотация

В статье приведены методы оценки свойств материалов на этапе формирования пакета полочки пиджака. Проведены исследования по разработке нового показателя - одевающая способность, характеризующего способность материала к повторению объемной формы и позволяющего учитывать свойства материала при построении развертки сложной поверхности.

Ключевые слова: качество изделия, женский пиджак, фактор, технология изготовления, конструкция, полочка, исследования, экспресс-метод, ширина образца.

Abstract

The article describes methods for assessing the properties of materials at the stage of forming a package of a jacket shelf. Studies have been carried out to develop a new indicator - clothing ability, which characterizes the ability of a material to repeat a volumetric shape and allows you to take into account the properties of the material when building a complex surface scan.

Keywords: product quality, women's jacket, factor, manufacturing technology, design, shelf, research, express method, sample width.

Изготовление качественного изделия обеспечивается в том случае, если учитывается соответствие в системе «материал — конструкция - технология». Наиболее стабильными факторами в данной системе являются технология изготовления изделия и конструкция деталей пакета полочки женского пиджака. При обработке полочки женского пиджака для получения объемной формы в области груди применяют формование детали на прессе с объемной подушкой, а сформованный участок полочки пиджака геометрически подобен сферической поверхности с заданным радиусом кривизны. Поскольку поверхность сферы, полочка женского пиджака в области груди и подушка пресса для формования детали полочки обладают закономерной формой, то, следовательно, оценка поведения материалов на одной из них позволяет получить воспроизводимые результаты для других форм. [1]

В работах проведены исследования по разработке нового показателя - одевающая способность, характеризующего способность материала к повторению объемной формы и позволяющего учитывать свойства материала при построении развертки сложной поверхности.

Методика определения одевающей способности, заключающаяся в надевании образца материала на шар и определении параметров поверхности повторения материалом шара (угла

области повторения — ϕ), приведена в. В определены размер шара, размер и форма исследуемого образца материала, способ его расположения на поверхности шара.

При оценке способности материалов пакета к образованию требуемой формы необходимо учитывать условия формообразования. При оценке показателя «одевающая способность» учитывается воздействие только собственных сил тяжести материала, что является недостаточным.

Для оценки возможности получения объемной формы важна не абсолютная величина угла повторения, а часть одеваемой поверхности, которая покрывается материалом без заминов и складок при определенном способе формообразования (конструктивном, конструктивно-технологическом, технологическом). В основу предложенного способа оценки формовочной способности положен принцип оценки размера области повторения пакетом (материалом) объемной поверхности под действием заданного средства формообразования. При использовании конструктивного способа формообразования предложено осуществлять стачивание вытачек на исследуемом образце, при технологическом способе — предварительно пропаривать и фиксировать сверху кольцом; при конструктивно-технологическом способе — проводить стачивание вытачек. [2]




Рис.2.1. Определение формовочной способности для: а — конструктивного (ΦC^K), б - технологического (ΦC^1), в - конструктивно-технологического (ΦC^{KT}) способов формообразования

Поскольку пакет представляет собой многослойную систему, состоящую из различных материалов, то его способность образовывать требуемую пространственную форму определяется формовочными свойствами отдельных материалов, их расположением друг относительно друга и способом соединения. С целью выявления влияния указанных факторов на формовочную способность пакета полочки пиджака проведены экспериментальные исследования.

С целью прогнозирования формы проектируемого женского пиджака разработан экспресс-метод оценки складки, заключающийся в том, что выкраивают образец исследуемого материала или пакета, изгибают и фиксируют его на горизонтальной плоскости с помощью зажимов, затем фотографируют в деформированном состоянии, а по полученной проекции измеряют высоту и ширину складки и рассчитывают коэффициент пологости. [3]

Выбор плоскости закрепления образца осуществлялся исходя из того, что на параметры образующейся складки оказывает вес образца. Влияние веса проявляется как при горизонтальном, так и при вертикальном положении плоскости закрепления складки. Особенно заметно это влияние для объектов малой жесткости, когда вес соизмерим с продольными и поперечными упругими силами. Действие веса образца в горизонтальном положении приводит к уменьшению значений высоты складки и увеличению ширины за счет перераспределения материала в областях вершины и оснований. При вертикальном закреплении образец получает изгиб одновременно в двух направлениях — продольном, под действием внешних сил, и поперечном — под действием собственного веса. При использовании образцов длиной более 11,5 см не обеспечивается образование при изгибе цилиндрической формы складки, а вершина складки наклоняется к одному из оснований. Кроме того, наблюдается провисание складки, а принятая материалом форма не поддается математическому описанию. Наименьшее изменение формы образца и обеспечение



воспроизводимости результатов исследования достигается при использовании горизонтального способа закрепления.

Для определения оптимальной ширины образца проведено сравнение параметров складки при варьировании поперечного размера образца в пределах 3,0 - 6,0 см с интервалом 1,5 см.

Установлена номенклатура показателей: формовочная способность, жесткость, упругость и коэффициент пологости складки, позволяющих характеризовать состояние полуфабриката в процессе перехода от исходных материалов к готовому изделию.

Предложен новый показатель «формовочная способность», позволяющий определить возможность придания объемной формы пакету из выбранных материалов с учетом используемых средств формообразования. Разработан метод определения формовочной способности. Получена математическая модель, обеспечивающая обоснованный подход к подбору материалов в пакет полочки женского пиджака и гарантирующая качественный внешний вид изделия не зависимо от выбранного способа формообразования. [4]

Предложен показатель «коэффициент пологости», позволяющий оценить способность пакетов материалов к образованию складки различной формы. Разработаны метод определения нового показателя и шкалы желательности складок разной пологости в готовом пиджаке различной объемно-пластической формы.

Определены критериальные значения жесткости и упругости, характерные для пиджаков различных форм, и диапазоны их изменения по зонам детали полочки, позволяющие обоснованно осуществить выбор материалов пакета и технологии его обработки. [5]

Установлены сочетания критериальных значений предложенных показателей, позволяющие обеспечить на стадии окончательной ВТО пиджака рациональные условия формообразования формозакрепления.

Список литературы

1. Матюнина, В.И. Тенденции женской моды 2009г., одежда и материалы для неё [Текст]/ В.И. Матюнина // Швейная промышленность. — 2008. -№3. - С.59-61.
2. Цветкова, М. Обзор российского и московского рынков деловых костюмов [Текст]/ М. Цветкова // Модный магазин. - 2009. -№4. - С.54-55.
3. Веселов, В.В. Придание деталям одежды требуемых физико- механических свойств [Текст] / В.В. Веселов, Г.В. Колотилова. — М.: Легкая промышленность, 1973. — 63 с.
4. Кокеткин, П.П. Механические и физико-химические способы соединения деталей швейных изделий [Текст]/ П. П. Кокеткин. - М.: 1983. - 562 с.
5. Веселов, В.В. Химизация технологических процессов швейных предприятий [Текст] /В.В. Веселов, Г.В. Колотилова. - Иваново: ИГТА, 1999. -424с.

АНТРОПОМЕТРИЧЕСКИЕ ОБСЛЕДОВАНИЯ РАЗМЕРОВ ТЕЛА ДЕТСКИХ ФИГУР САИДИ Д.Р. ШАРИПОВА Ф.М.

Аннотация

В статье приведены антропометрические обследования размеров тела детей дошкольного возраста, разработана классификация детских фигур для целей конструирования детской одежды. А также приведено техника измерений каждого признака, кроме того доказано что для получения достоверных данных обработка антропометрического материала должна рассматриваться как самостоятельная задача и проводиться так же, как сбор материала, по определенной методике, основанной на методах математической статистики.



Ключевые слова: детская одежда, форма, размер, телосложения, антропометрические признаки, обследования, классификация, размерная типология, измерения, размерная типология

Abstract

The article presents anthropometric surveys of the body sizes of preschool children, the classification of children's figures for the purpose of designing children's clothing. The technique of measuring each feature is also presented, in addition, it is proved that in order to obtain reliable data, the processing of anthropometric material should be considered as an independent task and carried out in the same way as the collection of material, using a specific technique based on methods of mathematical statistics.

Keywords: children's clothing, shape, size, physique, anthropometric signs, examinations, classification, dimensional typology, measurements, dimensional typology

Взросшие требования к качеству одежды, ее соответствию форме и размерам тела ребенка определяют необходимость изучения особенностей телосложения детских фигур.

В связи с тем, что у детей в течение всего периода роста меняются телосложение и пропорции тела, внешний облик и характер движений, привычки и занятия, детскую одежду необходимо проектировать с учетом данных антропометрических обследований.

На основе данных антропометрических обследований, дающих детальную размерную характеристику тела человека, нами разработана классификация детских фигур для целей конструирования детской одежды.

Размерная типология может быть построена лишь при условии получения детальной характеристики разнообразия морфологических типов, встречающихся среди населения, т.е. должны быть известны величины антропометрических признаков, характеризующих эти типы, пределы изменчивости (вариабельности) признаков как внутри группы, так и среди различных групп населения, а также соотношения величин различных измерений тела человека. Эти сведения, как уже отмечалось, могут быть получены в результате проведения антропометрических исследований по специальной программе [1].

Всю совокупность объектов измерения называют генеральной совокупностью. Чтобы получить детальную характеристику разнообразия морфологических типов и рассчитать частоту встречаемости отдельных вариантов признаков в генеральной совокупности, необходимо измерить определенное число людей. Группу людей, на которых проводят измерения, называют выборкой.

Выборка из генеральной совокупности - часть генеральной совокупности, определенным образом отобранная и исследуемая с целью характеристики всей генеральной совокупности. Выборка будет считаться представительной, для всей генеральной совокупности, если определенные типы людей будут встречаться в ней той же частотой, что и во всем населении.

Одно из основных требований, которое следует учитывать при планировании выборки, - строго случайный выбор лиц, подлежащих измерению, в каждой из перечисленных групп.

При разработке размерной типологии детей в выборку включены дети всех возрастных категорий, удельный вес возрастных категорий соответствовал их удельному весу в генеральной совокупности [2].

Работа по созданию размерной типологии для промышленного производства одежды начата с выбора размерных признаков, необходимых для конструирования, разработки программы и методики измерений.

В программу антропометрических обследований фигур детей входили ведущие признаки (рост P , обхват груди третий $O_{г.3}$), а также признаки, определяющие полнотный фактор: обхват талии - у мальчиков и обхват бедер - у девочек.

Кроме того, в программу измерений включена длина руки до обхвата запястья, определяющая длину рукава плечевого изделия.

Методы проведения измерений детских фигур мальчиков и девочек регламентируются соответствующими государственными и отраслевыми стандартами [1].



Техника измерений каждого признака строго унифицирована, так как ее нарушение приводит к несопоставимости результатов. Измеряемый должен стоять прямо, без напряжения, сохраняя привычную осанку: руки опущены, пятки вместе, расстояние между носками ног 10-15 см.

Парные размерные признаки, например, размерные признаки рук и ног, высоту груди и др., определяли по правой стороне фигуры, а при значительной асимметрии - по двум сторонам.

Высоту точек над полом измеряли металлическим портативным антропометром системы Мартина. Антропометр находился строго в вертикальном положении.

При измерении высоты (роста) голова измеряемого находилась в положении глазнично-ушной горизонтали, т.е. в положении, когда нижний край правой глазницы и надкозелковая вырезка находятся на одном уровне.

Обхватные размерные признаки (обхват груди третий, обхват талии и бедер) определяли полотняной сантиметровой лентой. Лента должна прилегать к телу, не деформируя натяжением мягкие ткани. С целью повышения точности измерений фиксировали на фигуре линию талии.

Состав выборки подобран строго в соответствии с процентом встречаемости фигур в каждой возрастной группе. Всего было обследовано около 100 детей г. Б.Гафурова Согдийской области.

Для получения достоверных данных обработка антропометрического материала должна рассматриваться как самостоятельная задача и проводиться так же, как сбор материала, по определенной методике, основанной на методах математической статистики.

Статистическая обработка данных измерений

Процедура статистического анализа данных — это информационный технологический процесс, то есть это та или иная информационная технология.

Для каждого из признаков в результате математической обработки определены такие значения, которые характеризуют величину и вариабельность признака в выборке, а соответственно и в генеральной совокупности.

